

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№10 (177),
ЖЕЛТОҚСАН
2019 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш бас
редактор. Б.Матекова — ұстаз-
әдіскер. Ш.Таңмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 10.12.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. — 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір қысқартуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Е.Берлібаев, А.Сарбасова. Ұлы дала — түркі әлемінің бесігі	2
Маржан Қасымбекова. Түркі тайпаларының шығу тегі	4
Әсел Ташқараева. "Шежіре-и-таракиме" шығармасындағы түркі этнонимдері	6
Гайни Мухтарова, Асель Дадырова. Ретроспектива поисков "Жидели Байсын", "Жер Уюк" Асаном Кайғы и Коркыт ата	8
Мөлдір Алдабергенова, Мүсілім Алдаберген. Кейінгі ортағасырлық қалалар	10
Асылбек Мәден. Ақтөбе қаласының құрылу тарихы	14
Тастанбек Сәтбай. Оспан батыр туралы құнды еңбек	16
Рауан Байдалы. Дәстүрлі қазақ қоғамы мен тұлғаларды зерттеуші	17
Сәбира Иманбаева, Айжан Ақниязова. Шоқан Уәлихановтың этнография ғылымына қосқан үлесі	19
Жанар Белгібай, Жанар Молдахметова. Алаш зиялысы — Иса Тоқтыбаев	21
А.Алиакбарова, З.Дүкенбаева. Тұлғатану ғылымының зерттелуіндегі ғылыми ұстанымдар	22
Д.Сымағұлов, Ә.Шүкеева. Өлкетанулық зерттеулердегі тарихи география	25
Д.Әбенев, Б.Әбенев. Ресейдің қазақ жеріндегі миссионерлік саясаты	28
Жібек Керейбаева. Қазақстандағы қуғын-сүргіннің зардаптары	30
Диана Ишанова. Влияние джадидов на модернизацию систему образования	32
Досалы Салқынбек, Гүлжанар Шуланбекова. Қазаткомның хатшысы	34
Гүлфайруз Қайырғалиева. Мұнайшы Балғаным Доспаева	39
Жангелді Шаукенов. История передачи Кустанайского уезда в Киркраз	42
Ділдаш Мұстапаева. Салықбай мерген туралы деректер	44
Г.Баймұратова, З.Тастанова, З.Ақтамбердиева. Соғыс жылдарындағы Қазақстан тылы	46
Болат Нығметов. Қазақ балық өнеркәсібіне мамандар дайындау	49
Арайлым Мусағалиева. Использование труда политических репрессированных	51
Болат Сайлан. Қырық жыл бұрын басталған дабыл	54
Қылышбай Сүндетұлы, Гүлдана Ертігел. Бұқаралық ақпарат құралдары — кәсіподақ жаршысы	56
Бибінұр Шербаева. Тұманбай Молдағалиевтің балалар поэзиясы	59
Жапсарбай Куанышев. Съезды судей Казахстана	62
Нұргүл Демеуова. Қазақ халық ағарту институты	68
Динара Қаратаева, Айнұр Түктібаева. Алаш идеясы — біртұтас қазақ идеясы	70

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Г.Асан, Р.Дәрменова. Білім алушыларды ұлттық тәрбиеге баулу	73
Ж.Сманқұлова, Р.Сейітқазиев. Қазақстан мектептерінде тарихты оқыту	75
Нұрланат Дөңбаев. Қарахан мемлекеті	78
Қайыржан Арыстанов. Ахмет Байтұрсынов — ұлт ұстазы	79
Айнұр Нұртаева. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті	80

ҰЛЫ ДАЛА – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ

Ердаулет БЕРЛІБАЕВ,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,
Айжамал САРБАСОВА,
М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар
академиясының сеньор-лекторы, магистрі

Қазақ жері – ежелден Шығыс пен Батысты, Еуропа мен Азияны жалғайтын алтын көпір болды. Құрлықтар мен құндылықтар тоғысқан Ұлы Дала елі – түркі әлемінің алтын бесігі, қастерлі қарашаңырағы.

Асқақ Алтай мен Анадолының арасындағы кең байтақ аймақ – түбі бір түркі баласының қастерлі қонысы, қасиетті мекені. Қаншама дәуірлер алмасып, мыңжылдықтар өтсе де көк түріктің рухы өшпей, бабадан балаға мұра болған Күлтегіннің өміршең өсиеті санадан көшпей келе жатыр.

Түркілік алты тәуелсіз мемлекетте, Ресей мен Қытайдан басқа ондаған елдерде өмір сүріп жатқан бұлардың саны 200 миллионнан асып жығылады. Тарих уақыт төрелігімен, ата-бабаның төккен терімен, тәңірдің сыйымен жасалатын ұрпақтар сабақтастығы.

Әлемнің ең үздік оқулықтарының бірі саналып «Ұлттық аударма бюросы» ұсынған «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» еңбегінде Мәдениет туралы мынандай анықтама беріліпті: *«Мәдениет – белгілі бір адамдар тобының белгілі бір дәуірде жасаған дәстүр, сенімі, өнері, музыкасы және басқа да адамзат ойының жемісі (ежелгі грек мәдениеті, тайпалық мәдениет, т.б.)»* [1]. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда шыққан тегі бір түркілер тарихы жеңіс пен жеңіліске, салтанат пен қасіретке, тұтастық пен тұрақсыздыққа куә тарихи із қалдырды.

Түркі халықтарының тұтастығы мен бірлігін, ынтымақтастығы мен достығын нығайту жолында, бүкіл әлемдік адамзат өркениетінің тарихында түркі әлемінің алатын орнын көрсету орайында Түркі кеңесі, Халықаралық Түркі академиясы, Түркі Ақсақалдар кеңесі, ТүркПА, ТҮРКСОЙ сияқты іргелі ұйымдар ауқымды істерге ұйытқы болып келеді.

Күн астында жорытқан Күлтегін бабамыздың: *«Егер сен, түркі халқы, өз қағандығыңнан бөлініп кетпесең, онда бақытты, қайғы-қасіретсіз өмір сүресің»* деген түркі халқының мәңгі мақсатмұраттарын көздейтін «Тұтас түркі елі» идеясы бүгінде жаңа белеске көтерілді.

Алайда сол тарихты зерттеуде, оқытуда, насихаттауда ортақ ұстаным мен көзқарас қалыптаспаған. Кезінде кеңестік және еуроцентристік тарихнамаларда ортағасырлық түркі халықтарының өз «көне тарихы» болғанын жоққа шығаратын *«түркілер өз дамыған өркениеті жоқ» «адамзаттың дамуына үлесі болмаған»*, т.б. негізсіз тұжырымды ұстанған үстірт пікір қалыптастырылды.

VI ғ. екінші жартысында Кореядан Қара теңізге дейінгі аралықты қамтыған әлемге әйгілі Түрік империясы бүкіл әлемдік тарихи аренаға шаруашылықтың ең негізгі түрі, темір өндірісімен әйгілі болды. Түріктердің аты аңызға айналған бабалары Ашиналықтардың *«жужандықтарға темір өндіріп бергені»* туралы тарихи деректер сақталған. Бұған қосымша археологтар VI-IX ғғ. кезеңіне сәйкес

келетін түріктердің темір өндіру кеніштерінің орнын көптеп тапты. Ғалымдардың мәлімдеуінше түріктер өндірген темір сапасы өте жоғары таза металдан алынған.

Алтай өңіріндегі метал өңдеу орындарының қалдықтары түріктердің алтын, күміс, мыс, қалайы өндірісімен де айналысқаны туралы дәлелді деректер береді. Түріктер темірден, сауыт-сайман, сол замандағы ең сапалы қылыш, найза пышақ, балта, садақ ұшын, ат әбзелдерін, қармақ жасады және қазанның екі түрін: дөңгелек аспалы және тұғыры (аяғы) бар жасауды меңгерді. Түркі кезеңіне сәйкес келетін табылған археологиялық ескерткіштердің негізі темірден жасалған бұйымдар өзіндік формасымен, өздеріне ұқсас ортақ ерекшеліктерімен ерекшеленеді. **Аталған аймақтардағы темірден жасалған бұйымдар түріктердің темір ұсталығы кәсіпшілігін өте жоғары деңгейде меңгергенін дәлелдейді.**

Өндірістегі осы жетістіктер түріктердің атты әскерін сол замандағы тамаша сауыт-сайманның ең жетілген түрімен қамтамасыз етіп, тез арада әскери жетістіктерге жетуіне мүмкіндік жасады. Түрік кезеңіне дейін майданда атты садақшы мергендер шешуші рөл атқарса, темірден жасалған сауыт-сайманның жасалуы майданның бұрынғы сипатын түбірімен өзгертіп жіберді. Түріктер Азияда алғаш рет темір өндіру кәсіпшілігімен даңқы шығып оны өздері өмір сүрген аймақта жалпы бұқаралық деңгейде пайдаланып осы жетістігін әскери салаға шебер пайдалана білуімен әлемдік тарихи аренаға шықты. Осы аталған жетістіктер түрік жауынгерлерін бұрын соңды болмаған жеңіске жеткізіп Қытайдан Донға дейін және Сібірден Иранға дейінгі аралықта әскери үстемдігін жүргізуге мүмкіндік беріп даңқын бүкіл әлемге таратты.

Византиядан, Соғдыдан, Қытайдан және басқа елдерден шыққан бағалы әсем заттардың бір бөлігі түрік шонжарларының ордаларында, қала тұрғындарының үйлерінде қалып қоятын [2] деген деректер кездеседі.

Көшпелілермен айырбас сауда Исбиджаб, Отар, Тараз, Суяб, қалаларында жинақталған жәрмеңкелерде жүргізілді. Жетісудің оңтүстік – батысында маңызды сауда орталығы Тараз болды, деректерде Тараз қаласы көпестер қаласы деп аталуы [3] осы қаланың Еразиядағы тарихи рөлін айшықтап тұр.

Шу аңғарында орналасқан Суяб қаласыда осындай қала болды. Ол туралы тарихи деректерде онда *«түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрады, ал қала тұрғындарының жартысынан көбі көпестер»*, – деген жазба тарихи деректер сақталған [4].

Түріктер Қытайдан шыққан Жібекті Жерорта теңізі жағалауы елдеріне жеткізетін Жібек саудасы жолдарының негізгі бөлігін өз бақылауында ұстағандықтан VI-XI ғ. сауда керуендерімен елшілер осы аймақ арқылы өтіп халықаралық керуен жолымен сауда жасау кеңінен өрістеді [5].

Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб Тараз, және Исбиджаб қалалары арқылы өтетін бөлігінің суреттелгені туралы тарихи жазба мәліметтер бар [6].

Аңшылық өнері түріктерді әскери өнерді меңгеруге баулып ерлікке тәрбиеленуге жол ашты. Аңшылықтың құспен, ишкіл аңшы иттермен, қоршап қамап ұстау әдістерін қолданған. Аң аулаулауға қаршыға, бүркіт сұңқар, пайдаланылды. Аң аулаудың осы түрі түркі тектес халықтарда күні бүгінге дейін ұлттық мәдениеттің ерекше түрі ретінде сақталған.

Егіншілер мен малшылар арасында «жан өтпейтін шекаралар» болған жоқ. Мал шаруашылығы түріктерді өмірге қажеттінің барлығымен қамтамасыз етті.

Көшпелілер өмірі табиғат пен тығыз байланысты. Жазда далада қапырық ыстық орын алғанда биік таулы өңірлердегі жайлауда, ал қыста қалың қар жауғанда табындарды қар жұқа, шөбі мол, жазық, желі аз құмды өңірлерге апарды. Бұл әдіс малшылар өмірінде күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан табиғи сұраныс. Киіз үйлерде тұруда табиғи қажеттілікке байланысты болды. Олар көшуге, қалаған жерлеріне орын ауыстырып қайта құруға ыңғайлы.

Түркі халықтарының байырғы мекені саналатын бүгінгі Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдарда-ақ қабылдаған Елтаңбасында түркі тектес халықтар ерекше қадір тұтатын, аңыздарда көп айтылатын, ай мүйізді алтын пырақты, қасиетті киіз үйдің шаңырағын бейнелеп бүкіл әлемге паш етуі осы тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы.

Бүгінгі түркі халықтарының бәрінде де киіз үй өте бағалы. Қазақстанның бүгінгі Елтаңбасындағы шаңырақ ұлттық нышанымыз ғана емес, түп атамыз түркі халықтарының бөріне де ортақ нышан.

Қазақстан жеріндегі Түркі дәуіріндегі молалардың көпшілігінде адам сүйектерімен, жорықтарды мінген аттарының сүйектері, қару-жарақтары, темір үзеңгілер, жебелер, қанжарлар, қылыштардың сол заманғы жетілген түрлері, мүсінді метал қаптырмалармен сәнделген жауынгерлік белдіктер көп кездеседі [7].

VI-IX ғ. ескерткіштер тастан жасалған тұлғалар түрінде кездеседі. Археологиялық олжалар VI-IX ғ. түркі дәуірі тайпаларының материалдық мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Жазбаша деректерде тоқымашылық, теріден, жүннен, киізден, матадан жасалған түрлі бұйымдар туралы мәліметтер бар.

Қазақстанның кең байтақ жерінде отырықшы және қала мәдениеті дамуының ірі-ірі тарихи-мәдени аймақтары ежелден бар. Оңтүстік Қазақстан (Сырдария алқабы), оңтүстік – батыс Жетісу (Талас және Шу) өзендерінің аралығы, Оркестік Шығыс Жетісу (Іле алқабы) аудандары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады [8].

XX ғ.-дың бас кезінде көшпелілер туралы: «*отырықшы егіншілермен тұрақты күрес жағдайында, олар өз жолындағының бәрін жайпап кетеді және гүлденген жазираны өлі шөл далаға айландырады*», – деп жазылған мәліметтер кездеседі [9].

Мұндай бұрмалау Қазақстан мен Орта Азияның көшпелілері өркениет дамуына тек бүлдірушілік тұрғыда ғана ықпал етті деген түсінік қалыптастырды. Мысалы, Орта Азияның тарихы отырықшы иран өркениетін көшпелі түріктердің бірте-бірте жаулап алып, күйретуінің тарихы деп саналады [10].

Алайда бүгінде көшпелілермен егіншілер арасында тығыз, етене байланыс болғаны туралы дәлелді пікірлер жоғарыдағы жаңсақ айтылған бұрмалаушылықты жоққа шығарды. Қазіргі ғылымда жалпы тұрғындардың отырықшы бөлігін де көшпелі бөлігін де қамтитын

біртұтас экономикалық жүйе, шаруашылық өмірдің екі бағытының өз ара тығыз байланысы туралы ғылыми тұжырым берік орнықты.

VIII ғасырдың орта шеніндегі шежіреде – үшінші айдан тоғызыншы айға дейін жанбыр болмайды, ал егістікті суару үшін қар суы пайдаланылады. Мұнда арпа, күріш, бұршақ және атбас бұршақ өседі. Тұрғындар жүзім мен қарақұрай шараптарын ішеді [11], – деген мәліметтер бар. Сонымен бірге Отырардағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде тары, бидай, арпа, асбұршақ дәндері, алма, өрік сүйектері табылды. Шапқыншылық соғыстар салдарынан осындай экономикалық бірліктің бұзылуы көшпелілердің де, отырықшы жазиралардың тұрғындарын да ауыр зардаптарға ұшыратты [12].

Ұлы Жібек жолы бойында жаңа қалалармен сауда орталықтары бой түзеп тез дамыды. Жеткізілген бағалы тауарлармен Жібектің бір бөлігі осы қалаларда саудаға түсті. Сауда түрік ақсүйектеріне орасан пайда әкелді, 567 жылдың өзінде-ақ Иштеми қағанның сауда ісін дұрыс жолға қою үшін Иранға екі рет елші жіберуі кездейсоқ емес [13]. Тарихтан бізге белгілісі бұл елшілік сәтті болған жоқ, қағанның Византияға жіберген келесі елшілігі сәтті болып екі ел арасында сауда саттық дамыды.

Орта және Таяу Шығыстағы Византиядан Қытайға опа, далап, Вавилон кілемдері, асыл тастар, інжу-маржандар шыны маталар апарылып отырды [14]. Халықаралық және аймақаралық саудада, Қытайда, (Таң әулеті) Соғдыда, Ферғанада, Бұхарада соғылған теңгелер пайдаланылды. VII-VIII ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда жаппай өз теңгелерін соғу басталды.

Отрар алқабында бірнеше түрдегі қола теңгелер шығарылды. Шу аңғарының қаларында ақшамен сауда жасаудың дамуының түргештер кезінде соғылған теңгелер дәлелдейді. Түргеш теңгелері қаған атынан шығарылған.

Түрік қағанаты өз дәуірінде жоғары дәрежедегі армия мен басқару жүйесін құрып, соған сәйкес идеология жүргізіп дұрыс бағыттағы экономиканы үйлестіре білді. Бір өкініштісі түрік қағанатының дәуіріндегі тарихи шындықтар кешегі патшалық Ресей мен кеңестік дәуірдегі саясатпен, евроцентристік көзқарастардың үстем болуымен толық тарихи шындықтар айтылмады немесе бұрмаланып көрсетілді. Кезіндегі *пантуркистік идеологияның үстем болуы* түркі тектес халықтардың түпкі тарихымен ата тарихына балта шабумен бірдей болды. Бүгіндер осы кемшіліктердің орнын толтыратын жаңа кезең туды.

XVIII ғасырда Орхон-Енисей жазбалары Еуропа ғалымдарының назарын аудартты. 1893 жылы Дания ғалымы В.Томсен байырғы түркі мәтіндерін оқудың кілтін тапты. Азияны мәдени-өркениеттік дамуда мешел құрлық санаған еуроцентристік түсінікке соққы берілді.

XX ғасыр соңына дейінгі зерттеулер, құжаттар жинағы, даланың ауызша тарихы, шығыстан мен түркология құнды-құнды ойтуіндермен, пайымдармен, тіпті тұжырымдармен ерекшелене тұра, ұлттық және жалпы түркілік тарихымыздың кешенді келбеті мен мәнін бере алмады. Ортақ түркі тарихын зерттейтін мамандар даярланбады, жазуға КОКП рұқсат бермеді.

Түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болуды бабаларымыз мирас еткен. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары XXI ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Ата тарихы бізді осыған шақырады [15]. Бұл тұжырымдар – өмір шындығы.

Түбі бір түркі ұрпағының бір тармағы ата жұртта мекен етіп отырған Қазақстанның Тәуелсіздік алған азғана жылда қол жеткізген табыстары ұшан теңіз. Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса

көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей жатқан халықтану, шығыстану, түркітану, ілімдерін барынша дамытуды мақсат ету заман талабы.

РЕЗЮМЕ

В статье освещены основные проблемы изучения культурной истории древнетюркских народов, внесших в мировую цивилизацию. По мнению автора, в непрерывном развитии истории территория, язык, Личность, власть являются основной движущей силой государства. Кроме того, рассмотрены вопросы методологии периодизации истории древнетюркских народов. Во второй половине VI века была создана всемирно известная турецкая империя, охватывающая период от Кореи до Черного моря. Авторы сделали вывод о том, что турки в этот период стали известны на Всемирной исторической арене одним из основных видов хозяйства, производством железа. Турки держат под контролем основную часть шелковых дорог из Китая в страны Средиземноморья.

The article substantiates the need for the development of innovative principles of the study of national and Turkic history. The author traced the role of methodology in enhancing the cognitive potential of historical science. According to the author, territory, language and state should be considered as the basis, substrate of history's movement, while people, individual, and power should be considered as the driving forces. In the article there were noted the methodological requirements for the periodization of the ancient Turkic world's. In the second half of the VI century, the world-famous Turkish Empire was created, covering the period from Korea to the Black sea. The authors

concluded that the Turks in this period became known in the world historical arena as one of the main types of economy, the production of iron. The Turks control the main part of the silk roads from China to the Mediterranean countries.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Г.Тер-Минасова.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж. 320-б. 18-б.
2. **Шефер Э.** Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных диковинах в империи Тан. М., Наука, 1981, 164, 270, 312-б.
3. **Волин С.Л.** Сведения арабских и персидских источников IX-XVI вв., 73-б.
4. **Зуев Ю.А.** Китайские известия о Суябе, 90 б.
5. **Кляшторный С.Г.** Древне тюркские рунические памятники, 101-103-б.
6. **Зуев Ю.А.** Китайские известия о Суябе, 87-96.
7. **Арсланова Ф.Х.** Памятники Павлодарского Прииртышья (VII-XII вв.) // «Новое в археологии Казахстана» А. 1968.
8. **Аболин Р.И.** От пустынных степи Прибалхашья до снежных вершин Хан Тенгри // Труды Института почвоведения и геоботаники САГУ. Вып. 5. Ташкент, 1930, Казахстан. М., 1960, 400-405-б.
9. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Т. XIX. Туркестанский край СПб. 1913, 19-б.
10. **Pipes K.** Muslims of Soviet Central Asia trent and prospect. The Middle East Journal. Washington. v.9, №2. 3. 1955.
11. **Зуев Ю.А.** Китайские известия о Суябе, 93-б.
12. **Плетнева С.А.** Кочевники средневековья. М., 1982, 147-б.
13. **Бартольд В.В.** Очерк истории Семиречья. Соч. т.2, ч.1, М 1963, 31-б.
14. **Кляшторный С.Г.** Древне тюркские рунические памятники, 101-103-б.
15. **Назарбаев Н.** Біз – ұлы дала ұрпақтарымыз! // Отан тарихы. - 2015. - №4. - 7-б.

ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Маржан ҚАСЫМБЕКОВА,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің аға оқытушысы

Бүгінгі күні еліміз тәуелсіздігін алып, ертеңіне сеніммен қол созған шақта, тегін тануға талпынған халқымыздың талабын қанағаттандыру, оның өткенін білуіне көмектесу – тек тарихшы ғалымдардың ғана міндеті емес, елін, жерін, халқын сүйген әрбір зерделі азаматтың борышы. Сондықтан түркі халқының тарихын егжей-тегжейлі талдау, ел шежіресіне, бабалар мұрасына жаңаша көзқарас орнықтыру үшін, біз барымыз бен жоғымызды уақыт безбеніне салып, тарихымыздың ақтаңдақтарын ашуымыз қажет.

Қазақ – этногенез жағынан алғанда, үш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар халық. Біз тарихқа VI ғасырда “түркі” деген атпен еңсек те, алтайлықтар, сақтар, хундар (бұл атау ғұндар, Һундар деп те жазылады) мәдениетінің төл мұрагеріміз. Ежелгі түркі елі, түркі жұрты ұлы тарихи оқиғалардың діңгегі әрі куәгері болған.

Ал орта ғасырдағы түркілер елі, түркі жұрты X–XIV ғасырларда өзінің бай жазба тарихын жасады. Түркілердің этникалық негізі болған тайпалар мен халықтардың және хун, түркі империяларының құрамына кіріп араласқұралас күн кешкен 20-дан астам түркі жұртының ру-тайпаларының аты бізге жетті, олар: печенег, қимақ, қыпшақ, оғыз, иемек, башқұрт, басмыл, қай, ябақу, татар, қырғыз, шігіл, тухси, яғма, ұғрақ, шарух, жұмылы, ұйғыр, таңғұт, қидан, т.б. /1/.

Түркі елінің ежелгі тарихы біздің заманымыздан бұ-

рынғы III ғасырдан, ертедегі Хундар империясының құрылу кезеңінен басталады да, біздің заманымыздың IX ғасырын қамтиды. Бұл ерте дәуір тарихының өзі – бірыңғай археологиялық деректер тарихы ғана емес, көбіне деректер негізіндегі тарих. Демек, біздің заманымыздан бұрынғы III ғасыр мен бергі XI ғасыр арасындағы хундар, түркілер дәуірі – біздің рухани қазыналарымыз, түркі жұртының мәдениет тарихының деректі көздері.

Түркі елі өзі өмір сүрген кезден бастап төрт рет гүлдену-өрлеу, төрт рет дағдарыс-құлдырауды бастан кешірді. Бірінші өрлеу – біздің заманымыздың VI ғасырында Еуразияны жайлаған ежелгі түркі тегінен шыққан тайпалардың, халықтардың бірігіп, бірінші Түркі қағандығын (империясын, 551–630 жылдар) құрған кезі. Бұл империя кең байтақ аумақты – Моңғолияны, Енисейдің шығыс жағын, Байқал жағалауын, ал батысында Қырымға дейін, Оңтүстікте Амударияның бастауына дейін қамтыды. Солтүстік Қытай мемлекеті – Ци және Батыс Қытай мемлекеті – Чжоу түркі қағандарына алым-салық төледі. Олармен VII ғасырдың 60-жылдары сол кездегі ірі мемлекеттер – Иран, Византия саяси-экономикалық қарым-қатынас жасады. **Түркі елінің тарихындағы бірінші ауыр дағдарыс, экономикалық-мәдени құлдырау кезеңі – VII ғасырдың ортасы.** Бұл кезде түркі бектерінің дербестікке ұмтылуы өзара қырқыстарға әкеп соқты. Қытайдың Ци империясы оған

белсене араласты. Соның салдарынан Түркі қағандығы Орталық Азияда Шығыс және Батыс қағандықтар болып екіге бөлінді, империя дағдарысқа килікті, әлсіреді. Шығыс Түркі мемлекеті қытайлардан жеңіліп, түркі халқы 50 жыл бойына (630-679 жылдар) бостандығынан айырылды /2/.

Қазақ этногенезінің түркілік кезеңі – Қазақстан және көршілес аймақтардың ортағасырлық этностық тарихы түркілердің тарихымен байланысты. Қазақстан жерінде түркі тектес, түркі тілдес тайпалар көне заманда да болған. Бірақ нағыз түркілердің этностық тарихы б.з. V ғасырынан басталады. Егер түркі деген атау V ғасырдан бастап пайда болса, онда: *“Одан арғы дәуірлердегі тайпаларға қалай түркі тектес, түркі тілдес деген сипат береміз?”* деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Мұны былай түсіну керек. Б.з. V–VIII ғасырларының арасы түркі тайпаларының пайда болып, қалыптасу дәуірі. Ал Алтай тіл тобына жататын түркі тілінің пайда болуы түркі атын алған кейінгі тайпалардан кемінде 1 мың жыл бұрын болған. **Түркі этнонимі алғаш рет қытай жылнамаларында 542 жылы аталады.** Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Бастапқы кезде түркі деген сөз түркі тілдес көшпелілердің ішіндегі басқарушы ақсүйек ру өкілдеріне ғана қатысты болды. Содан кейінгі кездерде түркі деген атау саяси мәнге ие болды. Түркі деп түркілердің қол астында болған өзге тайпалар да атала бастады. VIII ғасырдың ортасынан бастап түркі деген атау біраз уақытқа дейін жазба деректерде аталмайды. Бұл кезде түркі деген жалпы атаудың орнына жекелеген түркі тектес тайпалардың аты (теле, қырғыз, тоғыз-оғыз, ұйғыр, қарлұқ, қыпшақ) аталады. Түркі атауы X ғасырда қайта тарихи аренаға шығады. Қашқардағы, Баласағұндағы хандар (қағандар) өздеріне тағы да түркі деген этностық атау таңады. Түркі деген атау сол замандағы араб географтарының да еңбектерінде кездеседі. Осы ортағасырлық түркі атауы Кіші Азия жеріне барып қоныстанып қалған оғыз тайпасының бір бөлігінің ұлттық мемлекеттік атауына айналды. Ол – Түркия, Түрік мемлекеті.

Тарихи аренаға алғаш шыққан түркі тайпаларының бірі – теле. Олар қазіргі Моңғолия жеріндегі Гоби шөлінің солтүстігінен батыста Тянь-Шань тауына дейінгі жерлерді жайлаған. Телелер одағына 15 тайпа кірген /3/.

Түріктер өзінің шығу тегін ашын тайпасымен байланыстырады. Түріктер 552 жылы Солтүстік Моңғолия жерінде Түрік қағанатын құрды. Оның алғашқы қағандары Бумын, Қара қаған, Мұқан қағандар еді. Осы қағандардың тұсында көршілес жуан-жуан тайпалары бағындырылды. Мұқан қаған тұсында бүкіл Ішкі Азия, Оңтүстік Сібір жері, Оңтүстік-Батыс Манжуриядағы қидандар, қарақытайлар, Тува жерінде Енисей қырғыздары бағындырылды. Істеми қаған тұсында түріктер батысқа қарай жылжып, Жоңғария жерін, Қазақстанның, Орталық Азияның шығыс аймақтарын бағындыра бастады. VI ғасырдың екінші жартысына қарай түріктер бүкіл Қазақстан жерін, Орталық Азияның біраз бөлігін бағындырып, Қара теңіз жағалауына дейін жетті. 582-603 жылдары Түрік мемлекетінде ыдырау үдерісі жүрді. 603 жылы Түрік қағанаты Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарына бөлінді.

Шығыс Түрік қағанатының жұрты көк түрік, ал Батыс Түрік қағанатының жұрты “он оқ бодун” – “он оқ елі” аталды. Алдында қидан елін, Енисей қырғыздарын басып алған Шығыс Түрік қағанаты, 711 жылғы Инел қаған мен оның бас колбасшысы Тонькөктің тұсында түріктерді өзіне қаратты. Бұдан соң 716 жылы Білге қағанның тұсында түріктер қытай әскерлеріне үлкен соққы берді.

Батыс Түрік қағанаты да өзіне жаңа жерлер мен жаңа елдерді қаратты. Олар 588 жылы Еділ бойын, Орал тауының бергі бетіндегі елдерді, Орталық Азияның

біраз бөлігін өздеріне бағындырып алды. VII ғасырдың аяғына қарай түркі тайпаларына жататын түрікеш тайпасының күшеюі байқалды. Шу мен Іле өзендерінің аралығында қоныстанған түрікештер VI ғасырдан бастап Батыс Түрік қағанатына кірген. Олар: қара түрікештер, сары түрікештер болып екіге бөлінді. Сонымен түрікештер VII ғасырдың соңында Шаш (қазіргі Ташкент) қаласынан бастап, Тұрпанға, Бесбалыққа дейінгі жерді бағындырды. VIII ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік-шығыс және Шығыс Қазақстан жеріне қарлұқ тайпалары келді. Қытай деректері оларды түркі тайпаларына қоспайды, тек түріктер бағындырған тайпа деп есептейді. Дегенмен қарлұқтардың түркі тілдес, түркі тектес тайпа екендігін кейбір қытай деректері көрсетеді. Олар бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жерінде билік құрды. Бұрынғы Батыс Түрік қағанатының, одан соң түрікештердің орталығы болған Суяб, Талас қалалары олардың орталығына айналды. Қарлұқтар үш үлкен – болат, шығыл, ташлық деген тайпаларға бөлінді /4/.

Түрікештер заманында, одан кейін қарлұқтар заманында Орталық Азияның біраз жерлерін арабтар жаулап алған еді. Олар арабтармен әр кез соғысып отырды. 751 жылы арабтар мен қарлұқтар бірігіп, Талас өзенінің бойында қытайларға қатты соққы берді. Сөйтіп, Жетісу мен Орталық Азия қытайлардан азат етілді.

756 жылы қарлұқтар түрікештерді толық жеңіп, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда өзінің толық саяси билігін құрды. Осы кезеңде, бұдан кейінгі онжылдықтарда да қарлұқтардың бірден-бір қарсыластары шығыстағы тоғыз-оғыздар болды. Олар кейіннен Шығыс Түркістанның батыс бөлігін, Жетісудың біраз жерін қарлұқтардан тартып алды. Тоғыз-оғыздардың құрамына кіретін ягма, сеянто тайпалары Шығыс Қазақстан жерінде билік құрды.

VIII ғасырдың соңына қарай Қазақстан жеріне түркі тектес көшпелі оғыз тайпасы келіп қоныстанады. Оғыз тайпалар одағына қарлұқтар, халаждар, жағралар, шарұқтар, кейінірек қаңғар-пешенег топтары кірді. Алдыңғылары Жетісуды мекендеген тайпалар болса, кейінгілері Сырдарияның бойын мекендеген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, оғыз тайпалар бірлестігіне түркі тектес тайпалармен қатар үнді-еуропа тілдес тайпалар да (астар, аландар) кірген.

Оғыздардың алғаш жайлаған жері Сырдың ортаңғы, төменгі ағысы, Арал теңізінің маңы, Қаратау жоталары, Шу, Балқаш өңірі. IX ғасырда оғыздар Қаспий аймағына қарай ауып, Жайық, Ырғыз, Жем, Ойыл өзендері, Мұғалжар тауы аймағына, одан әрі Жайық пен Еділ аралығына қоныстанды. X ғасырда оғыздар хазарларды талқандап, Қапқаз сыртынан Алдыңғы Азияға дейін жетті. Оғыздар Қазақстан жерінде болған екі ғасырдай уақытта басқа түркі тайпаларымен өзара этностық, мәдени-шаруашылық ықпалдастықта болды /5/.

Бүгінгі күні Орта Азиядағы Түркі тектес елдер Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзірбайжан тәуелсіздігін алып, ертеңіне сеніммен қол созған шақта Елбасы Н.Ә.Назарбаев түркі халықтарының одағын құруды ұсынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амажолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап. (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: “Білім”, 2002.
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы. “Білім”, 1994.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы. 2001.
4. Салғарин Қ. Түріктер, жужандар. – Алматы, 1999.
5. Құлахметова Л. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі байырғы түріктердің ел басқару жүйесі. // Қазақстан тарихы. 2003.

«ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДЫҒЫ ТҮРКІ ЭТНОНИМДЕРІ

(тарихи-танымдық зерттеу)

Әсел ТАШҚАРАЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің тарих мамандығының докторанты

Қазіргі таңда ортағасырлық авторлардың шығармаларын жүйелі зерттеу арқылы қазақтың арғы-бергі тарихына қатысты бай мәліметтер алуға болады. Осындай еңбектердің бірі – XVII ғасырда өмір сүрген Хиуа ханы, тарихшы-шежіреші Абу-л-ғазидің (Әбілғазының – ред.) «Шежіре-и-таракиме» шығармасы [1]. Оның шығармасында географиялық, топографиялық, этникалық атаулар, тарихи оқиғалар мен билік құрған тұлғаларға байланысты мол деректі табуға болады. Сонымен қатар шежіреде қазақ халқының негізін қалаушы кейбір ортағасырлық тайпалар мен олардың этникалық атауының шығуына тоқталып, 80-ге жуық тайпаның атын атап өтеді.

Қазіргі отандық зерттеулерде тайпалар атауының этимологиясы туралы сан түрлі пікірлер мен тұжырымдар бар. Дегенмен, ол тұжырымдардың көбі түпдеректерді салыстырмалы зерттеу негізінде қарастырылмаған. Бұл ретте, Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасындағы тайпалар атауын талдауды жөн көрдік. Абу-л-ғазидің өзіне дейінгі мәліметтер негізінде және өз тұжырымдарымен бірнеше тайпаның аталуы туралы мәліметтерді жазып кеткен. Мәселен, автор «ұйғыр» этнонимінің шығуын Оғыз қағанмен байланыстыра отырып, олардың мекендеген жерлерін және осы тайпаның кейінгі өкілдері туралы мәліметтерді қалдырады. Бұл мәселеге нақтырақ тоқталсақ, Оғыз хан өзін өлтірмек болған әкесі Қара ханға қарсыласу үшін қол жинағанда, әкесінің інілерінің балалары келіп қосылады. Оғыз оларға «ұйғыр» деген ат берді. Абу-л-ғазидің «*Ұйғыр*» – *түркі сөзі, мағынасы «қосылу», «жабысу» дегенді білдіреді*» дейді [1, 42-б.]. Ұйғыр этнонимінің шығу тарихы туралы Абу-л-ғазидің екінші еңбегі «Шежіре-и-түрікте» толығырақ мәлімет келтіреді [2, 25-26-бб.]. Бұл туралы әйгілі тарихшы Рашид-ад-дин де жазған. Оның жазбасында: «*Оғыз әкесі мен ағаларымен болған күрестен кейін алтын шатыр тігіп, той жасауды бұйырғанда, оған көмектескен тайпаға ұйғыр атауын беріп, мағынасын «соңынан еру», «қосылу», – деп түсіндіріледі* [3, 16-б.]. Абу-л-ғазидің Оғыздың үлкен ұлы Күн ханның билігі туралы бөлімінде осы ұйғыр тайпасының өкілі Еркіл қожаға тоқталып, оның Оғыз ханның, кейіннен Күн ханның уәзірі болғанын және Күн хан оның кеңесімен әкесінің жаулаған жерлерін інілері мен олардың балаларына дәрежелеріне сәйкес бөліп бергенін жазған [1, 49-б.].

Шежіреде Оғыз қаған жорықтары кезінде өзі ат қойған, бірақ оның тайпасынан тарамайтын төрт тайпа аталады, олар: қаңлы, қыпшақ, қарлық және халадж. Абу-л-ғазидің таулы жерлердегі жорықтарының бірінде қаңлы қар жауғанда қалып қойған адамдарға Оғыз «қарлық» деп ат қойған, барлық қарлық тайпасы осылардан тараған дейді [1, 45-б.]. «Оғыз-наме» дастанында да Мұзтауға қашып кеткен сүйікті шұбар атты ерлік көрсетіп алып келген бір бекке үсті-басын ақ қырау сүңгі басқан сұсты түріне қарап, «Қаһарлық» деп ат берілгені жазылған [4, 313-б.]. Аңыздардың берілуі әр түрлі болғанымен, Абу-л-ғазидің мәліметі мен дастандағы жазба қармен байланысты шығып тұр.

Ал, қалаш тайпасының атауының шығуын

Абу-л-ғазидің «қал аш», яғни «ашығып қал» сөзімен байланыстырады [1, 46-б.]. Шежіре дерегіне сәйкес, «халаж» аталып кеткен тайпа өкілдерінің көбі Мәуереннахрды, Хорасан мен Иракты мекендейді [1, 46-б.]. Абу-л-ғазидің шежіреде қалаш тайпасынан шыққан Бахтияр Мұхаммед есімді жігіттің Дели қаласының падишахы Құтб-ад-диннің нөкері, кейінірек бек болғаны туралы жазған. Бұл кезде Үндістан жеке елдерден құралған еді, Мұхаммед Құтб-ад-диннің жіберуімен Кашмирдің жанындағы Бехарды алды. Одан әрі Лекмир, Лектун елдерін алды. Өзі таққа отырып, Лектуниді астанасы етті, өз атынан тиын соқтырып, құтпа оқытты. Оған қалаш елінің 10 мың адамы келіп қосылады [1, 46-б.]. Біраз уақыт өткен соң Мұхаммед Бахтияр Тибетке жорыққа аттанып, қайтыс болды. Қалаш елі жиылып, Ширан есімді адамды таққа отырғызады. Шираннан кейін Мердан есімді қалаш тайпасының өкілі таққа келді. Шежіреде оның мықты мерген болғанымен, ақылы аз билеуші, зұлымдыққа салынып, жазықсыз адамдарды өлтіре бастағаны жайында және осы себепті қалаш халқы кеңес құрып, Мерданды өлтіргені жазылған. Одан әрі Эвез есімді адам таққа отырып, билігі 12 жылға созылады. Ол қайтыс болған соң, билік басқаларға өтеді. Сонымен, Абу-л-ғазидің қалаштардың билігі небәрі 54 жылға созылған деп қорытады [1, 47-б.].

Келесі ретте Абу-л-ғазидің қазақ халқын құраушы қаңлы және қыпшақ тайпаларына қатысты мәліметтер келтіреді. Оғыз ханның татарларға бағытталған жорығы туралы баянында арба ойлап тапқан адамға «қаңлы» деген ат бергенін жазады: «*Бұл жорықта оғыз әскері жеңіске жетіп, үлкен олжаға кенелді, алайда оны арту үшін ат көлігі жетпеді. Әскердің ішінде шебер адам бар еді, ол ат арба жасады. Оған қарап барлығы да арба жасап, мол олжаны артып әкетті. Бұл уақытқа дейін арба да, арба атауы да жоқ еді, сондықтан арбаның шығарған даусына қарап «қаңқ» деп атады. Ал оны жасаған адамды «қаңқлы» деп атады. Барлық қаңқлы тайпасы осы адамның ұрпағы*» [1, 43-б.]. Бұл жөнінде Рашид-ад-дин Оғыздың Дербендеке жорыққа шыққанда қолындағы қазынасын еліне жеткізуді қаңлы тайпасына тапсырғанын жазса [3, 20-б.], Оғыз хан туралы деректердің ең көнесі саналатын, ауызша үлгіде жеткен «Оғыз-наме» дастанында да Жүржіт елімен соғыстан түскен есепсіз көп олжа, жиһаз-мүліктерді артатын арба ойлап тапқан шеберді «Қаңғалық» деп атағаны жазылған [4, 314-б.]. Абу-л-ғазидің шежіреде түрікмендердің тарихына тоқталғанда қаңлылардың Жайық маңындағы Ала-Кенк және Қара-Қаш деген жерлерді мекендегенін және олардың ханын Көк Тонлы деп атағанын жазып қалдырған [1, 72-б.].

Қыпшақтарды Абу-л-ғазидің соғыстардың бірінде қаза тапқан Оғыздың бектерінің бірінің баласынан тараған тайпа дейді: «*Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ деген, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқұрт елдеріне жіберді. 300 жыл Дон мен*

Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер *Дешті қыпшақ* (қыпшақ даласы) деп аталды» [1, 43-44-бб.]. Кейін, Жошы хан қыпшақ даласына жорық жасағанда, қыпшақтар жеңіліп, көп бөлігі **иш-тяктарға** қосылады, Абу-л-ғазиз иштяктардың көбі осы қыпшақтардың ұрпақтары екенін, ал **Еділ мен Тиннің** аралығын мекен еткен қыпшақтар жан-жаққа тарап, көп бөлігі **черкестер мен тумандардың** жұртына көшіп кеткенін жазған [1, 44-б.].

Абу-л-ғазиз бұл деректі Рашид-ад-диннің жазбаларынан алған болуы керек. Алайда Рашид-ад-диннің жазбасында қыпшақтың ағаштың қуысында туылғаны мен Оғыздың ат қоюы ғана берілген [5, 18-19-бб.], ал Абу-л-ғазиз қыпшақтардың тек шығу тарихымен шектелмей, одан кейінгі тарихына қысқаша тоқталып өткен. Ауызша дәстүр негізінде жеткен «Оғыз-наме» дастанында да Еділ өзенінен әскерін ағаштан сал жасап, аман-есен өткізіп бергені үшін Ұлық Орда бек атты кісіге Қыпшақ деген лақап ат қойылғандығы жазылған [4, 312-б.]. Бір қызығы, бұл жерде де Қыпшақ есімі ағашқа қатысты аңызбен байланысты болып отыр.

Енді «Шежіре-и-таракименің» негізгі нысаны – түрікмендерге тоқталсақ. Түрікмен молдалары мен шейхтары, бектерінің өтінішінен шыққан түрікмендердің шығу тегі, дамуы және таралуы Абу-л-ғазиз тарихшы-шежіреші ретінде түрікмендердің шашыраңқы, қарама-қайшылыққа толы шежіресін нақтылап, жүйелеуді өз қолына алды. Еңбекте алғашқыда оғыздар аталып, кейіннен түрікмендер аталған халық және оны құраушы он екі жүздік пен жиырма төрт аймаққа топталған тайпалар мен олардың мәнін түсіндіріп жазады [1, 52-б.]. Абу-л-ғазиз: «*Күн хан Оғыздың алты баласының заңды әйелдерінен туған жиырма төрт немересін екі-екіден жеке шатырларға отырғызып, бөліктер деп атады. Бұл он екі бөліктен туған ұрпақ он екі жүздік деп аталды*», – деп «жүздік» сөзін «жүз», яғни халықтың «жүзі», «беті» сөздерімен байланыстырады [1, 52-б.]. Ал, күндерден туған немерелері де жиырма төрт еді, Күн хан оларды жиырма төрт аймақ деп атап, «аймақ» сөзін «ұрық» мағынасын беретін моңғолдың «омақ» сөзімен байланыстырады [1, 52-б.].

Шежіреде Күн ханның үлкен ұлы Қайыдан тараған ұрпақтарының билігі туралы айтылады. Абу-л-ғазиз Қорқыт ата осы Қайы тайпасынан шықты дейді [1, 55-б.]. Ал, Рашид-ад-дин Қорқыт уәзірі болған Инал-Иавы хан да осы Қайы тайпасынан шыққанын жазған [1, 57-б.]. Сондай-ақ, жиі аталатын тайпа баяндырлар. Баяндыр – Оғыздың төртінші баласы Көк ханның үлкен ұлы. Қайы ханның ұлы Диб-Бакуй билік құрған кезде осы баяндыр руынан Қабыл-қожа ұлық бек болған [1, 55-б.]. Ал, Қорқыт уәзірі болған Дүйлі-қайы билігі кезінде баяндыр тайпасының өкілі Бекдез есімді кісі ханның инақ-бегі болған [1, 57-б.].

Абу-л-ғазиз Тақ ханның үлкен ұлы Салордан тарайтын Оғурджик ханның тұсында баяндырлар Ирак жерінде көшпелі тұрмыста өмір сүрген. Баяндырлар Оғурджикке қарсы шыққанда оның шайқасуға шамасы болмай, мыңдаған арбалы жұртымен Ирактан Шемахаға келеді. Бұл жерде де қауіп төндіргендіктен, Қырымға, одан әрі Еділ арқылы Жайыққа келген [1, 72 б.]. Диб-Бакуй ханның баласы Кузы-Иавы билігі кезінде кеңес бектерінің құрамында Салор тайпасынан Батақ болған. Ал, Инал-Иавы билігіне ке-

зінде Салор тайпасынан үш ұрпаққа жалғасқан ханның уәзірі қызметінде Қазан алыптың әкесі Энкеш, оның ұлы Отқан, оның ұлы Құл-Сары болды [1, 55-б.].

Абу-л-ғазиз бечене тайпасы өздерінен билеуші сайлап, Салорларға соғыс ашады, екі тайпа арасында үнемі шапқыншылықтар болғанын, бұл дұшпандық бес-алты ұрпаққа дейін жалғасып, ақырында бечене тайпасы Салорларды жеңді, сондықтан Салорлар бечене халқын ит-бечене деп атады дейді [1, 56-б.]. Тайпаның атауына қосарланған «ит» сөзін кемсітушілік мағынасында қолданылып отыр. Оғыз ханға жау болған Барақ хан да шежіреде Ит-Барақ деп берілген. Салорларға бечене тайпасының жасаған шапқыншылығы туралы Қорқыт атаның Салор Қазан алыпты мадақтау тартымында көрініс тапқан [1, 56-б.].

Абу-л-ғазиз оғыздар шығысында Ыстықкөл мен Алмалыққа дейін, оңтүстігінде – Сайрам мен Қазығұрт тауына дейін, батысында Сыр бойындағы Янгикент пен Қара-құмға дейін созылды және осы мекенде олар мыңдаған жылдар бойы өмір сүрді дейді [1, 56-б.]. Түрікмендерге ең жақын өмір сүрген тайпалар – хатай, қаңлы және наймандар оларға шапқыншылық жасай бастады. Түрікмендер Ыстықкөл, Алмалық, Сайрам және ұлық-тақ, Кішік-тақ тауларындағы мекендерін тастап Сыр бойына келді. Хандарын Янгикентке отырғызып, өздері Сырдың екі жағалауында жаз жайлап, қыс қыстап, он ұрпағына дейін өмір сүрді [1, 56-б.]. Тайпалар арасында болған шапқыншылықтар кезінде жеңіліс тапқандары Мәуреннахрға қашып отырған. Осылайша жұрттың көбі Мәуреннахрға келді. Ол заманда Иракта, Хорасан мен Мәуреннахрда татар өмір сүрген еді. Шығыстанушы Бартольд болса, түрікмендер «тат» түсінігін түркі емес, бірінші кезекте ирандықтарды атау үшін этнографиялық мағынада қолданғанын айтады [1, 24-б.]. Абу-л-ғазиз түрікмендер Мәуреннахрға келгенде, алғашқыда төжіктер оларды түріктер деп атады, бес-алты ұрпақ ауысқан соң, климаттың әсерінен түрлері өзгеріске ұшырағандықтан, оларды «түркманенд», яғни «түрікке ұқсас» деп атады, қарапайым халық сөзді толық айта алмай, «түрікмен» деп атап кетті дейді [1, 57-б.].

Қорыта келгенде, Абу-л-ғазиздің «Шежіре-и-таракиме» шығармасы Орта Азияның ежелгі және орта ғасырлық кезеңіндегі тарихына, географиясына, этнографиясына қатысты мол мағлұматтарымен қатар, түркі халықтарының этнонимдерінің шығу тарихы мен таралуы жайлы деректерімен де маңызды. Ал, шығармадағы ру-тайпалар мен ұлттардың этнониміне түсініктеме беріп, салыстыра зерттеуі Абу-л-ғазиздің еңбегінің ғылыми құндылығын арттыра түсірері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Кононов А.Н.** Родословная туркмен/Сочинение Абу-л-Гhazi хана Хивинского. Издательство АН СССР Москва-Ленинград, 1958. – 285 с.
2. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-т.: Әбілғазы. Түрік шежіресі/Құраст.: Б.Әбілқасымұлы. – Алматы – 2011.
3. **Фазлаллах Рашид ад-Дин.** Оғуз-Наме. // Перевод с персидского, предисловие, комментарии, примечания и указатели Р. М.Шуккоровой. Баку «Элм» 1987. – 128 с.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. /Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504-б.
5. **Рашид-ад-дин.** Сборник летописей. Том I книга первая перевод с персидского Л.А.Хетагурова. редакция и примечания проф. А.А.Семенова Издательство Академии наук СССР Москва-Ленинград 1952.
6. **Бартольд В.В.** История культурной жизни Туркестана. – 1927. – 256 с.

РЕТРОСПЕКТИВА ПОИСКОВ «ЖИДЕЛИ БАЙСЫН», «ЖЕР УЮК» АСАНОМ КАЙГЫ И КОРКЫТ АТА (Историко-философский анализ)

Гайни МУХТАРОВА,
кандидат философских наук, заведующая кафедрой
«Сценография и декоративное искусство»
Асель ДАДЫРОВА,
кандидат философских наук, доцент
Казахского Национального университета искусств

Введение. Легенды и предания каждого народа являются одним из глубинных пластов исторической памяти человечества, материал которой охватывает различные эпохи. Одной из основополагающих легенд, где заложены поиски человечества в пространстве и времени идеального места и вечной жизни стали легенды о Коркыт ата и Асан Кайгы.

Легенда о Коркыт ате является общим достоянием тюркских кипчакской (казахи, каракалпаки), а также южной огузской ветви: туркмен, азербайджанцев и турок.

В статье проведен историко-философский анализ двух степных мудрецов Асана Кайгы и Коркыт аты, создание идеального мира, идеальных правителей, которые ярко озвучивали казахские жырау, певцы, мыслители в своих произведениях, миф о земле обетованной был для них некоей моделью стабильности, спокойствия, возможности изменить мир, порядок. Идея о земле обетованной в казахском миропонимании, была народной утопией, но и, по преимуществу, утопией места. Такие страны нельзя найти на географической карте. Степные мыслители, предполагали, что в такой стране возможен порядок и совершенный мир. Новое одухотворение легенд об обетованной земле вытекает из реальной действительности, которая вызывала глубокое неприятие и неудовлетворенность.

Легенда о Асан Кайгы полная драматизма отражает жизнь Казахского ханства и выражает мечту народа об улучшении социальной жизни.

Для казахского государства в период XVII – XVIII веков сложилась крайне тяжелая геополитическая обстановка. С севера и востока наступали джунгары-ойраты, с запада калмыки и башкиры, а также уральские казаки. С юга ряд карательных экспедиций предприняли бухарцы и коканды. И к 1725 году XVIII века некогда сильное и обширное Казахское ханство размещалось на небольшом участке между Туркестаном и Аральским морем. Это было действительно трагедией в национальной истории.

Важную роль в отражении действительности, духовно-нравственных ориентиров в казахской степи составляет творчество жырау и акынов.

Жырау создавали идеальные образы правителя и общества, где люди живут в изобилии, не зная бедности.

Поиск счастливых, благодатных земель «Жидели Байсын», «Жер Уйык» связан с понятиями о бренности мира, философией «жалған дүние».

Оправданием активных поисков благословенного места в этот период времени была идея достичь «единства быта и бытия», как должна быть построенная и исполнена жизнь человека и общества в этот непростой период для казахской степи в целом.

Основная часть. В этот беспокойный период для Казахского ханства закономерны активные поиски казахского жырау Асана Кайгы благоприятных мест

для казахских племен. Доминирующим в поисках казахских жырау является преодоление нищеты, мира зла, войн и утверждение мира справедливости и добра, где отсутствуют столкновения между правителем и народом, где существует справедливость по отношению ко всем людям, населяющим «Жидели Байсын» или «Жер Уйык».

По сюжету древнего предания о Асан Кайгы (переводимый, как «Асан Печальный») мудрец всю свою жизнь искал обетованную землю «Жер Уйык».

Асан Кайгы, сев на верблюдицу Жельмая, поехал по четырём сторонам света. Он верил, что на земле существует прекрасное место «Жер Уйык», где люди живут до ста лет, где людям не угрожают вражеские набеги, не бывает голода.

По описанию, в этом райском месте было много озёр и рек, много пастбищ с густой травой, там скот рождает молодняк дважды в год. Он мечтал о том, что найдет это место и переселить туда свой народ, где люди не будут знать печали и нужды.

Символом олицетворения счастья, покоя и мира стал образ жаворонка, выщего гнездо на спине овцы.

Прошли годы, но он так и не нашел заветную землю «Жер Уйык». Асан Кайгы, мечтавший подарить народу счастье, возвращается с печалью к горе Улытау и умирает на её вершине. По другой версии: Асан Кайгы нашел обетованную землю, но люди не выдержали суровых испытаний, и не сумели добраться до Жер Уюка.

Следует добавить, что в казахском фольклоре существовали легенды не только о обетованных, райских землях, как Жер Уйык, но также встречаются мифы о неблагоприятных землях, как Барса - Келмес. «Барса - Келмес» буквально переводится как «пойти и не вернуться», то есть место, куда не следует ходить, и эта местность имеет мистический устрашающий ореол.

По легендам и преданиям, Асан Кайгы объезжает Китай, Кашгар, Коканд, Хиву, Бухару, заезжает к русским и даже включает в свой маршрут побережье Каспия и даже Урала, т. е. местности ему хорошо уже известные. Исследователь К.Толысбай отмечает: «Когда Асан Кайгы доехал до реки Чу, он сказал: *«Берега этой реки болотисты и поросли камышом, в котором таятся тигры. Дети будут здесь болеть от плохой воды. Нож здесь всегда будет вынут из ножен, а женщины здесь всегда будут чужими захваченными врагами».* О Каратау Асан сказал: *«И эта земля плоха, здесь нет никаких птиц, кроме кукушки, никаких запахов, кроме запаха трав... здесь кони за пять лет состарятся, а джигиты – за 25. Каратау хороша только как летовка, а на зимовку надо откочевывать на берега Сыра (Сырдарьи). Жить здесь круглый год нельзя».* Увидев Сырдарью, Асан решил *«Верховья богаты, но мало там места. Сможет расположиться не больше двух аулов»* [1].

Наконец Асан побывал в Жидели Байсын. Вер-

нувшись оттуда, он рассказывает сородичам: «Я нашёл кочевья, где можно ездить на коне без стычек и без драк, где скот не будет украден ворами и зарезан волками, где не останемся бесприютными. Отправимся на эту землю, чтобы попасть туда, в течение трех лет не подпускайте барана к овцам, верблюда к верблюдице и быка к корове (жеребье, стельные и суячные матки не могли вынести далекую перекочевку). В том краю тепло. Без выдела (не разобщась) мы будем там жить» [2].

Асан Кайгы, обошел весь свет, но так и не нашел лучшей жизни, лучшего места, где человечество жило бы без забот и нужды, либо где человек мог избежать смерти – констатируют истину о взаимосвязанности жизни и смерти и целостности мироздания.

Очень важным фактором в настоящей легенде является фабула поиска истины, через преодоление трудностей в пути.

Понятие «жол» (дорога) имеет здесь не только образ странствия в дороге, а в широком философском значении «жизненного пути».

Как пишет казахский культуролог К.Нурланова «Дорога – предназначение, дорога как альтернатива добра и зла или олицетворение какой-то конечной практической цели, или как благословение» [3].

У казахов часто употребляются словосочетания «жолың ашық болсын» (пусть дорога будет открытой), «акжол» (светлого пути) которые означают не только пожелание доброго путешествия, а скорее – это пожелание всяческих благ на протяжении всего жизненного пути.

Среди «языческих персонажей, вошедших в число мусульманских святых, у казахов наиболее отчетливо сохранил свои домусульманские черты Коркыт (Хорхыт) – мифический первый шаман, музыкант и певец, создатель смычкового инструмента кобыз. Приписываемая ему могила была расположена на берегу Сырдарьи. Почитание Коркыта у казахов было тесно связано с шаманством. Он считался покровителем шаманов (баксы), которые нередко призывали его на помощь в своих камланиях. Многие баксы при этом исполняли күй, который сочинил сам Коркыт» [7].

Легенда о Коркыт ата, повествующая о нём, как о легендарном тюркском поэте-песеннике и композиторе IX века была запечатлена в письменном эпическом памятнике тюркских народов «Китаби деде Коркыт» («Книга деда Коркыта»).

Легенда гласит, о том, что смолоду Коркыт не смог примириться с мыслью о скоротечности человеческой жизни, поэтому решил бороться против неизбежной смерти. Он изготовил и начал играть на инструменте «кобызе», вложил свои раздумья о бытии в свою музыку. Он нашёл своё бессмертие в служении искусству.

Кочевая культура всегда ассоциировалась с движением, динамикой.

Как писал А.Вебер: «вторжение кочевых народов из Центральной Азии, достигших Китая, Индии, стран Запада (у них великие культуры древности заимствовали использование лошади, имело...аналогичные последствия во всех трех областях... Они завоевали государства великих культур древности. Опасные предприятия и катастрофы помогли им понять хрупкость бытия; в качестве господствующей расы они принесли в мир героическое и трагическое сознание, которое нашло свое отражение в эпосе», а потому «история превращается в борьбу между этими двумя силами

- культурой матриархата, древней, стабильной, связанной, не пробудившейся, и новой динамической, освобождающей, осознанной в своих тенденциях культурой кочевых народов» [4].

Идея о земле обетованной «Жер Уюк» или «Жидели Байсын» выступает как вполне достижимая цель. Жырау ставили задачу найти благословенное место для своего народа и ради осуществления этой мечты они живут, более того пускаются на поиски «обетованной земли». Жырау казахского народа не придумывают себе совершенное государство и общество, они пытаются изменить либо существующий порядок, сложившийся в казахском ханстве, жизнь казахского государства их не устраивает, и они критикуют создавшееся положение, либо принимают попытки найти «Жидели Байсын» за пределами государства. Степные мыслители искренне верят, что мир, который воспет ими в произведениях, толгау-размышлениях, несомненно, будет отвечать всем требованиям законов развития общества.

Сочетание жалкой бедности народа и расточительной роскоши ханов и их окружения с точки зрения жырау достойно сожаления. В противовес жырау – сказители создают в своих песнях и мечтах мир, в котором не просто отсутствует нищета, разорение, войны, но существует и достойная справедливость по отношению к людям, живущих в этом мире. Хотелось бы отметить, что для периода Казахского ханства это критика той системы, того общества, которое являлось современным жырау.

Асан Кайгы открыто выразил претензию о кризисном состоянии казахского общества и предпринял попытку поиска нового, гармоничного мира. Для степного мыслителя осуществление справедливого и благословенного общества стало вопросом свободы, независимости, полного счастья.

Можно сказать, что казахский жырау создает образец иного, альтернативного общества, не обремененного ни произволом баев, ни претензиями по поводу территорий, поэтому в их выступлениях ярко выражены потребности времени. Активные выступления жырау были призваны повлиять на общество, политику правящей верхушки, попыткой реализовать проект совершенного государства.

Мухтар Ауэзов в своих исследованиях высоко отзывается об Асане Кайгы: «Поиск земного рая, о котором идет речь в этих преданиях, выражает глубокий социальный мотив. Это вековая мечта казахов, устремленных построить новую жизнь. На всем пути своего исторического развития казахский народ свято почитал имя Асана как символ борьбы против насилия и зла. Поэтому акыны, поющие о горькой народной доле, первым делом вспоминали о нем» [5].

Ответственность за судьбу страны легла тяжелым грузом на плечи всех расколовшихся членов дома токай – темирдов, в том числе и на плечи Асана, представителя простонародья. Асан просит Жанибек-хана поискать новые земли, и говорит ему с упреком:

Тіл алсаң, қоныс іздеп көр
Желмая мініп, жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір.
Мұны неге білмейсің? [6].

Ты послушайся и поди поищи стоянку.
А если я сяду на Желмаю и буду искать землю,
Да найду ее, ты переправь народ оттуда.
Как же ты не знаешь этого?

Поэзия жырау, мудрых наставников, восходит к ранним архетипическим формам творчества племен,

которые кочевали в степи. Поэтому и использовалось почти сказочное понятие «Жидели Байсын». Конечно, на поиски жырау наложились конкретно-исторические условия. Это и время больших кочевков, освоение новых территорий для казахов, время образования Казахского ханства.

В поэзии жырау периода XV–XIX столетий прямая апелляция к идее справедливости. Казахские жырау связывают идею идеального государства с идеей справедливости, с правильным пониманием этой идеи справедливости. Жырау – сказители и восхваляют правителей Казахского ханства, иногда даже идеализируют их правление, но в то же время они критикуют ханов и их политику. Акыны-импровизаторы ругают ханов, резко осуждают их действия в отношении Казахского ханства и политики с сопредельными государствами.

Социальное равенство и солидарность, отсюда проблема трансформации ценности коллективизма казахского народа [8].

Таким образом, поиски благодатной земли казахскими жырау, певцами, акынами выполняли главные гносеологические функции (образ «земли благоденствия», модель идеального социального устройства), и высшие ценности бытия человека (справедливость, правда, счастье, добро), которые подлежат осуществлению человеком и обществом.

Обращаясь к образу «Жидели Байсын» и «Жер Уюк» казахские жырау хотели изменить всеобщий порядок в государстве, повлиять на происходившие процессы внутри общества, которые негативно отражались на жизни простого казахского народа: образ идеального социума был для них центром средоточия единства и согласия казахской нации.

Образ Асана Кайгы, так и не нашедшего землю обетованную и Коркыт ата, не сумевшего избежать смерти, как бы резюмирует человечеству истину, что пространство и время неразделимы.

Несмотря на то, в каком месте, и в какой миг времени не находился бы человек, ход его жизни не остановим; и её начало и конец предreshены.

Оба мудреца, которые обошли весь свет, но так

и не нашедших лучшей жизни, лучшего места, где человечество жило бы без забот и нужды, либо где человек мог избежать смерти – констатируют истину о взаимосвязанности жизни и смерти и целостности мироздания.

РЕЗЮМЕ

«Жидели Байсын» және «Жерұйық» Асан Қайғының және Қорқыт атаның ретроспективтік ізденіс (тарихи-философиялық талдау).

Мақала Асан Қайғы мен Қорқыт Ата аңыздарына негізделген. Зерттеу нысаны ретінде қасиетті «Жидели Байсын» мен «Жерұйықтың» сипаттамасы және оларды уақыт пен кеңістікте іздеу тақырыбы ретінде қарастырылған. Екі көне аңызды салыстыруға тарихи-философиялық талдау ғылыми әдісі қолданылды.

Retrospective searchers of “Zhideli Baysyn” and “ZherUyk” by AsanKaigy and Korkyt Ata (historical-philosophical analysis).

The article is based on the legends of Asan Kaigy and Korkyt Ata. The subject of the research is the description of the sacred places “Zhideli Baysyn” and “ZherUyk” and they are considered as the theme of time and search. Historical-philosophical analysis was used as a scientific method during the two legendary comparisons.

ЛИТЕРАТУРА

1. Толысбай К. Асан Қайғы. А.: Дайк-Пресс, 2006. – 284-б.
2. Сатпаева Ш.К., Адибаев Х.А. Казахская литература. А., 1985. -232 с.
3. Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа.- Алматы: Наука, 1987.- 174 с.
4. Ясперс К. Смысл и предназначение истории / Пер.с нем. М.И.Левиной.- М.: Республика, 1994.- 527 с.
5. Әуезов М.О. Шығар./лар. II том, А.: Жазушы, 1969. – 398-б.
6. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982.
7. Харнер М. Пилигримы реальностей // WorldMonitor.- 2007 - № 3 (7).- с.45 – 67.
8. Абдулина Н., Абишева А. Трансформация духовных ценностей казахской культуры: от традиции к современности // JournalofPhilosophy, CulturalandPoliticalScience.- 2018. - № 4 (66). – с. 69-77.

ҚАЗАҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР: этникалық құрамы, әлеуметтік жіктелуі мен демография мәселелері

Мәлдір АЛДАБЕРГЕНОВА,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университеті доцентінің міндетін атқарушы, PhD,
Мүсілім АЛДАБЕРГЕН,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары қала тұрғындарының әлеуметтік құрылымы мен саны жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде қазба барысында бай, ауқатты және кедей

қала тұрғындарының да үй-жайлары анықталды [1, 189-198-бб.]. Дәйексіз тұжырымдарға сүйенсек, бай тұрғындардың үй-жайларының аумағы үлкен, бөлмелер саны көп, орталық бөлмелердің аумағы кең, қойма көлемі үлкен болған деген түсінік қалыптасқан.

Алайда, орамдар мен ондағы барлық үй-жайларға (көпсекциялы тұрғын үйлерді қарастырмағанда) байланысты көрсеткіштерді талдау барысында үй ауданының көлемі нақты мәліметтерге арқау бола алатындығы анықталды. Жоғарыдағы мәліметтерге байланысты басқа көрсеткіштер бір-бірімен байланыссыз, әрі тұрақты мөлшері болмайды. Мәселен, тұрғын үйдің жалпы аумағы үлкен болғанымен, ондағы бөлмелердің аумағы кішкентай болуы да мүмкін немесе керісінше үй аумағы кіші, орталық тұрғын бөлме үлкен болуы да мүмкін. Ауданы үлкен үй-жайларда қамба аумағы үлкен болмайтын жағдайлар да кездеседі, өйткені қала тұрғындары азық-түліктің негізгі қоры мен үй жануарларын қала сыртындағы қора-жайлар мен қамбаларда жинақтауы да әбден мүмкін. Қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайынан мәлімет беретін ең басты сандық көрсеткіштер үй-жай ауданы болса, үй қабырғасын қалауға күйдірілген кірпішті қолдану, тұрғын үй интерьерінде көркемдік өңдеуді (тандыр ернеулері мен тас науа қоршауларын безендіруде тақталарды қолдану) пайдалану және қазба барысында табылған тиындар, қоладан жасалған бұйымдар, сырланған керамикалар жиынтығы қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайының сапалық дәрежеде жоғарылай түскендігін көрсетеді. Этнографтар да ауқатты тұрғындар үйлері тұрмысы орташа қала тұрғындары үйлерінен тек үй-жай көлемімен ғана ерекшеленеді деген мәліметтер келтіреді. Бұл тұста есте сақтайтын бір жағдай әрбір үй-жай жері қала территориясында орналасқан және бірқатар зерттеушілер, қала аумағында жер құны жоғары [2] және жерге деген жеке меншіктің болуы да жер иеленушінің қоғамдағы орнын анықтайтын бірден-бір басты көрсеткіш деп білуге болатындығын айтады.

Тұрғын жайларды зерттеу барысында Отырар ортағасырлық қаласындағы 231 үй-жайға талдау жасалды, 37-сі көп секциялы үйлер және олар бөлек қарастырылды. Тұрғын жайларды аумағының кеңеюіне байланысты төрт топқа бөлуге болады:

- 70 м²-тан жоғары;
- 70 м²-тан 50 м²-қа дейін;
- 50 м²-тан 30 м²-қа дейін;
- 30 м²-тан төмен.

Үйлердің ауданына қарай ондағы өмір сүрген тұрғындарды қандай әлеуметтік топқа жатқандығын анықтауға болады. 231 тұрғын үйдің 78-і бірінші топқа, 80-і екінші топқа, 52-сі үшінші топқа, ал 21-і төртінші топқа тиесілі екендігі анықталды. Ал тоғыз тұрғын үй сақталуы нашар болғандықтан ауданын анықтау мүмкін болмаған.

Бірінші топқа жататын тұрғын үй қабырғаның қалауы ұқыпты, едені мен қабырғалары сапалы сыланған, ауласы басқаларға қарағанда енділеу кірпішпен қаланып, қоршалған. **Екінші және үшінші топқа** жататын тұрғын үйлер үй ауданының кішілігі болмаса бірінші топтағы үйлерден айырмашылығы көп емес, ал **үшінші және төртінші топқа** жататын үйлердің қабырға қалауында ұқыпсыздық байқалады, күйдірілген кірпіштен қоршаулар тіптен болмаған, сырланған керамика саны аз. Аталған мәліметтер бірінші топтағы үй-жай тұрғындары ауқатты, екінші және үшінші топтағы үй тұрғындары орта тұрмысты, үй-жайлары төртінші топқа жататындар қаланың ең кедей тұрғындары деп осылайша түсіндіруге мүмкіндік береді. Есептеулер көрсеткендей, қаланың 36,3 %-ы ауқатты, тұрмыс жағдайы жақсы тұрғындар

қатарына жатады, 54,3 %-ы орта тұрмысты, 9,4 %-ы тұрғындардың кедей бөлігі. Орамдағы көп секциялы үйлер барлық үй-жайлардың 14,2 %-ын құрайды. Отырартөбенің көп секциялы үйлерінде үлкен патриархальды отбасы өмір сүрген тәрізді. Мұндай бір шатырдың астында үлкен патриархальды отбасының мекендеуі Оңтүстік Қазақстан қалаларына тән құбылысқа жатпайды, мұндай отбасы түрлері Хорезмде көп таралған. Қаратау бөктеріндегі Күлтөбе қалашығының цитаделінде үш тұрғын үйдің орны аршылған. Біреуі бір, екіншісі үш және үшіншісі бес бөлмелі, көшеге шығатын есік оңтүстік-шығысында біреу ғана. Бұл тұрғын үйлерде мекендеушілер бір-бірімен туыс болса керек. Дәліз бен тұрғын бөлмелері кең, ал негізгі бөлме мен ас үйде біреуі үлкен, екіншісі диаметрі жағынан кіші екі тандыр ошақ орналасқан. Бұл тұрғын үйде өмір сүргендер бай қуатты адамдар деп болжауға болады [3, 98-б.].

Отбасында топталып көп секциялы үйлерде өмір сүру Оңтүстік Қазақстанда XIII ғ. екінші жартысынан бастап XVIII ғ. дейінгі аралықта анықталған. Отырарда XVII ғасырға тиесілі 30 орам аршылса, соның екеуі ғана XIII-XV ғғ. тиесілі. Көп секциялы үйлердің пайда болуын Сыр бойындағы қалалар үшін жүргізілген өзара тартыс кезеңінде басынан өткерген саяси және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығымен түсіндіруге болады.

Орталықтанған күшті биліктің болмауы, қала тұрғындарын тонау, соғыстар жағдайында үлкен патриархальды отбасымен өмір сүру өзгерістерге төтеп бере алатын ең тұрақты бірлестік болды. Сондықтан, Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында мұндай көпсекциялы үйлер тұрғын үйдің жаңа типі ретінде қалыптасты.

Елдімекендер мен тұтас бір аймақтағы халық санын анықтау үшін XVI ғ. 80-жылдары мен XVII ғ. Отырар қаласына жасалған демографиялық есептеулердің маңызы зор. Осы мәліметтерді басқа қалалардың жағдайына сәйкестендірсе болады. Отырар халқының санын анықтау үшін орамдағы тұрғын үйлер саны, қаладағы орамдар санын және нәтижесінде жалпы қала тұрғындарының саны белгілі болады. Орамның жалпы ауданы 1200-1300 м²-ты (орташа 1500 м²) құрайды, қала территориясының аумағы XVI-XVII ғғ. 20 га немесе 200 000 м² болса, қаланың жер аумағының төрттен бір бөлігі жалпы қабылданған көрсеткіш бойынша қоғамдық орындар, алаңдар, магистральды көшелермен қамтылған. Сонда қалған 15 000 м²-қа 100 тұрғын орам орналасқан. Әр орамда 5-7 адамнан құралатын жеке отбасына тиесілі 6-дан 12-ге дейін үй иеліктері бар. Көп секциялы үйлерде жеке отбасы мекендейтін секция дараланып тұрады, секциялардың санына қарай ондағы тұрғындардың саны да басқаларға қарағанда 2-3 есе көбірек болады. Нәтижесінде бір орамда орташа алғанда 45-63 тұрғын өмір сүрген, ал жалпы қалада 4500-6300, орташа алғанда 5500 тұрғын болған. Оңтүстік Қазақстандағы басқа қалалар, мәселен, Сығанақ аумағы 20 га, Созақ 22 га тұрғын саны Отырармен шамалас болған. Ал Түркістанда 35 га жерді алып жатты да, онда 170 орам болған тұрғын саны 9180 адам. Сауран ауданы Отырар аумағынан екі есе көп, сондықтан тұрғындар саны 11 000 болса керек. Ауданы 28 га алып жатқан Сайрамда 7560 тұрғын мекендеген. Ал уәлият орталықтарында 44 000-нан көп тұрғын мекендеген. Оңтүстік Қазақстандағы Қарасаман (6 га), Иқан (6,7 га), Қарнақ (4,5 га), Қарашық (5 га), Сүткент (6 га), Арқұқ (7 га), Қотан (7

га), Үзкент (9 га), Аққорғанда (8 га) орамдар саны 20-дан 40-қа дейін жетіп, онда 1500-ден 2000-ға дейінгі тұрғындар мекендеген. 1-2 га аумақты алып жатқан Иаганкент, Сури, Куджан, Қаракүрен, Ран секілді қалаларда 800-ден 1000-ға дейін тұрғын мекендеген.

Осылайша, XVI ғ. I жартысы мен XVII ғ. Қазақстан территориясында қала тұрғындарының саны 70000 болған деген болжам айтуға болады. Қасым хан (XVI ғасырдың басы) тұсында жасалған Қазақ хандығы халқының саны жайлы мәліметке келсек, онда шындыққа жанасатыны, ол 1 млн. адам болса [4, 195-222-бб.], отырықшы халық кейінгі ортағасырда жалпы халық санының 7 %-ын құрайды деген сөз. XVIII ғ. Оңтүстік Қазақстанда қалалардың құлдырауы, олардағы тұрғындар санының бірден төмендеуіне себепкер болды.

Кейінгі ортағасырлық Қазақстанның этникалық тарихының негізгі мазмұны тайпалардың ұлыстарға бірігуінің аяқталуы, қазақ жүздерінің этникалық құрамының толығымен анықталуы, сырттан келген және тұрғылықты халықтың араласып кетуі мен миграциясы. Ұлыстарға бірігу ұзақ процесс және оны жекелеген кезеңдерге бөліп қарастыруға болмайды. XIV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың бірінші жартысы Ақордада тайпалардың этникалық құрамы тұрақтала бастайды да, моңғол және түркі халықтарының этникалық ерекшеліктері бәсеңдеп, ұқсастықтары көбее түседі. Қазақстанның халқы этникалық жағынан алғанда біртекті болып, негізгі бөлігі түркі тілдес халықтарға тиесілі болады. Осы кезеңде ұлыстардың қалыптасуы аяқталып, XV ғасырдың екінші жартысында оларға «қазақтар» деген этноним бекітіледі. XVI-XVIII ғғ. Қазақстанның оңтүстігін Дешті Қыпшақ пен Жетісуда қоныс тепкен тайпалар мемлекеттік және территориялық жағынан қауымдастыққа бірігіп, ортақ тілі, кейін белгілі болғандай материалдық және рухани мәдениетте ортақ тип пен бір-біріне ұқсас өмір сүру салтын ұстанғандығы анықталды.

Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі қалалардан табылған әшекей бұйымдардың мөлшері аз болғанымен олар қалаларда мекендеген халықтардың этникалық құрамын айқындауға жақсы мүмкіндік береді. Күлтөбе қалашығынан табылған күміс сырғаның екі түрінің де қазіргі кезде қазақ зергерлері жасайтын сырғалармен ұқсастығы өте көп. Табылған сырғалардың пішіні әр түрлі біреуі алмұрт тәріздес сырты безендірілген болса, екіншісі көлемі кіші шар пішіндес қақпақ тәріздес күміс сым бекітілген. Келесі қазба барысында табылған бұйым металлдан жасалған оймақ. Сырты инемен жұмыс істегенде сырғымас үшін терең емес нүктелермен безендірілген. Әрбір қазақ әйелі киім, әсіресе, теріден сыртқы киім тіккенде осындай оймақты саусаққа киіп алған. Осындай оймақ басқа зерттеу жүргізілген қалаларда кездеспеген. Қазба барысында бұғы басы бейнесінде басылған өрнекпен, нақыштама және нүктелі өрнек соғылған күміс білезіктің бір бөлігі табылды. Ортасында «О» пішініндегі асыл тас орнататын орын дөңгелек сақталған. Табылған білезік Отырарда табылған білезікке ұқсас [5, 202-б.]. Қазба барысында екі дана шүмек табылды. Шеберлер мұндай құрылғыны қойдың жіңішке жілігінен жасаған. Темекі салатын мүштікке ұқсайтын ұшы томпақ құрылғы ер балаларға дайындалғанда кішігірім тесік жасалатын дайын түтік. Ағатын бөлігі бесікте жасалған тесікке орнатылған түбекке түседі. Қыз балалар үшін ағаш сыбызғы пішініне ұқсас бұл құрылғы баланың аяғының ортасына қойылады да, бесікке жатқызылған

баланың аяғы қатты құндақталады. Бұл құрылғы бала бесікте құрғақ әрі таза жату үшін жасалған. Ран және Күлтөбе қалаларындағы тұрғын жайлар өңделмеген тастан қаланған, бөлме аралық қабырғаларға шикі кірпіш қолданылған. Құрылыс жұмыстарында тас шикізат ретінде кеңінен пайдаланылған. Мәселен, тандыр ошақ алдындағы таснауа жалпақ таспен жабылған. Қазақтар да ошақ беттерін таспен жапқан, ұсақ құрал-жабдықтарға көмір қоятын шұңқырға орнатылған тас болған, бидай сақтауға бөлменің бұрышында тас төселген таснауа салынған. Тұрғын үй тұрғызуда тастарды бір-бірімен байланыстыру үшін құрамы ерекше әрі берік таза саздан жасалған қоспа қолданылған [6, 96-б.].

Отырардан табылған археологиялық материалдардан қазақ халқының XIX - XX ғғ. басындағы материалдық мәдениетінің дамуымен этникалық байланысы бар екендігі мәлім болды. Әр түрлі категорияға тиесілі табылған заттардың ішінде пиала мен кесе тектес саз балшықтан жасалған тостағандар сериясы ерекше көзге түседі. Олардың түбі сызылған немесе сыртында таңбаға ұқсас қарапайым белгілер бар. Олар тік сызық (I), екі тік сызық (II), крест түрінде (X, +), бұрыштар (V, \/) бір дөңгелек (o), қатар екі дөңгелек (oo), ортасы сызылған дөңгелек (⊕), екіге бөлінген дөңгелек (Ø). Осыған ұқсас керамика Созақ, Күлтөбе, Сауран қалаларының кейінгі ортағасырлық қабаттарынан да табылған [7, 39-б.].

Отырар керамикаларынан табылған белгілердің барлығы қазақ тайпаларының таңбаларымен ұқсастығы айқын байқалады. Күлтөбе қалашығынан табылған керамикалық бұйымдардың түбінде айқыш (крест) және параллельді сызықшалар түрінде таңба тәрізді белгілер кездеседі. Таңба тәрізді кресттер XV-XVI ғғ. Кама керамикасында да кездеседі. **Бұл – XIV ғ. соңында ноғайлармен бірге қоныс аударған керей руының таңбасы.** Әсіресе, қазақтардың тостағанына ұқсас бүйір жағында этнографиялық материалдардың арасында кездесетін арнайы сызылған дөңгелектің ортасында крест таңбасы бар сырсыз ыдыс табылған. Сонымен қатар асықтардың арасында ортасы тесіліп қорғасын құйылған сақа асық табылған. Мұндай асықтар қазақ ауылдарында жиі кездеседі [43, 58-б.]. **Көсеуге ұқсас белгі – Ұлы жүздің қаңлы руының таңбасы.** Осындай таңбаны аталған жүздің ысты руы да иеленеді [8]. **Қосарланған екі тік сызық қыпшақ руының таңбасы** болса, осындай таңба Кіші жүздің тама мен керейіт руларына тиесілі. **Айқыш (крест) – Орта жүз керей руының таңбасы.** Аталған белгі Ұлы жүздің сіргелі мен Кіші жүз тайпаларына тиесілі [9, 4-б.]. **Керамикада екі немесе үш бір-біріне ұқсас тік сызықтардың шыны тектес бейнелері өте сирек кездеседі.** Бұл – Орта жүздің найман (оның ішінде – бағаналы) руының таңбасы. **Дулат руының белгісі дөңгелек, ортасы тік сызықпен бөлінген. Қазақ этногенезінде маңызды рөл атқарған қаңлы руының таңбасы басқа тайпалардың белгілеріне қарағанда жиірек кездеседі.** Батыс Сырдария және Шу-Талас өзендері маңындағы қаңлылар Жәнібек пен Керей тұсында қазақ бірлестігінің құрамына енген.

Кейіннен қаңлы атауы Ұлы жүздің бір тайпасы ретінде танымал бола бастайды [10, 71-б.]. Қазіргі кезеңде Кангюй мемлекетінің құрамына енген иран тілдес тайпалар жайлы пікір қалыптасты. Тек шығыстан келген түркі тайпаларының әсерімен қаңлы тайпаларының этникалық түр әлпеті өзгергендігін баяндауға болады. Жазба деректерді талдау

нәтижесінде қанғар-печенегтер қаңлылармен тығыз қарым-қатынаста болғандығын баяндауға болады. Қаңлы этнонимі Сырдария мен Арал маңындағы ежелгі печенег-оғыз тайпаларының жерлерін қимақтар мен қыпшақтар жаулап алғаннан кейін пайда болды. Қыпшақтардың осы этнонимді қайта жаңғыртуы өзін жаулап алған жерлердің генеологиялық дәстүрлерімен байланыстыруға деген ұмтылыс екендігі анық. Сырдария бойындағы жергілікті қаңлы топтарының сарқыншақтары бірден жойылып кетпесі анық, керісінше этникалық компоненттердің бір бөлігі ретінде өмір сүре берген. Қаңлылар мекендейтін аймақта XIV-XV ғғ. Ақ Орда мемлекеті қалыптасып, осы аймақтағы автохтонды тайпалардың негізгі құрамын қаз-қалпында сақтай білді деген пікірлерді ғалымдар ұсынады. Отырар керамикасында жалпы қыпшақ тайпасының белгісі болып табылатын екі тік параллель сызықтан тұратын таңба белгілерінің көптеп кездесетіндігін байқауға болады. Қыпшақтар ежелден-ақ Сырдария өзенінің ортаңғы ағысындағы аймақтармен тығыз байланыста болғандығы белгілі. Жазба деректер X-XI ғғ. Сырдария алабында қыпшақтар бір бөлігі мекендегенін хабарлайды. В.В.Бартольдтың деректеріне сүйенсек, Сауран маңында өмір сүретін қимақтар дегені анығында қыпшақтар болып шыққандығын атап айтады [11].

Моңғол-татар жорықтарына дейін Түркістан ауданы халқының негізгі бөлігін қыпшақтар құраған. Олардың орталығы – Сығанақ қаласы. Қыпшақтардың Сығанақ иеліктерінің басшылығында урани тайпасынан шыққан қыпшақ хандары билік құрған. Бұл иеліктердің соңғы ханы Алп-Дерек, моңғол-татар жорықтарына дейін хорезмшах Мұхаммедтің қарамағына өтіп, Отырардың билеушісі деп танылған. Жазба деректерде, ол Қайыр хан атымен белгілі. XIV ғ. қыпшақтар Тоқтамыш хан әскерінің негізгі бөлігін құрады. Отырықшылар мәдениетімен көршілес жатқан қыпшақтар қала тұрғындарының ортасын құруға ат салысты [12]. Қимақ-қыпшақ тайпаларының Сырдария алабына қоныс аударуын Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында кан үлгісіндегі жылыту жүйесінің пайда болуымен байланыстыруға болады.

Үйсін, суан, албан руларымен біріккен дулат тайпасы қазақтардың Ұлы жүзінің негізгі бөлігін құрады. Дулат руы ерте ортағасырда Жетісу өңірінде қалыптасқан дулу саяси бірлестігімен байланысы бар деген пікірлер де кездеседі. Моңғол жорықтары тұсында Шағатай ұлысының шығыс бөлігін мекендеген дулаттар, XIV-XV ғғ. Моғолстанда маңызды рөл атқарды. XVIII ғасырда орыс деректерінде дулаттар Ұлы жүзді құрамына енетін ру ретінде белгілі болған. Сырдария маңына алғаш рет дулат тайпасы моғол тайпасы қалмақтардан күйрей жеңілгеннен кейін XV ғасырдың екінші жартысында қоныс аударып бастады. «Тарихи-Рашидиде» айтылғандай, «*Іле өзенінің бойында үлкен қақтығыс болды. Онда Иунус хан жеңіліп, Моғол ұлысының көпшілігі Түркістанға қоныс аударғандығы жайлы баяндалады. Түркістан аумағында Сайрух өзенінің бойында Қара-Тоқай атауымен белгілі елдімекен бар. Онда моғол ұлысы қыстап шықты*» [4, 197-198-б.]. Осы уақытта қала халқына дулаттардың ішкерілей енуі жүрген. Тіпті, дулаттардың отырықшы қауымға тезірек айналуы үшін әкімшілік шаралар да іске асқандығы белгілі. Алайда бұл шаралар моғол байларының арасында наразылықты күшейтті.

Сіргелі тайпасына қатысты жазба деректер

XV-XVI ғғ. тиесілі. Бұл ру Қасым хан бастаған басқа да қазақ тайпаларымен бірге жаздық жайлауы болып табылатын Еділ (Волга) өзенінің бойынан Ташкент пен Түркістан арасында жайласқан қыстауларға қоныс аударған [13]. Тағы бір деректерге сәйкес, сіргелі тайпасы Сырдария өзені бойына Жәнібек пен Керей хан әскерімен бірге келген. Қалай болғанда да XV-XVI ғғ. басында сіргелі руы осында тұрақтап, жергілікті тұрғынына айналған. Қала тұрғындарының құрамында сіргелі тайпасының болуын Отырардан табылған керамикаға салынған таңбалар дәлелдейді. Найман руының екі тік сызық бұрышпен біріккен (V) таңбасының кезіккеніне қарап, Сырдария өзені бойына олардың ежелден қоныстанғанын аңғарамыз. М.Тынышбаевтың дерегіне, Жалаңтөс баһадүрмен замандас Найманның Төлегетай абызының Жаңа-қорғанда жатқаны мәлім. Мүмкін, көшпелі өзбектер мемлекеті құлағаннан кейін наймандардың бір бөлігі осында тұрақтап, басқалары Шайбанимен ілесе Мауреннахрға жол тартқандығы белгілі.

Кейінгі ортағасырлық қалалардағы этникалық жағдай жайлы нақты деректерден гөрі болжамдар көбірек. Өйткені, бұл шешуі қиын әрі көп мәліметтердің қордалануын талап ететін өзекті мәселе. Алдында белгілі болғандай, қала тұрғындарының құрамының қалыптасуы ауыл халқына қарағанда өзгешелеу болатыны анық. Қала халқына қарағанда ауыл тұрғындарының құрамы біркелкі болғанымен, қалалардың этникалық құрамына да әртүрлілік тән. Оны құраушы компоненттердің көпшілігі біздің эрамыздың бірінші ғасырынан белгілі. Уақыт өте келе, олар қала тұрғындарының негізгі құраушы бөлігіне айналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.М., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Поздне-средневековый Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 343 с.
2. Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. – Ленинград, 1973. – 386 с.
3. Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. – Туркестан, 2012. – 109 с.
4. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост. С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 650 с.
5. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 256 с.
6. Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. – Туркестан: Туран, 2012. – 109 с.
7. Жолдасбаев С. Материальная культура казахов XV - XVIII в.в.: автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1975. – С. 43
8. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – 452 с.
9. Гродеков Н.Н. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. Юридический быт. – Ташкент, 1889. – Т.1. – 298 с.
10. Байпаков К.М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 67 с.
11. Бартольд В.В. Кипчаки // Сочинения. – М.: Издательство Наука; Главная редакция Восточной литературы, – 1968. – Т. 5. – С. 550-552.
12. Кумекоев Б. Города кимаков // Вестник АН КазССР. – 1969. – № 6. – С. 54-62.
13. Ибрагимов С.К. «Михман наме и Бухара» Рузбехана как источник по истории Казахстана XV-XVI вв. Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – С. 141-158.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Асылбек МӘДЕН,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Биыл Ақтөбе қаласының негізінің қаланғанына 150 жыл толып отыр. Қаланың құрылу тарихы патшалық Ресейдің осы өңірді отарлауымен тікелей байланысты. Осы ретте, Торғай облысында да қазақтардың 1868 жылғы «Уақытша ереженің» енгізілуіне қарсылық ошағының қалыптасқаны тарихтан белгілі. Міне, осы жергілікті халықтың толқуын басу үшін және сол жерде отарлаушы өкіметтің тірек пункттері боларлық бекіністер тұрғызу үшін Торғай даласына 1869 жылдың көктем айларында бірнеше әскери отрядтар жіберілді. Сондай отрядтың бірін флигель-адъютант полковник граф Ю.А.Борх басқарды. Оның отрядына болашақ Ақтөбе бекінісін тұрғызу міндеті жүктелді [1, 75-б.].

Патша өкіметі Елек уезінде құрылатын болашақ қоныс орнын белгілеуде мекеннің тұрғындар үшін табиғи жайлылығы және экономикалық тұрғыдан қолайлығы, сондай-ақ, оның қазақ ауылдарының жазғы жайылымдары мен қыстауларына жақындығы ескерілді. Жаңа бекіністі тұрғызу үшін Торғай облысында коллеждік ассесор Вебель зерттеу жүргізген соң Ақтөбе мекені таңдап алынды [2, 18-б.]. Полковник Ю.А.Борх басшылығындағы №4 орынборлық казак батальонының екі ротасынан, орынборлық казак жүздігінен, губерниялық батальонының 169 адамдық командасынан және 14 артиллеристен тұрған отряд 1869 жылы 14 мамырда Қарғалы және Елек өзендерінің қосылған жеріндегі Ақтөбе мекеніне келіп жетеді. Ал бес күннен кейін Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзектің қатысуымен салтанатты түрде Ақтөбе бекінісінің негізі қаланады. Қазақ даласында бұл бекіністің тұрғызылуы туралы петербурлық «Биржевые ведомости» газеті империяның ресейлік жұртына төмендегідей хабарлама таратты: «...Ақтөбе бекінісі үшін жер Елек қорғанынан 180 верст, Ильинск станицасынан 170 верст қашықтықта Қарғалы өзенінің сағасында, Орынбор-Қазалы керуен жолында Елек өзенінің сол жағалауынан таңдап алынды» [3, 216-б.]. Бекініс әскери қорғанға айналдырылған (барбет) екі төбенің басына салынды. Бізге дейін жеткен аңыз өңгімелер бойынша осы төбеде ноғайлыны билеген атақты Мамайдың ұрпағы Қарасай батыр жерленген.

Ақтөбе бекінісінің тұрғызылуын тікелей өз бақылауында ұстаған әскери губернатор Л.Ф.Баллюзек оның қызметі мен маңызы жөнінде 1869 жылға арналған есебінде былай жазады: «Бас көтерген қырғыздардың (қазақтардың – А.М.) қарсылығын басу және олардың көшпелі халықтың қалған бөлігіне ықпалын шектеу бағытындағы шаралардың негізгілерінің бірі өлкенің (Торғай өлкесінің) оңтүстік бөлігінде Ақтөбе бекінісін тұрғызу болды. Болашақта бұл бекіністің әскери, әкімшілік-азаматтық биліктің орталығы болуға толық мүмкіндігі бар. Ол Елек және Ырғыз уездері қырғыздарының (қазақтарының) қыстаулары мен жазғы жайылымдарына өте жақын, олардың ортасында орналасқан». Бұдан басқа Торғай облысының әскери губернаторының аталған

есебінде Ақтөбе бекінісі құрылысының қазан айында аяқталғандығы хабарланады [2, 19-б.]. Бастапқыда бекініске 8900 десятина жер бөлінген. Бұл территорияда күзет алаңдары, гаупвахта, қару-жарақ қоймалары салынды [3, 216-б.]. Ақтөбе бекінісіне қарасты жер аумағының көлемі әскери губернатор А.П.Проценконың тұсында 27101 десятинаға дейін ұлғайтылды. Жаңа жерлер түрлі жолдармен осы маңайда көшіп-қонып, қыстап жүрген қазақтардан тартып алынды. Мысалы, сол А.П.Проценконың мәжбүрлеуімен 1887 жылы Ақтөбе және Қаратоғай болыстарының қазақтары 81 шаңырақ иесінің өңделетін, шабындық және басқа жерлерімен қоса қыстауларын қала аумағына беру жөніндегі келісімге келеді. Оларға қыстаулар үшін жаңа жерлер бөлініп, көші-қонға әрқайсысына 35 сомнан қаражат берілген [4, 3-б.].

Ақтөбе бекінісінде бірінші жылы 357 солдат қыстап шықты, олар ағаш бөренелерден тұрғызылған жайлар мен казармаларда өмір сүрді. XIX ғасырдың 70-жылдарының ортасына дейін бекіністе тек әскерилер тұрды, соған орай, алғашқы көшелер Гарнизонная (қыраттың оңтүстік жағы), осы көшемен қиылысқан – Крепостная (бекініс сөзінен алынған, қазіргі «Қазақстанның 30 жылдығы» көшесі) деген атауларға ие болды. Кейін бұл көшелерде әскери қызметтері аяқталысымен қалып қойған офицерлерге тиесілі бес тұрғын үй орналасты [3, 216-217-бб.].

Ақтөбе қаласында алғашқы азаматтық құрылыстар сауда капиталының қызметімен байланысты пайда болды. Осы орайда, 1871 жылы 20 мамырда Орынбор генерал-губернаторы Ішкі істер министрлігіне «Торғай облысының барлық төрт қалалық қоныстарында қажетті қазыналық ғимараттар салудың жоспарлары мен қаржылық есептеулерінің жобаларын» ұсынады. Аталған жобаға сәйкес Ақтөбеде жалпы сомасы 283 561 сом 10 тиынды құрайтын бірнеше әкімшілік және басқа ғимараттар тұрғызу көзделді [2, 20-22-бб.]. Дегенмен, Ақтөбеде азаматтық қоныстар бекініске XIX ғасырдың 70-жылдарының соңында алғашқы қоныстанушылардың келуімен кеңінен салына бастады. 1880 жылдың өзінде мұнда 38 тұрғын үй болып, оның 5-уі ағаштан, 33-і қам кірпіштен тұрғызылған [3, 218-б.].

Бекініске қоныстанушылар санының артуына байланысты олардың орналасуын реттеу қажеттілігі туындайды. Соған орай, Ақтөбе уезінің бастығы П.Сунгуровтың (1880-1885) бастамасымен Ақтөбе бекінісін дамытудың бірінші бас жоспары жасақталады. Қала жоспарының авторы сәулетші, стат кеңесші Виктор Адамович Свиницкий болды. Ол Торғай облысы басқармасының сәулетшісі қызметіне 1875 жылы келген болатын. В.А.Свиницкийдің бас жоспары бойынша қаланың солтүстік бөлігі мен базардың сол жағы арасында арық өткізу көзделді, себебі, бекініске қоныстанушыларды орналастыру екі жақтан солтүстіктен және оңтүстіктен

басталды. Солтүстіктен Старожитель көшесі бойымен 1878 және 1879 жылдары қоныстанғандардың үйлері пайда болды, ал, оңтүстіктен саудагерлер Л.Саморуков, И.Подковыров және Е.Тухтиндерге жер аумақтары бөлінді. Көшенің ортаңғы бөлігі ұзақ уақыт бойы бос жатты [3, 218-б.]. Торғай облысының әскери губернаторы генерал-майор А.П.Константинович ұсынған бұл жобаны 1881 жылы 23 қаңтарда Орынбор генерал-губернаторы Г.А.Крыжановский мақұлдайды [5, 1-3-пп.]. Уақыт өте бекіністе отырықшы қонысқа қажетті нышандар пайда болды. Осы жағдайды ескерген патша өкіметі 1883 жылы уезд әкімшілігін Орынбор губерниясының Елек қорғаны қаласынан Ақтөбе бекінісіне көшіреді [6, 491-б.]. Осы уақыттан бастап Ақтөбе қоныстанушыларға ресми түрде ашық деп жарияланды.

1884 жылы Ақтөбеде екі поселкенің атауы пайда болды: бекіністің Жоғарғы және жаңа құрылған Төменгі бөлігі. Негізгі сауда және сауда айналымы Жоғарғы қоныста (мұнда татар саудагерлері басым қоныстануына байланысты тұрғындар Татар қонысы деп атап кеткен) шоғырланғандықтан бекіністің осы бөлігі қала атауына ие болды. 1887 жылы бекініске Астрахань губерниясынан, Дон және Кубань казактарының жаңа тобы келіп, олар Татар Слободасынан оңтүстікке қарай бір верст қашықтыққа орналасады. Жаңа қонысты «Новочеркасская слободка» немесе бекіністің орталық бөлігінен жырақ орналасуына байланысты «Оторвановка» деп атады. Жаңа қоныстың старостасы болып М.Марченко сайланды [3, 218-219-бб.].

Ақтөбенің өсуі Торғай облысына қарасты тағы бір қоныс Қостанайдың алғашқы жылдардағы өсіп-өркендеуі сияқты жедел болмады. Дегенмен, ол ауытқуларсыз бірқалыпты жүрді. 1886 жылдың шілде айына қарай Ақтөбедегі шаңырақ саны 177-ден аспады, оның саны кейінгі жылдары да, яғни, 1891-1892 жылдардағы ашаршылыққа дейін қарқынды өсе қоймады. Аштық Ақтөбеде де көптеген тұрғындарды қоныс аударуға мәжбүрледі. Бірақ, 1893 жылдан халық қайтадан көптеп келе бастап, оның саны салыстырмалы түрде қарқынды өсе түсті. Сөйтіп, 1895 жылғы мәліметтер бойынша қалада 2263 адам өмір сүрді. Оның ішінде, 2041 тұрғын православие дінінің, 202 адам мұсылман дінінің өкілдері болды. Ал 1896 жылы Ақтөбеге көпшілігі малорустық губерниялардан шыққан тағы 100-ден аса отбасы келіп қоныстанды [7, 17-б.].

Ресей үкіметінің 1891 жылғы 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережесі» бойынша уездік басқару орналасқан барлық қоныстар қала ретінде танылып [8, 390-б.], Ақтөбе қонысы қалаға айналды. Дегенмен, 1891 жылғы бұл «Ереже» тек 1893 жылы 1 қазанда ғана күшіне енді. Соған орай, 1893 жылдың 1 қазанынан бастап Ақтөбе қонысы ресми түрде уездік қала мәртебесіне ие болды [9, 7-8 бб.]. Осы жағдай Ақтөбенің жаңа мәртебеде, яғни қала ретінде дамуына жол ашты.

1897 жылы жүргізілген Бүкілресейлік бірінші халық санағы бойынша Ақтөбенің халқы 2817 адамды құрады. Оның 1514 ерлер, 1303 әйел адамдар болды [10, 1-б.]. Ерлер санының басым болуы қала халқының қалыптасу үдерісінің ерекшеліктеріне байланысты еді.

1897 жылғы санақ материалдары қала халқының ана тілі бойынша ұлттық құрамын бағамдауға мүмкіндік береді. Санақ бойынша қалада 1728 орыс, 550 малорус, 126 мордва/черемис, 276 татар, 10

башқұрт, 96 қазақ ұлтының өкілдері өмір сүрді [10, 38-39-бб.]. Берілген мәліметтер көрсететіндей, орыстар қаладағы негізгі ұлт болды және барлық тұрғындардың 61,3 %-ын құрады. Саны жағынан екінші ұлт болған малорустар, яғни украиндықтар – 19,5 %-ға тең болды. Қалада негізінен сауда-саттықпен айналысқан татарлардың саны жағынан үшінші ұлт болғандығын да атап өткен жөн.

Санақ материалдарының тағы бір қызығушылық туғызатын тұсы қала халқының сословиелер бойынша жинақталып берілуі. Қала халқының сословиелік құрамын талдау тұрғындардың кәсіптік және әлеуметтік бөлінісін де анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, **Ақтөбе қаласының санақ кезіндегі сословиелік құрамы төмендегідей болды:** дворяндар – 43, дінбасылар – 19, көпестер – 6, мешандар – 1865, шаруалар – 747, казактар – 11, бұратаналар – 100, қалғандары – 26 [10, 20-21, 96-99-бб.]. Көріп отырғанымыздай, мешандар мен шаруалар сословиесі қала халқының негізгі бөлігін құрады. Мешандар кезіндегі жерсіз қала кедейлері және олар қоныстанушылардың басым бөлігін құраған болатын. Бұратаналарға славян емес отарланған халықтар, оның ішінде, қазақтар да жатқызылды.

Осылайша, әскери бекініс ретінде негізі қаланған Ақтөбе қонысының даму үдерісі Ресей үкіметінің сол кезеңдегі заң-жарлықтарына, қалыптасқан отарлық жүйеге байланысты болды. Осы жағдай оның алдағы уақыттағы да даму бағыттарын айқындап берді. Соған орай, қаланың шаруашылық ахуалы кеңес үкіметі орнағанға дейін еш өзгеріссіз қалды.


РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история образования Актобе, как военного укрепления, а также историко-демографическое развитие города до XX века.

This article is dedicated to the history of the Aktobe city's formation as a military fortress, and also historical and demographic development of the city until the twentieth century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Из истории волнений в Оренбургском крае // Русская мысль. – 1891. – №10. – С. 66-90.
2. **Урдабаева Л.Е.** История города Актюбинска и его уезда (1869-1917 гг.): диссерт. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алматы, 2001. – 159 с.
3. История Актюбинской области. – Актобе, 2006. – 698 с.
4. **Мощенский В.** Исторические материалы города Актюбинска // Актюбинский городской вестник. – 1914. – №6. – С. 1-3.
5. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ОрОМА). 6-қор, 10-тізбе, 8583-іс.
6. **Добросмыслов А.И.** Тургайская область. Исторический очерк. – Актобе, 2010. – 597 с.
7. Переселенцы-арендаторы Тургайской области (2-ая часть отчета старшего производителя работ Кауфмана по командировке в Тургайскую область). – Санкт-Петербург, 1897.
8. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской социалистической революции). – Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР, 1960. – Т. 1. – 441 с.
9. Тургайские областные ведомости. – 1894. – №1.
10. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXVII. Тургайская область. – Санкт-Петербург, 1904. – 103 с.



ОСПАН БАТЫР ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

Жас замандасымыз «Аmallbooks» баспасының негізін қалаушы және жетекшісі Бақытжан Бұхарбай үлкен азаматтық танытып, тарихшылар атқара алмаған жұмысты өз мойнына алып, қазақ оқырмандарына мүлде бейтаныс американдық тарихшы Годффри Лайастың «Қазақтардың ұлы көші» атты еңбегін жарыққа шығарды (Лайас Г. «Великий исход казахов» / Годффри Лайас.-Алматы: Amallbooks, 2018.-304 с.).

Ол кітап пен авторы туралы мәліметтерге интернет-тен кездейсоқ кезіккен. Содан букинистік сирек қол жазбаға айналған кітаптың түпнұсқасын Америкадан

тіршілігі мен тұрмысын этнографиялық ыждахаттылықпен суреттеуі оқырман жанын елжіретеді.

Годффри Лайас еңбегінің деректік маңызы зор. Өйткені ол Түркияға келген қазақтардың арасында зерттеу жұмыстарын негізінен сұқбат алу тәсілімен жүргізіп, оларды қағазға, таспаға, суретке түсірген және құжаттаған. Сөйтіп XX ғасырдың I жартысындағы Шығыс Түркістан қазақтарының тарихын «жанды» деректер арқылы жазғандықтан, бұрын ғылыми айналымда жоқ жаңа деректерді молынан кездестіреміз. Айталық, Оспан батырдың ұстазы және пірі Бөке батыр жайлы деректерге оқырман молынан қанық болады. Автор Оспан батыр жайлы поэма жазған Қарамолда ақынның жырларын дүйім жұрттың алдында оның өзінің орындауында жазып алған. 1955 жылы Түркияның Девели қаласында өткен бұл шараға «түрік ғалым достары, түрік ханымы лингвистика профессоры мен оның университеттегі оқытушы жұбайы, олардың көмекшілері, менің қазақ тілін білетін англиялық әріптесім қатысқан». Оның Қарамолда тартқан домбыраның үні мен оның пішіні жайлы пікірлер де қызық та әсерлі. Хадиша, Мулия сынды әйелдер мен он жасар қазақ қызынан жазылып алынған «Жерім тау», «Жел қаққан («Унесенные ветром»)», т.б. әндерді іздестіру болашақ тарихшылардың міндеті болса керек. Автор сондай-ақ өзінің кітабын жазуға көмек көрсеткен қазақтардың біразын атап етеді: Қалибек (бұл атақты Қалибек хакім болуы мүмкін – ред.), Хамза, Хасан (бұл атақты Қалибек хакімнің ұлы, «Елім-айлап өткен өмір» кітабының авторы, қазақ зиялысы, «Азаттық радиосының» қызметкері Хасан Өралпай болуы мүмкін – ред.), Қарамолда, Құсайын тейжі (авторда – Тайджи – ред.), Сұлтан Шәріп және Мехмет Әмин.

Түркияның Анадолы аймағына келіп қоныстанған қазақтардың жаңа отандарына бейімделуі де автордың мұқият назарында. Айталық, Түркия құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам аясындағы ел болғанымен, қазақтар жаңа отанында алғашында қауым-қауым болып өмір сүрген және олардың басшылары болған. Мысалы, Салихлидегі үш жүз адамнан тұратын қазақ қауымын Қалибек басқарған. Жүз адамнан тұратын қауымдар бар екен.

Түйіндей келгенде, алдыңыздағы Оспан батыр жайлы құнды еңбек. Дегенмен, аударма түпнұсқамен қайта салыстырылып түсіндірмелер берілуі, ағылшынша түпнұсқасынан қазақшаға қайта аударылуы артықтық етпейді. Айталық, автордың «Насколько я знаю вся казахская музыка, записанная для нас в Девели и Салихли, является неизвестной для свободного мира, за исключением, возможно одной песни, которую русская армия использовала в качестве походной во время войны. Среди других – «Полет цапли», исполненной Хадишой и Мулией...» (стр 26-27) деуі түсіндірмені қажет етеді.

Тастанбек СӘТБАЙ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.
Қызылорда қаласы.

алдыру да оңай болмаған. Жағдай сүйінші сұрарлықтай болғанымен, кәсіби тарихшылар қызығушылық таныта қоймаған соң, ағылшын тілінен орыс тіліне өзі аударуға мәжбүр болған. Мұның өзі де қайсарлық мінез.

Өткен ғасырдың 30-50-жылдарындағы қазақ халқының қасіреті, кеңестік қуғын-сүргінмен шектелмейді. Шығыс Түркістан қазақтары да алып державалар – Кеңес Одағы мен Қытай ойындарының құрбаны болды. Коммунистік Кеңес Одағы мен Қытай үкіметтері Шығыс Түркістандағы қазақтардың кезең-кезеңімен болған ұлт-азаттық қозғалыстарын аяусыз жаныштап, көтерілісшілердің әулеті мен серіктерін опасыздықпен өлтіріп отырды. **Алайда Алтай қазақтарының көсемі Оспан Сіләмұлының даңқы Қытай мен Кеңес Одағы билігімен шектелмей, Америка мен Европа елдеріне жетіп, тарихшылары мен саясаткерлерінің назарына ілігіп үлгерді.** Бұл кітап соның куәсіндей. Өкінішке орай, кітап авторы Godfrey Lias туралы мәлімет аз берілгендіктен, ол туралы ештеңе айталмай отырмыз. Дегенмен, ол соғыстан кейінгі жылдары АҚШ-та танымал болған «ауызша тарих» ғылымы бағытының өкілі екендігінен немесе аталмыш тарих ғылымы бағытының теориясы мен әдіснамасынан хабардар болғандығы күмән тудырмайды.

1948 жылы 20 мың қазақ отбасы Қытайдың Синьцзян провинциясын мал-мүлкімен жолға шығатты. Олар түйе, жылқы, қойларын айдап, тағдыр тауқыметімен Такла-макан шөлі мен Гималай таулары арқылы аса қауіпті жорыққа бел буып, алдарына Үндістанның Кашмир провинциясына жетуді мақсат тұтты. Екі жыл өткен соң олардың ширек бөлігі ғана өліп-өшіп, азып-тозып Шығыс Кашмирге жетеді. Мұнда да уақытша паналап, қорлыққа тап болып Түрік үкіметінің қамқорлығымен 1953-1954 жылдары әуемен, кемемен, құрлықпен Түркияға қоныс аударып, аман қалады. Аман қалғандардың Түрік үкіметіне деген ризашылығы шексіз. Түркияға келген қазақтардың тағдыры мен тұрмысы осы уақыттан бастап американдық тарихшы Годффри Лайастың зерттеу объектісіне айналғанға ұқсайды. Түркиялық «жаңа тұрғындармен» аудармашы арқылы сұқбаттасқандықтан және қазақтардың салт-дәстүрлерінен хабарсыз болғандықтан автордың үлкен қиыншылықтарға тап болғанын байқау қиын емес. Дегенмен автордың Алтай қазақтарының Түркиядағы тыныс-

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ МЕН ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУШІ (профессор Өтеген Исеновтің ғылыми еңбектеріне талдау)

Рауан БАЙДАЛЫ,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессоры, PhD

Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.к., Өтеген Ихсанұлы 2019 жылдың 25 желтоқсанында 60 жасқа толады. Ол өлкеміздегі «Қазақ тарихы» журналының белсенді насихатшысы, тұрақты авторы. 1998-2002 жылдар аралығында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқып жүргенімізде ұстаз-ғалым Өтеген Ихсанұлы бізге сабақ берген еді. Шәкірті ретінде ұстаз-ағамыздың дәстүрлі қазақ қоғамы мен тұлғаларға арналған үш таған еңбектерін талдамақпыз.

2010 жылы Ө.Исеновтің «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі» атты оқу құралы жарыққа шыққан [1]. Автор қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымын қарастырып, экономикалық және саяси құрылымы жағынан әлеуметтік топтың табиғатын айқындап, мынадай қорытындыға келді. «Ақсүйектерге» төрелер мен қожаларды жатқызып, оларды сырттан ешкімді өткізбейтін жабық корпорация десе, «қарасүйегі» ашық, оған жеке қасиеттері мен мүлктік жағдайына қарай кез келген индивид қол жеткізе алатын. Оларға билер, тархандар, батырлар, ақсақалдар санаттарын жатқызады [1, 9, 27-б.]. Келесі дәстүрлі билік көне дәуірден келе жатқан дәстүрлі әлеуметтік институттар жүйесі екендігі толық дәлелденді. Дәстүрлі билік хандық институт ең бірінші, Түркі мемлекеттерінде сақ, сарматтар дәуірінен бастау алып, біртіндеп басқа да мемлекеттерде дамып, қалыптасты. Ханның отыратын тағы – мінбер, асатаяқ, байрақ, жүзік түріндегі мөр, т.б. хандық атрибуттары болды. Хан-сұлтандар тек мемлекет қайраткері болып қоймай, жауға әскер бастап шыққан батырлар екендігі дәлелденді дей келе, патша үкіметінің қолдан жасаған дағдарысының басы болғанын дәлелдейді [1, 7-б.].

Ел басына күн туған, халықтың не ел болуы не жойылу қаупі туған шақта ел арасынан елін, жерін жаудан қорғаған батырлар легі шықты. Батырлар институты тарихи ұзақ уақытты қамтиды. Жалпы батырлар институтының қалыптасуы, генезисі сонау ежелгі замандардан бастау алады. Қазақ қоғамындағы батырлар институты көне түркі заманында қалыптаса бастағаны туралы ойымызды Білге, Күлтегін, Тоныкөктің өз заманындағы қызметтерімен нақтылауға болады. Замана ағымына сай батырлар институты даму сатысынан өтіп отырды [1, 48-б.]. Біздіңше замана қажеттілігі тудырған, әлеуметтік құрылым еш өзгерместен біз өмір сүріп отырған кезеңге де жетті деп айта аламыз.

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында билер институты іс жүзінде қолына

бүкіл ішкі және сыртқы әлеуметтік һәм саяси билік тетіктерін шоғырландырды. Ол нақты іс-әрекетке қабілетті бірден-бір қоғамдық институт рөлін атқарды. Қазақ қоғамындағы билер институтының дәстүрлі қазақ мемлекеттігін сақтауға ат салысқан қайраткерлер екендіктері билер институты тарихына қатысты зерттеулерде дәлелденген [1, 41-б.]. Билер әрі шешен, әрі дана болған деген қорытындымен келісеміз.

Ақсақалдар институты – қазақтардың билік жүргізуші тобының саны ең көп тобы. Көшпелі қауымдардың барлық буындарында әлеуметтік-реттеушілік міндеттерді жүзеге асыратын ақсақалдар институты болды. Дәстүрлі қазақ қоғамында елдегі ішкі саясатты азаматтық қоғам: ақсақалдар, би, қариялар жүргізіп отырды [1, 108-б.].

Старшын институты – оны қазақ қоғамына патша үкіметі енгізді. Қазақ қоғамындағы старшындар институтының өкілдері – белгілі бір рулық топтарды басқару үшін патша үкіметі тарапынан сайланып қойылатын би немесе батыр бір сөзбен айтқанда қазақ қоғамындағы белгілі беделді адам болды. Ресей патша үкіметі старшындар институтын дәстүрлі қазақ қоғамының рубасылар институты билігіне қарама-қарсы қоятын саяси күш ретінде пайдалануға ұмтылды. Старшындар институтын XVIII ғасырдан бастап қазақ қоғамына енгізіп, одан әрі дамыта түсті [1, 95-б.].

Қазақ қоғамындағы еңбекшілер тобы өздерінің әлеуметтік құрылымы бойынша бір қалыпты болмады. Олардың арасында: шаруалар, жай шаруалар, кедей шаруалар, қоңсылар, байғұстар, жатақтар, жалшылар, егіншілер, жұмыскерлер болды. Сондай-ақ орташа және материалды жағдайы төмен қамтылған әлеуметтік топтар да болды. Олардың барлығы тікелей ауыл шаруашылық өнімін өндірушілер және бұл барлық еңбекшілердің басты ортақ сипатын құрайтын бейне. Әлеуметтік топтардың өздеріне тән ерекшеліктері де болды. **Бай ұғымы – ауқатты адамдарға байланысты қолданылған.** Байлардың қоғамда алатын өзіндік орны айтарлықтай болды. Бай шаруашылықты өзінің мол тәжірибесіне сүйеніп, маңайындағы басқа ауыл ақсақалдарымен кеңесе отырып жүргізді [1, 54-б.].

Шаруа – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заттай байлықты өндірушілердің негізгі тобын құрайтын, өз алдына жеке шаруашылығы бар халық бұқарасы. Сондықтан шаруалар халықтың негізгі бөлігі, олар шаруашылықпен айналысты, қазіргі таңда да заман талабына сай шаруашылықпен айналысуда [1, 114-б.]. Кедей шаруалар тобы мал шаруашылығымен айналысты. Олардың малдары негізгі күн көрісі мен отбасыларын асырауға жеткіліксіз еді. Сондықтан

зерттеуші кедей шаруалар қосымша жұмыспен айналысуға мәжбүр болғанын қарастырып, кедейліктің үш түрін атап көрсеткен [1, 120-б.].

Сонымен қатар Өтеген Ихсанұлы байғұстар, жатақтар және жұмысшыларды зерттеп, уақыт өте келе мамандандырылған жұмыскерлер шықты дегенімен толықтай қосыламыз. Соңында, тәуелділік жағдайда болған төлеңгіттер мен құқықсыз құлдар тобын қарастырған [1, 158, 162-б.]. Оларды автор қазақ қоғамында айтарлықтай рөл атқармады, XIX ғасырда әлеуметтік топ ретінде құрып біту шегінде тұрды деп қорытынды жасайды. Жалпы автордың оқу құралында пайдаланылған деректерге сілтемелер берілген, қосымшалары бар, тест сұрақтары мен бекіту сұрақтарында енгізген. Негізгі мазмұнындағы жасалған сілтемелерге қарап, бұл оқу құралын іргелі монографияға да жатқызуға болады.

Екінші еңбегі – 2016 жылы жарияланған «Дәстүрлі қазақ қоғамы; тұлғалар тұғыры» атты монография [2]. Бұл монография деректер негізінде сараланған. Зерттеу жұмысының «Қазақ тарихы: тағылым, пайым» аталатын тарауында Ө.Бөкейхан мен А.Байтұрсынның тарих туралы ой-пікірлері жазылса [2, 6-б.], Абылай сұлтан мен Есет батыр Көкіұлының ел мүддесі үшін атқарған қызметтері деректер негізінде сараланады [2, 23-б.]. Автор Махамбет батырдың қазасына қатысты мұрағат деректерімен танысқаннан кейін пікір білдірген. Онда автор, батырдың қазасы патша үкіметінің ұйғарымымен, алдын ала жоспарланып ойластырылған деп тұжырым жасап, оның бес себебін көрсетеді [2, 47-б.]. Сонымен қатар Қазақ хандығындағы дәстүрлі хандық институт пен қазіргі Қазақстандағы президенттік институттың демократиялық сабақтастығы туралы пайымы қарастырылған. «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік институттары хақында» деп аталатын тарауында төрелер, қожалар, ортағасырлардағы әмірлер, батырлар, ақсақалдар, билер, жасауылдар, старшындар, тархандар, байлар, төлеңгіттер институты мен жұмыскерлер мен құлдарды жеке-жеке қарастырған. «Тарихи тұлғалар тұғыры» тарауы мына тұлғаларға арналған: Бөкенбай Қарабатырұлы, Есет Көкіұлы, Жәнібек Қошқарұлы, Тайлақ, Сәрке, Сырым Датұлы, Тіленші Бөкенбайұлы, Дәуітбай Жәнібекұлы, Қазы би Сырымұлы, Марал Ишан және Ыбырай Алтынсарин. Мұнда қолбасы Бөкенбай Қарабатырұлын оның ұрпақтарының батырлық дәстүрді өкеден балаға жалғастырған батырлар әулетінің өмір жолын зерттеген. Есет тархан Көкіұлы жөнінде арнайы зерттеу болмаса да, жекелеген энциклопедиялық-анықтамалық, ғылыми сипаттағы мақалалар баршылық дей келе автордың туған және опат болған жылын анықтап, 1669 жылы туылып, 1757 жылы қайтыс болды деген тұжырым жасайды [2, 235-б.]. Атас Тайлақ есімді батырларды қалың жұртшылық шатастыратын, автор өзінің зерттеуінде, Тайлақ есімді батырлардың ұзын санын бесеуге жеткізіп, Кіші жүзден төртеу, Орта жүзден біреу деп олардың есімдерін көрсетеді [2, 253-б.]. Келесі зерттеуді қажет ететін Кіші жүз Жетіру бірлестігінен шыққан Сәрке есімді екі батырды анықтаған [2, 257-б.]. Келесі батырлық дәстүрді жалғастырушы Тіленші тархан Бөкенбайұлы мен Дәуітбай тархан Жәнібекұлы қазақ мемлекеттілігін сақтауға атсалысқан өмірі мен қызметі соңындағы ұрпағына тағылымы мол үлгі-өнеге болды дейді.

Үшінші еңбегі – 2017 жылы жарияланған «Қа-

зақ қоғамындағы тархандар институты тарих (XVIII-XIX ғғ.)» атты зерттеуі [3]. Автордың бұл монографиясы үш тарау, алты бөлімнен тұрады. **Бұл зерттеудегі автордың ғылыми жаңалығы мынадай. Біріншіден,** тархандар институтының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу арқылы оның көне дәуірден екендігін дәлелдеген. Оны темір дәуірі сақтардан бастау алғандығы зерттеліп, XVI ғасырға дейінгі түрлі даму кезеңі мен тархандықтың құқығы мен міндеттерін анықтаған. **Екіншіден,** Ресей патшалығының башқұрттарда жүзеге асырылған тархандық институтты пайдалану тәжірибелерін қазақ елін отарлау барысында жүзеге асыру жолдарының әдістерін саралап дәлелдеген. **Үшіншіден,** алғашқы қазақ тархандары Жәнібек Қошқарұлы мен Есет Көкіұлының көршілес халықтармен байланыстарын мұрағат деректері арқылы толықтырған. **Төртіншіден,** қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы тархандар рөлін нақтылап, Ресей, Жоңғар, Орта Азия хандықтарына қарсы күрестегі тұлғалық қызметтерін саралаған. **Бесіншіден,** ел үшін атқа қонған, ел бірлігін жүзеге асырған Сырым Датұлы, Жоламан Тіленші тархандар арқылы дәлелдеген. **Алтыншыдан,** қазақтың дәстүрлі басқару институттары жүйесіндегі тархандар институтының ерекшеліктері, артықшылықтарын талдап, сұлтандар, батырлар, билер институтымен салыстырған. **Жетіншіден,** тархандар әулетінің ұзын саны мен есімдерін анықтаған [3, 16-17-б.]. Жалпы автор ізденістің нәтижесінде тархандарды жүйелеп, олардың санын 47-ге жеткізіп [3, 247-249-б.], түсін түстегені автордың Отан тарихы ғылымына қосқан жаңалығы деп санаймыз.

Қорыта келе айтпағымыз – Өтеген Ихсанұлының еңбектері қазақ тарихнамасы ғылымына қосылған сүбелі үлес. Ғалым-ұстазымызды асқаралы 60 жасқа толуымен құттықтаймыз! Ағамызға мықты денсаулық және амандық, жанұяда береке-бірлік, еңбегіне шығармашылық табыс тілейміз!

РЕЗЮМЕ

В честь 60-летия профессора Отегена Ихсановича Исенова автор в статье дает научный анализ деятельности ученого-педагога. В статье показана роль его научных трудов в развитии отечественной исторической науки. Работы ученого посвящены теме института тарханства в Казахстане и историческим личностям, которые вошли в список знаменитых людей Казахстана.

In honor of the 60th anniversary of Professor Otegen Ihsanovich Issenov, the author in the article gives a scientific analysis of the activities of the scientist and teacher. The article shows the role of his scientific works in the development of domestic historical science. The scientist's works are devoted to the theme of the Institute of Tarkhanism in Kazakhstan and historical figures who are included in the list of famous people of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі: оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2010. – 207 б.
2. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. Монография. – Қостанай: Шапақ, 2016. – 356 б.
3. **Исенов Ө.И.** Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX). Монография. – Қостанай: Шапақ, 2017. – 258 б.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Сәбира ИМАНБАЕВА,
Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің
қауымдастырылған профессоры,
Айжан АҚНИЯЗОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университетінің аға оқытушы

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың идеясымен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының жүзеге аса бастауы тарихи танымның қоғамдық дамудағы алатын орнын терең ұғынудан туған шара екені даусыз. «Рухани жаңғыру» идеясының негізгі бағыттарымен қазақ қоғамында ғылыми-зерттеушілік бағыттың негізін қалаған, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінің негізгі құндылықтары халық жадында қайта жаңғыруда. Өйткені, бүгінгі мәдениетіміздің, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің түп-тамыры тарих қойнауында жатыр.

Шоқан (Мұхаммед-Қанафия) Уәлиханов (1835-1865) – белгілі шығыстанушы, ғалым, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, батыл саяхатшы. Қазақстанды, Шығыс Түркістанды, Орта Азияны зерттеген талантты ғалым. Оның география, тарих және этнография саласындағы еңбектері – Орта Азия мен Қазақстанның ғылымына қосылған бағалы үлес. Шоқан Шыңғысұлы 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы Құсмұрын бекетінде дүниеге келген. Шын есімі – Мұхаммед-Қанафия, әжесінің бала күнінде еркелетіп айтуымен “Шоқан” аталып кеткен. Шоқан Орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәли ханның немересі, Шыңғыс төренің үлкен ұлы [1, 252-б.].

Кейінірек Шыңғыс сұлтанның өулеті Сырымбет тауының етегіне қоныс аударады. Шоқанның балалық шағы, табиғаты тамаша, әсем осы Сырымбет тауының өңірінде өтті. Шоқан Уәлихановтың идеялас досы Г.Потанин Сырымбет шатқалын былай суреттейді: “Шыңғыс сұлтанның мекені жапсарлас үш жайы бар еңселі үйден, қоймалардан және мешіттен тұрады екен. Үлкен үйде кіші ұлының үйелменімен бірге Шыңғыс сұлтанның өзі, ал жапсарлас жайларда – Мақы Жақыптың айырылысқан әйелі балаларымен және молла қыстап шығады. Мекен Шығыстағы Сырымбет таулары көрініп тұратын ашық алаңға орналасқан...”

Сырымбет шатқалы Шыңғыс сұлтанның шешесі – Айғаным ханшаға, қазақтың соңғы ханы Уәлидің екінші әйеліне берілген жер. Сырымбет байпатшалары сол есіммен Уәлихановтар деп аталады. Құжатта бұл жер ұрпақтары және атығай-қарауыл руымен қоса Айғаным ханшаға даусыз пайдалануына беріледі деп айтылған. Хан өулетіне жерді даусыз пайдалануға, жер оларды Россияға қызмет еткізу есебімен берілді және де, расында дәл Шыңғыс сұлтан үйелменіндей орыстарға шын достық сезімге берілген басқа бір қазақ үйелменін атай қоя қиын. Кейіннен бұл иелікті әкімшіліктің өзі Уәлихановтардан даулай бастады. Ақыры оларды жеке меншік иелері емес, тек Сырымбет шатқалын уақытша пайдаланушылар ғана деп шешті” [2, 70-71-б.].

Әйгілі Абылай ханның ұрпағы Шыңғыс Уәлиханұлы Құсмұрын округінің аға сұлтаны еді. Г.Потаниннің мәліметіне сүйенсек, Шыңғыс Уәлиханұлының

өзі Омбыдағы аудармашылар дайындайтын орыс мектебінде оқыды, сөйтіп Құсмұрын округін басқарып, Омбыдағы облыстық басқарма жанында қазақ халқы өкілі қызметін атқарған кезде, ол даланы басқару орталығы Омбыдағы ең зиялы орыс шенеуніктерімен алғашында шенеунік Сотниковпен, содан соң, Гутковский және Қапustinмен тұрақты түрде достық қатынаста болды. Қазан университетінен шыққан ориенталист Сотников қазақ халқына тәнті болып, әр жаз сайын Шыңғыс сұлтанның ауылына келіп, Құсмұрын округінде айлар бойы солармен бірге көшіп жүрді, қазақтың киіз үйінде тұрып, қазақша киінді. Шыңғыс Уәлиханұлы екінші ұлы Шоқанды “Омбыдағы Қадет корпусына оқуға соның кеңесімен берген болатын” [2, 71-б.], – дейді.

Шоқан жасынан зерек, алғыр боп өсті. Алғашында Шоқан мұсылман медресесінде оқып, арабша хат таниды. Сөйтіп араб, шағатай тілдерін меңгереді. Жас кезінен Шығыстың әдеби рухани мұраларын және халық ауыз әдебиетін қызығушылықпен оқиды. 1847 жылы әкесі Шыңғыс Шоқанды Омбы қаласындағы Қадет корпусына оқуға түсіреді. Бұл корпус патша өкіметінің әскери қызметіне сенімді офицерлер дайындайтын оқу орны еді. Алғаш оқуға түскенде Шоқан орыс тіліне шорқақ болады. Бірақ көп ұзамай қабілетті, зейінді Шоқан орыс тілін жетік меңгеріп, сабақ үлгерімі бойынша орыс достарынан асып озады. Шоқан өздігінен көп ізденіп, кітап оқып білімін-танымын көтереді. Омбы қаласының интеллигенттерінің басын біріктіретін рухани орталығы кітапханаға жиі барады. Омбы қадет корпусы Сібір оқу орындарының ішіндегі ең көрнектісі еді. Бұл арнаулы әскери жабық оқу орны өз шәкірттеріне негізінен жалпы білім беру бағытын ұстады. Мұнда жалпы география, Ресей географиясы, жалпы тарих пен Ресей тарихы, орыс және Батыс Европа әдебиеттері, философия негіздері, орыс және француз тілдері, бірнеше шығыс тілдері оқытылды.

Омбыда оқыған кезде Ш.Уәлихановтың ой-өрісі кеңейіп, дүниетанымының өсуіне Қадеттің оқытушыларының әсері ерекше болды. Бұл ретте Қазан университетінің шығыс факультетін бітірген Н.Ф.Костылецкийдің орны ерекше.

Батыс және орыс жиһанкездерінің шығармаларын жете оқыған Шоқан саяхатшы болуды көксейді. Ол әскери қызмет атқара жүріп, білімін ұштап, саяхат сапарларда болып, Шығыстың тарихын, географиясын сөз өнерін зерттеу үстінде. П.П.Семенов-Тянь-Шаньскиймен, С.Ф.Дуровпен, Ф.М.Достоевскиймен кездесіп пікірлесті. 1853 жылы Қадет корпусын бітіргеннен кейін, Шоқан Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесіне қалдырылады. Талантты, қабілеті зор, Шоқан Уәлихановқа Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Ғасфорттың назары түсіп, 1854 жылы оны өзіне адъютант қызметіне алады. 1855 жылы Ш.Уәлиханов Ғасфорттың Омбыдан

Іле Алатауына барған сапарында жергілікті халықтың өмірімен танысып, тарихи мұраларды, аңыздар мен әндерді, жыр-дастандарды халық аузынан жазып алады [3, 221-б.]. Сапар барысындағы Шоқанның іскерлік еңбегі ерекше бағаланып, марапаттауға ұсынылады. Генерал-губернатор Ғасфорт Ш.Уәлихановтың еңбегіне ризалығын былай білдіреді: «...Сұлтан Уәлиханов қызмет ете бастағанына екі жыл толмаса да, менімен бірге даланы аралаған кезінде өзінің қырғыз тілін, сондай-ақ, жергілікті қырғыздардың әдет-ғұрыптарын жете білетіндігінің арқасында өте пайдалы болды... Мен Уәлихановқа аса мәртебелі патша ағзамның наградасы берілуін қажет деп білемін, оның үстіне оған қырғыздар арасында ерекше құрмет көрсетіледі», – дейді [4, 8-б.].

Орталық Қазақстанда, Жетісу мен Тарбағатайда, Ыстықкөлде болған сапарында Шоқан қазақ және қырғыз халықтарының тарихы, әдет-ғұрыпы мен ескі наным-сенімдері туралы мәліметтер негізінде құнды еңбектер жазады. Бұл сапарлардың көбінде ол саяхатшы, ғалым П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болды. 1845 жылы Ресейде құрылған, орыс географиялық қоғамы, Қазақстан тарихын, географиясын, этнографиясын зерттеуге ерекше назар аударған болатын. 1856 жылы Ыстықкөлге барып қайтқан сапарынан кейін, Шоқан Құлжа қаласында үш ай бойы болып, ұйғырлардың, дүңгендердің, жоңғарлардың, қытайлардың тарихымен, этнографиясымен шұғылданады. Талантты ғалымның зерттеп жүрген мәселелері, орыс географиялық қоғамына мүше ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Қоғамның ғылыми жиналысында оқылған, Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты еңбегі ғалымдардың зор ықыласына бөленді. Сөйтіп, 1857 жылы 27 ақпанда білімдер жас ғалым орыс география қоғамына толық мүшелікке өтеді [5, 6-б.].

1857 жылдың аяғында Шоқан Уәлиханов ғылыми іссапарымен Алатау қырғыздарына барады. Ғалымның осы сапарындағы ғылыми табысы, жетістігі қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны «Манас» жырын жазба нұсқаға түсіреді.

Орыс жиһангер-саяхатшыларының арасында Ш.Уәлихановтың беделін көтеріп, танымал еткен – Қашқарияға саяхаты. Бұл өлкеге саяхатқа бару өте қауіпті еді. Себебі онда саяси жағдай шиеленісіп, талас-тартыс ұлғайып, қатал тәртіп орнатылып, сенімсіз адамдарды жазалау-қудалау өршіп тұрған уақыт болатын. Ғылым үшін тарихы, мәдениеті жұмбақ Қашқария өлкесіне, Ш.Уәлиханов сауда керуенімен көпес болып жасырын барады. Қашқарияда жарты жылға жуық іссапарда болған ғалым, өңірдің географиялық жағдайын, тарихын, этнографиясын зерттеп, экономикасы мен саяси құрылымы туралы құнды мәліметтер жинап, бір нұсқаға түсіріп, ғылымға бағалы үлес қосты. Қашқарияға өзінен бір жыл бұрын барған неміс ғалымы, географ Адольф Шлагинтейттің қайғылы тағдыры, дарға асып өлтірілгені туралы мәліметті де Ш.Уәлиханов ала келді [6, 45-б.].

Ш.Уәлиханов Марко Поло мен Иезуит Гоестен (1603) кейін, тұңғыш рет осы беймәлім елге барды. «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының, шығыстағы алты қаласының жайы туралы (1858-1859 жылдар)» деген атақты еңбегін жазды.

Еуропаға беймәлім болған осы аймақтың географиялық сипаттамасын, жергілікті халықтың тұрмысынан мағлұмат беретін бұл еңбек ғылыми географиялық жаңалық есебінде шығыстанушы ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып, ағылшын тіліне аударылды. 1860 жылы Қашқарияны ғылыми ортаға танытқан Шоқан

Уәлиханов, Петербургке шақырылып, Орта Азия халықтары мен Қазақстанның тарихын, мәдениетін жетік білетін, ғалым-саяхатшы ретінде марапатталып, шені жоғарылады. Осы жылдар ішінде саяхатшы-ғалым жинаған мәліметтерінің негізінде «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты тарихи-географиялық еңбектер жазды.

Ш.Уәлиханов қазақ халқының тарихын жазғанда дерек көзі ретінде, этнографиялық және фольклорлық мәліметтерді кеңінен пайдалану қажет деп санады. Ғалым бұл ғылыми пікірлерін «Жоңғар очерктері», «Қырғыз шежіресі», «Тарихи аңыз-әңгімелер», «Оңтүстік Сібір тайпалары туралы» еңбектерінде кеңінен зерделеген.

Сондай-ақ, Ш.Уәлиханов «Қазақ шежіресі» және «Ұлы жүз туралы» деген еңбектер жазып, қазақ руларының шежіресін, таралуын жүйелі зерттеген ғалым.

Кемеңгер ғалым Ұлы жүздің құрамына кіретін дулат тайпасы туралы: «Дулат руы – Ұлы жүздің басқа руларына қарағанда, саны жағынан да жауапкершілігі мен байлығы жағынан ең қуаттысы. Олар албандардан бес есе, жалайырлардан үш есе көп, қалған кішігірім Ұлы жүз руларын атамағанда... Дулат албан руларының кейбір аталары мен шапырашты руының басым бөлігі Іленің оң жағында көшіп-қонып жүреді», – дейді.

Ертедегі қазақтардың дүниетанымдық көзқарасы және халыққа діннің таралуы туралы жазылған ғалымның «Қырғыздардағы (қазақтардағы) шамандықтың қалдықтары» деген ғылыми мақаласы бар.

Мақалада ғалым: «Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлеңдердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Шаман дініндегі адам құдіретті күн нұрына қарап таңданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкен айды көріп те табынды. Ертедегі адам табиғаттың барлық құбылысына мінажат етті, өзінің ұғымы жетпейтін, уақыт сияқты мәңгі, түсініксіз күштердің бәріне бас иді, көк аспанды – көк тәңірі деп атады. Шамандық сенімнің дүниеге келуі – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып саналады», – деп сипаттама береді [7, 171-172-б.].

1859-1861 жылдар аралығында Ш.Уәлиханов Петербург қаласында болады. Талантты, ұшқыр ойымен, алғыр ақылымен өзін Петербургтегі ғылыми қауымға танытады. Алайда, денсаулығының нашарлауына байланысты, 1861 жылдың көктемінде елге оралуға мәжбүр болады. Елде денсаулығын түзеп, әлеуметтік істерге араласады. 1862 жылғы сайлауда Атбасар округының аға сұлтаны болуға таппанады. Аға сұлтан болу арқылы, халқының әлеуметтік жағдайын жақсартамын деген ойы іске аспай, ол сұлтандыққа өте алмай қалады.

1864 жылы Ш.Уәлиханов генерал Черняевтің әскери экспедициясына шақырылып, Әулиеата бекінісін алардағы соғыс әрекеттеріне қатысады. Бірақ М.Г.Черняевтің бейбіт елді қырғынға ұшыратқанына келісе алмай, ол бір топ офицермен Верныйға кетіп қалады, мұнда да тұрақтай алмай, албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына тоқтайды. Осы жерде ол Тезек төренің қарындасына үйленеді [7-172-б.].

Бойын ауру әбден меңдеген Ш.Уәлихановқа соңғы уақыттағы ішкі жан күйзелісі қосылып, талантты ғалым 1865 жылы Алтынөмелде, Көшентөгей деген жердегі Тезек төренің ауылында қайтыс болады.

Қазақ халқы үшін Ш.Уәлиханов орасан зор үлгі көрсетті. Ол өзінің білімділігімен, кемеңгерлігімен қазақ елінің мәдениетін, тарихын, фольклорын, эт-

нографиясын ғылыми ортаға танытты. Шоқан XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы ғылыми бағыттың негізін қалаған ғалым және өз ұлтының нағыз патриоты болды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются научные изыскания Ш.Уалиханова области этнографии.

The article examines Shokan Valikhanov's scientific researches in the field of ethnography.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов М. Шығармалар жинағы. Алматы, 1991. 252-б.
2. Потанин Г. Қазақ хандығының соңғы мұрагері // Ақиқат. – 1991. №11-70-71-б.
3. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Ел тұтқа. Астана, 2001. 221-б.
4. Дулатова Д.И. Шоқан-тарихшы. Алматы, 1976. 8-б.
5. Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог. Алматы. 1987. 6-б.
6. Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1985. 45-б.
7. Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1985. 171-172-б.

ОӘЖ: 930(574)

АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ – ИСА ТОҚТЫБАЕВ: қоғамдық-саяси қызметі

Жанар БЕЛГІБАЙ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Жанар МОЛДАХМЕТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Егемендік алғаннан кейін мемлекетіміздегі жаңарулар мен тың серпілістер тарихи оқиғаларға жаңа тарихи таным бағытында зерттеу мен тың деректер негізінде қайта сараптау мен зерттеу мүмкіндігін әперді. Отандық тарихымыздың «ақтандақ» беттерінің орнын толтырып, болған оқиғалар мен құбылыстарға жаңа көзқарас тұрғысынан қарап, тарихи шындықты зерттеп-зерделеу және жариялау ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүзеге асатыны мәлім. Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру жолында ұлттық сананың қалыптасуы мен қазақ ұлтының өткен тарихын, жекелеген тұлғалары мен тарихи үдерістерін шынайы түрде толық қарастыруды қажет етіп отыр. Қоғамда ұлттық зиялы қауым өкілдері, саясат және қоғам қайраткерлері, тіпті ел ішіндегі танымал мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлер XX ғасырдың 20-30-жылдары кеңестік жүйе тарапынан қуғын-сүргін құрбаны болғаны мәлім. Кеңестік тарих ғылымы төңкеріске дейінгі жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтері өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді [1].

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне шынайы баға беру болашақ ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды болмақ. Кеңестік биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаса да, өзінің тарихи бағасын әлі де ала алмай келе жатқан тұлғалардың бірі – **Садықбек Сапарбеков**. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С.Тілеуқұлов, Г.Тілеуқұлов, Р.Нәдіров, Б.Қойшыбаев, Е.Жалмағамбетов, Х.М.Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн [2, 101-б.].

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш қайраткері И.Тоқтыбаевтың өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз:

Иса Тоқтыбаев 1884 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданындағы Қараөзек елді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келген. 1904-1908 жылдары ол Перовскідегі орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін жоғары бастауыш орыс училищесіне оқуға түсіп, оны 1912 жылы бітіреді. Сол жылы Ташкент қаласындағы төрт кластық мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

1917 жылы мұғалімдер семинариясын «өте жақсы» деген бағалармен бітіріп шығады. **1918 жылы И.Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасының Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланып, 1919 жылы ақпанда большевиктер партиясы қатарына қабылданады.** Сол жылы қарашада тұңғыш рет Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының ағарту институты құрылғанда оған Үкімет осы жоғары оқу орнын ұйымдастыруды және басшылық жасауды жүктейді. 1918 жылы Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов сынды алаш қайраткерлерімен қатар Түркістан өлкесіндегі халықтарды ашаршылықтан аман алып қалуға жетекшілік етіп, белсенділік танытты.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы он жылдықтағы қазақ халқының және Қазақстан ауыл-селоларындағы мәдени құрылыстағы оқиғалар мен іске асырылған өзгерістер – тарихымызда әлі толық анықтала қоймаған күрделі мәселе. Мәдени құрылыс атауына ие болған сауатсыздықтың бір тармағы республикамыздағы сауатсыздықты жою болып табылады. Сауатсыздықты жою науқанына қатысушы топтың бірі Қазақстан жастары мен ұйымдары болды [3]. Осы ретте халқымыздың сауатын ашу бағытында еңбек еткен И.Тоқтыбаевтың қызметін атап өткен жөн. Мәселен, қысқа мерзімді оқу курстарының ашылуы, оқу курсының қазақ бөлімінің ашылуы, нәтижесінде оның басшылығымен 1918 жылы желтоқсан айында орыс педагогикалық училищесінің жанынан қазақ педагогикалық училищесі ашылады және бұл училищеде Ш.Сарыбаев, Ғ.Мұратбаев, Х.Досмұхамедов сияқты қазақ зиялылары дәріс берді. Аталған науқанға қатысқан Түркістан өлкесінде 734 мектеп жаңадан бой көтерсе, соның 30 пайызы қазақ мектептері болды. Жаңадан ашылған қазақ мектептеріне И.Тоқтыбаев басшылық еткен қазақ педагогикалық училищесінің түлектері мұғалімдік қызметке жіберіліп отырды. Ал,

1920 жылы 13 тамызда өткен Сырдария облыстық партия комитетінің бірінші съезінде сол кездегі Түркістан өлкелік партия комитетінің хатшысы Нәзір Төреқұловпен бірге қазақ ғылыми комиссиясының және көшпенді халықтарға білім тарату жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде И.Тоқтыбаев та қатысады және осы съезде ол облыстық партия комитетінің құрамына ұсынылып, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі болып сайланады. Аталған қызметте жүріп ол Оңтүстік Қазақстан облысының құрылып, қалыптасуына мол еңбек сіңірді [4].

1920-1922 жылдары И.Тоқтыбаев «Ақжол» газетінің редакторы қызметін атқарады. Оған дейін бұл қызметті Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов атқарған еді. Оған ұлтшыл-алашордашы деген саяси айып тағылды.

Содан бастап И.Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасы тұрғындарының арасында үлкен беделге ие бірден-бір көрнекті қайраткерге айналады. Басылым редакторы болумен қатар И.Тоқтыбаев теориялық журнал «Қызыл Қазақстан», саяси-қоғамдық басылымдар «Шолпан», «Сәуле», «Сананың» сарапшысы болды. **1922-1925 ж. «Шолпан» журналының, «Ақ жол» газетінің редакторы, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы қызметтерін атқарады.** Бұл басылымдар Орта Азиядағы қазақ халқының саяси дамуында үлкен рөл атқарғаны белгілі. Ал, И.Тоқтыбаевтың аталған басылымдарға басшылық жасауы халқымыздың рухани-мәдени дамуына оң ықпалын тигізді. Қайраткердің 1923 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Түркістан», 1927 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Газет оқы, кітап оқы» сияқты еңбектерінің маңызы болғандығын атап өткен ләзім. Сондай-ақ, ол бір жағынан өлкелік комитеттегі баспа секторының меңгерушісі де еді. Кейіпкеріміз сонымен

қатар қазақ интеллигенциясының шығармашылығына ерекше көңіл бөліп отырған. Оны И.Тоқтыбаевтың халық ақын-жыраулары Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Омар Шораяқовтың еңбектерін «Ақжолға» ұсынып, редакция қызметкерлерін қазақтың мәдени мұраларын жинап, қорғауға белсене қатыстыру үшін оларды 40 түймен ел ішіне жіберген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются жизнь и деятельность представителя казахской интеллигенции XX столетия Исы Токтыбаева, стоявшего у истоков создания комсомольской молодежной организации в Казахстане, а также принимавший активное участие в просветительской деятельности Туркестана.

The article discusses the life and work of the representative of the Kazakh intelligentsia of the twentieth century, Isa Toktybaev, who stood at the origins of the creation of the Komsomol youth organization in Kazakhstan, and also took an active part in the educational activities of Turkestan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алаш зиялылары қызметінің зерттелуі <https://syrbboyi.kz/tarih/19377-alash-ziyalary-ymetn-zerttelu.html>
2. **Тилеукулов Г.С.** Жазықсыз жазаланған тұлғалар. Ташкент, 2000 ж.-Б.101-103.
3. **Назарбаев Н.Ә.** «Тарих толқынында». Алматы: Атамұра. 1999. 298 б.
4. **Сайлан Б.С.** Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жою науқанына қатысуы//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы № 1 (61), 2008.

ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

ТҰЛҒАТАНУ ҒҰМЫРНАМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАР

А.АЛИАКБАРОВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
З.ДҮКЕНБАЕВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Тұлға кездейсоқ тумайды. Ол – халықтың жүздеген жылдық сұрыптау тәжірибесінің нәтижесі. Қазіргі қазақ халқына тұлғатану ғылымы да, заманға қарап сәуегейлік айта алатын ғұламалар да қажет. Сонымен бірге мемлекетіміз әлемдік жарысқа кірген уақытта бірегей күрескер тұлғалар да керек, себебі қай заманда болмасын, **елді ел қатарына қосатын – топ басындағы көсемдері мен ерлері** [1,3-б.]. Қазіргі таңда тұлғатану бағытында көптеген еңбектер жарыққа шықты. Тарихымызда әлі де болса өзінің тиісті бағасын, орнын алмаған тұлғаларымыз көп.

Ғұмырнама – жеке адамның өмір жолы мен өмірбаянын баяндайтын жылнама. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады. Көне түркі ескерткіштері де ғұмырнама үлгісімен жазылған. Жырлап та, шырқап та айтқың келе беретін, айтқан сайын

жаңа қуат, соны серпінмен жаңғыратын мәңгі өлмес ғұмырнама [2,414-б.].

1863 жылы шыққан Ф.Тольдың энциклопедиялық анықтамалығында: «*Биография (греч.), жизнеописание, изображение жизни какого-либо лица с внешней и внутренней, умственной и нравственной стороны. Она отлична от внешнего изложения гл. моментов жизни, равно и от некролога, в коем еще более внешним образом излагаются годы рождения, важнейших событий жизни и кончины*». Ал, зерттеуші-биографқа талаптар қоя отырып, «*лицу написавшему одну или несколько биографий, ему необходимы: знания человеческого сердца, короткое знакомство с обстоятельствами жизни описываемого лица, любовь к истине и полное беспристрастие, а при изображении*

всемирно-исторических личностей-глубокое знание той эпохи, в коей жили они. Особый род биографий суть автобиографии, к разряду коих относятся мемуары», – деп анықтама беріледі [3,263-б.].

Өмірбаян дегеніміз не? Академиялық тұрғыдан, өмірбаян – адамның өмірі, оның іс-әрекеттері, оқиғалары мен ойларының жиынтығы. Өмірбаянда адамның өмірі сипатталады. Ол тұлғаның тарихи, ұлттық, әлеуметтік, психологиялық сипатын ашады.

Тәуелсіздік заманында біз қазақ зиялыларының бейнелерін жасап, тарихтағы өз орнын анықтап, тұғырына қондырамыз десек, өркениетті елдер тарихын жазудағы методология мен әдістерді игеруіміз керек. Ғұмырнама – негізінде өмірбаяннан құралған тарих. Плутарх өзінің «Жизнеописания» атты еңбегінде: «*Біз тарих емес, өмірбаян жазамыз*», – деген-ді. Шындығында да тарих әрбір адамның, содан қалды қауымның, қоғамның тарихы, олардың ішінде ұлылардың өмір жолы – тарихтың сүбелі жанры, саласы. Бір ғажап жері түркі, одан қалды қазақ халқының тарихи дәстүрінде өмірнама, ғұмырнама ежелден іргелі жанр болған. Мысалы, халқымыздың тұңғыш кәсіби тарихшысы Қадырғали би Қосымұлы өзінің «Жылнамалар жинағын» міне осы жанрда жазған [4,10-б.].

Бұл туралы Ресей ғалымы Л.Н.Репина: «*В начале третьего тысячелетия, когда проблемы самосознания личности и индивидуального выбора вновь прочно заняли место в фокусе социально-гуманитарного знания, вопрос о том, зачем нужна так называемая биографическая или персональная история и в чем состоит ее эвристическая ценность, похоже, уже не ставится. Анализ индивидуального сознания и индивидуальной деятельности стал важнейшей составляющей многочисленных микроисторических исследований, максимально приближенных непосредственно к человеку, к его персональной истории*» [5,8-б.], – деген пікір айтады. **Ғұмырнама жазу жанры XVI ғасырдан белгілі Қадырғали би Қосымұлы заманынан осы күнге жетіп, XXI ғасырда да өзінің өзектілігін жоймаған тарихи жанр болып саналады.**

«Тарихи өмірбаян» терминінің әртүрлі анықтамалары мен типтері бар. Олар: өмір шежіресі мен қызметі, өмір энциклопедиясы мен шығармашылығы (хронология), «өмірбаянға арналған материалдар» кітаптар, «өмірі мен шығармашылығы» монография, ғылыми өмірбаян, сыни өмірбаяндық эссе, танымал ғылыми өмірбаян, қысқаша өмірбаяндық анықтама. Олардың бәрі бірдей емес, әр типтің өзіндік сипаттамалары, өзіндік мақсаттары мен міндеттері бар, бірақ бәрі де тарихи өмірбаянның құрамдас бөліктері деп айтуға болады [6, 224].

Жоғарыда аталған Л.Н.Репина: «*Исторической биографией в полном смысле слова принято считать лишь такое жизнеописание, где в центре внимания находится развитие неповторимой человеческой личности, раскрытие ее внутреннего мира, понимается, в тесной связи с эпохой и делом, которому эта личность себя посвятила*» [5,8-б.] – деп **тарихи тұлғаның адамилық бейнесіне назар аудару қажет екендігін еске салып отыр.**

Тарихи портрет көлемді, голографиялық болуы мүмкін, бірақ ол тегіс те болуы мүмкін. Ол шырынды немесе құрғақ, көп түсті немесе қара немесе қызғылт түстермен орындалуы мүмкін. Қандай болмасын, ол, ең алдымен, ғалымның тұлғалық бейнесін, оның өмір жолын, мінезін мен психологиясын, ғылыми тұжырымдамасын болжайды [7,168-б.]. Бұл жерде ғылым саласында еңбек еткен тұлғалардың ғұмырнамасын жазуда ескеретін ұстанымдар.

Өмірбаян тек қана интеллектуалды өмірбаянды толығымен зерттеуді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-

мәдени ортаны зерттеуді, сонымен қатар осы дәуірге тән барлық деңгейлер мен бағыттардағы өзгерістер динамикасын түсінуді қажет етеді.

Тарихи зерттеу жанры ретіндегі өмірбаянның методологиялық мәселелері маңызды мәселе болып табылады. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі құрылымдардың өзара әрекеттесуі: өмірбаян кейіпкері, өз уақытында жазылған және онымен ажырамас байланысқан, автор, өз дәуіріне тең дәрежеде терең және жан-жақты тәуелді өмірбаян. Дәл осы қарама-қайшылық өмірбаян жанрының ерекшеліктерін анықтайды. Автор кейіпкердің тұлғасын суреттеу арқылы өзін, ал өзі арқылы уақыт талабын, ерекшеліктерін білдіреді [6,226-б.].

Тарихшы жазған тарихи өмірбаянның бір ерекшелігі, оның әдеби өмірбаяннан айырмашылығы – бұл тарихи зерттеулердің жанры. Бұл тарихшының тарихи тұлғасы арқылы көрсетілген оқиғаның өзі. Өмірбаян жанрын сынға қарамастан, ол әрқашан тарихты зерттеудегі көшбасшылардың бірі болып қала береді және қалады [6,226-б.].

А.М.Нейманның пайымдауынша өмірбаянды жеке өмірбаян, кәсіби өмірбаян, библиографиялық өмірбаян және жағдайлық өмірбаянға бөледі [8,25-б.].

XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында әлемдік тарихнаманың әдіснамалық ізденістері микротарих бағытына көбірек назар аударды. «Персоналды тарих», Л.Репинаның анықтамасы бойынша, «бір өмірдің тарихын» оның ерекшелігін, қайталанбас өмірін қалпына келтіруге негізделген жаңа бағыт [9,285-б.]. Персоналды тарих – бұл тарихи және өмірбаяндық зерттеудің өзіндік белгісі, оның объектісі – туғаннан бастап өлгенге дейінгі барлық ерекшелігін қамтыған бір өмір тарихы [10,284-б.].

Персоналия ұғымы анықтамалық және ақпараттық ортада пайда болды. Сонымен, библиографиялық индексстерде, кітапханалық каталогтарда, басқа тұлғаларға арналған жарияланымдар туралы ақпарат жинақталған арнайы бөлімдерде алғаш рет тағайындалған және қазір көрсетілген [11,34-б.].

Әрине, кез-келген кәсіби тарихшы үшін негізгі жеке мәтіндер оның шығармалары болып табылады. Бұл автордың өз кейіпкерінің кәсіби өміріне ену тереңдігі. Кәсіби тарихшы кәсіби өмірбаяншы ретінде әрекет етеді. Бірақ сонымен бірге өте үлкен қауіп бар. Өмірбаян кейіпкерінің шығармашылығын бағалау кезінде кәсіби тарихшы баламалы тарихқа түсіп, оның кейіпкерінің көзқарастарын мұқият ойластырудың және бағалаудың орнына, тарихи процесстің көзқарасын көрсетуге тырысады [11,35-б.].

Ендеше, біз, қазақ тарихшылары, ата тарихымызда ерте есейген тарихи жанр-ғұмырнаманы жандандырып, дамытуға міндеттіміз. Егер ғұмырнама жанрының тарихнамасына үңілер болсақ, бұл жанрдың да түр-түрі байқалады. Совет дәуірінде негізінен кейіпкердің революциялық және қоғамдық-мемлекеттік қызметіне көңіл бөлінді. Қайта құру кезеңінде саяси портрет жасау басым болды [4,11-б.].

Алайда, осы бір кездегі әдебиетте тарихи өткен оқиғаға үкім шығару көбірек орын алды. Ал, Марк Блок айтқандай, тарихшы сот емес, ол өлген қаһармандарды не мақтап, не даттауға тиіс емес, ол қолында қылышы бар жан алар әзірейіл періште емес, ол тек шындықтың құлы, ардың пірі. Қалай болғанда да тарихшы адам болмысын әлеуметтік психология жағынан зерттесе, шығарма толыққанды болары даусыз [4.12-б.]. **Қазіргі таңда ғұмырнама жазуда тұлғаның әлеуметтік және психологиялық жағдайына ене отырып, тұлғаның портретін жасауда объективтілікке қол жеткізуге болады.**

Біздің кейбір ғұмырнама жанрына қалам тартқан

адамдар қазақ тарихына салт атты болып барып, аттан түспей үйге қайтқысы келеді. Ғұмырнама жазамын деген адам өз өмірін соған арнауы керек. Біздің қаһармандарға талдау жасауымыз көбінесе саяси тарихтың болмысын қайталайды. Тарихшылар қауымы сол қаһарманның жағына күні бұрын шығып алады, оның жауымен жауласады, дауласады. Әлеуметтік-психологиялық талдау өз жайына қалады. Әділдік, шындық жолы баяндаудың арқауы, бірақ ол құрғақ декларациядан туындамайды, құжаттар, деректер, жүйесіне сүйенеді. Осымен қатар зиялы кейіпкерлердің қарекеті мен әрекетіне жан тебірінісі оның ой-өрісінің даму заңдылығы, тұлғаның заманасы, ортасы концептуальдық проблема болып қаралуы орынды сияқты. Бұл арада тек тарихшы болу жеткіліксіз. Көркем әдебиет пен тарих одақ құрып, бірлесе әрекеттенуі тиіс [4,13-б.].

Қазіргі уақытта өткенді қайта қарастыра отырып, біз тарих пәндерінің рөліне объективті баға беруіміз керек. Осы талапқа сәйкес, белгілі тұлғаның шыққан руына, табына, санатына қарамай, яғни оның адамилық, гумандық, моральдық тазалығына баға беруіміз керек [12,29-б.].

Персоналды немесе «жаңа өмірбаян» тарихқа сәйкес жасалған ең қызықты жұмыстар тарихи өмірбаяндың қадір-қасиетін ашады, бұл көптеген ғасырлар бойы тарихи жазудың ең танымал жанры болып қала берді, қазіргі тарихнаманың өте маңызды міндеттері болып табылады, олар «лингвистикалық айналым» сабақтарын және сыни түсінуді ескере отырып, ғылымның шектен шығып кетуіне және тарих пен әдебиеттің тарихи білімнің ерекшелігін түсінудің жаңа деңгейіне қайта қосылуға тырысады [13,293-б.].

Өрине, жеке мәтіндерді немесе жеке қордағы деректерді талдауға басты назар аударылады, онда жеке тәжірибе, оның эмоционалды күйі және ойланудың әртүрлі деңгейі жинақталады. Бірақ «жаңа өмірбаяндық тарих» немесе «персоналды тарих» әр түрлі материалдарды, жеке мәлімдемелер (хаттар, күнделіктер, естеліктер, өмірбаяндар), сонымен қатар көзқарасты бекітетін жанама немесе объективті мәліметтер ретінде пайдаланады [13,293-б.].

«Біз тарихтағы тұлғаларға өте мұқият қарағанымыз абзал. Көзі тірісінде мақтап, көзі тайғаннан кейін даттамай, тарихи тұлғаларды бір түсті бояумен мәнерлемей, азаматтығын айтып, кемшілігін көрсетіп, болашаққа тағылым боларлықтай саяси портретін жасауымыз керек. Тарихи қайраткердің өмірі мен қызметі, оның жасап кеткен жақсылығы мен қателіктері арнайы зерттеу арқылы тарихқа хатталуы керек. Бұл біз үшін емес, болашақ тарих үшін керек» [4,215-б.].

Зерттеушілердің санасына түйіп, жадына сақтайтын тағы бір жайт – ғұмырнама жанрымен айналысқысы келетіндерге қойылатын қатаң талап. М.Қозыбаев айтқандай, бұл салада қалам тартамын деушілер өздерін толық соған арнауы керек. Тарихи тұлғаны сомдау, тарихи сахнаға шығару жалаң эмоция немесе тек ақтау, әсірелеу мақсатын көздеген субъективті көзқарас емес, нақты тарихи деректер мен тың құжаттарға сүйенген ғылыми талдау түрінде болуы керек. Осы сәтте академик М.Қозыбаевтың: *«Көркем әдебиет пен тарих одақ құрып, тұлғаның тек кәсіби өнерін ғана емес, жан дүниесін, тебіренісін, көзқарасын, адамгершілік рухын, адамның пенделік болмысын, қуанышы мен ренішін, махаббаты мен қасіретін жан-жақты ашқанда ғана шығарма қаһарманы толыққанды бола алады»*, – деген пікірін есте ұстау қажет [14,22-б.].

Жоғарыда отандық және ресейлік ғалымдардың ғұмырнама жазудағы ұстанымдарын саралай отырып,

тұлғаның әлеуметтік және психологиялық жағдайын, жан дүниесін, адамилық болмысын басты назарда ұстау қажет екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Тұлғалардың ғұмырнамасын жазуда: библиография, академиялық стиль, экспозициялар, ғылыми аппарат, тарихнамаға шолу, сонымен қатар адамның тарихи процесс барысында алатын орнын анықтау міндетті белгілер деп айта аламыз. Ең басты ұстаным тұлғаға объективті баға беру.

РЕЗЮМЕ

Биография – жизнеописание, изображение жизни какого-либо лица с внешней и внутренней, умственной и нравственной стороны. Сегодня многие работы были опубликованы в области персоналистики. В статье анализируются позиции отечественных и зарубежных ученых.

A biography is a biography, an image of the life of a person from the external and internal, mental and moral sides. Today, many works have been published in the field of personalism. The article analyzes the positions of domestic and foreign scientists.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Озғанбай Ө.** Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. – 440-б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он-бес томдық. 4-том.-Алматы, 2011. -752-б.
3. **Толль Ф.Г.** Настольный словарь для справок по всем отраслям знания (справочный энциклопедический лексикон): в 12 вып. или 3 т. / сост. под ред. Ф.Толля. - Санкт-Петербург: издание Ф.Толля, 1863-1866. - 25 см. Источник электронной копии РГБ. Т17.
4. **Қозыбаев М.** Шығармалары.-Алматы,2013.Т.3.-328-б.
5. **Репина Л.П.** Личность и общество, или История в биографиях. История через личность: Историческая биография И90 сегодня / Под ред. Л.П.Репиной. – 2-е изд. – М.: Квадрига, 2010. – 720 с.
6. **Александров Е.П.** Историческая биография как историографическая проблема: к изучению вопроса. Ученые записки РГСУ.-М.2008.-№4-с. 223-227.
7. **Патрушев А.И.** Новое издание о судьбах историков// Новая и новейшая история-2002-№2-с.168.
8. **Нейман А.М.** Биография в истории экономической мысли и опыт интеллектуальной биографии Дж.М.Кейнса//Диалог со временем-2002-№8 с. 25.
9. **Репина Л.П.** «Новая историческая наука» и социальная история. -285-286.
10. **Попова Т.** Историография в человеческом измерении. http://www.irbis-nbuv.gov.ua/cgi-bin/irbis_nbuv/ сайттан алынған күн: 06.11.19.
11. **Чиглицев Е.А.** Peronalia как биография историка. «Парадигмы российской истории сквозь призму биографистики (к 140-летию Алексея Ивановича Яковлева)»: материалы Всерос. науч. конф. с межд. участ. (Чебоксары, 18 апр. 2019 г.) / редкол.: О.Н.Широков [и др.]. – Чебоксары: ИД «Среда», 2019. – 216 с.
12. **Абуев К.** «Новая биографическая история»: исторические личности // Современная история Казахстана: актуальные проблемы и историография. О периодизации истории Казахстана. Сборник материалов Республиканского семинара-тренинга историков Казахстана. Алматы: «Литера-М», 2014. – С. 26-30.
13. **Репина Л.П.** Историческая наука на рубеже XX-XXI вв.: социальные теории и историографическая практика –М.: Круг, 2011. – 560 с. – (Образы истории).
14. **Байдалы Р.Ж.** Айдархан Тұрлыбаевтың өмірі және қоғамдық-саяси қызметі. [Мәтін]: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис. Л.Н.Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті - Астана, 2018. – 173-б.

ӨЛКЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯ

(картографиялық әдіс)

Дәурен СЫМАҒҰЛОВ (Даурен СМАГУЛОВ),
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің 2-курс PhD докторанты
Әсем ШҮКЕЕВА,
Қарағанды облысы Шет ауданындағы С.Мұхамеджанов
атындағы жалпы білім бетерін мектептің тарих пәні мұғалімі

Жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік туып, өскен ауылын, қаласын танып білуден басталады. Одан біртіндеп адам бойында білімге, мәдениетке деген құштарлық дамиды. Осы мақсатта өлкетанудың рөлі ерекше. Мақалада өлкетану мен тарихи география арасындағы байланыс және тарихи географияда маңызды орын алатын картографиялық әдістің өлкетанулық зерттеулердегі орны туралы сөз қозғалмақ. Өлкетанулық зерттеулерде картографиялық әдісті қолдану мәселесін қарастырмас бұрын өлкетану түсінігіне тоқталып өткенді жөн санап отырмыз.

Ғылыми ақпарат көздерінде өлкетану сөзіне елдімекендердің, табиғи немесе әкімшілік аудандардың, мемлекеттің белгілі бір бөлігінің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін жергілікті халықтың күшімен зерттеудеген анықтама келтіріледі [1]. Берілген анықтамада өлкені танып-білумен бірінші кезекте жергілікті тұрғындар шұғылданатындығы айтылады. Демек, өлкені зерттеу сыртқы емес, «ішкі» зерттеуден басталады. Дегенмен, ел арасындағы «сырт көз – сыншы» деген ұстаным тұрғысынан қарайтын болсақ, өлкені сыртқы тараптан да зерттеудің маңызды екендігін айтуға болады. Егер де ішкі және сыртқы тараптан зерттеулер үйлесім тауып жатса, онда ол зерттеудің жемісті болатындығы белгілі.

Өлкетанудың зерттеу нысаны мемлекет ұғымынан кіші, бірақ жеке адам, отбасы ұғымдарынан жоғары болып келеді. Ол қаланың бір ауданы немесе көшесі, елді-мекен, әкімшілік бірлік болуы мүмкін. Бұл жерде біз өлкетану ұғымын аймақтанумен шатастырып алмауымыз керек. Зерттеу нысаны ретіндегі аймақ ұғымы мемлекеттен жоғары болуы мүмкін. Оған мемлекеттік құрылымның өзіне тең келетін бір бөлігі жатуы да ықтимал, бірақ оның шартты шекарасы ешқашан да кішігірім мөлшермен сипатталмайды [2].

Өлкетану бойынша білімді түрлі деректерден жинақтауға болады. Ол деректерге түрлі баспа материалдары, фото, аудио және видеоақпараттар, табиғат нысандары, тарихи-мәдени ескерткіштер, карталар мен пландар, тұрмыстық заттар және архив материалдары және т.б. жатады. Сонымен қатар, өлкетану бойынша білімнің қалыптасуына жергілікті жердегі өлкетану мұражайлары үлкен мүмкіндік береді. Ол жерде тұрғындардың тұрмысымен, мәдениетімен танысып, белгілі бір өлкенің түрлі кезеңдердегі дамуы туралы ақпараттар алуға болады. Мұражайларда өлкенің тарихынан сыр шертетін түрлі экспонаттар, құжаттар жинақталады. Өлкетану бойынша таптырмас дерек көздерінің бірі – көнекөз қариялармен әңгімелесу, олардан сұхбат алу. Ол кісілер кітаптар мен энциклопедияларда жоқ қызықты мәліметтерді айтуы мүмкін.

Өлкетану түрлі ғылымдарды біріктіреді. Ол тарих, мәдениет, әдебиет, экономика, экология, жаратылыстану ғылымдары және т.б. құралған кешенді ғылым десек те болады. Оның зерттеу әдіс-тәсілдеріне

әдеби әдіс, далалық зерттеулер, картографиялық әдіс, статистикалық әдіс, көзбен шолып тексеру, тікелей бақылау, жергілікті тұрғындардан сауалнама алу, құжаттау және т.б. жатады. Ендігі кезекте осы аталған зерттеу әдіс-тәсілдеріне жеке-жеке тоқталып өтсек:

- **әдеби әдіс** – белгілі бір өңір территориясы туралы әдебиеттердегі ақпараттарды зерттеу әдісі. Ғылыми және ғылыми-танымдық әдебиеттер туған өңірдің ерекшеліктері мен тарихи дамуы туралы жинақталған білімдермен таныстырады;

- **далалық зерттеулер әдісі** – табиғат жағдайларын зерттеу барысында көп қолданылатын әдіс. Тұрақты (географиялық алаңда) және экспедициялық жағдайларда түрлі аспаптар мен құралдарды (фото және видеоаппараттарды қосқанда) қолдана отырып жүргізіледі;

- **картографиялық әдіс** – зерттелетін өлке территориясындағы шаруашылық пен табиғаттағы заңдылықтарды білу үшін карталарды қолданатын әдіс. Аумақты көзбен бақылай отырып картаны құрастыру – зерттеудің негізгі бөлігі;

- **статистикалық әдіс** – түрлі сандық көрсеткіштерді арнайы жинақтау, топтау және өңдеу арқылы табиғатты, тұрғын халықты, шаруашылықты, экономикалық байланыстарды зерттеу барысында қолданылатын әдіс. Сандық мәліметтерді түрлі жолдармен есептеу арқылы халық шаруашылығы мен табиғаттың даму жағдайы, тенденциясы туралы тиісті қорытындылар жасалады;

- **көзбен шолып тексеру, тікелей бақылау әдісі** – зерттелетін құбылыстар мен нысандарды сипаттайтын бөлімді қамтитын әдіс. Бірақ басқа әдістермен толықтырылмаса бұл әдіс толық нәтиже бермейді;

- **жергілікті тұрғындардан сұхбат алу әдісі** – алдын ала жүйелі әзірленген сұрақтардың негізінде сұхбаттасу арқылы жүргізілетін әдіс. Жергілікті жердегі қарттармен және өлкетанушылармен сұхбаттасу тарихи және тұрмыстық фактілерді анықтауға, белгілі мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Осындай сұхбаттар өлкені зерттеуге көмегін тигізу үшін, нақты түсініксіз сұрақтарға жауап алу мақсатында алдын ала жоспар құрып, мақсатты түрде сұхбаттасуға арнайы дайындалу керек. Ол үшін өлкетанушы фактілер мен оқиғаларды нақтылай отырып, әдеби деректер бойынша мәселенің мәнін жақсы білуі қажет. Көп нәрсе білетін адамға дұрыс сұрақ қоя алу да өнер. Мұндай дағдылар біртіндеп келеді. Өңімелегенді бәрі бірдей ұнатпайды. Бірақ, ондай адам кездессе айтылған мәліметтерді үлгеріп жазып алу керек. Қазіргі кезде сөйлесуді жазып алу үшін магнитофондар (диктофондар – Д.С.) қолданылып жүр;

- **құжаттау әдісі** – фото және видеоға түсірудің көмегімен жүзеге асатын әдіс. Ол тарихи (мысалы, археологиялық қазба жұмыстарында), географиялық

және кез келген басқа да зерттеулер кезінде қолданылады. **Бұл әдістің мақсаты** – зерттеліп жатқан нысанды дәлме-дәл бейнесінде суретке түсіріп алу. Одан кейін ол нысан өлкетанулық мұражайда сақталса, оны осы сурет құжаттар арқылы зерттеу [3].

Аталған зерттеу әдіс-тәсілдерінің барлығы да танымға қатысты жалпы әдістемелік алғышарттардан тұрады. Мұның барлығы ғылыми ақиқатты тану жолындағы жалпы бағыт. Барлық әдістердің міндеті – тарихи даму үрдісі мен қоршаған орта өзгерісін түсіну. Осы әдістерді саралап қарастыратын болсақ, өлкетану бойынша зерттеулердің тарих пен географияға етене жақын екендігін аңғаруға болады. Өлкетанудың зерттеу нысандары да, келелі мәселелері де, әдіс-тәсілдері де осы аталған екі ғылым саласымен, дәлірек айтқанда осы екі ғылым саласының түйісуінен қалыптасқан тарихи географиямен ұштасып жатыр. Ал тарихи география тарих толқынындағы өткен кезеңдердің физикалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени географиясын зерттейді. Демек, белгілі бір өлкені зерттеген уақытта міндетті түрде тарихи географиялық зерттеулер жүргізіледі. Тарихи географиямен және оның әдіснамалық зерттеу тәсілдерімен кеңестік ғалымдар В.К.Яцунскийдің [4], В.С.Жекулиннің [5], Л.Н.Гумилевтің [6; 7], В.Л.Егоровтың [8], ресейлік Л.Б.Вампилованың [9], сонымен қатар Қазақстан тарихына қатысты тарихи географиялық мәселелерді көтерген ғалымдардың қатарынан Ш.Ш.Уәлихановтың [10], М.Тынышпаевтың [11], Б.Е.Көмековтің [12], Ю.А.Зуевтің, С.М.Ақынжановтың, Г.Н.Ксенжиктің [13; 14; 15], А.Ш.Алтаевтың, Н.У.Шаяхметовтың [16; 17; 18] және т.б. еңбектерінен таныса аласыз. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде тарихи географиялық зерттеулерге жүгініп, оның теориялық-әдістемелік негіздеріне мән беріп, түрлі зерттеу тәсілдерін қолданған. Осы тұрғыда тарихи географиялық зерттеулерде негізгі орын алатын картографиялық зерттеу әдісіне жекелей тоқталып өтпекпіз.

Тарихи географияда тарихи кеңістікті қалыптастырудың негізгі құралы – карта. Карталарды әзірлеу барысында қолданылатын картографиялық әдістің маңыздылығы турасында 1974 жылы «История СССР» журналында Б.Г.Галковичтің «К вопросу о применении картографического метода в исторических исследованиях» [19] атты мақаласы жарық көрді. Аталған мақалада автор: *«Жергілікті жер картасында бейнеленген барлық нысандар мен құбылыстарды, өзінің құрылымы мен ерекшелігімен қоса жалпы зерттеу; тарихи ізденістің басында картографиялық деректер мен материалдарды қолдану; жазба деректермен байланыстыра отырып картографиялық деректерді зерттеу, яғни тарихи зерттеулердегі дәстүрлі әдістермен картографиялық әдісті тығыз байланыстыра отырып қолдану; кейбір зерттеулердің қорытындысын көрсетуде неғұрлым ықшам, сыйымды және нақты формадағы жазба ретіндегі картаны қолдану; картометрикалық жұмыстар; арнайы мақсаттағы (оқу-жаттығу, ғылыми танымал, монографиялық) картографиялық жұмыстарға ие болу үшін карталарды қайта өңдеу (түрлердіру)»*, – дей отыра, тарихи зерттеулерде картографиялық әдісті қолданудың негізгі бағыттарын анықтап өткен [19, 134-б.]. Зерттеушінің пайымдауларына зер сала қарасақ, картографиялық әдіс арқылы белгілі бір қорытынды шығару барысында жоғарыда аталған өлкетану бойынша зерттеулерде қолданылатын барлық әдіс-

тәсілдердің нәтижелері пайдаланылады. Белгілі бір өлке туралы жинақталған барлық ақпараттар жүйеленеді, өңделеді және карта құрастыру барысында қолданылады.

Кез келген өлкенің жер бедері, климаты, су көздері, топырақ жамылғысы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі және халқы болады. Өлкені зерттеу оны құрайтын компоненттерді зерттеуден басталады. Одан кейін барып осы табиғат компоненттерінің өзара байланысы анықталады. Туған өлкені физикалық-географиялық тұрғыда зерттеу барысында жергілікті жердің табиғат компоненттерінің ерекшелігі, олардың территориялық бірлігі, осы өлкеге тән құбылыстар, ерекше нысандар және олармен байланысты үрдістер айқындалады.

Аталып өткен физикалық-географиялық сипаттаулардың бөліктері белгілі бір өлкенің табиғатын зерттеудің негізгі бағыттарын құрайды. Осы зерттеулердің кезінде өлкетанушылар тарапынан тыңғылықты зерттеу мен қорғауды қажет ететін жергілікті табиғи ескерткіштер мен көрікті жерлер анықталуы мүмкін. Сонымен бірге, осы зерттеулер арқылы сол өлкедегі жергілікті кәсіпорындардың өндірістік ерекшеліктері мен оның табиғатпен, шаруашылықпен байланысын және өлке аймағындағы табиғат пен шаруашылықтың өзара қарым-қатынасын түсінеміз. Осылайша картографиялық зерттеулер арқылы өлкенің табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыстарын карта түрінде жинақтай аламыз.

Өлке бойынша жинақталған мәліметтерді талдап өлкетану атласы үшін картасызба түрінде графикалық сипатта жүйелеуге болады. Түрлі картасызбаларды әзірлеу – зерттеудің негізгі бөлігі. Нысандар мен құбылыстардың кеңістіктегі қарым-қатынасын сызба түріндегі көрнекіліктер дұрыс түсуінге көмектеседі. Картасызба дегеніміз – жалпыланған қарапайым картографиялық кескін. Жер бетінің нысандарының сандық және сапалық ерекшеліктерін, әр уақыттағы өзгерістерін, қозғалыстарын, байланыстарын картасызбаларда бейнелеу үшін түрлі картографиялық белгілерді қолданады. Ол белгілерге сызықтық белгілер, изосызықтар, аралдар, сапалы фондар, нүктелік тәсілдер және т. б. жатады.

Өлкетану картасызбаларын әзірлеу мен оны елге таныстыру өте қызықты болып келеді. Картасызбаны әзірлеу барысында ең алдымен зерттеу нысаның белгілейтін негізгі көрнекі графиктік формаларды білу; графиктік материалдарды құрастыру үшін түпдеректерді тауып жинақтай алу; картасызбаны әзірлеу жұмысын ұйымдастырудың ұтымды формасын ойластыру керек.

Сонымен, өлкетану атласын табиғат, әлеуметтік-экономикалық құбылыстар және тарихи-мәдени картасызбалар деп үш бөлімге бөліп дайындауға болады. Барлық картасызбалар тақырыптық түрде беріледі.

Өлкетану атласы өлкенің әкімшілік – аумақтық бөлінісі картасызбасымен басталады. Мұнда өлкенің және ауылдық округтердің шекарасы, елді-мекендегі үй-жайлар, көлік жолдары (теміржол, автомобиль жолдары), көрші аудандар анық әрі нақты көрсетіліп, жеңіл оқылатын жазулар жазылады.

Табиғат картасызбасы бөлімін дәстүрлі түрде физикалық және геологиялық картасызбалар ашады. Бұл картасызбалар оқырмандарға өлкенің жер бедері мен тау жыныстарының орналасуы туралы ақпарат береді.

Одан кейінгі жер беті суларының картасызба-

сында өлкедегі өзен-көлдердің, бұлақтардың орналасуы көрсетіледі және олардың орналасуы жер бедері мен климаттық жағдайының ерекшелігіне байланысты болады.

Топырақ жамылғысы картасызбасында өлкеде таралған топырақ түрлері беріледі.

Келесі кезектегі **өсімдіктер картасызбасында** ормандардың таралу аймағы түрлі түстермен боялды және жалпақ немесе қылқан жапырақты ағаштар кескінделді.

Жануарлар әлемінің картасызбасында жануарлар мен құстардың таралу ареалы түрлі-түсті фонмен белгіленеді.

Ал, **табиғи-рекреациялық қорлардың картасызбасында** өлкедегі қызықты, ерекше табиғат нысандары мен табиғат қорықтары, балық аулайтын тоғандар, көлік желілері мен елді мекендер көрсетіледі.

Екінші бөлім өлке тұрғындары мен шаруашылығына арналады. Тұрғындар бөлімі халық саны мен тығыздығы, көші-қоны, әйелдер мен ерлер санының қатынасы, еңбек ресурстары, туу және өлім көрсеткіштері мен табиғи өсім туралы мәліметтерді қамтиды.

Әлеуметтік инфрақұрылым картасызбаларына денсаулық сақтау қызметі мен білім беру салалары жатады. Мұнда, әсіресе, білім беру саласы картасызбасы ерекше қызықты болады. Онда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастап, тіпті оқыту тіліне дейін қамтыла отырып, өлкедегі барлық білім беру ошақтары көрсетіледі.

Осы бөлімдегі **денсаулық сақтау қызметі картасызбасына** келетін болсақ, мұнда жұмыс істеп тұрған дәрігерлік амбулаториялар мен медициналық пункттер қамтылады.

Ауылшаруашылығы картасызбасында егістік жерлер, астық өндіру деңгейі, жылқы, ірі қара, қой, ешкі және құс саны және таралған жерлері беріледі.

Үшінші бөлімде **өлкенің тарихи-мәдени картасызбалары** көрсетіледі. Онда тарихи құбылыстар мен оқиғалар географиялық факторлармен байланыстырыла отырып суреттеледі. Өлкедегі әкімшілік бөліністердің тарихи кезеңдердегі өзгерістері, тарихи антропогендік өзгерістер, сауда және көлік жолдарының тарихы, елді мекендердің қалыптасуы, дамуы мен орналасуы, өлке тарихына қатысты негізгі тарихи оқиғалар (шайқастар, көтерілістер, т.б.), тарихи-мәдени ескерткіштер және табиғаттың қоғам дамуына немесе қоғамның табиғатқа әсері осы бөлімде қамтылады.

Осындай көшенді түрдегі өлкетану атлестары оқырмандарға өлкенің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайын түсінуге, экологиялық жағдайлардың қалыптасуының себептерін анықтауға, өлкені құрметтеу сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өлкенің қазіргі уақыттағы табиғи келбеті мен әлеуметтік-экономикалық жағдайының қалыптасуына тарихи географиялық жағдайлардың әсерін түсінуге септігін тигізеді. Демек, белгілі бір өлке туралы толыққанды әрі басты түсінікті карта ғана көрсете алады. Осы тұрғыда тарихи географиялық зерттеулердегі негізгі әдіс-тәсілдерінің бірі картографиялық әдістің орнының ерекше екендігін көруге болады. Бұл әдіс арқылы өлке туралы жинақталған барлық мәліметтерді талдап, жинақтап және жалпылай отыра кешенді тұрғыдағы өлкенің тарихи географиялық атласын жасай аламыз. Яғни, картографиялық зерттеу әдісін қолдана отырып, өлкетану мен тарихи географияның тығыз байланысты екендігіне көз жеткіземіз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос о взаимосвязи краеведения с исторической географией и роль картографического метода в краеведческих исследованиях, которая в свою очередь занимает значимое место в исторической географии.

The article describes the relationship of local history with historical geography and the role of cartographic methods in the study of local history, which in turn occupies great importance in historical geography.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Краеведение [Электрон. ресурс] // <https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc3p/166366/%D0%9A%D0%A0%D0%90%D0%95%D0%92%D0%95%D0%94%D0%95%D0%9D%D0%98%D0%95> (30.10.2019)
2. Руцинская И. И. Регионоведение и краеведение: масштабы различий и формы взаимодействий // Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2009. – № 3. – 9 – 15 стр.
3. Методы краеведения [Электрон. ресурс] // <https://enciklopediya-tehniki.ru/metody-kraevedeniya.html> (31. 10.2019)
4. Яцунский В.К. Историческая география: История ее возникновения и развития в XIV – XVIII вв. – М.: Изд-во АН СССР, 1955. – 352 с.
5. Жекулин В. С. Историческая география: предмет и методы. – Л.: Наука, 1982. – 224 с.
6. Гумилев Л.Н. Этносфера. История людей и история природы. – М., 2004. – 575 с.
7. Гумилев Л.Н. Место исторической географии в востоковедных исследованиях // Народы Азии и Африки. – 1970. – № 1. – С. 85 – 95.
8. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII – XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 246 с.
9. Вампилова Л.Б. Региональный историко-географический анализ. Система методов исслед. в исторической географии. / Кн.2. – СПб.: ЛГУ им. А.С.Пушкина, 2008. – 148 с.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 1 – 5. – Алма-Ата, 1984 – 1985.
11. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. – Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993. – 224 с.
12. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам. – А-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1972. – 150 с.
13. Алтаев А.Ш., Ксенжик Г.Н. Историческая география расположения и устройства укрепительных линий в казахской степи в XVIII – XIX вв. // Вестн. КазНУ. – Сер. истор. – №1 (44). – 2007. – С. 31 – 34.
14. Алтаев А.Ш., Ксенжик Г.Н. Историческая география административно-территориального деления и управления Сибирской степи в XIX в. // Вестн. КазНПУ им. Абая. – Сер. «Исторические и социально-политические науки». – 2007. – №1 (12). – С. 50 – 54.
15. Ксенжик Г.Н. Историческая география Северного Казахстана во второй половине XIX – начале XX в.: диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2004.
16. Шаяхметов Н. Тарихи географияның тағдыры қиын // Қазақ тарихы. – 2006. – №3. – 75 – 77-б.
17. Шаяхметов Н.У. Тарихи-географиялық зерттеулерде геоинформатика әдісін қолдану // Қазақ тарихы. – 2007. – №6. – 8 – 10-б.
18. Шаяхметов Н.У. Қазақстанның далалық облыстарының аграрлық келбетінің өзгеруі: тарихи-географиялық талдау (XIX ғ. II жартысы–XX ғ. басы): Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Семей. Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010.
19. Галкович Б.Г. К вопросу о применении картографического метода в исторических исследованиях // История СССР. – 1974. – №3. – 236 с.

РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ МИССИОНЕРЛІК САЯСАТЫ

Д.ӘБЕНОВ, Б.ӘБЕНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаттары,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценттері

Орыс шаруаларының қазақ даласына жаппай қоныстануы патша үкіметінің “бұратаналарды” орыстандыру саясатына кең мүмкіндік жасап берді. Қолайлы жағдайды шебер пайдаланған отарлық әкімшілік қазақтар арасында христиан дінін тарата бастады. Осы бағытта жұмыс жасау мақсатымен 1894 жылы Александров және Макарьев стандарты, 1898 жылы Ақтөбе станы [1] ұйымдастырылды. Осы стандарттың жанынан миссионерлік мектептер ашылып, бұл мектептер жанындағы интернаттарда 1898 жылдан бастап, қазақ балалары оқи бастады және алғашқыда интернатқа 20 қазақ баласы тартылған [2].

Ал Орал облысының территориясында миссионерлік стан 1900 жылы Шілік орыс-қазақ поселкесінде өз қызметін бастады. Алайда, отарлық әкімшілік тек стандарт ұйымдастырумен ғана қанағаттанып қойған жоқ. Шаруалар отарлауы күшейе түскен XX ғасыр қарсаңында қазақтарды орыстандыру-шоқындыру мақсатымен басқа да миссионерлік мекемелер ашу жоспарланды және ол мекемелерді құру ісіне әкімшілік тарапынан қаражат бөлу ұйғарылды. Мысалы, Ақтөбе қаласында миссионерлік мекеме ашу үшін 1899 жылы 2000 рубль ақша аударылды [3].

Сонымен қатар, өлкедегі шоқындыру қызметі табысты болу үшін священниктердің қазақ тілін білуіне де ерекше көңіл бөлінді. Атап айтсақ, Торғай облысының барлық приходтарына қазақ тілін білетін священниктер тағайындалды. Олардың бәрі облыстағы бас миссионер Ф.Соколовтың қарамағында болды. Бұл священниктер христиан дінінің уағыздарын қазақ тілінде дәріптеу арқылы жергілікті халықты аталған дінге кеңінен тарта бастады.

Патша үкіметі қазақтарға христиан дінін қандай да болмасын жолмен қабылдатпақ болды: ақшалай көмек көрсетіп, жер үлестерін, ауыл-шаруашылық заттарын бөліп беруге, тіпті үй-жай салып беруге уәде етті. Бір сөзбен айтқанда, отарлық әкімшілік тек қазақтың жерін тартып алып қана қоймай, “қамшылау және алдап-арбау” тәсілімен орыстандырып-шоқындыру үшін қазақ халқының жанына да ауыз салды.

Әкімшіліктің бұл бағытта жүргізіп отырған шаралары жұттық арада өзінің нәтижесін де бере бастады. XIX ғасырдың соңына қарай шоқынған қазақтар саны арта берді. Әуелі шоқынған қазақтар Михайлов поселкесіндегі орыс шаруаларымен араласа орналастырылды, оларға үйлер салынып берілді. Кейін Торғай облысының шоқынған қазақтарына арналып Макарьев поселкесі ұйымдастырылды. 1900 жылы бұл поселкені мекендейтін шоқынғандар саны 120-дан асты. Осы жылы Орал облысындағы Шілік миссионерлік станының есебіндегі шоқынған қазақтар саны 66-ға жеткен [4].

Орынбор Епархия Комитетінің миссионерлік қоғамы Ақтөбе уезінің жаңа шоқынған қазақтарын орыс шаруаларының қоныстарына жақын орналастыру қажеттігін айтып, Облыстық басқармаға өтініш жасайды. Соның негізінде 1903 жылы Ақтөбе қаласының жанынан құрылған Пригородный поселкесіне 200-дей

христиан дінін қабылдаған қазақтар орналастырылған [5].

Бұл арада біз шоқынған қазақтардың көп бөлігінің шаруасының күйі кеткендіктен, үкімет беріп отырған жеңілдіктерге бола, амалсыздан, христиан дінін қабылдағанын айтып кеткіміз келеді. **Расында да, тарихшы-ғалым, профессор С.Жақыпбектің айтуынша, “... архивте кездестірген материалдарға қарағанда, қазақтарды шоқынудың өте күрделі, ауыр, қиын жағдайлар итермелегені көрініп тұр. Сөз жоқ, шоқынудың төрт түлігі түгел, дәулетті қазақ ешқашан да бармаған... Шоқынғандардың басым көпшілігі кедейленген, қайыршыланған қазақтар болған. Ауылда көмектесетін, жаны ашитын туыстары болмағандықтан, өліп қалмау үшін олар амал жоқ осы жолға түсуге мәжбүрлікке ұшырады”** [6]. Осылайша, шаруалар отарлауының салдарынан жері тарылып, шаруашылығы күйзелген қазақтар крестке еріксіз мойын ұсынған болатын.

Отарлық әкімшілік христиан дініне қазақтарды көбірек тарту, “ынталандыру” үшін шоқынғандарға қаржылай көмектер беріп тұрды. Мысалы, 1895 жылы Қостанай қаласындағы жаңа шоқынғандардың тұрмысын көтеру үшін он жыл мерзімге үстеме қайтарымсыз 2000 рубль ақша бөлінген [7]. Дегенмен, шоқынғандарға әкімшілік, миссионерлік мекемелер мен шіркеулер тарапынан “көмектер” көрсетілгеніне қарамастан, христиан дініндегі қазақтардың басқа православтармен салыстырғанда тұрмыс жағдайлары нашар болды. Бір сөзбен айтқанда, шоқынған қазақтар “өзім дегендердің жетегінен қалды, өзгелерге жете алмады”. Осылайша, қазақ даласында қасақана жүргізілген шаруалар отарлауының апатты зардабына сай, жерінен айырылып, әбден кедейленіп-қайыршыланған жергілікті халық өкілдері, әйтеуір, тірі қалу үшін еріксізден ділі мен дінін тастап, орысқа айналып жатты.

Әрине, шоқындыру бағытындағы шаралар мұсылман дінінің қудалануымен қатар жүргізілді. Бұрын, яғни XIX ғасырдың ортасына дейін патша үкіметі Қазақстанда ислам дінін орыс мемлекетінің отарлау саясатына қызмет жасатуға тырысты. “... Осында 150 жыл бұрын қазақтардың өздерінің басшылығымен енгізілген мұсылман дініне қолдау білдіру” енді сол орыс чиновниктерінің кейбірін, миссионерлер мен шіркеу қызметіндегілерді қатты қынжылтты. **Ол жөнінде Чернавский былай деп жазды: “Орынбор өлкесі қырғыздарының орыстардың рухани ықпалына өткеніне көп уақыт болған жоқ – небары ғасырдың соңғы ширегі. Бірақ, оған қарамастан, көшпелі бола тұра қырғыздардың орыстармен жақындасуы, еуропалық мәдениетті игеруге ұмтылуы өзінің оң нәтижелерін беруде.**

Біз соңғы кезге дейін олардың жеріне орыстардың қоныстануына, тіпті олардың жерді жалға алуына қарсы болдық. Орыстардың оларға молырақ ықпал етуіне өзіміз кедергі болдық. Ал ең бастысы, біз мұсылмандықты христиандыққа өтудің көпірі деп санап, қатты қателестік, тіпті оларға мұсылман

діні мен молдаларды өзіміз зорлап, таңдық. Ал ол, керісінше, бізге қытай қорғанындай болып қалды” [8]. Алайда, татар молдалары мен ортаазиялық дін қызметкерлерінің ықпалының күшеюінің негізінде, ислам кең етек жая бастады.

Зерттеуші Л.Штернберг: “Өлкеге миссионерлер келгенге дейін қазақтардың мұсылмандықпен ісі болған жоқ. Миссионерлер келіп, Құранды балағаттай бастағанда, қазақтар үкімет бізді христиан дініне енгізеді деп ойлап, медреселердің татар оқытушыларын жалдап, балаларына мұсылмандық сауат үйрете бастады. Осы кезде полиция татар молдалары мен оқышыларына қазақтар арасына баруға тыйым салды. Бірақ олар саудагер болып барып, өз қызметін жүргізе берді, сөйтіп, қазақтар одан сайын татарлана бастады. Мұсылман миссионерлерінің 15-20 жыл ішіндегі татарландырғанындай, орыс миссионерлері 50 жылда да орыстандыра алмас еді. Орыс тілі бұратана халықтардың арасына терең ене түскенімен, тіпті мәңгірттенген элементтердің өзінен де ана тілін ығыстырып шығаруға дәрменсіз болды” [9],— деп көрсетті. Мұсылман дінінің мұндай бағыт алуы Ресейдің отарлау саясатының мүддесіне қарамақайшы келді.

Ендігі жерде патша үкіметі мұсылман дінінің көшпелі елдің қоғамдық өміріне ықпалын тежеу бағытындағы шаралар жүргізе бастады. Орынбор шекара комиссиясы татарларға молда болуға, олардың далалық өлкеде жүріп-тұруына және қазақтардың Түркістанға, Бұқараға, Меккеге қажылыққа баруына тыйым салып бақты.

Осындай саясат патша үкіметінің уақыт өте мұсылман мектептерін бақылау, зиялы қауымды қадағалау, баспасөзге цензура қою және өзгеше пікірдегі дін өкілдері мен ұлттық интеллигенция өкілдерін мемлекетке қарсы панисламдық, пантүркілік насихат жүргізушілер деп қудалауын күшейтті. Мысалы, 1916 жылы халқымыздың мақтанышы, ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов және Ө.Бөкейхановтың “Қазақ” газетінің 213 санында жарияланған “Саяси жағдай” деген мақалалары үшін айып тағылып, қудалауға түсті [10].

Жергілікті халықты орыстандыру бағытындағы басты шаралардың тағы бірі—1870 жылдан бастап мұсылман мектептері мен медреселерінде орыс тілін міндетті пән ретінде оқыту және 70-жылдардың екінші жартысынан бастап қазақ жазуына орыс графикасын енгізу қолға алынды. Осыған орай, қазақ өлкесін зерттеуші Ядринцев: “Бұратаналардың төл тіліндегі жазуларының жүйелі түрде қуғындалып, орыс азбукасымен өзгертілуі олардың көпшілігінің толық сауатсыздануына әкеліп соқты” [11],— деп атап көрсетті.

Патшалық әкімшілік қазақ халқының арасында орыстық білімді дамытуға бар күшін жұмсап бақты. Өйткені, әкімшілік құжаттарында көрсетілгендей, “...қырғыз балаларының мұсылман мектептерінен алып жатқан білімдері патшалықтың отарлық мүддесіне сай келмеді” [12]. Сондықтан да, орыс мектептері мұсылман мектептерін ығыстырып, қазақ балаларында орыс тілі мен орыстық көзқарасты қалыптастыруы, сөйтіп, қазақтарды орыс шаруаларымен кіріктіріп-тұтастыруы керек болды.

Болыстық басшылыққа тек орысша білім алғандар ғана тағайындалды. Іс қағаздары қазақ тілінде емес, тек орысша жүргізілді. Қазақтарға ана тілінде өтініш, арыз-шағымдар жазуға тыйым салынды. Тілмаш жалдап, орыс тілінде жаздырған та-

лай шағымдары да, бәрібір, әкімшілік тарапынан қарастырылмай, жабулы күйінде қалды.

Мұның бәрі үкіметтің қазақ халқының ұлттық мүддесін тәрк еткен, ұлы орыстық, шовинистік пиғылының көрінісі еді. Кеңестік дәуірде де халық арасында “орысша білім алмасаң, ешқандай болашағың жоқ” деген қағида ұсталуы сол отарлау саясатының заңды жалғасы десек, тіпті тәуелсіздік кезеңінде де сол көзқарастан арыла алмай отырғанымыз жасырын емес.

1893 жылы Торғай облысының әскери губернаторы Я.Барабаш қазақ халқының өкілдері алдында сөйлеген сөзінде: “...ешқандай арнайы дайындығы жоқ және заңдық құқығы да жоқ, өздерін молда мен мұғалім санайтын, қырғыз ауылдарын шарлап жүрген татарлардан сақтану керек, оларға бала тәрбиесін сеніп тапсыруға болмайды. Бұл күдікті жандар халық арасында небір көргенсіздік, мәдениетсіздік үлгісін көрсетіп, балаларды ешнәрсеге үйретпейді. Сондықтан, балаларыңызды орыс мектептеріне, гимназиялар мен университеттерге беріңіздер, орыс өркениетіне тартыңыздар” [13],— деп, қазақ жастарын өркениетке тартқан болып, шын мәнінде, оларды татар молдаларының ислам дінін таратуынан сақтандырмақ еді.

Халық ағарту министрінің 1870 жылғы Жарлығында: “Біздің отанымызды мекендейтін барлық бұратана халықтарды оқу-ағарту ісінің түпкілікті мақсаты, сөз жоқ, орыстандыру және оларды орыс халқымен тұтастыру болуы тиіс”,— деп көрсетілді. Шаруалардың қазақ жерін жаппай отарлауы патшалықтың бұл мақсатына мол мүмкіндік жасап берді. Өлкеде бастауыш білім беретін орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Ол мектептерде қазақтар орыс шаруаларының балаларымен бірге оқытылды және аталған мектептер қазақ жастарының санасына отарлық идеяларды құюдың басты құралы болып табылды.

Алайда, орыс шаруалары қазақтарға өркениет пен игілік әкелген жоқ және мәдениеттің озық үлгісін таныта алмады. Керісінше, орыс мұжықтарының қазақтардан үйренгені көп болды. Оны отарлық әкімшілік өкілдерінің өздері де мойындады. Орыс миссионерлері мен чиновниктерін қазақ халқының ой-өрісі мен ынтасы, тапқырлығы мен арман-қиялы таң қалдырды. Орыс зерттеушісі Ядринцев: “...орыстар Сібірде үлкен түрік өркениеті мен отырықшылық мәдениетіне кездесті. Жаулап алушылар көп жағдайларда ... барлық нәрсені жергілікті халықтан үйренді” [14] деп жазған.

Қазақ даласында жүріп жатқан отарлау шараларының негізінде қазақтар ана тілінде білім алудан қалды. Ал қазақ балаларының сауатын ашып, олардың бойына ислам дінінің имандылық негіздерін сіңіріп жатқан өлкедегі мұсылман мектептері мен медреселеріне үкімет тарапынан қысымшылықтың күшейтілуі аталған мектептердің жасырын ұйымдастырылуына алып келді. Сондықтан да, олардың нақты саны жөнінде статистикалық мәліметтер жоқ немесе дәл емес. Ө.Бөкейхановтың қазақтар арасындағы шын мәніндегі сауаттылықтың ресми статистикалық құжаттарда көрсетілуіне күмән келтіруі соған байланысты еді.

Алайда, құжаттарда көрсетілген қаржы мөлшері іс жүзінде қазақтардың білім алу қажетін өтей алмады және білім алу мүмкіндігіне сай келмеді. Өйткені, патша үкіметі өлкеде оқу-ағарту ісін дамытуға мүлде мүдделі болмады, оның мектеп саласындағы қызметі

түгелімен қазақ халқын орыстандыруға бағытталды.

Осылайша, отарлық қанаудың қатал да қатыгез шаралары қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-рухани дамуының түбіріне балта шауып, қазақ халқының бұдан былайғы тарихи дамуына зор зардабын тигізді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются трагические последствия крестьянской колонизации на духовную жизнь казахов в 60-70-е годы XIX столетия.

In this article considers the tragical consequences peasant colonization on spiritual life of the Kazakhs in the 60-70th years of 19th century.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Обзор Уральской области за 1915 год. - Уральск, 1916. - 138 с. - (С.100).

2. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). 175-қор. 2-т. 13-іс. - 15-п.

3. Труды Оренбургской Ученой Архивной комиссии (ОУАК). - т. 7. ... С. 239.

4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА). 25-қор. 1-т. 2968-іс. - 174-п.

5. ҚРОМА. 25-қор. 1-т. 2674-іс. - 5-п.

6. Жақыпбек С. Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. - 1997. - №6.

7. ООМА. 175-қор. 1-т. 15-іс. 1-п.

8. Труды ОУАК. - т. 7. ... С. 245.

9. Труды ОУАК. - т. 7. ... С. 104.

10. Штернберг Л. Инородцы. Общий обзор // Формы национального движения в современных государствах. Под ред. Костелянского А.И. - СПб, - с. 531-574. (С. 543).

11. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. СПб, 1892. - С. 86.

12. ООМА. 10-қор. 2-т. 242-іс. - 1-7-пп.

3. Оренбургский край. - 1893. - №24.

14. Ядринцев Н.М. Сибирь как ... С. 88.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЗАРДАПТАРЫ

Жібек КЕРЕЙБАЕВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты,
№144 Сақтапберген Әлжіков атындағы
орта мектептің тарих пәні мұғалімі,
ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Минсара ҚАРАМАНОВА

Қазақ зиялыларының көрген қасіретін, рухани жан азабын жеткізу өте ауыр. Сталиндік саяси қуғын-сүргін қоғам өмірінің барлық саласын қамтығандықтан, тіпті оның құрығына әйелдер мен балалар да ілікті. Ал XX ғасырдың 20-50-жылдары қазақ халқының тарихында аса бір азалы жылдар болды. Бұл ұлт зиялылары тағдырында айрықша бейнеленді. Ұлт зиялылары деп кімдерді атаймыз? **Зиялылық ұғымына айқындық беруге тырысқан М.Шоқай:** «Оқыған, тәрбие көрген адамдардың бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған **«ұлт зиялысына»** қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттардың төңірегіне жиналған оқымыстыларды зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», - деген болатын [1, 3-5-б.].

Қазақ халқы үшін XX ғасырдың ең ауыр қайғысы атанған сталиндік қуғын-сүргін кезінде талай абзал азаматтарымыздың басы оққа байланды. Көрнекті тарихшы ғалым К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты кітабында: «1930 және 1932 жылдардағы бұрынғы Алаш қозғалысына белсенді түрде қатысқан қазақ зиялыларының басым көпшілігі саяси сот процестері шығарған үкімге байланысты әр түрлі ұзақ мерзімдерге концлагерлерге айдалды, атылды, жер аударылды. Одан аман қалғандарына «халық жауы», «шетелдер пайдасына қызмет еткен шпион» деген жалған айыптар тағылып, 1937-1938 жылдардағы үлкен террорда жаппай атылып, айдалды», - деген қорытынды жасаған еді [2].

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған соңғы деректер бойынша, сталиндік қуғын-

сүргіннің құрбандарының саны 40 миллионға жеткені айтылып жүр. Дегенмен де, нақты есебі әлі күнге анықтала қойған жоқ. Сол сталиндік қасіреттің Қазақстанды да айналып өтпегені баршаға аян.

Кейбір деректер бойынша 1929-1932 жылдарда 372 көтеріліс болды. Ең ірі қақтығыстар Бетпаққара, Созақ, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Бөрібай, Сарқант, Абыралы, Шұбартау және т.б. аудандарда өткенін білеміз. Зырянов, Өскемен, Самара, Шемонаиха, Қатонқарағай аудандарында күшті толқулар болған. Наразылық салдарынан халықтың едәуір бөлігі республикадан тыс жерлерге, атап айтсақ Қытайға, Иран мен Ауғанстанға кетіп жатты [3, 413-414-б.].

Қазақ шаруаларының ұйымдасқан алғашқы көтерілістерінің бірі – Қарақұм көтерілісі еді. Қарақұм көтерілісі – кеңестік әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған қарулы қақтығыс. Бұл көтеріліске Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Аламесек, т.б. аудандардың жеке-жеке топ бөлініп, шаруа жайымен көшіп-қонып жүрген шаруалары қатысты. Көршілес Ырғыз, Арал, Қарсақпай аудандарының бір-қатар ауылдары да осы бас көтеруге қосылды. Жаңа өкіметтің қысымына шыдамай, Қарақұмды паналаған ауылдар қолдарына қару алып, қорғануға мәжбүр болды.

Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дінбасы Ж.Бәйімбетов басқарды. Қуғыншы қызыл әскерлердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан отрядтары 7 сәуірде көтерілісшілер жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас болды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам өліп, 23-і жарақаттанған. Ал қызыл әскерлерден 40 адам өліп, олар кейін шегінуге мәжбүр болған. 1930 жылы 13 сәуірде Аралға келген әскери округтік комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде

ҚазОАК төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мүсірепов, т.б. бар мемлекеттік комиссия Қарақұмға аттанды. Бірнеше күнге созылған келіссөзден кейін, олар қаруы бар көтерілісшілердің қаруын тапсыруға көндірді. Көтерілісшілер жағынан келіссөзге қармақшылық Бәйімбетов, т.б. қатысты. Олар үкімет алдына 7 шарт қойды. Мемлекеттік комиссияның шешіміне қарамастан, Қазақстан К(б)П Өлкелік комитетінің 1-хатшысы Ф.И.Голощекиннің тапсырмасымен, келіссөзге қатысқан [4, 298-б.] Ж.Бәйімбетов, Ы.Әлмәмбетов, Б.Байбақтин, М.Қыпшақбаев, С.Қуандықбаев, Ө.Өмірбаев, Б.Талқанбаев, Т.Ахметов Алматыға әкелініп, абақтыға жабылды.

1930 жылы 15 шілдеде Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқармасының үштігімен олар түгелдей ату жазасына кесілді. Осыдан кейін Қарақұмдағы шаруалар қайтадан бас көтеріп, өздеріне Жұбановты хан етіп сайлады. Сонымен, тамыз-желтоқсан айларында болған қарулы қақтығыстан кейін көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210-ы кедейлер мен орташарлар ретінде босатылды, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай аудандық бөліміне жан-жақты тексеруге жіберілді. ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өзге аймақтарына жер аударылды. Шығыс Сібірге 5 жылға 1 адам, еңбекпен түзету лагеріне 3 жылға 9 адам айдалды. Көтеріліске қатысушылардан 37 адам қаза тауып, 6 қызыл әскер, 3 саяси қызметкер, 3 коммунар өлген [5].

Тағы бір бас көтеру – Қазалы ауданында болған Асан көтерілісі. Оған 3000-ға жуық шаруа қатысты. Көтерілістің себебі Кеңес үкіметінің зорлықшыл саясатына қарсы туындаған еді. Бұл көтеріліс те қарулы әскер күшімен басылып-жаншылып, қозғалыс басшыларынан бірнеше адам ату жазасына кесілді.

Тарихтағы ең қандықол тұлғаның бірі – Сталин. Миллиондаған жазықсыз жандардың өліміне себепкер болған Сталин сол кезде *“сүйікті көсем, әке және ұстаз”* ретінде дәріптелді. Сталиннің аузымен айтылған әр сөз, ол жазған әр сөйлем мемлекеттік идеологияның өзегі болып табылды. Сталиндік репрессия зобалаңы 1937-1938 жылдары өзінің шыңырау шыңына жеткен болатын. Бұл кезеңді

бүгінде ұлы зұлмат-зобалаң жылдары деп атайды. Сталиндік репрессия жылдарында қаншама көзі ашық, көкірегі ояу арыстарымыздан айрылды. Тіптен айтып түгелдеу мүмкін емес [6].

Сталиндік қуғын-сүргін, зобалаң көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымызға ғана ажал болып тиген жоқ, сондай-ақ олардың жесірлері мен жетімдерін де зар жылатты. Қанша арулар, бейкүнә балғындар қайғы-қасіретпен қатар, қатаң қудалау мен қатігездіктің де құрбаны болып жатты. Міне, бүгінгі таңда жандарын шүберекке түйіп, бастарын оққа байлаған арыстарымыз армандаған тәуелсіз мемлекетте өмір сүрудеміз. Тарихта аттары алтын әріппен жазылған кешегі алаш азаматтарының, оның ішінде «Үлкен террордың құрбандары» болған азаматтарымыздың есімдерін жас ұрпақ ұмытпауы тиіс. Ел үшін еңіреп, арманда кеткен арыстарымызды ардақ тұту арымызға да, азаматтығымызға да үлкен сын болмақ.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о том, что последствия репрессивной политики в Казахстане были чрезвычайно серьезными. В Казахстане появились крупные очаги восстания против Советского правительства. Невинных людей пытали и заставляли работать в трудовом лагере, депортировали и расстреливали.

The article says that the consequences of repressive policies in Kazakhstan were extremely serious. Kazakhstan appeared large foci of rebellion against the Soviet government. Innocent people were tortured and forced to work in a labor camp, deported and shot.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қайырбекова Б.** XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан (саяси қуғын - сүргін). Қызылорда, 2013 ж. -112-б.
2. **Қозыбаев М.Қ.** Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992 ж.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 4 том- Алматы, 2010ж. -752-б.
4. Сыр елі Қызылорда облысының энциклопедиясы, -542-б.
5. **Байқадамов Н.** Қарақұм қозғалысы: Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу//Сыр бойы.-2012 ж. 26 мамыр -8-9-б.
6. **Жалдыбаев Ә.** Жүргеновта жазықсыз жазаланды: ақтандақтар ақиқаты// Ақиқат.-2009 ж.-№8.-30-35-б.

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ” ЖҰРНАЛЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ “ҚАЗАҚ ТАРИХЫ” ЖҰРНАЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ШЫҒАДЫ

Әр түрлі қаржылық қиындықтарға байланысты 2009 жылғы қаңтардан 2019 жылдың соңына дейін 11 жыл үздіксіз шыққан “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналы келесі 2020 жылдан бастап жеке журнал ретінде шықпайды. Қазақ тілі мен әдебиетіне, бастауыштағы ана тілі мен әліппеге қатысты мақалалар мен сабақ жоспарлары “Қазақ тарихы” журналының ішінде өзінің бұрынғы мынадай айдарларымен жарық көре береді: *«Мемлекеттік тілдің мәртебесі», «Сөз өнері: серті мен дерті», «Тіл білімі», «Аударма кілтпандары», «Тәрбие – тал бесіктен», «Қазақ тілі мен әдебиеті – орта мектепте», «Қазақ тілі мен әдебиеті – орта арнаулы оқу орындарында», «Өзін-өзі тану – орта мектепте», «Қазақ тілі – орыс сыныптарында»,*

«Білім негізі – бастауышта», «Танысыңыз: озық ұстаз, озық тәжірибе», «Назар аударыңыз: жаңа технология», т.б.

Сондықтан көптен бері “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналына жазылып, мақалалары мен сабақтарын шығарып жүрген **тұрақты авторлар журналдан қол үзбей, бұрынғыдай жариялана бергісі келсе, 2020 жылдан бастап ай сайын шығатын “Қазақ тарихы” журналына жазылып, түбіртегінің көшірмесін мақалаларымен, сабақтарымен бірге салуы керек.** Ал журналға жазылғысы келмесе, немесе жазылып үлгермей қалса, компьютерлік 2-2.5 беттік сабағы үшін 3000 теңге төлеп те жариялануына болады.

Редакция әкімшілігі.

ВЛИЯНИЕ ДЖАДИДОВ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ в конце XIX века и в начале XX века

**Диана ИШАНОВА,
магистрант 2-курса Национального
университета имени аль-Фараби**

Развитие идей модернизации и обновления в мусульманском мире тесно было связано возникновением джадидизма. В возникновении джадидизма существует несколько причин. Как известно, общий кризис исламского мира начался с XVIII в. В это время возникло явление перерождения суфизма как духовной основы самоактуализации человека. Суфизм всегда был катализатором культуры и нравственности и находил ответы на вызовы времени, а теперь он перестал быть источником живой мудрости, в силу чего мусульманская культура не смогла вновь обрести свой динамизм. К XIX в. суфизм изменил своей сути, превратившись в ишанизм, поэтому первая причина появления **джадидистов, т.е. просветителей-реформаторов,** была закономерным явлением. Их деятельность была направлена против косности, инертности, догматизма, фанатизма, антиинтеллектуализма [6].

Джадидизм (араб. усул-и-джадид – новый метод) – буржуазно-либеральное, националистическое движение, зародившееся в 80-х годах 19 века среди татарской буржуазии. Первоначально – это узкое, культурническое движение за реформу старой системы мусульманского образования, за необходимость европейского образования для мусульман. В новометодных школах детей обучали по новому для мусульман звуковому методу. Началось движение за реформирование конфессиональной школы, организаторами которого выступили джадидисты. Они предлагали заменить буквослоговательный метод обучения звуковым, доказывали необходимость преподавания в мектебах светских дисциплин. В системе религиозного образования большим влиянием пользовались мектебы при медресе, если в них изучались, помимо религиозных, ещё и светские дисциплины. Из этой среды вышли крупнейшие деятели **казахской культуры А.Кунанбаев, С.Торайгыров, М.Жумабаев, Б.Майлин** и другие. В силу того, что в рядах первых джадидов были модернисты, западники и секуляристы, сложились разные отношения к этому движению [6].

Огромное влияние развитие идей образование оказал питомец кадетского корпуса – крымский татарин родом из Бахчисарая Исмаил Гаспринский. Неоценима роль Исмаила Гаспринского в области образования и просвещения. Он является основателем нового звукового метода в преподавании языка – «Усуль ал-джадид» новометодной или джадидистской программы, благодаря которой скорость усвоения материала увеличивалась во много раз. Методы различались, в первую очередь, формой подачи одного и того же материала. Кадимисты применяли систему слогового преподавания, когда отдельные буквы сливались в слоги, а из слогов потом составлялись слова. Сторонники нового – джадидисты – применяли «звуковой метод», когда каждой букве алфавита соответствовал определенный звук. В январе 1884 года Исмаил Гаспринский открыл первое джадидистское учебное заведение в Крыму. Курс обучения был рассчитан на два года. В мектеб принимались дети 7-летнего возраста. Преподавать в школе стал сам Гаспринский по своему учебнику «Ходжа-и

субьян» переводе «Учитель малолетних». Именно с этого события началась история распространения джадидизма в Крыму и России. К 1895 году в Бахчисарае уже существовало семь подобных учебных заведений. Эта методика быстро распространилась по всему тюрко-татарскому миру и, прежде всего в Поволжье и на Урале. Только в Поволжском регионе в 12 сентября 1913 году было зарегистрировано 694 новометодных учебных заведений. Подобные школы открывались не только в России, но и в других странах.

Параллельно с джадидизмом продвигалось и движение традиционалистов-кадимов. Они поддерживали существование крепкой системы образовательной системы которое опирается на шариат. Однако при проведении реформы просветителям противостояли кадимисты всячески оказывали сопротивление вносимым изменениям.

Колониальная администрация в альтернативу новометодным школам пыталась создать русско-туземные школы, но с учетом сохранения в учебных программах основ конфессиональных учений. В целях регулирования образовательной системы в Государственной думе были утверждены новые правила для национальных училищ. По новым правилам учебные книги и пособия должны были печататься на местном наречии и на кириллице.

Следующим шагом преобразовательного процесса, исходящего из центра, было принятие осенью 1910 г. в Государственной думе нового проекта, по которому было введено всеобщее обучение. Проект вызвал горячие дискуссии в мусульманской среде, по их мнению «это мероприятие повлечет за собой превращение мусульманских школ в правительственные, в которых будет запрещено преподавание религии и родного языка» [2,41].

Сторонники каждого из подходов вели ожесточенную борьбу не призывая за оппонентами прав на существование. В конце 20 века в результате всех событий сформировались определенные противостояния реформаторов и традиционалистов. Это волна изменений была использована в начале 20-х гг. В Туркестане, когда советская власть использовала антипатию в своих целях. Перемены татарских деятелей их в образовательной системе зачастую посредничество в контактах с Османской империей были настолько велики, что царское руководство даже выпустило в 1911 г. особый закон, запрещавший учителям в школах Туркестана быть разного этнического происхождения.

Прибытие жителей Туркестана в Стамбул имели различные причины но основная цель совершения хаджа и получение знаний. В этой ситуации Стамбул и Османская империя рассматривались деятелями татарской диаспоры как центр притяжения. Вначале взаимное влияние происходила в сфере культуры и образования. Причиной взаимовлияния был хадж, который парадоксальным образом, присоединение Центральной Азии к России и соединение ее железной дорогой с центральными областями империи [3, 127-128].

Новые средства производства знаний были важны для джадидов по разным причинам. Новшества позволили обеспечить беспрецедентный поток инфор-

мации, в результате чего, интеллигенция из Средней Азии находилась в более близком контакте с внешним миром. На рубеже двадцатого века жители Средней Азии могли читать книги и, все чаще, периодические издания, созданные на территории Российской империи, а также импортированные из Османской империи и Ирана. Это распространение литературы, сопровождавшееся увеличением количества знающих людей, способствовало обретению Средней Азией положения причастности к внешнему миру, а точнее, частью нескольких перекрывающихся транс локационных сообществ, гораздо более непосредственным образом, чем это было возможно раньше.

Печать помогла преобразовать общественное использование грамотности, поскольку она переформировала рамки и нормы общественных дебатов в сфере культуры. В результате, на рубеже XX века центрально-азиатские страны обсуждали не только новые идеи, но и это новое явление. Газеты, журналы, книги и театр создали общественное пространство, которое стало центральным местом для обсуждения культуры и общества. В отличие от десятилетней учебы в медресе, которая предоставлялась культурной элите, доступ к новому общественному пространству требовал только базовой грамотности. В новой публике более старая культурная элита все более маргинализировалась. Этот быстрый поток информации в сочетании с новыми средствами коммуникации привел к основным переменам мировоззрения интеллигенции Средней Азии.

Османские книги и периодические издания-журналов и газет, стали поступать в Центральную Азию в 70 гг. 19 века начало действовать система абониментской подпопки которая обеспечивала доступ выпускавшейся в Османской империи прессы в Центральную Азию. Садриддин Саид-Муродзод выдающийся писатель Таджикистана писал в своей работе что у Центральной-азиатской интеллигенции и джадидов было возможность получать турецкую прессу. Из популярных журналов был «Sirat-iMustakim».

По словам Айни, выпускался этот журнал наиболее известными публицистами Стамбула о реформах в Турции и привязка этих реформ к высказываниям Пророка Мухаммеда, и обоснование их с помощью аятов соответствующих хадисов способствовала коренному изменению взглядов Айни и его товарищей. В это же время были турецкие газеты как «Hikmet» и «Tearif-iMuslimin».

Влияние джадидов и Османской империй на открытие новых мусульманских школ. Например в 1876 г. в Ташкенте существовало 11 медресе, апосведениям 1910 г. уже 22. В Фергане 1892 г. насчитывалось 120, а в 1911 г. 204 медресе. В Самарканде в 1876 г. было 18 медресе, в 1912 г. 12. В Джизаке в начале 20 века ботало всего 1 медресе, увеличилось до 3. На Ходженте в 1912 г. Было 40 медресе, 30 школ 490 учениками, 8 девичьих мектебов с 97 учениками, 9 школ чтецов Корана с 82 учениками и т.д. [4,164].

Так же можно отметить открытие библиотек с помощью джадидов. В работе Айни отмечается что газеты и книги, издававшиеся на татарском языке в России и турецкие книги и периодика доставлялась в Бухару. Бухарские учащиеся могли доставлять новые литературы из Турции в Бухару. Широкое распространение в Казахстане идеологии **джадидизма** способствовало усилению контактов между различными представителями интеллигенции тюркских народов России и активному их включению в цивилизационные процессы общества на рубеже двух веков. Конец XIX - начало XX вв. – это

время усиления культурного взаимодействия тюркоязычных народов, особенно Волго Уральского региона и Западного Казахстана. Это проявилось в развитии национального движения среди тюркоязычных народов. Выдвигаемая джадидами реформа мусульманского образования, религии и быта, требование развивать национальную культуру служили, в конечном итоге, средством духовного утверждения и идеологического обоснования тюркских народов.

Бухарцы прибывшие в Стамбул могли войти интеллектуальную жизнь Стамбула. Среднеазиатский историк и поэт, один из основоположников современного литературного узбекского языка Абдуллах Фытрат во время своей учебы в Турции сблизился с турецкими писателями и общественными деятелями. В ходе своего пребывания в Стамбул Фытрат ввел в обращение младобухарцев заимствование у турецких публицистов понятие «Родина», «свобода», «конституция». Фытрат в Стамбуле тайно вступил в младотурецкую партию «Единение и прогресс» и даже вернувшись в Туркестан он сохранил связь с партией. Таким образом он обосновал необходимость новометодного образования и реформ для бухарского общества.

Мюневвер Кары один из лидеров джадидов который продвигал культуру и образование во всем мусульманском мире. Кары посещал Турцию чтобы ознакомиться с турецкой системой образования и призывал учеников новометодных школ выезжать в Стамбул для получения дальнейшего образования [5, 23-24]. В 1901 году Кары открывает новометодную школу в Туркестане, а 1906 вместе с Махмуд Ходжа Бехбуди открывает газету «Хуршид» на узбекском языке. В ней они публикуют антиправительственные статьи, обличавшие политику царского правительства, а также направленные против клерикальных кругов в Туркестане.

В заключение хотелось бы отметить, новые концепции времени и образования были отражены в акценте джадидов на стран Центральной Азии. Это позволило изучить мировую историю, что породило новые, рационалистические понимания ислама. Растущее сознание того, что великое повествование истории не обязательно было сосредоточено на исламе или мусульманской общине, что они сами были продуктом истории и, что они сосуществовали, часто в невыгодных условиях, с другими конфессиями и другими сообществами, имеют решающее значение для разработки идентичности в Средней Азии в этот период.

ТҮЙІН

Мақалада жадидшілдердің білімге әсері қарастырылған. Заманауи идеялардың дамуы, жадидшілдердің таралуы мен ықпалы, жаңа идеялардың пайда болуы талданады.

The article explores the influence of Jadists on education. The development of modernization ideas, the spread and influence of jadists. The emergence of new ideas.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. А.Н.Самойлов. «Живем дружно, „молодые“ разного возраста...» Сборник статей в память 136 с.
2. Аршаруни А. Очерки панисламизма и пантюркизма в России / А.Аршаруни, Габидуллин М., 1931.-188 с.
3. Литванов В.П. 2006 –Литванов В.П. Внерегиональное паломничество мусульман Туркестана. Елец, 2006.
4. Хайдаров Г.Х. История Ленинабада/ Хайдаров Г.Х. – Душанбе, 1986-322 с.
5. Oktay " Uztadimiz Mubevvarv Kari" Turkestan, 193450 с.
6. <https://articlekz.com/article/5185>.

ҚАЗАТКОМНЫҢ ХАТШЫСЫ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰлтАгрУ-дың кафедра меңгерушісі, профессор,
Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,
Қазақ-Ресей медициналық университетінің
кафедра меңгерушісі, доцент

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қоғамдық-саяси өмірдің бел ортасында болып, халқы үшін абыройлы қызмет еткен арыстарымыздың бірі – Бекайдар Аралбаев. Қайраткердің өмір жолы мен саяси қызметі жөніндегі бізге жеткен және осы уақытқа дейінгі жарияланған еңбектерде оның дүниеге келген уақыты мен қайтыс болған мерзімі жөніндегі мәліметтерде сәйкессіздіктер кездеседі. Қазақ ұлттық энциклопедиясының өзінде қайраткердің дүниеге келген жылы 1893 жыл деп беріліпті. Сондықтан Б.Аралбаевтың өз қолымен толтырған өмірбаяны мен жеке іс парағындағы сұрақтарға берген жауабына назар аударайық: «Мен Аралбаев Бекайдар Жантөреұлы 1896 жылдың қараша айында Оңтүстік Қазақстан облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келдім. Әлеуметтік шыққан тегім малшы шаруа. Ата-анамның негізгі айналысатын шаруасы малшылық және егін шаруашылығы. Негізгі мамандығым хатшылық. 1905-1910 жылдары Жаңақорғандағы Орыс-Қазақ мектебінде, 1910-1914 жылдары Перовск қаласындағы (қазіргі Қызылорда) 4-сыныптық қалалық училищеде оқыдым. Өзімнің негізгі мамандығым бойынша 14 жыл қызмет атқардым. Басқа партия қатарында болған емеспін, шетелде болғаным жоқ. 1917-1918 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Шиелі аудандық милиция бөлімшесінің бастығы, 1918-1919 жылдары Шиелі ауданының соты, 1919-1921 жылдары аралығында Ташкент қаласында Сырдария облаткомының жауапты хатшысы, атқару комитеті басқармасының бөлім меңгерушісі, облыстық атқару комитетінің төрағасы, 1921-1924 жылдары ТАКСР Ішкі істер халық комиссары, 1924-1925 жылдары Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысы, Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы, 1925-1928 жылдары аралығында Қызылорда қаласында Қазақ орталық атқару комитетінің хатшысы, 1928-1930 жылдары Алматы қаласында аймақтық мемлекеттік банк басқармасы басшысының орынбасары, 1930-1932 жылдары Қазақ тұтынушылар тресі басқарма басшысы, 1932 жылдан 1933 жылдың 1 наурызы аралығында Ақтөбе қаласында облыстық банк басқармасының меңгерушісі болып істедім. Қазақ, өзбек, орыс тілдерін білемін. 1930 жылы мемлекеттік банктегі қызметімде мемлекеттік аппарат бойынша кемшіліксіз тазалаудан өттім. 1929 жылдың наурыз айында Қазақ Өлкелік БК(б)П бақылау комиссиясы тарапынан ұзақ уақыт бойы топшылдыққа қатысқаным және байлардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі БК(б)П өлкелік бақылау комиссиясының нұсқауын орындамағаным үшін

партиялық жазалауға тартылып, партиядан шығарылдым. Артынан БК(б)П бастауыш партия ұйымының сұрауы бойынша партия қатарына қайта қабылдандым. 5 тамыз 1933 жыл» [1].

Бекайдар Аралбаев ауқатты отбасынан шықты. Оның әкесі Жантөре Аралбаев көзі ашық, мұсылманша хат таныған. Сауатты, ел арасында беделді адам болған еді.

Ресей патшасының билігі кезінде болыс басқарушысы болып, Жаңақорған өңіріне белгілі, әрі ықпалды тұлға ретінде өңірдің әлеуметтік-саяси мәселелерін шешудің бел ортасында болды. Қазақстандағы ұжымдастырудың бастамасы болған атышулы Қазақстан орталық атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы» қаулысы бойынша бай шаруашылықтың иесі ретінде Ж.Аралбаевтың малы тәркіленіп, өзі жер аударылған.

Бекайдар Аралбаев өзінің әлеуметтік шыққан тегіне қарамастан Кеңес өкіметі жағына шығып, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, өзінің туған өңіріндегі әлеуметтік-саяси мәні зор мәселелерге белсене араласты. 1917-1918 жылдары өңірді қамтыған ашаршылыққа байланысты, ашыққан өңір халқына жәрдем беру ісіндегі комиссияның құрамында белсенді жұмыс істеді. «Перовск жұмысшы, шаруа және мұсылман депутаттары уездік советінің 1918 жылы 7-маусымда өткен мәжілісі Қарсақпайдан астық дайындап, оны теміржолға жеткізуге 1600 түйелік керуен және құрамында 32 мүшесі бар қарулы күзет отрядын жасақтау туралы шешім қабылдайды. Қарулы күзет жасақтау Есеновке, түйе керуенін жасақтау Шиелі учаскелік милиция комиссары Бекайдар Аралбаевқа жүктеледі. Б.Аралбаевтың уездік Совдепке жолдаған жеделхатында керуенге қажетті түйе мен мініс көліктерінің толық жинақталып, Гродековск милиция комиссарының қарамағына өткізілгені хабарланады» [2]. Шұғыл түрде ұйымдастырылған осындай жұмыстардың нәтижесінде аштық жайлаған Түркістанға көмек ретінде астық жөнелтіліп, мыңдаған адамдардың өмірін аман сақтап қалудың сәті түскен еді.

Бекайдар Аралбаевтың кеңестік және әкімшілік дәрежедегі үлкен қызметке белсене араласуына және саяси көзқарасының қалыптасуына Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың ықпалы, көмегі, ақыл-кеңесінің септігі мол болған еді. Б.Аралбаев 1920 жылы тікелей Сұлтанбек Қожанұлының қолдауымен Сырдария облаткомының жауапты хатшысы болып сайланады. Осы кезеңнен бастап Б.Аралбаев, ұлт мүддесі жолында қызмет еткен Сұлтанбек Қожановтың

пікірлесі, әрі үзеңгілес серігі болып қасынан табыла білді. Түркістан өлкесіндегі халқымыздың тағдыры үшін маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуде Сұлтанбек Қожановты әрдайым қолдап отырды және белсене араласты.

Жиыrmасыншы жылдары Түркістан өлкесінің қазақтары үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыда аса маңызы бар мәселе, Түркістан автономиясының құрамында болған Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ автономиясына қосу болды. 1922 жылы 4 сәуір күні Қазақ автономиясы мен Түркістан автономиясы атынан БК(б)П-ның XI съезінің делегаттары қатысқан мәжілісте Түркістан республикасының құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстарының Қазақ автономиясына қосылу мәселесі қаралады. Мәжіліске Сырдария облысы атынан қатысқан Б.Аралбаев өз сөзінде: Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ автономиясына қосу мәселесінде талас жоқ екенін, бұл істі асығыстықпен жүргізбей үлкен дайындық жұмыстарын жүргізу қажет екендігіне баса назар аударумен бірге: *«Қазақ республикасында ұлттық саясатты шешу мәселелері нашар жүргізілуде екендігі бізге белгілі, міне осындай жағдайда, бізге өкпелі Жетісудағы кулактар (Жетісу жерінде жер-су реформасы жүргізіліп, көптеген байып алған Орыс кулактары жерінен айырылған болатын Д.С.) өздеріне қолдау табуы мүмкін. Ұлттық мәселе біз үшін, таптық мәселе болып табылады. Бұның барлығы ойланып шешуді талап етеді»*,— дей отырып, бұл мәселені Түркістан аймағындағы Қазақтар арасында кеңінен талқылауға салуды ұсынады [3].

Түркістан автономиясындағы кеңестік, партиялық және әкімшілік сынды жауапты қызметтерде істеген Қазақ қайраткерлері үшін бөлшектеліп кеткен жерлерімізді біріктіру ісі сол кезеңде негізгі күреске айналды. Өйткені, Орта Азия республикаларының аумағындағы ұлттық межелеуді жүргізу барысында орталық Мәскеу түлкі бұлаңға салып, Ташкент қаласы үшін тартыста, Қазақстанды ұлттық республика етіп құру оны одақтас республикаға айналдыру және тағы да басқа Қазақ халқының болашақ дамуында үлкен маңызы бар стратегиялық мәселелерді шешуде бұра тартып, қалыптасып отырған жағдайды одан әрі күрделендірді. Міне сондықтан да Сұлтанбек Қожанов бастаған Түркістандық қайраткерлер Түркістан АКСР-нің құрамында болған Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақ автономиясына қайтару ісінде айтысқа да, тартысқа да барды. Ұлтымыздың мүддесі үшін өздерінің талаптарын орталық Мәскеудің алдында батыл қоя да білді. 1924 жылы Сырдария, Жетісу және Амудария облыстарының жауапты партия қызметкерлерінің мәжілісі болады. Бұл мәжіліске Б.Аралбаев ТАКСР ішкі істер халқомы лауазымында қатысқан болатын. Мәжілісте Сұлтанбек Қожановтың «Қазақ автономиясы ұлттық автономия ретінде және межелеуге жүргізуге байланысты оның жағдайы» тақырыбында жасаған баяндамасы қызу талқыланып мынадай қаулы қабылданады: а) Қазіргі Қазақ автономиясындағы халықтың тек 46% ғана қазақтар құрайтындығын және партия қатарындағы қазақтардың үлесі 6% екенін, көптеген кеңестік және тағы басқа ұйымдарда мүлде қазақ еңбекшілерінің жоқтығын, осы уақытқа дейін қазақ автономиясының шын мәнісіндегі кеңестік ұлттық автономияға айнала алмағанын және Қазақстанның қазіргі жағдайы кеңес өкіметінің және компартияның ұлттық саясатына, оның талаптарына сәйкес келмейтіндігін тану. б) Орта Азия республикаларында шекаралық межелеудің

жүргізілуіне байланысты жоғарғы партия органдарының алдында шын мәніндегі Қазақ ұлттық автономиясын құру, және Қазақ облыстарының Қазақ автономиясына қосылуына байланысты оның орталығы Еуропада емес, Орта Азия болу мәселесін қою. в) Қазақстан өзінің жаңа шекарасында өзінің жер аумағы бойынша және халқының саны бойынша сондай-ақ, экономикалық, саяси маңызы жөнінен көрші Орта Азия республикаларының ешқайсынан да кем түспейді. Сондықтан Қазақстан КСРО-ның құрамына келісімшарт негізінде тәуелсіз республика болып кіруі қажет [4]. Осы қаулының өзінен-ақ, Қазақ қайраткерлерінің елімізді ұлттық мемлекет етіп құру, автономия емес, толыққанды республика ету жолындағы күресін көреміз. Ұлт мүддесі жолындағы бұл күрес бір ғана мәжіліс қаулысымен шектелген жоқ. Ең бастысы мәжілісте айтылған ұсыныстар мен қабылданған қаулы қортындылары Орта Азия аумағында ұлттық межелеуді жүргізу жұмысы басталғанда еліміздің мүддесі үшін негізгі басшылыққа алынып олардың қажырлы күресінің бағдарламасы болған еді. Сонымен, 1924 жылдың бас кезінен бастап Орта Азия республикаларының аумағында ұлттық аумақтық тұрғыда межелеуді жүргізу жұмыстарына дайындық басталды. 1924 жылы 12 маусымда БК(б)П орталық комитеті «Орта Азия республикаларын ұлттық межелеу туралы» қаулы қабылдады. Қаулы негізінде Орталық комиссияға жаңадан құрылатын республикалар мен облыстардың өкілдерін қатыстыра отырып, болашық құрылғалы жатқан республикалармен облыстардың шекараларын анықтап шығу тапсырылды. Орталық комиссияның жанынан ұлттық бюролар, құқықтық, экономикалық көмекші комиссиялар ұйымдастырылды. Сұлтанбек Қожанов бастаған Қазақ комиссиясының құрамына Бекайдар Аралбаев кірген болатын. БК(б)П Орта Азия бюросы жанынан құрылған Қазақстандық комиссия өкілдері аумақтық межелеуге байланысты, алдағы құрылғалы жатқан республиканың мемлекеттік құрылымына байланысты, өздерінің ұсыныстарын жасады. Қазақ автономиясының құрамына қосылғалы жатқан облыстардың шекарасын анықтауға қатысып, сол аймақтағы халықтың этнографиясына қатысты және басқа да керекті мәліметтерді жинады. БК(б)П Қазақ облыстық комитетінің қаулы шешімдерімен қатар, Орта Азия аумағын межелеу жөніндегі Қазақстандық комиссия мүшелері Ташкент қаласын және оның төңірегіндегі аудандарды Қазақстанға қосу жөніндегі өздерінің ұсыныстары мен талаптарында қаулы-қарарлық шешімдерді толықтыра отырып, халықтың сандық құрамын нақты статистикалық мәліметтермен анықтап, талас тудырып отырған аудандарды Қазақстанға қосу мәселесін орталық комитетінің атына жазған хаттарында батыл қоя білді. Бөлшектеліп кеткен Қазақ жерін біріктірудің сәті түскен осы бір жауапты кезеңде Сұлтанбек Қожанов бастаған Қазақ комиссиясы аянып қалмады. Орталық Мәскеу қолдаған өзбек комиссиясымен тартыс оңай болмады. Дегенмен де, 1924 жылдың соңына қарай, Орта Азия республикаларының аумағын межелеу жұмыстары аяқталып, Жетісу мен Сырдария облыстарының Қазақ автономиясына қосылуымен, Қазақ АКСР-ның қалыптасуы аяқталды. Жер-Ана үшін күрес барысындағы Қазақкомиссиясының үлкен қажырлы еңбегін бағалау, лайықты құрмет көрсету үлкен жауапты іс болып табылады.

Сырдария мен Жетісу облыстары Қазақ автономиясына қосылғаннан кейін, бұрын Түркістан автономиясында кеңестік, партиялық, әкімшілік жауапты қызметтерде істеп, тәжірибе жинақтаған, ысылған,

Түркістандық қазақтардың өкілдері Қазақ автономиясындағы әртүрлі дәрежедегі жауапты қызметтерге тартылды. Алдағы уақытта оларды ішкі саяси тартыс барысындағы аса жауапты сын, республиканы өркендету жолындағы қажырлы күрес жеке қызмет барысындағы өмірдің қарама-қайшылықты бел-белесті кезеңдері күтіп тұрған еді.

1925 жылы 7 сәуір күні өткен Қазақ (Қырғыз) өлкелік партия комитетінің жабық мәжілісінде Қазақ АКСР үкіметінің құрамын талқылап, сайлау мәселесі қаралады. Осы мәжілісте жаңа Қазақ үкіметінің құрамы мен Қазақ орталық атқару комитетінің басшылығы да жаңарды. Қазақ орталық атқару комитетінің төрағасы болып Жалау Мыңбаев, Қазақ орталық атқару комитетінің хатшысы болып Бекайдар Аралбаев сайланған еді [5]. Бұл мәжіліс өлкелік партия комитетін алда болатын кеңестердің V съезіне дейін үкімет құрамы мен Қазақ ОАК-нің құрамын алдын-ала талқылап бекіту және кеңестердің съезінің қарауына жаңа кандидаттарды ұсынып сайлау жөніндегі мәжілісі болған еді.

Республикамыздың құрылып, қалыптасуының айшықты бір кезеңіне жататын осы кезеңдегі тарихымызды суреттеген жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» атты еңбегінде Түркістандық қайраткерлерге біршама мінездеме беріп өтеді. **Жазушы өз романындағы «Көңілді сапар» тарауында астананың Орынбордан, Ақмешітке ауысқан кездегі көшті суреттеген тұста Бекайдар Аралбаев жөнінде былай деп жазады: «Купеге КИР. ЦИК-тің секретары Аралбаев кіріп келді. Тегі, бұл купеде не болып жатқанын оған да Әміре айтқан болу керек, есіктен күле, сөйлене кіріп:**

– Орын тар боп жатыр екен ғой, батырға. Кейтеміз, батыр! – деді ол Қажымұқанға, – Сізді осы купеде жалғыз қалдырамыз да, өзгелерді басқа купеге шығарамыз.

– Бос купе бар, – деді проводник.

– Естідіңіз бе, батыр? – деді Аралбаев Қажымұқанға. Ол тура жауап берудің орнына.

– Мен бұларға қалай сыям? – деп астыңғы екі койканы нұсқады.

– Арасына тақтай салдырамыз, – деді Аралбаев. Проводникке «мүмкін бе өйту де?» деп еді.

– Мүмкін емес нәрсе жоқ, – деді ол, Қажымұқанның денесін көзімен тағы да шолып, – қазір дежурный по вокзалға барады, айтады, тақтай алады.

– Бар, онда! – деді Аралбаев проводникке. – Тездеті!.. Поезд қозғалғанша үлгері!»

Б.Аралбаевтың жеке тұлғасын сипаттаған тұста жазушы: «Аралбаев биік қапсағай бойлы, жуан сүйекті адам болатын. Басқа түркістандықтардай ол да Қожановқа еліктеп, қара мұртын ернін жиектей қырқатын, сұлғылттау беті сопақтау, көздері бадырайған үлкен де. Түркістан жігіттерінің көбі Орынборға қара барқытпен тыстаған, түбіті қалың, қызыл түлкіден бөрік киіп келген. Бәрінде де жалпақ қайыс белбеу буынған гимнастерке, бәрінде де балғын етікке сұққан шалбар бар. Бұл түрді де жұрт Қожановтың модасына жоритын. Аралбаев солардың бірі еді.

Маған былайша құрғақ адам сияқтанатын, бұрын сыбайлас болмаған Аралбаев, вагонетка үстінде басқаша болып шықты. Ол айғайшыл, елірме жігіт екен. Жолшыбай құттықтаған жұртқа сол ғана жауап беріп, даусы жеткенше, күре тамыры білеудей болғанша айғай салады. Кейде түлкі бөркін қолына ұстай түреп кетіп қиқұлайды. Қалың жұрттың ішінен оның танысы да көп, біреулері атын атап

қана ауызша амандасады да, біреулері қолын ұстап қалады, енді біреулері вагонеткаға отырып, біраз жерге дейін барып түседі», – деп суреттеп өтеді [6]. Заман ағымымен және өзіндік түсінік пайымымен жазылған жазушының Б.Аралбаевқа берген мінездемесі оның бейнесін объективті, шынайы ашып тұр дей алмасақта, қайраткердің өзін қарапайым ұстайтын көпшіл тұлға болғанынан мол хабар береді.

1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Ақмешіт қаласында өткен Қазақстан кеңестерінің V съезінде халқымыздың тарихында үлкен әлеуметтік-саяси мәні бар оқиғалар орын алды. Сұлтанбек Қожанов бастаған қайраткерлердің қажырлы күресінің арқасында съезде бүкіл қазақ жерлерінің бір тудың астына біріктірілгені ресми түрде жария етілді. Бұрмаланған халқымыздың төл атауы өзіне қайтарылды. Мемлекетіміздің дұрыс атауы қалпына келтірілді. Мемлекетіміздің астанасы жаңа атауға ие болды. Осы бір мәні зор тарихи кезеңнің құжаттарын рәсімдеу бақыты қазақ Орталық атқару комитетінің хатшысы Бекайдар Аралбаевқа бұйырған еді. Сонымен қатар астананы Орынбордан Ақмешітке көшірген кезде халқымыздың басқа да қайраткерлерімен бірге Бекайдар Аралбаевта ұйымдастыру жұмыстарына қатысып, үлкен еңбек сіңірді.

Қазақ жерлерін біріктіру аяқталды. Қазақтар республика халқының 61,3 пайызы болып, көпшілікке айналды. Партия, кеңес органдарының басшылық құрамы мен қазақ үкіметінің құрамы жаңарып, билік басына біршама ұлтжанды қайраткерлер келді. Астана Қазақ халқы тығыз шоғырланған аймаққа ауыстырылды. Ұлттық республика ретінде, болашаққа қарай нық қадам басуға негіз қаланды. Бәрінің де сәті келіп тұрған сияқты еді. Бірақ, өкінішке орай бұдан кейінгі еліміздегі саяси жағдай біз ойлағаннан басқа арнаға қарай ауысты. Олай дейтіміз, осындай жауапты кезеңде ішкі өзара айтыс-тартыс, бас араздық, бір-бірінің артынан сөз қуу, жалған арыз жазу, билікке таласу және тағыда басқа толып жатқан керітартпа әрекеттерді қойып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын» кезеңде таптық күресті алға тартқан бір топ, барша қазақ халқына ортақ қайықтың ескегін бір жаққа тартса, мансап қуған тағы бір топ, екінші жаққа тартты. **Кеше ғана болған Қазақстан кеңестерінің V съезінің мәні мен маңызын төмендетіп, бұрмалап көрсетушілерде табылмай қалмады. V кеңестер съезінің ізін суытпай 1925 жылдың сәуір, мамыр айларында Сталиннің атына жөнелтілген хаттарында бірі: «Пролетариатпен ешқандай да байланысы жоқ, ұсақ буржуазиялық элементтердің ықпалымен өтті» десе, екіншісі: «Қазір Қазақстанда оңшылдар билік жүргізуде, ал Алашордалықтар қол шапалақтауда» деп жазды.** Бұндай сәтті қалт жібермейтін орталықтан жіберілген пролетариат диктатурасының өкілдері атын жамылып, үйретуші ұлтқа айналған «интернационалистер» шоқты одан әрі үрлей түсіп, қазақ қайраткерлерінің арасындағы алауыздықты одан әрі ұшықтырды. Әдетте, біз Қазақстандағы саяси жағдайдың ұшығуына тікелей кінәлі Ф.Голощекин деп жатамыз. Оның шынында да солай екеніне ешкімнің де таласы жоқ. Бірақ, өкінішке орай, елімізге Ф.Голощекин келгенге дейінгі саяси жағдай да мәз емес болатын.

Жоғарыда біз тоқталып өткеніміздей бүкіл қазақ өлкесі бір шаңырақтың астына біріккеннен кейін билік басында бірқатар кадрлық өзгерістер болады. Кеше ғана, билік басында болып, сол жылы орнынан айрылған «өкпелілер», мансаптың жетегімен бас араздыққа барып, онысын революцияға берілген

тап күресінің шынайы күрескерлері етіп көрсетіп, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожановты басты нысан етіп, берісі өлкелік партия комитетінің атына, арысы орталықтағы Сталиннің атына бұрқыратып арыздар жазып жатты. Қайтседе, С.Қожановты мұқатуды, қаралап көрсетуді көздеген олар оның қасындағы қызметтестерінің, ізбасарларының өмірбаяндарымен шыққан тектерін әшкере-релеуге кірісті. Қазақстан басшылығына Голощекин келгенге дейін-ақ пайда болған «Қожанов тобының» белсенді мүшесі, әлеуметтік шыққан тегі бай-шонжар, Кеңес өкіметі жағына шығуы, кеңес өкіметі жағында күресуі кездейсоқ «бетін бүркемелеген сенімсіз» біреулердің бірі – Бекайдар Аралбаев болды.

Қоғам қайраткері Т.Рысқұлов Сталинге жазған хатында С.Қожановтың партиялас серігі Б.Аралбаев жөнінде былай дейді: *«Бекайдар Аралбаев, учаскелік приставтың бұрынғы тілмәші, қылмыстық тұрғыда таза адам емес. Дәулетті кісі болған. Содан кейін, уезден бастап, облыста және соңғысы ішкі істер халық комиссариатына дейін жауапты лауазымдарда істеген. Жақында үйленді және әйелі үшін «қалыңмал» төледі (коммунист бола тұра әйелін сатып алды). Бүкілтүркістан кеңестерінің XII съезінде съездің көпшілігі оған қарсы сөйледі, өйткені оны кері қайтаруға негіз бар еді. Дегенменде, оны жауапты лауазымда қалдырды»* [7,38-6.].

Б.Аралбаевтың шыққан тегі мен таптық төңкеріске дейінгі қызметін әшкерелеп, жоғары жаққа арыз жазу бұнымен шектелген жоқ. Орнынан алынғанға дейін **Қазақстанда бірқатар жауапты лауазымдарда істеген (Қазақ АКСР Бас милиция басқармасының бастығы) Д.Нысанбаев 1925 жылы қаңтарда Қазақ өлкелік партия комитетінің атына жазған арызында былай дейді:** *«Жолдас Аралбаев қазіргі Түркістан, бұрынғы Перовск уезі Жаңақорған болысында болыс басқарушысы болған, беделді, ауқатты қазақтың ұлы. Жолдас Аралбаевтың өзі бұрынырақта бірнеше жыл полиция приставында аудармашы болды. Революция дәуіріндегі оның қызметі жолдас Қожанов орталықтағы билікті қолына алғаннан кейін басталды, оның қолдауымен Аралбаев ішкі істер наркомына және қазіргі Сырдария губерниялық атқару комитетінің төралығына жоғарылатылды»* [8, 88-89-б.]. Бұндай үлгіде жазылған хаттардың арты қаралау, қаралаудың арты қуғындауға ұласқаны белгілі. Қазақстан өлкелік партия комитетінің басына Ф.Голощекин келгеннен кейін, бұл үрдіс тіпті өршіп кетті. Халқымыздың қайраткерлерін бір-біріне айдап салу мақсатында әдейі орталарына от тастап, қолдан одан әрі өршітілді.

20-жылдардың екінші жартысынан бастап, республика өмірінде жүзеге асырылуға тиісті негізгі жұмыстардың біріне төменгі буыннан бастап, жоғарғы деңгейге дейінгі мемлекеттік құрылыс саласында жергіліктендіруді жүргізу ісі болды. Осы уақытқа дейінгі Қазақ қайраткерлерінің табанды күресінің арқасында қол жеткізілген істерді одан әрі жалғастыру, республиканың ұлттық статусын одан әрі көтеру басты жұмыстардың бірі болды. Және жергіліктендіру ісі ұлтжанды қайраткерлердің саяси күресінің өзегіне айналды.

БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1926 жылы 21 ақпанда өткен мәжілісінде «жергіліктендіру бойынша іс-шараларды әзірлеу» жөніндегі комиссияның құрамына Аралбаев, Тәтімов, Боярский кірді [9]. Қазақ өлкелік партия алқасының 1926 жылы 22 қыркүйекте өткен мәжілісінде «жергіліктендіруді іс жүзіне асыру» мәселесі қызу талқыға түскен болатын.

Осы мәжілісте сөз алған Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасов, О.Жандосов және тағыда басқа ұлтжанды қайраткерлер жергіліктендіруді жүргізу бойынша: кеңес өкіметінің саясатын жергілікті халыққа түсіндіру, жергілікті халықты билік аппаратына көптеп тарту, қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді қоғам өмірінің барлық саласына ендіру жұмыстарының дұрыс жүргізілмей отырғандығын, бұған басты кедергі әлі де болса сеңі жібімей отырған шовинистік өктем әрекеттердің әсері екендігін атап көрсетеді. Мәжілісте сөз сөйлеген европалық жауапты қызметкерлер біздің ұлтжанды қайраткерлердің сөздерін «билікті қазақ қызметкерлерінің қолына шоғырландыру», «ұлтшылдық ауытқушылық», «жергіліктендіруді жүргізу емес, билік аппаратын қазақтандыру ісі» деп бұрмалады. Мәжілісте, бұлардан да асыра бұра тартқан Голощекин: *«Қазақ тұрғындарына қызмет ету жөніндегі мандат, кеңес билігін орнату жөніндегі мандат, жергіліктендіруді жүргізу жөніндегі мандат, жекелеген ұлтшылдың қолында емес, тек партияда ғана бар»*, – деп жергіліктендіруді жүргізудің бүкіл болмыс-бітімін, мәнін бұрмалаумен бірге, осы жергіліктендіруді жүргізу барысындағы Б.Аралбаевтың және тағы да басқа қазақ қайраткерлерінің атқарған жұмыстарын сынап өтеді [10]. Ұлт саясатын жергілікті жерлерде дұрыс жолға қоюдағы кезек күттірмес шаралардың біріне жергіліктендіруді жүргізу, сол арқылы жергілікті ұлт мамандарын жауапты қызметтерге тарту, халыққа қызмет ететін жауапты мекеме ұйымдардың тілін қазақ тіліне көшіру болған болса, Қазақстанға Голощекин келгеннен кейін бұл істі алға жылжытуда бір қадам да шаралар атқарылмады. Оның жергіліктендіруді жүргізудегі бар атқарған жұмысы европалық мамандар үшін 2-3 айлық қазақ тілін үйренуге арналған курстарды ашқаны ғана еді. Бұл курстарда 2-3 айдың ішінде қазақ тілін үйреніп шыққан мамандар болмады. Европалықтарға қазақ тілін үйретіп, жергіліктендіруді жүргізуге болады деген оның іс-әрекеті, сырты бүркемеленген шовинистік саясаттың шығарып-салма алдаусыратуынан басқа ештеңе емес болатын. Ұлт саясатын іске асыру, жергіліктендіруді жүргізу шаралары қайта керісінше ұлы орыстық шовинизмнің тосқауылдарына тап болды. Голощекин тарапынан қазақ қайраткерлерінің жергіліктендіруді жүргізу жөніндегі айтқан ойлары мен іске асырылуға тиісті талаптары «ұлтшылдық» деп айыпталды.

Б.Аралбаевтың жергіліктендіруді жүргізу жөніндегі комиссияның құрамында атқарған үлкен еңбегі, республикамыздағы партия, кеңес органдарына халқымыздың өкілдерін батыл түрде тарту ісі болды. Қайраткердің ұлт мүддесі жолындағы бұндай батыл қадамдарын және қызметін Голощекиндік өлкелік комитет назардан тыс қалдырмай «аралбаевшылдық» деген айдар тағып, қуғынға ұшыратты. Б.Аралбаевтың ұлт мүддесі жолындағы қызметі жоғарыдан осылай «бағаланып» жатқанда, төмендегі «ағайындар» да қарап жатпады. «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 11 қаңтар күнгі №8 санында Б.Тасмұратов дегеннің «Атқамінерлер бас көтеруде» деген мақаласы жарияланады. Мақалада Жаңақорған болысының ақсақалдары мен атқамінерлері кеңестер сайлауына дайындық жүргізу мақсатында ауылдарда «Құран» бағыштап ас беріп жатқандығы айтылумен қатар: *«Жантөре Аралбаев 6-8 ауылдарда тағыда ас берді, осы сайлауды өзінің ыркымен жүргізуге құқық беруді сұрады»*, – деп жазады [11]. Бұл мақала БК(П) Б өлкелік комитетінің арнайы сұратуы бойынша орыс тіліне аударылып, өлкелік партия комитетінің бірін-

ші хатшысы Голощекинге жіберілгеніне (Ғатауллиннің аудармасымен) қарағанда үлкен «қызығушылық» тудырғанға ұқсайды. Ең бастысы, шыққан тегі бай-шонжарға жататын Б.Аралбаевты айыптауға және қуғындауға таптырмас ілік болды. Қазақ орталық атқару комитетінің хатшысы және осы кезеңде елде жүргізіліп отырған кеңестер сайлауының орталық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарып отырған Б.Аралбаев үшін өлкелік партия комитеті мен Қазақ орталық атқару комитетінің органы болып отырған басты газетте бұндай айыптау мақаланың жариялануы оның беделіне нұқсан келтіріп, аяқтан шалудың айла-әрекеті еді. Сондықтан, Б.Аралбаев Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекиннің атына, көшірмесі Қазақ ОАК-тің төрағасы Ж.Мыңбаевқа жолданған хатты жазуға мәжбүр болады. Онда: өз әкесінің істеріне ешқандайда қатысының жоқ екенін айтумен бірге: *«Мақаланың мақсаты менің әкем Жантөре Аралбаевты емес, тікелей мені қаралауға бағытталғандығын нық сеніммен айта аламын»*, – дей отырып, арнайы адам жіберіп тексеруді және тексеру қорытындысы бойынша бұндай бассыздықтарды тоқтату шараларын қолдануды сұрайды [12].

Өділдікті іздеген Б.Аралбаевтың хаты жауапсыз қалдырылғаны былай тұрсын, бұдан кейінгі Қазақстандағы саяси жағдай одан әрі күрделене түсті. Ауылды кеңестендіру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру деген үлкен «социалистік жоспарды» іске асыру мақсатындағы жарқын болашықтың теоретигі болып көрінгісі келген Голощекин Қазақстанда 20-жылдардың аяғында-ақ қазақ қайраткерлерін қуғындауға бағытталған «үлкен террорды» бастап кетті. Оған алдымен Алаш қайраткерлері іліксе, олардың соңынан кеңестік жауапты қызметтерді атқарып жүрген «ұлтшылдар», «топшылдар» ілікті. Қайраткер Б.Аралбаев 1928 жылы Қазақ орталық атқару комитетінің хатшылығынан алынып, қазақ өлкелік мемлекеттік банкісі меңгерушісінің орынбасарлығына жіберіледі. Бірақ, қайраткерді қуғындау тоқтамады. 1929 жылдың наурыз айында партия қатарынан шығарылады. Б.Аралбаев 1929 жылы 19 шілде күні Қазақ өлкелік бақылау комиссиясына (көшірмесі БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге) өзінің партия мүшелігін қалпына келтіру жөнінде өтініш жазады. Өзінің өтінішінде партия қатарынан шығарылғанда өзіне қандай айыптар тағылғанын былай деп атап көрсетеді: *«1) Ұзақ уақыт бойы топшылдыққа қатысқаны, 2) Өлкелік бақылау комиссиясына ата-анасының әлеуметтік тегін хабарламау түрінде байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жөніндегі БК(б)П өлкелік бақылау комиссиясының нұсқауын орындамады, 3) Үкіметтің алдына ата-анасын жер аударуды тоқтату жөнінде ұсыныс жасады, 4) Ата-анасымен байланыста болды, оларды қорғаштады және олармен біріккен шаруашылық жүргізді»*. Мәжбүрліктен өз қателіктерін «мойындаған» қайраткер өзіне тағылған айыптауларға байланысты берген жауабында «Қожанов тобына», түркістандық қазақ қайраткерлерінің және Қазақстан оңтүстік бөлігінің Қазақ автономиясына қосылғаннан кейінгі Қазақ қайраткерлерінің арасындағы айтыстарыстың себеп-салдары тоқталумен қатар, өзінің шығу тегі мен ата-анасымен байланысын үзбегендігі жөнінде: *«Менің барлық қайғым, өз қолыммен әкемнің шаруашылығын, тұрмысын талқандай алмағанымда болып отыр. Мен партия мүшесі және жауапты қызметкер Аралбаев феодалдық-патриархалдық тәртіпке тән жағдайда, бұған*

қосымша әлі кеңестенбеген рудың билеуші тобының өкілі Аралбаевтың баласы боламын. Негізгі қарама-қайшылық осында. Тағы да мойындаймын, мен ауылда және әкеммен революциялық жұмыс жүргізіп, ондағы қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құрып, сол негізде әкемді төңірегіне ықпал жасау мүмкіндіктерінен біржола айырудың орнына сол ортадан қашқан адамға ұқсаймын» деп, сол кезеңдегі таптық тар заманның қыспағына түскенін және өз әкесін кеңестік қоғамдық құрылысқа тарта алмағанын ашына жазады [13]. «Топшылдыққа» қатысқан, «ауытқушылық» қателіктерге ұрынған, өз «кінәсін» мойындаған Б.Аралбаев өндірістік бастауыш партия ұйымының сұрауы бойынша партия қатарына қайта қабылданған. Бірақ, бұл уақытта ғана тыныштық болды.

Қайраткер Б.Аралбаев 1933 жылы қараша айында Ақтөбе облыстық мемлекеттік банкісінің меңгерушісі болып қызмет етіп жүрген кезінде тұтқынға алынады. 1934 жылы 29 наурыз күні *«Революцияға қарсы ұлтшылдық ұйымға белсене қатысқан»* деген жалған айып тағылып, РКФСР қылмыстық кодексінің 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға бас бостандығынан айрылады. Әуелі Карлагта, кейіннен Мордова жеріндегі Тамлагта жазасын өтейді.

Қайраткер Б.Аралбаев 1945 жылы жазасын өтеп елге оралады. Бірақ қазақстандық жазалаушы органдар оған өз елінде тұруға рұқсат бермеді. Қайраткердің басынан кешкен сол кезеңдегі оқиғалар жөнінде оның асыл жары Сайыпжамал апамыз естелігінде былай деген еді: *«Соғыс біткен жылдың жазында Бекайдар мерзімі бітіп, елге оралды. Қазақстанда тұруға рұқсат болмаған соң Өзбекстанға бардық. Онда көз көрген, қызметтес болған жолдастары әртүрлі лауазымды қызметтер ұсынып еді, ешқайсысына да бармады. Ташкенттегі Шыназ ауданында ферма меңгерушісі болып жүргенде 1949 жылы қаңтар айында бірден ұстап алып кетті. Хабарын білейін деп аудандық ішкі істер бөлімшесіне барсам, ондағылар ештеңе білмейді. Сөйтсек, Қызылордаға алып кеткен екен, іздеп барып жолықтым. Оның «Күтуге үйреніп қалдыңдар ғой, көп кешікпей келермін, балаларға бас-көз бол» деп сеніммен айтқан сөзіне иланып қала бердім»* [14].

Жаза мерзімін толық өтеп, елге оралған Бекайдар Жантөреұлына тағыда қандай айып тағылып еді деген заңды сұрақтың қойылатыны рас. Соғыстан кейінгі жылдары бүкіл Кеңестер одағында Сталиндік қуғын-сүргін қайтадан белең алып, бұл қасіретке айналған үрдіс бүкіл Кеңестер елінің барлық саласын қамтыды. Қоғамдық сананы қатаң бақылауда ұстау, «буржуазиялық-ұлтшылдарды» әшкерелеу және тағы да басқа айдар тағылған жазалау науқаны күшейді. Болмашы әрекеттері үшін «сыныққа сылтау» іздеген «казармалық социализм» елінде мыңдаған адамдар жазықсыз сотталып жатқанда «әйгілі 58-статьяның» бірнеше тармақтары бойынша бұрын сотталған Бекайдар Аралбаев секілді қайраткерлердің ел ішінде тып-тыныш жұмыс істеп жүруі мүмкін емес еді. Оның бұрынғы «қылмысы» қайта көтеріліп, қайтадан екінші рет бұрынғы «қылмысы» үшін КСРО мемлекеттік қауіпсіздігі министрлігі жанындағы ерекше кеңестің шешімімен 1949 жылы тамыз айында сотталады. Қайраткер тұлға 1952 жылы қараша айында Красноярск өлкесі, Енисей ауданы, Хахлова лагерінде айдауда жүргенде қайтыс болады.

Бекайдар Аралбаев халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерімен бірге сап түзеп, елімізді ұлттық мемлекетке айналдыру жолында өз халқына үлкен еңбек сіңірді. Бүгінде қайраткер тұлғаның есімі жалпы жұртшылыққа жете таныс емес. Міне сондықтан, қайраткер тұлғаның есімін лайықты ұлықтауға арналған іс-шараларды атқару бүгінгі біздің ұрпаққа аманат.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т, 3437-іс. 75-78-пп.
2. **Тұрсын Х.** Алаш һәм Түркістан. Алматы: Ел-шежіре, 2013-400-б.
3. ҚР ПМ. 811-қор, т-20, 568-іс. 57-59-пп.
4. ҚР ПМ. 811-қор, т-20, 568-іс. 588-591-пп.

5. ҚР ПМ. 811-қор, т-20, 568-іс. 284-288-пп.
6. **Мұқанов С.** Өмір мектебі. Алматы: «Жазушы», 1970. 162-б.
7. Двежение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томах. Алматы: Ел шежіре, 2011. – 407-б.
8. Двежение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томах. Алматы: Ел шежіре, 2011. – 407-б.
9. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 1827-іс. 26-п.
10. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 490-іс. 388-408-пп.
11. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 1129-іс. 117-п.
12. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 1129-іс. 115-п.
13. ҚР ПМ. 141-қор, 1-т., 2409-іс. 8-11-пп.

МҰНАЙШЫ БАЛҒАНЫМ ДОСПАЕВА және оның қазақ мұнайының игерілуіне қосқан үлесі

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов
атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессорының міндетін атқарушы

Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі уақытта мұнай саласы экономиканың ең басты стратегиялық басым бағыты болып келеді. 2019 жылы кеңінен аталып өткен қазақ мұнайының 120 жылдығында мұнай саласының игерілуіне үлес қосқан тұлғалар тарихының зерттелуі маңызды болып табылады. Еліміздің мұнай кеніштері туралы алғаш рет ресейлік ғалымдар зерттеу жүргізді.

Қазақстандық мұнай саласының тарихына қатысты еңбектерді бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Олардың ішінде бірінші кезең – 1917 жылға дейінгі зерттеулер (Л.Шандор, С.Першке, Л.Першке) [1]. Ұлы Отан соғысына дейін жарияланған ғылыми зерттеулер тобын (С.Шарипов, П.В.Оль, Н.А.Толстоногов) екінші кезеңге жатқыза аламыз. Үшінші кезең – Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезден Кеңес Одағы ыдырағанға дейінгі аралықты қамтитын еңбектерді топтастыруға болады. Бұл – жалпы қазақстандық тарих ғылымы саласында танымал тарихшылар қалыптасқан уақыт. XX ғасырдың бірінші жартысындағы мұнай саласындағы кадрлық әлеует мәселесі К.Темірғалиевтің, Ә.Нүсіпбековтың, темір жол жұмысшылары жайында М.Асылбековтың еңбектерінде жазылады [3].

Төртінші кезең – тәуелсіздік жылдарындағы мұнай саласы және оның мамандармен қамтылуы жайындағы зерттеулер. Осы кездегі зерттеулер кеңестік идеология тәртібімен біржақты жүргізілген көзқарастарға жаңаша талдаулар жасалып, заманауи әдіснамалар қолданылуымен ерекшеленеді.

1920-30-шы жылдары басталған индустрияландыру процесі мамандардың, оның ішінде техникалық білімді мамандардың болуын талап етті. Атырау өңірі еліміздің мұнайлы өңірлері болғандықтан мұнай саласының мамандарын дайындауда оқу орнының қажеттілігі күн тәртібіне шығарылды. Осыған орай 1930 жылғы 2 мамырда Гурьевте тау-кен техникумы (қазіргі Саламат Мұқашев атындағы политехникалық колледж) ашылады. Сондай-ақ мұнайшы мамандар фабрика-зауыт мектептерінде де дайындалды.

Атырау мұнайшы әйелдерінің көшбасшылығында тұрған тұлғаның бірі – Балғаным Доспаева.

Ол туралы Атырау облыстық мұрағатында арнайы жеке тектік 193-да 3-тізімдеме 4-іс бар. **1941 жылдың 2 қарашасындағы «Прикаспийская коммуна» газетінде Байшонас кәсіпшілігінен Балғаным Доспаеваның мынадай мақаласы сақталған:** *«На участке, где я работаю, 35 нефтяных скважин. Поэтому я прихожу обычно на вахту за час до начала работы, подробно знакомлюсь с положением своего участка, выясняю, есть ли простаивающие скважины и причины простоя, сколько подъемников работают и что они конкретно делают в данное время. Потом иду принимать вахту. Сразу же, как только вахта принята, делаю все зависящее от меня для того, чтобы пустить простаивающие скважины».*

Когда же нет остановок, я внимательно осматриваю каждую скважину в отдельности, смазываю станки-качалки все полевое движение, произвожу мелкий текущий ремонт и т.д. Особенное внимание уделяю многодебитным скважинам.

Я работаю в нефтяной промышленности уже давно. Поэтому стараюсь все свои знания передать недавно пришедшим на производство рабочим. Я уже обучила несколько операторов, например, тт. Талегенова и Ищанову, они в настоящее время работают самостоятельно. Сейчас обучаю недавно пришедшую в нашу бригаду т. Мухангалиеву, даю обязательство подготовить ее на оператора к XXIV годовщине Октября.

Наша бригада уделяет большое внимание подготовке участка к работе в осенне-зимних условиях. Все крупные работы по подготовке к зиме уже закончены – самотечные линии утеплены, сделаны обшивки будок, электромоторов, ремонт насосов и т.д. оставшиеся мелкие недоделки закончим в течение нескольких дней.

Спаянность и дисциплинированность, великое чувство ответственности перед родиной позволили нам значительно перевыполнить октябрьский план. Но мы не успокаиваемся на достигнутом. Я обязуюсь еще много, много нефти для нашей доблестной Красной Армии, для

разгрома фашистской гадины» [4, 3-пп.].

Еңбекте озат Балғаным Нұртасқызы КСРО Жоғары кеңесіне депутат болып сайланады. Гурьев №106 сайлау округының округтық сайлау комиссиясы Балғаным Доспаеваның кандидатурасы Байшонас, Мақат, Доссор, промыслдарындағы мұнайшылардың жалпы жиналысында ұсынылып, сонымен қатар облыстың қолхозшылары, жұмысшылары, интеллигенциясының жиындарында бірауыздан мақұлдағандығын атап өтеді.

Балғаным Доспаева 1898 жылы Гурьев (Атырау) облысының Қызылқоға ауданының 17 ауылында дүниеге келген. Ол өз өмірбаянында шыққан тегі туралы: *«Родилась в семье батрака. Отец всю жизнь работал у феодалов-баев»*, – деп көрсеткен [5, 9-10-пп.].

Балғаным 12 жасқа толғанда ата-анасы дүниеден өтеді. Асыраушысынан айрылған жап-жас қыз еңбекке ерте араласады. Жалдамалы жұмыстарды атқарды. 1930 жылдан бастап Б.Доспаева Ембі мұнай кәсіпшіліктеріндегі Ескене және Доссор кәсіпшіліктерінде еден жуушы болып еңбек жолын бастайды. Одан кейін майшы болып ауысады. Жауапкершілігімен көзге түскен Балғаным өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты атқарып, скважиналардың тоқтаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. 1937 жылы ол Байшонас кәсіпшілігіне ауысып, онда оператордың көмекшісі болады. 1937 жылдың соңына таман операторлыққа ауыстырылады [6, 9-пп.].

1939 жылы ол коммунистік партия қатарына мүшелікке өтеді. Өндірісте жүріп сауат ашып, техминимум курсы бітіріп, мұнай ісін меңгеріп алады. Ұлы Отан соғысы жылдарында оның еңбекке жауапкершілігіне орай басшылық үнемі қиын уәкелерді тапсырып отырған. 1943 жылы бірінші уәкеленің партия ұйымының жетекшісі бола жүріп, мұнай өндіруші жұмысшылар арасында үлкен саяси-қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады.

1943 жылы ол мұнай өндіру мастері қызметіне тағайындалды. Бұл тек Балғанымның жетістігі емес, бүкіл Ембі мұнай саласындағы әйелдердің жетістігі болды. Себебі ол мұнайшы әйелдер арасынан шыққан тұңғыш мұнай ісінің шебері (учаске мастері) болды. Ол тек қана әйелдерден құралған учаске болатын. 1943 жылдан бастап он жыл бойы Балғаным Доспаева Байшонас кәсіпшілігінде өндіріс шебері болып жұмыс жасады. Ол басқарған мұнай өндірушілер ұжымы әрқашан берілген жоспарды артығымен 100-105 пайызға орындап отырды [5, 10-пп.].

Балғаным Доспаева мұнай өндіру ісімен бірге жастарға кәсіби біліктілік беруде үлкен рөл атқарды. Ол өзі жұмыста жүргендегі өндірістік тәжірибесін жастарға үйретіп, ондаған әйелдерге мұнай саласының қыр-сырын үйретті. 1940 жылы үздік жұмысы үшін «Отличник социалистического соревнования Наркомнефти» белгісімен марапатталды.

1941-1945 жылдары 450 әйел мұнайшы мамандығын игеріп алды. 1944 жылы Балғаным Доспаева осындай әйелдерден құралған бригадаға арнайы жіберілген болатын. Кейін ол бригада ең үздіктер қатарына шығып, мұнайшылар мақтанышына айналды. Балғанымның жетістіктеріне мұнай саласының басшылары үнемі құрметпен қарады. Атап айтқанда, «Казахстаннефть» басқармасының еңбек және кадрлар бөлімінің аға инженері Горбунова Балғанымның еңбектегі жеңістерін ризашылықпен айтып, депутаттыққа сәттілік тілеген [7, 16-пп.].

Мұнай өндіру ісіндегі өзінің жұмысын жоғары деңгейде атқарғаны үшін «Еңбек Қызыл Ту»,

«Құрмет Белгісі» ордендерімен және бірнеше медалдармен марапатталады.

Балғаным Доспаева (суретте) КСРО Жоғары Кеңесінің Ұлттар Кеңесінің екінші және үшінші шақырылымының депутаты болып сайланды.



Қоғамдық және депутаттық жұмыстарды атқаруға да жауапкершілікпен қарап, өзіне түскен 200-ден астам арыздар мен өтініштер бойынша тиісті шешімдердің қабылдануына ықпал етті. 1954 жылы оның бастамасымен Байшонас ауылында көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Қоғамдық белсенді Б.Доспаева Мақат аудандық және Гурьев облыстық партия комитеттерінің де мүшелері болып сайланады [5, 10-пп.].

1942 жылғы

«Прикаспийская коммуна» газетінде екінші ақпандағы №24 санында «Нефтяница Балғаным Доспаева» деген мақала жарияланады. Онда мұнайшы әйелдің өмір жолы баяндалған болатын: *«На месте прежних землянок вырос благоустроенный рабочий поселок со школой, гостиницей, детсадом, магазинами. Байчунас стал крупнейшим промыслом объединения «Казахстаннефть». Коллектив нефтяников выдержал с честью экзамен в годы войны, снабжая страну и фронт горючим. Вырос Байчунас. Вместе с ним выросла и Балғаным Доспаева. Первая нефтяница Казахстана, знатная стажовка, мастер по добыче нефти»*.

Свой путь в нефтяной промышленности она начала с уборщицы, промыслового управления. В 32 года Балғаным ликвидировала неграмотность и несколько лет работала масленицей и оператором. На промысле она вступила в партию. Зимой 1944 года Доспаеву назначили мастером по добыче нефти 5-ый участок, на который ее послали, в то время отставал, не выполнял плана».

Балғаным энергично взялась за дело. Она собрала бригаду из 12 женщин в большинстве своем жен, матерей, сестер нефтяников, ушедших на фронт».

Когда-то отстававший пятый эксплуатационный участок, сейчас лучший на промысле. Он занял первое место в социалистическом соревновании в честь 25-летия Казахской ССР. Досрочно завершил годовую программу, вывел сверх плана тысячу тонн нефти. Начиная с первых дней нового года участок Доспаевой непрерывно повышает темпы добычи нефти, систематически перевыполняя задания» [5, 11-12-пп.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесіне депутаттыққа кандидат болғанда ол сайлаушылармен кездесулерінде өзінің еңбек жолы туралы: *«Мені 1944 жылы Байшонастағы тек қана әйелдерден құралған №5 кәсіпшілігіне мастерлікке жіберді. Жұмысымды тиісті дәрежеде орындадым, мұнай өндіру жоспарын артығымен орындап жүрдім»*, – деп атап өтеді [8, 13-пп.].

Балғаным Доспаеваның өз қолымен толтырған жеке іс парағы 1-қосымшада берілген. Байшонос промыслының директоры Бердіғожин мен парторг Қарымбаевтың мұнай өдіру шебері Балғаным Доспаеваға берген мінездемесінде былай делінген: «тов. Доспаева Балғаным Нуртасовна 1898 года рождения, казашка, член КП(б)К с 1939 г. образование – малограмотная, соцпроисхождение из крестьян-бедняков, работает в системе Эмбы с 1939 г. оператором цеха добычи, повышает свою деловую квалификацию, почему была выдвинута с 1944 г. на должность мастера цеха добычи.

За самоотверженный труд и систематическое перевыполнение государственных планов добычи нефти награждена Орденом «Трудового Красного Знамени» и орденом «Знак Почета» и медалями.

За время работы на промысле Байчунаса она проявила инициативу и организаторские способности, добросовестно относится к порученному делу.

Является депутатом Верховного Совета СССР и членом Пленума Макутского РК КП(б)К.

Активно участвует в общественной жизни промысла.

Административных взысканий не имеет» [8,13, 21-пп.].

«Казахстаннефть» бірлестігінің бастығы В.Федоров та өзінің Б.Доспаеваға берген мінездемесінде оның еңбектегі жетістіктеріне баса назар аударыпты [4, 13,7-пп.].

ашылған Қарсақ кәсіпшілігінде ауа райының қолайсыздығын ескеріп, қиыншылықта жұмыс істейтін Қарсақ мұнайшыларының тұрмысын қолдау мақсатында Байшонос поселкесінен қырық үй салдырады.

Жалпы, Ұлы Отан соғысына дейін Ембі кәсіпшіліктерінде 1880 әйел жұмыс жасаса, соғыс жылдарында Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде 5460 әйел жұмыс жасады [11,135]. Олардың қатарында біздің мақаламызға арқау болған мұнайшы Балғаным Доспаева да бар.

Түйіндей келе, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын ұсынамын», – деп айтқанындай [12], туған өлкенің еңбектегі тұлғаларының тарихын зерттеу жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орын алады.

РЕЗЮМЕ

Нефтяная отрасль занимает важное место в экономике Казахстана и является стратегически приоритетным направлением. Немалую роль в развитии данной сферы играли женщины. Приход женщин в нефтяную отрасль начинается в годы Великой Отечественной войны. Среди первых женщин-нефтяников была Балғаным Доспаева, которая начав свой трудовой путь от простого рабочего смогла достичь карьерного роста до начальника.

The oil industry occupies an important place in the economy of Kazakhstan and is a strategically priority area. A major role in the development of this sphere was played by women. The arrival of women in the oil industry begins during the years of World War II. Among the first women oil workers was Balganym Dospaeva, who, starting her career from a simple worker, was able to achieve career growth to the boss.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Нурсултанова Л.Н. История становления и развития нефтяной промышленности дореволюционного Казахстана (конец XIX – начало XX). - Алматы, 2004. - 101 с.
2. Шарилов С. Доссор и национальный вопрос // Кызыл Қазақстан. – 1924. - № 7-9.
3. Темиргалиев К.Е. Борьба за нефть Казахстана (партийное руководство развитием нефтяной промышленности. 1920-1970 гг.). –Алматы-Ата, 1982. - 178 с.; Нусипбеков А.Н. Формирование и развитие Советского рабочего класса в Казахстане (1917-1940 гг.). – Алматы-Ата. 1966. - 243 с.; Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана. – Алматы-Ата. 1981. – 264 с.
4. АОММ. 193-қор, 1-тізім, 3-іс.
5. АОММ 1-қор, 11-іс.
6. АОММ 1-қор, 11-іс, 9-п.
7. АОММ 1-қор, 11-іс, 16-п.
8. АОММ 1-қор, 11-іс, 13-п.
9. Муньянова С. Наркыз. Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші. Атырау. – 2005, 49-51-бб.
10. Бердіғожин Л. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті.-Алматы: «Өлке», 2012.-368.
11. Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші (1945-2005). –Алматы, 2005, -234-б.
12. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. / Егемен Қазақстан, 2017 ж.,12 сәуір; //www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynynbolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Личный листок по учету кадров

Фамилия Доспаева Имя Балғаным Отчество Нуртасовна

1. Пол Жен. Год и мес. рождения 1898 г. 10 м. 4. Место рождения Сурейское

а) по существующему и по прошлому образованию Класс. Вранжеский р.к. 1917

б) по существующему и по прошлому образованию Класс. Вранжеский р.к. 1917

6. по существующему и по прошлому образованию Класс. Вранжеский р.к. 1917

а) Национальность Казашка б) Социальное происхождение Крестьян-бедняк

а) бывшее сословие (звание) родителей Крестьян-бедняк

б) бывшее сословие (звание) родителей Крестьян-бедняк

7. Основная профессия (наименование) Работник 8. Соц. положение Работник 9. Политическая Член КП(б)К

10. Какой организацией прием в члены ВКП(б) Членской ячейки 11. Партия 11. 1939 12. № партийного 01938760 или членского 1938760

13. Откуда пребывание в ВЛКСМ с 11. 1939 по 11. 1939 14. Состоял ли в других партиях (каких, где, в какое время)

15. Был ли кандидатом в члены партии и участвовал ли в оппозициях (каких, когда)

16. Членом какой профессии состоит и с какого года Членом

17. Образование Членом

Наименование учебного заведения (вуз, вуза, техникума, школы, школы и техникума и т.д.)	Наименование факультета или отделения	Дата (м-н, год) поступления	Дата окончания	Окончил ли	Если не окончил, с какой целью курс	Какая (какие) специальность (специальности) получена и в каком учебном заведении
<u>Сурейское</u>	<u>Класс. Вранжеский р.к.</u>	<u>1917</u>	<u>1917</u>	<u>Нет</u>	<u>Нет</u>	<u>Безсодерж.</u>
<u>Машин. добор.</u>	<u>Видеон</u>	<u>1935</u>	<u>1936</u>	<u>Нет</u>	<u>Нет</u>	<u>Машин. добор.</u>
<u>гор. 1935</u>	<u>гор. 1935</u>	<u>1935</u>	<u>1935</u>	<u>Нет</u>	<u>Нет</u>	<u>Машин. добор.</u>

Ученая степень, звание Член 18. Имел ли научные труды, изобретения (перечень научных трудов и изобретений, с указанием, по каким вопросам и где опубликованы, необходимо дать в приложениях).

Был ли за границей (включая службу в Красной Армии) Член

Год, м-н, год	В какой стране (указать город)	Цель пребывания за границей
<u>1935</u>	<u>Машин. добор.</u>	<u>Машин. добор.</u>

Б.Доспаеваның жеке іс қағазы

Депутат кезінде Гурьевтегі мұнайшылар ауруханасы, кәсіпшіліктері поселкесінде аурухана, емхана, мектеп үйі салынуына ықпал етті. Жаңадан

ИСТОРИЯ ПЕРЕДАЧИ КУСТАНАЙСКОГО УЕЗДА В КИРКРАЙ

Жангелді ШАУКЕНОВ,
кандидат исторических наук, доцент,
Костанайский государственный
университет имени А.Байтурсынова

Перипетии гражданской войны привели к тому, что уезд, входивший до революции в Тургайскую область, оказался после возвращения его из «колчакии» в советскую Россию в составе «сибревкомовской Сибири». Именно в новой, образованной в сентябре 1919 г. Челябинской губернии (в Российской империи Челябинск являлся уездным центром на Южном Урале).

Во исполнение ленинской директивы освободить к зиме 1919-1920 гг. не только Урал, но и Сибирь, командующий Восточным фронтом М.В.Фрунзе 26 июля 1919 г. отдал приказ о широком наступлении с целью выхода красноармейских частей на реку Тобол полосой от Тобольска до Кустаная. В ходе успешной операции Кустанай 19 августа становится советским. Власть в уезде принадлежит созданному в конце месяца уревкому.

Логика административного подчинения Кустанайского уезда Челябинску проста. В Кустанай доходит единственная железнодорожная ветка от Челябинска. В последнем как раз только что создан походный Сибревком. В его задачу входит первоочередное - отвоевать у Колчака Сибирь. У Челябинского губревкома забота - с помощью армейских политорганов утвердить в освобожденных от белых уездах систему местных ревкомов, от уездных до сельских. В том числе и в местностях, заселенных аборигенами-башкирами, татарами, казахами.

Если управление огромным по величине (крупнее ряда европейских государств) уездом из Челябинска в условиях гражданской войны сложное дело, то из Оренбурга оно вообще нереально. Однако там смотрят и действуют на перспективу. Ведь главная цель Кирвоенревкома - собирание киргизских (казахских) земель в Киркрай. 13 сентября председатель Кирвоенревкома С.С.Пестковский телеграфирует В.И.Ленину протест против причисления Кустанайского уезда к Челябинской губернии. Напоминая, что по положению от 10 июля в подчинение Кирвоенревкома должны войти еще не отвоеванные у белых Акмолинская и Семипалатинская области, Пестковский требует передачи Киркраю освобожденной на востоке части его. Обоснование: *«Кустанайский уезд представляет собой киргизскую территорию с вкрапленными в нее переселенческими участками и составляет неотъемлемую часть Киргизского края, ибо он в бытовом и экономическом отношении очень тесно связан не только с другими уездами Тургайской области, но и с уездами Казалинским и Перовским Сыр-Дарьинской области»* [1]. В следующей телеграмме С.С.Пестковский просил председателя Совнаркома ускорить путем соответствующего распоряжения переподчинение Кустанайского уезда Кирвоенревкому [2]. Очевидно, в связи с положением на Восточном фронте вопрос об уезде не стали решать на правительственном уровне в Москве, не дали каких-то указаний председателю Сибревкома или Челябинскому губревкому.

Параллельно с обращением в столицу Кирвоенревком предпринял и другие меры по включению в Киркрай уезда из бывшей Тургайской области.

В кустанайские степи послали своих представителей во главе с А.Т.Джангильдиным. Миссия посланцев - помощь Красной Армии путем привлечения на ее сторону казахов-джигитов, а заодно «подготовка населения к организации советской власти и автономии Киргизского края». Хороший, а в глубинных казахских районах прямо-таки превосходный организатор и агитатор Алиби Джангильдин много содействовал разложению алашских отрядов, переходу джигитов на советскую сторону. Деятельность известного в казахских аулах как доверенного лично красного вождя Ленина, чрезвычайного комиссара Степного края на Кустанайщине растянулась по продолжительности почти на полгода - с августа по декабрь 1919 г. и всегда сторонниками советской власти расценивалась очень высоко [3]. В казахской среде лозунг объединения казахского населения из всех областей, населенных ими, оказался весьма популярным. А у командования 35-й стрелковой дивизии, помимо получения помощи с военной стороны, снимались многие заботы по возложенной на него обязанности заниматься советским строительством. Понятно, как трудно было последнее в южной части уезда, где преобладание казахов среди национальностей оказывалось подавляющим, а о контактах без переводчиков нечего было и думать.

Когда к концу августа советская власть распространилась к югу от Кустаная, захватив частично чисто казахские волости, и предстояло создать уездный ревком, этого не смогли сделать. Пришлось превращать Кустанайский городской ревком в уездно-городской. Назначенные командованием членами первого политработники дивизии, спустя декаду, вместе с трудом подысканными грамотными, способными к руководящей работе местными коммунистами, составили и второй. Сложно было создавать из-за отсутствия грамотных людей «для технической работы» волостные и сельские ревкомы в местностях, населенных русскими и украинцами. Многократно сложнее обстояло дело с этим в «киргизских степных частях уезда». Крупнейшая заслуга Джангильдина, других посланцев Кирвоенревкома в том, что уже с начала сентября создаются первые аулревкомы в Куяндинской, Кеньаральской, Убаганской и других волостях. Председатель уездно-городского ревкома В.Ф.Дружницкий несколько раз ставил центральным вопросом заседаний доклады Джангильдина. Всегда и во всем поддерживал его, так как был убежден, что они дополняют друг друга и по линии борьбы с вооруженным противником - колчаковцами-алашордынцами, и по не менее важной - советскому строительству. И именно так, как того ждет от боевых товарищей по делу высшая советская власть, Москва. В национальном вопросе главенство отдавалось Джангильдину. Протоколы заседаний угорревкома передают атмосферу работы «локооть к локтю».

Например: *«Заслушан доклад члена Ревкома Степного края т. Джангильдина о политической работе Тургайской области... т.Джангильдин сообщает о политике Центрального Советского пра-*

вительства по отношению к среднему крестьянству, о выработанном Советом Народных Комиссаров положении, по которому области Акмолинская, Семипалатинская, Уральская и Тургайская становятся Автономной республикой во главе с Ревкомом Степного края» [4]. Дружницкий же зачитывает на заседаниях, на собраниях «Временное положение о Революционном комитете по управлению Киргизским краем» [5]. Председатель угорревкома был несказанно рад передать любые вопросы о казахах на разрешение представителям Кирвоенревкома (Бахиджан Каратаев и др.), а особенно большевику с дореволюционным партстажем, человеку близкому к самому Ленину.

В Кустанайском уезде, когда в нем была восстановлена советская власть, насчитывалось «19 районов: 14 русских и 5 киргизских». В районах было 3-5 волостей в их старых, дореволюционных административных границах. О казахских волостях можно судить по средней из них: Аман-Карагайская – 12 аулов, 16 тыс. человек населения [6].

Первый Кустанайский уездный съезд советов проходил 12-18 января 1920 г. В числе 298 делегатов были представители 17-ти казахских волостей. При явном преобладании русских и украинцев постановка вопроса о переходе уезда в Киркрай была нелепицей. Русское население смежных районов Киркрая добивалось противоположного, уйти из него в Сибиревкомскую Сибирь.

Со своей стороны, казахи из Оренбурга также обращаются к высшему руководству РСФСР с просьбами скорее передать им Кустанайский уезд. Казахское руководство обращается и в Сибревком, настойчиво добиваясь передачи Кустанайского уезда в Киркрай. Вхождение Кустанайского уезда в Челябинскую губернию отнюдь не препятствует прикочевкам сюда казахам извне. А.Байтурсинов и М.Сералин добивались создания в Кустанайском уезде особого «киргизского уездного ревкома». Челябинцы отвергли предложение: будет губительное двоевластие. Так как по ряду вопросов компромисса достичь не удалось, решили, что спорные нынешние и возможные будущие должны разрешаться Москвой [7].

Высшим центральным государственным органам остается лишь законодательно утвердить результаты договоренности и границы между краем, который вскоре должен стать автономной советской социалистической республикой «Киргизстан», и РСФСР. И вдруг на пути создания национальной КАССР начинаются конфликты, а миссия арбитра перекладывается на Москву. Причем Кирвоенревком ведет себя наступательно, ссылаясь на порученное ему по «Положению» от 10 июля 1919 г., на волеизъявление казахского населения тех или иных местностей «сибревкомской Сибири». А впоследствии, зачастую территориальные претензии Оренбурга встречают довольно-таки серьезное сопротивление.

Мартовские 1920 г., мягко говоря, «трения» на совещаниях в Челябинске сказываются и на стоящем над ним Омске, и на подчиненном Кустаная. И.Н.Смирнов, проводя линию на отмежевание Челябинской губернии от «сибревкомской Сибири», - третейский судья в Пользу Кирвоенревкома, но на Челябинский губревком «не давит». Предпочитает, чтобы разбирали споры, в первую очередь территориальные, Москва. В уездном же центре властям приходится «включаться в борьбу», решая свои насущные проблемы. Так, 9 апреля Кустанайский уисполком ликвидировал особо существующий со времени создания его Алибием Джангильдиным «киргизский» военкомат [8]. Дублирование местных органов военного ведомства

мешало призывной и другой работе.

В «киргизских волостях» и отдельных аулах ведется усиленная агитация за переход в Киркрай. К лету 1920 г. с собранными наказами и полномочием от казахского населения Ильдес Омаров, получив дополнительно в Оренбурге мандат Кирвоенревкома, отправляется в Москву ходатайствовать о передаче Кустанайского уезда из Челябинской губернии в Киркрай [9]. В столице 28 июня подает в НКВД подготовленное в Оренбурге обстоятельное заявление и документы-приложения [10].

Доводы, которые приводились Кирвоенревкомом в пользу передачи в Киркрай Кустанайского уезда: переселенцы господствовали над «киргизами», с таким мировоззрением в одночасье не покончить, советская власть стремится избавить всех, в том числе тех, кого раньше зачисляли в «инородцы», от любого гнета. В Киркрае, в будущем автономной республике «Киргизстан» легче будет положить конец эксплуататорским тенденциям крестьян-переселенцев. Заявлялось, что «Кустанайский уезд в административном отношении не должен быть отделяем от остальной части Киркрая». Равно недопустимо, оставив в России хорошие земли, вытеснить казахов в пески. Кустанайский уезд не должен быть расчленен, но целиком передан в Киркрай [11].

Очередное разбирательство в Москве привело к сильному нажиму на Челябинск отказаться от позиции сохранить за собой русские районы Кустанайского уезда. По постановлению Челябинского губисполкома 16 сентября 1920 г. уезд целиком передается в Киркрай [12].

ТҮЙІН

Автор көрсетілген жұмыста мұрағаттар деректеріне сүйене отырып Қостанай уезін Киркрайға беру мәселесін зерттеуге тырысқан. Қостанай уезін Киркрайға беру мәселесінде Кирвоенревком мен Сибревкомның пікірталастары мен даулары қарастырылады.

Кілт сөздер: азаматтық соғыс, Торғай облысы, Қостанай уезі, Кирвоенревком, Челябинск губерниясы, А.Байтурсинов, М.Сералин, А.Джангильдин.

In this work the author based on archival materials explores the issue of transfer of Kustanay district to Kyrgyz region. It also examines the debates and arguments of Kyrgyz region military revolutionary committee and Siberian revolutionary committee on the issue of the transfer of Kustanay district to Kyrgyz region.

Key words: civil war, Turgay region, Kustanay district, Kyrgyz region military revolutionary committee, Chelyabinsk province, A. Baitursynov, M. Seralin, A. Dzhangildin.

ЛИТЕРАТУРА

1. ГАРФ, ф. Р-130, оп.3, д.597, л.17-18.
2. ГАРФ, ф. Р-130, оп.3, д.597, л.19.
3. Казахстан в огне гражданской войны. Воспоминания участников ВОСР и гражданской войны в Казахстане. – Алма-Ата, 1960. – С.120.
4. ГАРФ, ф. Р-393, оп.13, д.527, л.23.
5. ГАРФ, ф. Р-1, оп.1, д.182, л.11-12.
6. ГАРФ, ф. Р-1, оп.1, д.25, л.33-34.; д.310, л.86.
7. ГАРФ, ф. Р-1, оп.1, д.337, л.112-113; ПЗ-П7; 33-34.; ГАРФ, ф. Р-5677, оп.1, д.283, л.11.
8. ГАРФ, ф. Р-1, оп.1, д.58, л.42.
9. ГАРФ, ф. Р-5677, оп.1, д.284, л.1-2.
10. ГАРФ, ф. Р-5677, оп.1, д.284, л.3-6.
11. ГАРФ, ф. Р-1, оп.1, д.377, л.15.
12. ГАРФ, ф. Р-5677, оп.3, д.284, л.17.

САЛЫҚБАЙ МЕРГЕН ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Ділдәш МҰСТАПАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

1930 жылы ақпан айында болған Созақ көтерілісінің басшыларының бірі, мерген Салықбай Аралбайұлының өнегелі, ерлікке толы, қиындықпен сынаққа толы өмірі жайында ел аузында айтылып, ғалымдар зерттеулерінде, еңбектерінде қамтылған.

Археолог-тарихшы Л.Жукова 2000 ж. Ташкентте жазған мақаласында Хиуа ханының емші дәрігері В.Шумейконың қызы Елена Вадимқызы Шумейконың Су ресурстары мәселесі бойынша Түркістан ауданында 1931 жылы жұмыс жүргізген кезіне қатысты жазған естелігін жариялаған [1,169]. Е.В.Шумейконың әкесі Хиуа ханының сарайында дәрігер болғаны үшін сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған болатын.

Автор XX ғасырдағы тарихи оқиғалардың куәгері ретінде өз естеліктерін 1960-1970 жылдары болашақ ұрпаққа жазып қалдыруды құп көрген. Естелігінің мазмұнына қарағанда В.Шумейконың өз дәуірінің білімі мен тәрбиесін алған, озық ойлы тұлға болғанын байқаймыз. Халық жауының қызы ретінде жоғары білім ала алмай, САГУ-дың қоғамдық ғылымдар факультетінен оқудан шығарылған.

1931 жылы Қазақстанда, Түркістан ауданында қызмет еткен Е.В.Шумейко Созақта 1930 жылы болған көтеріліс, елдің жағдайы, ұжымдастырудың ауыр зардаптары туралы өз естелігінде жазады. 1930 жылдардағы Созақ көтерілісінің шығуы жүз пайыз ұжымдастыруға ұмтылған шолақ белсенділердің, саясаттың нәтижесі екенін айтады. Созақ көтерілісін басу үшін Кеңес үкіметі Түркістанға бронепоезд әкеліп, Ташкент әскери училищесінің курсанттары көтерілісті басуға жіберілді. Түркістанда Қаратаудың көріздік суландырудың иригациялық қайта құру жобасын, таусағызды өсіріп, дамыту саласында жұмыс істеген қызметкер, сол кезеңнің басқа түскен жағдайына сай аштыққа ұшыраған қарапайым елдің аса ауыр жағдайға қарамай көрсеткен таң қалаларлық адалдығына төнті болады [1,169].

Естелік авторына көтерілісті басуға қатысқан, кейін полковник шенін алған әскербасы өзінің басынан өткен оқиғасын баяндаған. **Бұл айтқан оқиға Созақ көтерілісінің бас сардары, ел «Салықбай мерген» деп қадірлеген, көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болған Аралбайұлы Салықбай мергеннің ел аузында сақталған, кейінгі ұрпақ жазып, айтып жүрген оқиғамен сай келеді.**

Е.В.Шумейконың естелігінде: *«Көтерілісті басуға келген әскербасы, полковник Б.Г.-нің айтуынша, қойын-қолтық шайқас қызған шақта бір жігіт оны аттан жұлып алып, өзі мұның атына қарғып мініп тайып тұрған. Кейін мәлім болғанындай, ол жігіт көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болып шыққан. Сөйтіп ол да, көтерілістің басқа көсемдері де құтылып кеткен»*,— деп баяндалса, [1,169], екінші зерттеу деректерде, елдің жадындағы естеліктерде: *«...Салықбай басқарған мергендерді тосқауылға қалдырады. Тосқауыл кезінде Қасым, Бекболат,*

Жанділде, Нұрпейіс, Жәкен, Иса, Сәкен, Әбжаппар сынды мергендер ерлікпен қорғанады. Осы қақтығыста Салықбай да өзінің асқан мергендігін көрсетеді.

Орыс әскерлері Салықбай басқарған мергендердің соңынан қуады. Әсіресе, орыстың бір офицері қуып жақындайды, Салықбайдың аты шаба алмай қалады. Жолдастары өздерінің атына мінуін ұсынады, сен құтыл дейді. Бірақ Салықбай оған көнбейді. Салықбай аттың тасасында тұрып асықтастан орыс офицерін атып түсіреді. Орыс офицерінің аты Салықбайдың жанынан өтіп бара жатқан кезде, ол тез жылдамдықпен дұшпанның атына мініп жолдастарына қосылады»,— деп баяндалады [2].

Созақ көтерілісінің бас қаһарманы Салықбай мерген Аралбайұлы батырлығы, ұлтжандылығымен бірге құралайды көзге атқан мергендігі әлі күнге ел аузында. Салықбай мерген 1890 жылы Сарыарқаның төсінде жатқан Жетіқоңырда дүниеге келген [2].

Ол – Созақ көтерілісінің бас сардары болған атақты мерген. Табиғатынан дала перзенттері қырандыкіндей өткір көзді, құралайды көзге атқан мергендіктерімен әйгілі болған. Аң аулау, аңшылық әскери дайындықтың бір бөлігі, өмір сүру салтының негізі болды. Созақ көтерілісінің таңдаулы, әрі тұғырлы тұлғаларының бірі Салықбай әрі «көзмерген» әрі «қолмерген» болған. Яғни көздеп те, көздемей де ата берген.

Ол 1930 жылдың 5-16 ақпанындағы «Ақ жалау қозғалысы», «Ақ қалпақтар көтерілісі», «Аллаһу» деп аталған Созақ көтерілісіне қатысып, ұлт азаттығы үшін күрескен, сарбаздарды басқарған. Салықбай мерген өзінің батырлығымен, ұлтжандылығымен, құралайды көзге атқан мергендігімен аты аңызға айналған.

Ресей империясы Қаратау қойнауында қорғасын, күміс кендерінің көп екендігінен ертеден хабардар еді. 1697 ж. С.Ремезовтың «Сібірдің сызба кітабындағы» картасында Сырдария және Шу өзендері аралығында орналасқан елді мекендердің ішінде Қарнақ және Созақ қалалары көрсетілген. Бұл жерлердегі тауда қорғасын балқытылатыны айтылады. Сол кезде Түркістан маңында қорғасын кендері өте көп болған. Өте бай кен орындары орта ғасырларда нақты түрде даму үшін жүйелі қолданыла қоймады.

Қазақстан Ресейге қараған соң Қаратау кен орындарына ғылыми сипаттамалар беріле бастады. 1865 жылы Қарнақ ауылында болған тау инженері А.С.Татаринов бұл жерлерде қорғасынды балқытудың болғанын, бай рудалар өңделгенін айтады [3]. Ресей империясы, патша үкіметі жергілікті халыққа қатаң түрде қорғасын өндіріп, өңдеуге тыйым салған және оны сатуды әскери контрабанда ретінде жариялаған [3]. Осындай жағдайға қарамастан, ел қолдан қорғасыннан оқ-дәрі жасады. Салықбай мерген де Қаратау қойнауының қорғасынынан оқ-дәрі жасауды білген. Озбырлық пен әділетсіздікке

қарсы күресте мерген ерекше ерліктер көрсетті. **Көтерілісті басуға Қаратаудағы Түркістаннан келетін әскерден негізгі асуды бақылау тапсырылады. Көтерілісшілерді басуға келген топпен Балықшы асуында кездесіп, Салықбай сардардың мергендері жеңеді** [4].

Салықбай мерген жайлы ауызша деректердің бірі қысқаша былай баяндалады. Көтерілісшілер Созақты алғаннан кейін Түркістан бағытына аттанады. Қаратаудың Суындық асуына келгенде олар қызылдардың Исаев, Поляков, Малышев күштерімен қақтығысып қалады. Сұлтанбек ханның сарбаздары Созаққа қарай шегінуге мәжбүр болады. Осы тұста шегінуді қамтамасыз ету үшін Салықбай өзінің мергендерімен тосқауыл жасап, асуда қалады. Тапсырма орындалғаннан кейін мерген серіктерімен қаша ұрыс салып, кері шегінеді. Салықбай аттың екі қапталына алма-кезек жантая атысып, қуғыншыларды біраз шығынға ұшыратады. Осы кезде Салықбайдың мінген аты аяқтан қалып, шабысы баяулайды. **Серіктері Салықбайға “Сен танымал адамсың, қашып құтыл” деп аттарын ұсынады. Бірақ, мерген оған келіспейді. Өзін сабырға жеңдірген батыр соңынан қапталдасып шауып келе жатқан жаудың бірін атып түсіреді. Иесі аударылып түсіп бос қалған атқа қарғып мініп, серіктерін қуып жетеді.**» [2].

Көтеріліс басылып, Салықбайдың мергендерін солдаттар ұстап алып, түрмеге айдайды. Мерген де он жылға сотталып, Беломор-Балтық каналын салуға қатысады. Ол жерде елге көмегі тиіп, аң аулап, оларды аштықтан сақтайды. Барлығы мергенді құрмет тұтып, қадірлеген. «Беломор-Балтық каналының құрметті құрылысшысы» деген атақ беріп, мерзімінен бұрын 1935 жылы еліне қайтады [4;5]. Алайда осыған да қарамастан, шолақ белсенділер оны «мерген болған» деп, қайта ұстап әкетеді. Салықбай мергенді көргендер өмірінің соңғы кезеңінің қалайша болғандығы туралы деректерінде *«Бойы ортадан жоғары, мығым денелі кісі екен»*, – дейді.

1930 жылдың, одан соңғы қалыптасқан қазақ жеріндегі жағдайды баяндаған, көзбен көріп, хатқа түсірген естелік пен елдің жадында сақталып, ғалымдар зерделеген Созақ көтерілісі, оған қатысқан адамдардың естелігі, Салықбай мерген туралы айтылған қос деректер бір-біріне сәйкес келеді. Көтеріліске қатысқан қазақтарды «ақ қалпақтылар» деп атаған. Көтерілісті басуға ат сүйреткен зеңбіректер, пулеметтер молынан қолданылды.

Аталған Елена Шумейконың естелігінде қолдарында қаруы болмаған көтерілісшілердің пулемет оғына ұшқаны баяндалады. Ауылдан ауылға жұмыс бабымен барған Е.Шумейкодан *«Ақ қалпақтан қорықпайсың ба?»* деп сұраған. Ал сол кездегі ауылдың жағдайын көрген маман *«барлық барған жерде маған ешкім дұшпанға қарағандай қараған жоқ»*, – деп жазады [1,170]. 1931 жылы аудан орталығы Түркістанда болған Е.В.Шумейко Созақ көтерілісі туралы деректер келтіре отырып, көтерілістің, жалпы ұжымдастырудың нәтижесі туралы өз дәуірінің естеліктерін болашаққа жазып қалдырды. Сол кездегі жүргізілген қызыл саясаттың жемісі ашаршылыққа ұласқаны баяндалады.

Елдің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы, өмір сүру жүйесін бұзып, асыра сілтеудің ащы қасіретін айтады [1,171]. Естелікте автор айналада соншалықты аштық болса

да жоқшылықтың азабын, аштықтың қасіретін тартса да заттардың жоғалмайтынын таңдана жазады. Түркістан ауданындағы Жүйнек, Серт ауылдары, арық ақсақалдары, арық, су бөліктері, бұлақтар туралы деректерді баяндайды.

Аштық жайлап, өлген адамдар көшелерде жатып, оларды жинауға арбалар жетпеген. Ел босып кеткен. Қарттар өздерінің туған жерлерін тастап ешқайда кетпеген. Олардың бәрі бір сәкінің үстінде, немесе киіз үйге жиналып алып, алқа қотан отырып, әл-қуаттары кеткенше «теңселе отырып, бірдеңені айтып, кейін үнсіз өле берген». Бұл туралы Е.В.Шумейко естелігінде: *«Они собирались в какой-нибудь сакле или юрте, и пока хватало сил, что-то пели, раскачиваясь, затем тихо умирали. Так и находили десятки трупов, то в юрте, то в сакле»*, – деп жазады [1,170]. Елдің қасіретін жан жүрегімен қабылдаған автордың бұл дерегі Алланы еске алып, зікірін айтып, өлгенше ғибадатын жасаған ақсақал, қарт қазақтардың қандай зұлмат болса да өз діліне, дініне беріктігі еді.

Салықбай мергенді 1937 жылы НКВД-ның бір белсендісі Жеткіншектің Созақ жағындағы сайға апарып атады [4]. Ол осылай әділетсіз, білімсіз, елдің батырының қадіріне жетпеген қанды қолдардың қолынан қаза табады. **Мергеннің өнегелі өмірі, ерлігі ұрпаққа үлгі. Салықбай мерген мен Созақ көтерілісі туралы зерттеуші ғалымдар Сүлеймен Тәбірізұлы, Жарылқасын Боранбай, Өтеш Қырғызбаев, т.б. ғалым, жазушы, ақындар өз зерттеулерінде баяндады, елдің жырларында жырланған.**

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о жизни, героизме и доблести Салыгбай-мергена (прим. стрелок) – одного из предводителей восстания в Сузак в феврале 1930 года, а также приводятся сведения о жизни, тяжелом положении и стойкости духа народа, примечательной жизни мергена и его несправедливой кончине.

The article tells about the life, heroism and valor of SalygbayMergen) - one of the leaders of the Sozak uprising in February 1930, as well as information about the life, plight and fortitude of the people, the remarkable life of Mergen and his unjust death.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Шумейко Е.В.** Воспоминания о поездке в Казахстан. 1931 год. //Культурное наследие Южного Казахстана. Сборник статей посвященный 80-летию Южно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея. -Шымкент, 2002. -189 с.
2. **Сүлеймен Тәбірізұлы.** Созақ көтерілісінің сардары – Салықбай мерген/<https://www.oinet.kz /e/action/ShowInfo.php?classid=36&id=5302>.
3. **Найманбаев М.** Ачисай-первенец металлургии Южного Казахстана// «История цветной металлургии Казахстана», Алматы, изд-во «Торт Борі», - 563 с.
4. **Қырғызбаев Ө.** Созақ көтерілісі қазақтың бір рухы емес пе еді?// https://vk.com/topic-2909368_23459641
4. **Сүлеймен Тәбірізұлы.** Алаш және Созақ көтерілісі// <https://www.turkystan.kz/article/57906-alash-zh-ne-soza-k-terilis>. 23 Қазан 2008.
5. **Жарылқасын Боранбай.** Мәтінге мән бермей//Ақиқат журналы. 29.03.2013. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=1262>

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТЫЛЫ

Г.БАЙМҰРАТОВА,
З.ТАСТАНОВА,
З.АҚТАМБЕРДИЕВА,
ҚазҰлтАгрУ-дың оқытушылары

Екінші дүние жүзілік соғыс тарихын зерттеу және қорытындылау маңызды ғылыми-теориялық, әскери-саяси, практикалық құндылыққа ие. Бұл мәселенің ажырамас бөлігі фашизмді жеңудің экономикалық әлеуетін, кеңестік тылдың рөлі мен маңызын, соғыс жағдайындағы (1941-1945) барлық компоненттерді құрудағы тарихи тәжірибені зерттеу, сонымен бірге алдыңғы буын тарихшылары жинақтаған ғылыми материалдар мен деректерді, сол кездегі тарихи жағдайлар мен шындықтарды ескерген жағдайда ғана мүмкін болады.

Тарихи зерттеудің объектісі ретінде қазақ тылының өзіндік тарихы бар, бірақ әлі күнге дейін барлық іргелі мәселелер бойынша жалпылама зерттеулер жоқ. Әдетте, қолданыстағы тарихнамалық шығармаларда тек қана белгілі бір тақырып немесе бағыт ұсынылған.

Бірнеше іргелі зерттеулерді салыстыра зерделеу негізінде, Қазақстан тылының құрылуы мен қызмет ету тарихы: өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы туралы тарихи білім жинақтау үдерісін динамикасымен көрсету мүмкін болды. Ғылым және мәдениет, соғыс жағдайындағы кадрлар мен әлеуметтік саясат мәселелерін шешудегі тарихи тәжірибені жинақтауға назар аударылды. Ұлттық тарихнаманың тың ізденістерімен қатар әлсіз жақтары да байқалады. Бұл үрдістер қазіргі тарихи жағдайларға байланысты объективті және субъективті болады.

XX ғасырдың 60-80-жылдарында Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеу, оның себептерін, табиғатын және ең маңызды оқиғаларын зерттеуден бастап, елді бірыңғай әскери лагерьге айналдыруға дейінгі проблемаларды қамтудың қарқындылығымен, кеңдігімен сипатталды.

Қарастырылып отырған кезеңнің көптеген басылымдарда майдандағы және жаулап алынған тылдағы соғыс қимылдарының барысы, КСРО халықтарының фашисттік басқыншыларға қарсы қарулы күресін, әскери саланы ұйымдастыруды және бүкіл халық шаруашылығын әскери жағдайда қайта құрудағы рөлі, елдің рухани өмірі, ғылым мен кеңестік мәдениеттің рөлі сияқты проблемалар көрініс тапты.

Бүкілодақтық тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретіндегі Қазақстан тарихнамасы Ұлы Отан соғысы тарихындағы республиканың орны мен рөліне сәйкес бірдей мәселелерді көрсетті. Республикалық тарихи әдебиеттерде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуының кейбір мәселелерін қарастыруда шектеулілік байқалады. Алайда, Қазақстанның жеңіс арсеналы ретіндегі рөлін, соғыс кезіндегі бүкілодақтық республика экономикасына қосқан үлесін зерттеуде 60-80-жылдары жарық көрген еңбектердің маңызы зор.

Осы жұмыстардың талдауы академик М.Қ.Қозыбаевтың Ұлы Отан соғысы тарихын кезеңдеу мәселесіне ұсынған бағалауының дұрыстығын растайды. Осыған сәйкес, 60-80-жылдардағы проблема тарихнамасын дамытудағы кезең екінші кезеңге – XX сөзден 1991 жылға дейін жатады.

КПСС-ның 20-шы Конгресі белгілі бір догматизмнен

азат ету, дереккөз базасын кеңейту, мұрағат материалдарын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ зерттеу тақырыптары сипатталатын кезеңнің басталуын белгіледі. Барлық жұмыстардың қатаң қабылданған идеологиялық жағдайға жасалғанын атап өту керек. Дегенмен, бұл тарихшыларға Ұлы Отан соғысының тарихы туралы бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуге кедергі келтірмеді, бұл оның барлық мәселелерін объективті түрде көрсетіп берді.

Дәл осы уақытта мұндай күрделі жұмыстар «КСРО тарихы», «Жалпы тарих», «Совет Одағы Коммунистік партиясының бес томдық тарихы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының алты томдық тарихы» және он екі томдық «Екінші дүниежүзілік соғыс 1939-1945 жж.» шығарылымы ретінде шығуы кездейсоқ емес. Тарихи әдебиеттің едәуір бөлігі кеңес тылының және оның әртүрлі аймақтарының қызметін, партияның тылдағы ұйымдастырушылық идеологиялық жұмысын, КСРО халықтарының еңбек ерлігін, соғыс жылдарындағы кеңес зиялыларының жұмысшы табы мен шаруаларының тарихын бейнелейді.

1965 жылы Қазақстанда Жеңістің 20 жылдығына байланысты 8 кітап жарық көрді. Республиканың бүкілодақтық жеңіске қосқан үлесі туралы 24 брошюралар мен журналдарда және республикалық газеттерде 200-ден астам ғылыми мақалалар жарияланды [1].

Бұл басылымдардың сөзсіз құндылығы сол – олар Кеңес Одағының қалыптасуының негізгі заңдылықтарын және Қазақстанның дамуындағы ерекшеліктерін айқындайтын нақты материалды жинақтайды. Көптеген еңбектердің авторлары елді біртұтас әскери қалашыққа айналдырудың, қуатты әскери экономика құрудың күрделі процесін басқарудағы Коммунистік партияның рөлін көрсетеді.

Соғыс кезіндегі Қазақ КСР тарихындағы алғашқы ірі еңбектердің бірі – Г.Әбішевтің докторлық диссертация негізінде жазылған «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан» монографиясы. Әрине, зерттеу осы мәселені шешуде сол жылдардағы ерекшеліктерді сипаттайды – сипаттаушылық, еңбек саласындағы қазақстандықтардың ерлігін көрсетпеу, олардың еңбек және жауынгерлік әрекеттеріне жоқ немесе жоққа шығару. Алайда, бұл жұмыс қазақстандық ғалымдарға республиканың әскери экономикасының мәселелерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретіндігін ескерсек, бұл зерттеудің маңыздылығы даусыз [2].

Сонымен бірге біріктірілген шоғырландырылған жұмыстар пайда болды: «Қазақ КСР тарихы. Социализм дәуірі (1959, 1963, 1967)», «Қазақстан Коммунистік партиясының тарихы туралы очерктер», «Қазақстан халық шаруашылығы тарихындағы очерктер» үшінші томы. 1964 жылы М.Қ.Қозыбаевтың «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан Коммунистік партиясы» атты іргелі еңбегі жарық көрді. Алғаш рет ол Қазақстанның әскери экономикасын құру және қалыптастыру проблемасын жан-жақты зерттеді, осы қайта құруды ұйымдастырудың негізгі формалары мен әдістерін анықтады, соғыс уақытының экономикалық

мәселелерін шешу үшін қалың бұқараның қызметінің негізгі бағыттарын қарастырды.

Зерттеуші «экономиканы әскери түрде қайта құру» және «үйлесімді әскери экономика» терминдерінің тұжырымдамалық мазмұнын жасап, ұсынды. Олардың дамуына жүгіну қажеттілігі «соғыс жылдарындағы КСРО экономикасының дамуын кезеңге келтіру туралы тарихи-экономикалық әдебиеттерде сәйкес-сиздіктер» болғандықтан болды [3].

Осыған байланысты, М.К.Козыбаев, көптеген дерек-көздерді талдауға сүйене отырып, үйлесімді әскери экономиканы құру кең ауқымды процесс болып табылады және ұлттық экономиканы қайта құру ажырамас бөлігі болып табылады және шешуші *«келісілген әскери экономиканы құру хронологиялық тұрғыдан көп уақытты қажет етті»* деп санайды. Соғыс жағдайында экономиканы қайта құрудан гөрі, әскери өндіріс рельстеріне көшу – бұл күрделі процестің бірінші кезеңі, одан әрі өндірістік әлеуетті толық пайдалануды қамтамасыз ету соңғы кезең болып табылады [4].

Осы әзірленген әдістеменің арқасында монографияның авторы мәселенің барлық жақтарын қамтуға, процесті бірлікте практикалық және теориялық шешімдер мен жалпылаудың жиынтығы ретінде көрсете алды.

Бұл кезеңнің ерекшелігі – маңызды өндіріс орындарының, жұмысшылар отрядтарының және республика аймақтарының тарихы бойынша арнайы зерттеулер жасау [5]. Бұл жұмыстар, басқалар сияқты, жаңа мұрағат материалының енгізілуімен, оның тереңдігі мен сауалнамасы арқылы ерекшеленеді. Сонымен бірге соғыс жылдарындағы республика экономикасының күрделі даму процестерін көрсететін авторлар келтірген мәліметтер мен фактілердің нақтылығы назар аудартады.

Сонымен, В.Я.Басиннің «Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның ауыр өнеркәсібі» кітабында эвакуацияланған кәсіпорындармен күшейтілген Қазақстан өнеркәсібін қайта құрылымдаудың талдауы, жаңа өндірістердің құрылуы туралы айтылған, республиканың жұмысшы табының қалыптасу мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған.

Сонымен бірге автор еңбек шығынын азайту кезінде өндірісті ұлғайту жолындағы күресте социалистік бәсекелестіктің рөліне назар аударады. Алайда академик М.К.Козыбаев: *«... социалистік жарыста бір сатыда немесе басқа сатыда әрдайым жаңа бір нәрсе болған ...»*, – дегенді ғана шектеуге болмайды, өйткені кітаптың материалдары және басқа жарияланымдар бізге бәсекенің дамуын кең және терең, еңбекті ұйымдастырудың және өндіріс технологиясының неғұрлым күрделі мәселелері саласында көрсетуге мүмкіндік берді [6].

Сондықтан, М.К.Козыбаевтың *«Кеңес Одағының тарихи әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі социалистік бәсекелестік»* атты еңбегінде көрініс тапқан бұл мәселеге кездейсоқ кездеспегені [7].

Қарастырылып отырған кезеңнің ерекшелігі – колхоздағы шаруа қожалықтары жұмыстарының аздығы тарихы мен Қазақстандағы ауыл шаруашылығының елдің әскери экономикасындағы рөлі туралы. Өнеркәсіп тарихы мен жұмысшы табы туралы жарияланған зерттеулермен салыстырғанда сан жағынан да, ең бастысы, мазмұн жағынан да айтарлықтай артта қалушылық бар.

Бірнеше еңбектерде (мақалалар, жеке монографиялардың бөлімдері) республиканың ауылшаруашылығының жалпы жағдайы мен дамуы туралы мәселелер қарастырылған, сонымен қатар коммунистік партияның бағытына арналған жеке сюжеттер де бар. Әдетте, осы және басқа да мәселелерді қамту белгілі бір схемизммен және архивтік дереккөздердің

аздығымен сипатталады.

Қарастырылып отырған кезеңнің тарихнамалық жағдайында елеулі бетбұрыс 70-ші жылдары орын алды. Толық емес мәліметтерге сүйенсек, 1970 жылы ғана республикада Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан тарихы мен тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі туралы 900-ге жуық кітап, брошюралар, журналдар мен газет мақалалары жарық көрді.

Осы жұмыстардың ішінде «1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» атты 2 томдық деректі жинақ деп атауға болады. Мұнда келтірілген материалдардың едәуір бөлігі соғыс кезіндегі республиканың экономикалық дамуына, жұмысшылар мен шаруалардың жауды жалпы жеңуге қосқан үлесіне арналған [8].

60-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстанның жұмысшы табының тарихына негіз болатын еңбектер пайда болғандығы жоғарыда айтылды. Онда барлық мәселелер қамтылмағандығы анық. Алайда олар мәселе бойынша іргелі зерттеулер жасауға негізін қалады.

70-жылдардың басы соғыс кезіндегі республиканың маңызды салаларын дамыту бойынша зерттеулердің ұлғаюымен сипатталды.

Зерттеу объектілері республиканың жекелеген өңірлері, өндірістік салалар, ірі кәсіпорындар болды [9]. Республикалық және бүкілодақтық сипаттағы мұрағат материалдарын пайдалану Қазақстанның индустриалды даму проблемасын, жұмысшы табының тарихын тереңдетуге мүмкіндік берді, персонализация сияқты мәселенің маңызды аспектісін кеңейтті, бұл қазақстандық тарихнаманың сапалы өзгергенін айғақтайды.

Зерттеу тақырыптарының кеңеюі – индустриалды даму тарихынан бастап әйелдер мен жастардың ұлттық экономикадағы рөлін, азық-түлік қауіпсіздігін, соғыстағы қоғамның өмір сүру жағдайларын көрсету, бұрын зерттелмеген мәселелерді анықтауға, проблеманы тұтастай ғылыми ізденістерін тереңдетуге мүмкіндік берді.

Бұл кезең соғыс жылдарында ауыл шаруашылығының дамуы туралы іргелі зерттеулердің пайда болғанын білдіреді. 1971 жылы Т.Б.Балақаевтың «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның колхоз-шаруалары» атты монографиясы жарық көрді.

Шығарма соғыс жылдарындағы бай статистикалық репортаждар, ақпараттар, үгіт-насихат материалдарына негізделген, бұл авторға соғыстың қиын жылдарындағы ауыл мен селонның күрделі және көп қырлы қызметінің суретін қайта жасауға мүмкіндік берді.

Мұрағаттық материалдарға сүйене отырып, зерттеушілерге ауыл еңбекшілерін еске алу сияқты дерек көздерін тарту арқылы соғыс жылдарындағы өнеркәсіп пен ауылшаруашылық арасындағы экономикалық қатынастарды көрсете білді. Сонымен бірге, негізгі назар Қазақстанның ауылшаруашылық шаруа қожалықтарының ел экономикасын ұйымдастырудағы, майданды қажетті ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлін бағалауға аударылды. Осыған байланысты жұмыс жаппай саяси жұмысты ұйымдастыруға, партиялық ұйымдардың рөліне назар аударады [10].

Кеңес тылының қызметі туралы зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі – фашизмді жеңудегі зиялы қауымның рөлі. Айта кету керек, жалпыұлттық деңгейде бұл проблема бойынша зерттеулер 60-70 жж. қамтиды. Соғыстан кейінгі 20 жылда олар Ұлы Отан соғысының тарихы туралы ғылымның, әдебиеттің, өнердің дамуына арналған жалпы еңбектерде тек тиісті бөлімдерді құрады.

Сондай-ақ, Қазақстанда соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және білім тарихы туралы басылымдардың

көбеюі байқалды. 60-жылдары соғыстың алғашқы кезеңіндегі республиканың ғылыми мекемелерінің қызметі туралы, сонымен бірге эвакуацияланған және жергілікті ғалымдардың республиканың шикізаты мен оның өндірістік қуаттарын қоғамдық қажеттіліктерге жұмылдыруды ұйымдастырудағы бірлескен жұмыстары туралы бірқатар ғылыми мақалалар жарияланды [11]. Айта кету керек, бүкілодақтан айырмашылығы, қарастырылып отырған кезеңнің қазақстандық тарихнамасында монографиялық зерттеулерде айтарлықтай артта қалушылық бар; ғылымның дамуы және оның жетекшілерінің жалпыхалықтық жеңіске қосқан үлесі туралы ғылыми әдебиеттің бұл түрінің болмауы.

Сол жылдары жоғары білім беру тарихы мен орта және арнаулы білім беру жүйелері, соғыс уақытындағы жұмысын қайта құру, жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің формалары мен әдістері туралы еңбектер пайда болды [12].

Бұл мәселенің ажырамас бөлігі соғыс жылдарындағы рухани өмір тарихы мен мәдениеттің дамуы туралы зерттеулер болды. Шығармаларда мәдени және білім беру мекемелерін қайта құру, республиканың өнер және әдебиет өкілдерінің жанрлары мен тақырыптары сияқты мәселелер көрініс тапты. Бұл мәселенің маңызды аспектісі халықтар мен ұлыстардың мәдениетін өзара әсер ету және өзара байыту тарихын қамту болды. Сонымен қатар, көптеген зерттеулерде атап өткендей, бұл эвакуация шаралары нәтижесінде ғана емес, сонымен бірге жауды ортақ жеңіске жету қажеттілігін түсіну арқылы мүмкін болды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ халқының бауырластық көмегі, әскери және еңбек қоғамдастығының нығаюы зерттеу нысаны болды. Бұл зерттеулерде белгілі бір аймақтардағы халықтарды қазақстандықтар тарапынан қолдау, елдің босатылған аймақтарына көмек көрсету сияқты мәселелер көрініс тапты [13]. Бұл мәселені зерттеуге үлес қосқан Т.Б. Балакаевтың, К.С. Алдажуманованың «Қазақстанның еңбекшілері майданға» атты еңбегін атауға болады.

60-80-жылдардағы тарихнамалық жағдайдағы елеулі құбылыс жекелеген аймақтардың, облыстардың, республика қалаларының және жергілікті партиялық ұйымдардың тарихын зерттеді. Осы жұмыстардың арқасында бүкіл халықтың жан-жақты қызметі, олардың фашизмге қатысты ортақ жеңісіндегі рөлі толығырақ көрсетілген.

60-80-жылдардағы әдебиеттерге қысқаша шолу ғылыми зерттеулердің айтарлықтай деңгейін, бастапқы қордың байытылғандығын, талдау тереңдігі мен жалпыланғанын көрсетеді. Сонымен бірге, жалпы әлеуметтік-саяси және идеологиялық жағдайды ескере отырып, соғыс жылдарындағы қазақ тылының тарихына қатысты жеке әңгімелерді басу, материалды ұсынуда белгілі бір схематизмді байқамау мүмкін емес.

РЕЗЮМЕ

В статье дается историографический обзор научной литературы 60-80-х годов XX века, посвященных проблемам Казахстана того времени.

The role of historiography is undoubted in that. The historiographical review of scientific literature of the 60-80s of the XX century devoted to problems of the Kazakhstan home front is given in this article.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М.К. Қазақстан ғасыр тоғысында: көріністер мен іздеулер. 2. А., 2000, 226-бет.
2. Абишев Г. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы

Қазақстан. А-Ата, 1958 жыл.

3. Қозыбаев М.К. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан Комм/тік партиясы (1941-1945).-А., 1964. Б.34.

4. Сонда. 36-бет.

5. Ахметов А. Р., Кузьмин - Сакс М., Рахимов А. Совет Қазақстанның кәсіподақтары. М., 1961; Ахметов А.Р., Байшин А.А., Рахимов А. Қазақстанның жұмысшы табының даңқты жолы. А-Ата, 1960; Бассейн В.Я. Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның ауыр өнеркәсібі (Коммунистік партияның республиканың ауыр өнеркәсібін дамыту жолындағы күресі туралы тарихи эссе). А-Ата, 1965; Файн Л.Е. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның мұнай саласын дамытудың кейбір мәселелері // Әлеуметтік ғылымдар. А-Ата, 1965, VII шығарылым; Байшин А.А., Покровский С.Н. Соғыс кезіндегі жұмысшылардың, колхозшылар мен Қазақстанның зиялы қауымының еңбек қанаулары. // Қазақ КСР Ғылым академиясының еңбектері. Сер. қоғамдар. Ғылым. 1965. 4-шығарылым; Едігенов Н. Алматы жұмысшыларының Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері // Тарих, археология және этнография институтының еңбектері. Қазақ КСР Ғылым академиясы, А-1960, т.б.

6. Қозыбаев М.К. Қазақстан ғасыр тоғысында: көріністер мен іздеулер. Ханзада 2. А., 2000, 229-бет.

7. Ұлы Отан соғысының тарихнамасы. Жинақ. М., 1980.

8. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан 1941-1945 жж. А-Ата. 1964.1968. 1-2 т.

9. Шаймұханов Д. Қара металлургия: (Қазақстандағы қара металлургияның қалыптасуы мен дамуының тарихи құрылымы) А-Ата. 1966; Досқалиев П. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Ембі мұнайының өндірісін арттыру жолындағы коммунистер. // Әлеуметтік ғылымдар. А-Ата. 1970; Соловьев А.В. Қазақстанның түсті металлургиясы А-Ата. 1974; Едігенов І. Алма-Ата Ұлы Отан соғысы жылдарында. А-Ата. 1970; Меликова Р. Балқаш коммунистері Ұлы Отан соғысы жылдарындағы социалистік жарыстың жетекшісі. // Қазақстан Компартиясы тарихының мәселелері. А-Ата. 1976. Шығарма 12; Нұрмұхамедов С. Ұлы Отан соғысы кезіндегі АЗТМ ұжымының еңбек ерлігі және т.б.

10. Балакаев Т.Б. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның колхоз-шаруалары. А-Ата, 1971.

11. Қалшабеков А. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарындағы Қазақстан ғылымы // Әлеуметтік ғылымдар. Магистранттар мен ізденушілердің мақалалары. А-Ата. 1963. 3-басылым; Қозыбаев М.Қ. «КСРО Ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның қорғаныстық қажеттіліктерге жұмылдыру жөніндегі комиссиясы» қызметінің тарихынан // Қазақ КСР Ғылым академиясының жаңалықтары. Сер. Тарих, археология және этнография. 1962. Шығарма 1; Едігенов Н. Фашистік Германияны жеңу үшін Қазақстан ресурстарын жұмылдыруға республика ғалымдарының қосқан үлесі // Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабаршысы. Сер. Қоғамдар. 1965. Шығарылым. 4; Есенов Ш. Қазақстан ғылымдарының көкжиегі // Қазан және Қазақстан ғылымы. А-Ата. 1967; Едігенов Н., Сүлейменов Р.Б. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдениеті мен ғылымы. // Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан. Эссе. А-Ата. 1968.

12. Шарипов А. 40 жылдағы Қазақстандағы халық ағарту ісі. А-Ата. 1960; Сембаев А.И. Қазақстандағы кеңестік мектептің даму тарихы. А-Ата. 1962; Итбаев Н.М. Ұлы Отан соғысы кезіндегі жалпыға бірдей білім беру мәселелері (1941-1945 жж.) // Әлеуметтік ғылымдар. Педагогика және психология. А-Ата. 1967, 5-шығарылым; Жаманбаев К. Ұлы Отан соғысына Қазақстан ЖОО студенттері мен оқытушыларының қатысуы. // Әлеуметтік ғылымдар. А-Ата. 1969. Шығарма 1; Қозыбаев М.К., Итбаев Н. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның оқышылары мен студенттеріне коммунистік тәрбие // Қазақстан Компартиясы тарихының мәселелері. А-Ата. 1969. 6-шығарылым.

13. Белан П.С., Едігенов Н. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Достастық үшін күрес. // Бауырлас республикалардың бұзылмайтын Одағы құрамындағы Қазақстан. А-Ата. 1972. Қозыбаев М.К., Кумашев Г.А. Бауырлас халықтардың біртұтас жүйесінде. А-Ата. 1980 және т.б.

ҚАЗАҚ БАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІБІНЕ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ

Болат НЫҒМЕТОВ,
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және
газ университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері кенже дамып келе жатқан саламыз балық шаруашылығы десек, артық айтпағанымыз. Қазақстанда балықты су айдындары жеткілікті. Олар – Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі, Арал, Балқаш, Алакөл бассейндері, Бұқтырма, Шардара, Көксарай, Қапшағай су қоймалары. Сонымен қатар, Орал, Сырдария, Ертіс өзендері мен оның бойында орналасқан көптеген көлдерден мол балық ауланады. Балық шаруашылығы Кеңес Одағы кезінде жақсы дамып, ірі балық аулау, өңдеу кемелерімен, моторлы қайықтармен жарақталса, бассейн жағалауларында ірі балық өңдеу комбинаттары мен зауыттар жұмыс істеп, оларда жоғары сапалы өнімдер мен консервілер, ысталған, қатырылған, кептірілген балық өнімдері еліміздің түкпір-түкпіріне жөнелтіліп жатты. Ол кезеңде елімізде өзен-көлдер мен тоған шаруашылықтары көптеген облыстарда ұйымдастырылып, халықты балықтың сан түрімен қамтамасыз етті. Әрине, елімізде балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамуда, бірақ та мемлекет тарапынан қолдау қажет етеді. Осы салаға тиесілі даму тарихына үңіліп, жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді саралап көрелік.

Өткен ғасырда Кеңес үкіметі балық өнеркәсібіне қажетті мамандардың тапшылығын ескере отырып, шаруашылыққа кәсіби мамандарды дайындау ісін назарында ұстады. Өйткені, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында экономикамыздың маңызды саласы балық өнеркәсібі болған. 1930 жылы елімізде тұңғыш рет Москва қаласында жоғары білімді кәсіби мамандар дайындайтын балық шаруашылығы институты К.М.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясының балық шаруашылық факультеті базасында құрылған. 1932 жылы Астрахан және Владивосток қалаларының жоғары оқу орындары өз түлектеріне есіктерін ашты. Сол жылдары Балық өндірісіне он бір техникум, отыз бір жұмысшы факультеттері мен жиырма бір фабрика-зауыт жанындағы мектептер мамандар дайындады [1,28-б.]. Орасан зор ұйымдастыру шаралары қолға алынып, балық шаруашылығының маңыздылығын сол кездің өзінде түсіне білген. Балық еті – адам денсаулығына пайдалы, одан жасалатын өнімдерден түсім мол болды. Сондықтан да осы салаға маман кадрлар дайындау ерекше назарда болды. Осы аталмыш оқу орнының алғашқы түлектерінің бірі – Ғали Боқанұлы Қожақаев. Ол 1897 жылы орта шаруа жанұясында балықшылар отбасында дүниеге келген. Жасынан балықшылық кәсіпке араласып, жазда балықшылармен бірге балық аулаған. 1917-1922 жылдар аралығында балық өндірісінде жұмысшы болып жүріп, орыс тілін үйреніп, сауатын ашқан. 1922-1923 жылдары Манаш ауылдық Кеңесінің төрағасы ретінде жұмыстар атқарды. 1923-1924 жылдың тамыз айына дейін Манаш болысы атқару комитетінің төрағалығына сайланады. 1924 жылдың 21 сәуір – 7 тамыз айына дейін Бөкей губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет ете жүріп, 1924 жылдың 1 қыркүйегінде Орынбордағы жұмысшы факультетіне жолдамамен оқуға жіберіледі. Еңбекке

шыныққан, жасынан зерек, білімге жаны құштар Ғали Боқанұлы 1927 жылы жұмысшы факультетін жақсы бітіріп, Москваның Тимирязев атындағы Академиясына агрономия факультетіне оқуға түседі. 1928 жылы Академия жанында балық өнеркәсібі бөлімі өз алдына факультет болуына байланысты, осы мамандық бойынша білім алуға ауысады. 1930 жылы қазан айында БКП(б) Орталық Комитетінің шешімі бойынша Қазақстанда балық өндіруге, Академияның соңғы курсынан жолдамамен Арал, Балқаш балық өнеркәсібінің жүйесінде директорлық қызмет атқаруға жіберілді. Балық өнеркәсібінің Бүкілодақтық бірлестігінің 1931 жылғы 11 қарашадағы №297 бұйрығына сәйкес, Ғали Боқанұлы Балқаш мемлекеттік балық тресінің басқарушысы болып тағайындалады. БКП(б) Казрайкомның 1934 жылғы 7 шілдедегі шешімімен КСРО балық Бас басқармасының бірінші орынбасарлығы қызметіне, КСРО тамақ өнеркәсібі Жайық-Каспий тресі Каменный балық зауытының директорлығына тағайындалды. 1937 жылы 20 қыркүйектегі Қазақ КСР тамақ өнеркәсібі Халық Комиссары Яхиновтың №2-245 бұйрығымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік балық тресі басқарушысына, 1940 жылдың 11 қыркүйегінде Қазақ КСР балық өнеркәсібі Халық Комиссары Ш.Әбішевтің №181 бұйрығымен Арал мемлекеттік балық тресінің басшысының орынбасары қызметіне ауысады. 1945 жылы 18 сәуірде Қазақ балық өнеркәсібі Халық Комиссарының бұйрығымен Балқаш мемлекеттік балық тресінің басқарушысы болып тағайындалды. 1946-1950 жылдың наурызына дейін Гурьев балық-құты комбинаты басқарушысының орынбасары ретінде жұмыс атқарған. 1951 жылы Теңіз балықшы ұжымшарлар Одағының төрағалығына сайланды. Еліміздің балық өндірісін қалыптастыруға барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Ғали Боқанұлы 1951 жылы 21 қыркүйекте дүниеден озды [2,51-53-бб.]. Балық өндірісімен балықшы ұжымшарлары дамыған сайын, жаңа техникалар алынып, технология жақсарып, оларды меңгеретін жас, білімді мамандар қажеттілігі туындаған. Жергілікті жастар Мәскеу, Астрахан қалаларынан жоғары білім алып, 1960 жылдан бастап өндіріске келе бастады. Олардың ішінде Ысқақ Махмұдұлы Өтеғалиев, Қайыржан Ізтілеуұлы Әлиев, Лазарь Садымұлы Тұмышев, Болат Жұмағалиев, Бостан Шәмшіұлы Сүлейменов, Шәрәпи Баекешев, Өтеп Рысқалиев, Мөден Жакупов, Жолдас Нұрмашев, Жолдас Байдалиев, Кочев Сатурн Сергеевич, Ахмет Қосымбайұлы Қарақұлов бар. Міне, осы аталған мамандардың ішінде жастарға үлгі боларлық, қызмет атқарғандар көп-ақ. Солардың ішінде Ы.М.Өтеғалиев ұжымшарда балықшы, кейін инженер-механик мамандығын алған соң, балық басқармасының балық аулау, ұжымшар мекемелерінің бас инженері, аумақтық балық басқармасының басшысы, кейін көп жыл Қазақ Республикасы балық өнеркәсібінің министрі, Қазақ балық қорғау басқармасының басшысы болып қызмет атқарған. Атырау қаласындағы балық өндіріс бірлестігін 25 жылдан астам басқарған – Қайыржан Ізтелеуұлы Әлиев Астрахан балық шаруашылығы институтын бітіріп,

инженер-механик мамандығын алып шығады. Ол Шортанбай балық зауытында бас механик, бас инженер, директор болып, мол тәжірибе алды. Оның басқаруымен балық өнеркәсібі өндірісі жаңа техника, флот жағынан жаңарып, жаңа технология енгізіліп, өзіміздің балықтар түгіл, мұхиттардың балықтарын өңдеді. Қайыржан Әлиевтің бұл еңбегі бағаланып, әуелі «Гурьеврыбпром» бірлестігінің бас инженері, кейін бас директоры қызметінде болды. Бұл кезең балық өндірісінің дамыған жылдары болды. Жайық пен Қиғаштан ірі балықтар ауланса, теңізден киль-ка ауланды. Мелиорация жұмысы жолға қойылды, тоған шаруашылықтары іске қосылып, жергілікті халықты қолдан өсірілген балықтармен қамтамасыз ете бастады. Күрделі табыстарға қосқан еңбегі үшін Қайыржан Ізтелеуұлына «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері, медалдар, Құрмет Грамоталары, «Қазақстан өндірісіне еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді. Бұлардан басқа әр кезде облыстық балық өндірісін басқарған А.Засыпкин, А.Евдокимов, А.Кузнецов, Г.Ротань, А.Крылов, А.Ахмаев, С.Милешин, Б.Сүлейменовтың еңбектерін атаған да ұрыс [3, 63-65-66].

Балық кәсіпшіліктеріне маман кадрлар дайындауда өзіндік із қалдырған мекеме – Гурьев балық өнеркәсібі техникумы. Ол 1932 жылы Гурьев қаласында Кеңестер Одағының тамақ өнеркәсібі халық комиссариатының өкімімен ашылды. Алғашқы жылдары 1934 жылға дейін техникумның ғимараты болмай, баспанасыз күй кешіп, әр жерлерде көшіп-қонып жүрген. Көшпелі өмір техникумның оқу процесіне кері әсер етіп, толыққанды қызмет атқара алмағандығы мұрағат деректерінен анықталды. Тек 1934 жылы Гурьев балық-құты комбинатының жанынан қамыстан салынған ғимарат бөлінгеннен кейін, сол кездердегі мүмкіндіктеріне сай қызметін бастаған. Сол жылдары техникумның тек технологиялық және өндірістік бөлімдері болған. 1932-1936 жылдары техникум дайындық бөлімін қоса есептегенде төмендегідей түлектер қабылдап, мамандар дайындады. 1932 жылы – 32 оқушы, 1933 жылы – 83 оқушы, 1934 жылы – 128 оқушы, 1935 жылы – 167 оқушы, 1936 жылы – 159 оқушылардың оқығандығы белгілі болды. Осы жылдары барлығы – 609 адам оқыған. 1936-1937 оқу жылында техникумды алғашқы түлектері – 10 адам бітіріп, облыстың балық шаруашылық кәсіпшіліктерінде абыроймен қызмет атқарды. Техникумның алғашқы директоры И.Б.Жұмағалиев, содан соң С.А.Кожуховский 1938 жылдың 15 қарашасында қамауға алынып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған, тек 1939 жылдың жетінші наурызында ақталып шыққандығы белгілі болып отыр. Міне, бұл адамдар балық кәсіпшілігіне тиісті мамандарды дайындап, техникумның алғашқы басшылары болды [4, 238-239-бб.]. Сол кезеңнен осы уақытқа дейін техникум халық шаруашылығы сұранысына сай, балық шаруашылығы саласына мыңдаған мамандарды шығарды. Оқу орнының түлектері республика, тіпті Кеңес Одағының түкпір-түкпірлерінде қызмет атқарды. Өз ісінің шебер-мамандары бола біліп, осы салаға өз үлестерін қосты. XX ғасырдың 90-жылдарында мамандарды орналастыру, оларды таңдау мәселелері өзекті болды, себебі «мемлекеттік мекемелер» жөніндегі КСРО заңының шығуы, шаруашылық есепке көшу, лауазымды жұмысқа конкурс арқылы сайлау, ұжымның басшылық қызметке кандидатты таңдау құқы, оның қабілеті мен өндірісті ілгері дамытудағы іскерлік қасиеттерін болжап, сену үлкен жауапкершілікті

қажет етті. Бұл мәселе еңбек ұжымы кеңестерінің мәжілістерінде қаралып, кәсіподақ ұйымдарының келісімінен кейін ғана әкімшілік бекіткен.

	Жоғары білімі бар мамандар		Орта арнаулы білім бар мамандар		Дипломы бар мамандар саны	
	1989	1990	1989	1990	1989	1990
Бас басқарма	105	96	483	476	588	572
Шортанбай балық зауыты	10	10	60	61	70	71
Гурьев кеме жөндеу зауыты	5	7	61	67	66	74
Гурьев ПМК	10	-	29	-	-	-
Автобаза	-	-	15	25	15	33
Оқу-курстық комбинаты	-	-	3	4	3	4

Барлығы 130 121 651 633 781 754

Жоғарыда көрсетілгендей дипломды мамандардың жылма-жыл өсуі Балық шаруашылығы министрлігінің қарқынды қызметінің негізінде мамандарды бөлу, жастарды жоғары және арнаулы орта оқу орындарына жіберу арқылы жүзеге асты. Осы уақытта мекеме есебінен өндірістен қол үзбей 53 қызметкер жоғары және 32-і арнаулы оқу орындарында оқыды. «Гурьеврыбпром» бірлестігі соңғы жылдарда экономист, бухгалтер, заңгер мамандықтарына зәру еді, себебі нарықтық қатынастар кезеңінде бұл мамандықтарға деген сұраныс жоғары болды. Ал, жалпылама жетпейтін жұмысшы мамандықтарды Астрахан, Гурьев комбинаттарының оқу-курстық дайындық бөлімдерінде дайындалды. Мәселен, 1990 жылда 124 қызметкер дайындықтан өтті. Оның ішінде 17 кеме механиктері, 23 кеме жүргізушілері, т.б. жұмысшы мамандықтар еді [5].

Тәуелсіздік алғаннан кейін балық өнеркәсібіне мамандар даярлау әлсірей бастады. Өйткені осы саланың бұрынғы өзара байланысы, маман дайындаудағы жинақталған тәжірибесі, жүйесі бұзылды. Оқу-өндірістік базалар, тәжірибе өткізетін мекемелер, айдын-көл, өзендерде жүзетін су-транспорттық кемелердің жай-күйі нашарлап, осы салаға деген мемлекеттік көзқарас төмендеді.

Тек 1997 жылы Атырау облысы әкімінің шешімімен Атырау ауыл-шаруашылық колледжі құрылды. Ол Гурьев ауыл шаруашылығы техникумы мен Гурьев теңіз балық өнеркәсібі техникумының бірігуінен пайда болып, орта арнаулы мамандар дайындайтын іргелі оқу орнына айналды. Атырау облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы №9 қаулысы: «Атырау аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Оңайбай Көшековтың есімі берілсін деген шешім шығады [6, 34-б.] Осы аталған шаралардан кейін бұл салаға мамандар дайындау түзеледі деген үміт бар. Әрине, тәуелсіздік жылдарында балық шаруашылығы саласына мамандар дайындау ісі тоқтап қалды деуден аулақпыз, бірақ та олқылықтар көрініп-ақ тұр.

Осы мәселенің олқылықтарына назар аударған Сенат депутаты Сарсенбай Еңсегенов ҚР Премьер-Министрі Б.Ә.Сағынтаевтың атына депутаттық сауал жолдап, балық шаруашылығына жауапты мемлекеттік орган құру қажеттігін айтты. «Ел экономикасы мен адамдардың тұрмыс сапасын арттырып, бизнестің тұрақты көзі болатын саланың бірі – балық шаруашылығы. Біздің

еліміз балық шаруашылығы су қорына бай, Каспий теңізін қоспағанның өзінде су тоғандарының жалпы ауданы 5 миллион гектар шамасында. Бұл жерлерде балық өсіру мен балық аулау қарқынды дамытуға қолайлы жағдайлар бар. Кеңес Одағы тұсында республикада арнайы балық шаруашылығы министрлігі құрылып, жүйелі мемлекеттік саясат қалыптасқан болатын. Осының нәтижесінде барлық облыстарда балық зауыттары мен комбинаттары, өндірістік бірлестіктері жұмыс жасады. Балық аулау мен балық өнімдері өндірісінің жалпы көлемі кей жылдары 111 мың тоннадан асты. Мыңдаған адамдар осы салада тұрақты жұмыспен қамтылып, табысты еңбек етті. Бірақ қазіргі уақытта балық шаруашылығының мүмкіндігі толық пайдаланылмауда. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап экономиканың жетекші саласы болған балық шаруашылығы жетекші бөлінбеуінен құлдырауға ұшырады және әліде осы жағдайдан шыға алмауда. Балық аулау көлемі күрт төмендеген. Бұның негізгі себебі балық дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясатты белгілейтін бағдарламаның болмауы деп есептейміз», – деп баяндаған [7]. Осы тұста балық шаруашылығын дамыту, балықтың түрлерін сақтап көбейту және балық қорын ұтымды пайдалануды тиімді іске асыру үшін арнайы салалық жобалар қабылданып, маман кадрлар дайындауға мемлекеттік нақты бағдарламалар қажет. Республика көлеміндегі барлық балық аулау, өңдеу шаруашылықтары, оның ғылыми-зерттеу институты және балық қорын қорғау инспекциясы бірлесіп жұмыс жасаған жағдайда ғана оны бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі көлеміне жеткізіп, халықты балық

түрлерімен толық қамтамасыз етіп, республика ішінде және шетелдерге де сапалы өнім шығаруға мүмкіндік болатыны анық. Мемлекетіміздің экономикасында балық өндірісінің орны мен ерекшелігін түсінетін заман келген сияқты. Балық шаруашылығына мамандарды дайындау үнемі назарда болып, оларды жан-жақты қолдайтын уақыт келді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются основные этапы становления и подготовки кадров для рыбной промышленности страны. Также уделяется место и значение учебных заведений, в которых обучались будущие работники рыбной отрасли.

This article discusses the main stages of the formation and training of personnel for the country's fishing industry. The place and importance of educational institutions in which the future workers of the fishing industry were also trained is given.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Нығметов Б.** Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.). – Атырау, 2018. – 224-б.
2. **Аронов Ж.** Алдыңғы толқын ағалар. – А., 2005. – 184-б.
3. **Қарақұлов А.** Баламасы жоқ байлық. – Атырау, 2003. – 98-б.
4. Мұрағат деректері – халық қазынасы. – Алматы, 2004. – 274-б.
5. Астрахан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 3855-қор, 3-тізбе, 84-іс. 156, 157, 158-пп.
6. АІБОЗ. 2019 ж. шілде. №4. (4) – 47-б.
7. <https://abai.ks/post/79661> Пайдаланған уақыты: 21.09.2019

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТРУДА ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИРОВАННЫХ в освоении целинных земель Северного Казахстана

Арайлым МУСАГАЛИЕВА,
доктор исторических наук, профессор Евразийского
национального университета имени Л.Н.Гумилева

В советской, так и в современной историографии Казахстана сформировано мнение о том, что освоение целинных и залежных земель происходило за счет энтузиастов, приехавших исключительно добровольно со всех уголков Советского Союза. Не умаляя значения труда добровольцев и местного населения, необходимо показать и другую, драматическую сторону этой проблемы. Это важно для формирования политики памяти в современном многонациональном Казахстане.

Для полноты картины о «целинной эпопее» необходимо учитывать и следующие факты. Во-первых, функционирование в Казахстане системы Главного управления лагерей (ГУЛАГ) в начале периода освоения целинных и залежных земель (1954 год). Во-вторых, не реабилитированность депортированных народов таких, как немцы и крымские татары даже после проведения XX съезда в 1956 году. В-третьих, именно Казахстан был республикой в СССР с самым большим количеством спецпереселенцев. Спецпереселенцы – это фено-

мен тоталитарного советского режима. Людей насильственно выселяли с места проживания по социальному, национальному, политическому признакам, без судебных разбирательств. Это категория репрессированных людей Советского Союза, ограниченных в гражданских правах. В Казахстане во время второй мировой войны и в послевоенные годы они выполняли самые тяжелые работы (в угольных шахтах Караганды и Джезказгана, в строительстве нефтеперерабатывающего завода Западного Казахстана, золото добывающих рудниках Северного Казахстана). Для советской власти было привычным делом использовать репрессированных в любое время в качестве дешевой и даже бесплатной рабочей силы.

Американская журналистка Энн Эпплбаум в своей работе «ГУЛАГ. Паутина большого террора» приходит к заключению, что на промышленных предприятиях Урала спецпереселенцы составляли от 40 до 80 %, а в лесной промышленности от 50 до 90 % работников [1]. Это принудительный труд, основан-

ный на насилие. В СССР, как отмечает А.Б. Сулов, существовали только разные виды принудительного труда, вольного труда не было [2]. Эта одна из сторон «сталинской модернизации».

Проблема использования принудительного труда в «великих» проектах Советского Союза активно стала исследоваться после 90-х годов XX века учеными на постсоветском пространстве, особенно российскими [3]. Эти исследования на региональном материале показывают реальный вклад спецконтингента в экономическое развитие страны. Исследователями используются как архивные материалы, так и воспоминания людей. Комплексное изучение методов и форм использования труда этих людей, их вклад в экономику демонстрирует исследование Р.С. Бикметова «Использование спецконтингента в создании и наращивании экономического потенциала Кузбасса в конце 1920-х - второй половине 1950-х гг.». А.А. Долголюк в своем исследовании «Спецконтингент в Северо-Западной Сибири в 1930-е-начале 1950-х гг.» выделяет разные категории спецконтингента. Это – заключенные, власовцы, военнопленные и интернированные. Им делается вывод о невозможности социально-экономического развития региона Сибири без использования труда этих людей. Для обозначения этой категории населения в некоторых исследованиях даже используется термин – маргиналы [4].

Можно утверждать, что в изучении лагерного сектора экономики проделана большая работа. Иначе обстоит дело с изучением использования труда спецпереселенцев, репрессированных различных маргинальных групп в освоении целины, даже после обретения Казахстаном независимости.

В отечественной историографии тема практически не представлена. И дело здесь не только в том, что не все материалы доступны. Причина кроется и в стереотипах мышления. Целина однозначно олицетворяет трудовой подвиг и идею дружбы народов. Об этом свидетельствуют все юбилейные мероприятия, связанные с целиной. Конечно, есть и критика. Он связан, прежде всего, с возникшими экологическими проблемами, разрушением традиционного уклада жизни и хозяйства казахов, а значит, и идентичности. Это вызывает определенную напряженность в обществе.

Исследование имеет значение для восстановления полной картины освоения целины, актуализации ранее закрытой темы методов создания экономического потенциала Советского Союза. Это вопрос и исторической справедливости, имеющий значения для многонационального Казахстана, переживающего модернизационные процессы.

Советская власть активно использовала дешевую рабочую силу заключенных ГУЛАГа в решении экономических проблем. Целина не стала исключением. Как вспоминает целинник А. Стреляный в 1956 году *«кругом попадались бывшие заключенные. Тогда впервые открылось нам, что такое эти самые сталинские лагеря. В степи они назывались "точками" - "точка номер такая-то", "точка номер такая-то", потом их превратили в совхозы»* [5].

Одним из самых последних исправительно-трудовых лагерей в Акмолинской области был созданный в Атбасаре в 1955-1956 годах - лагерное отделение №19 [6]. Лагерное же отделение

№154 находилось в составе совхозов и подчинялось управлению исправительно-трудовых лагерей. Созданный после смерти Сталина, он просуществовал только полтора года. Тем не менее, администрация лагеря в период более чем один год успела заключить с местными заведениями договоры [6, 156]. Производились бухгалтерские проводки при использовании труда заключенных. Сохранились даже годовые отчеты руководства лагеря об условиях жизни заключенных.

Лагерное отделение №19 находилось в 50 километрах от города Атбасар [7]. Заключенные начали возводиться с марта месяца 1955 года. Май и июнь месяцы они занимались строительством и снабжением лагерных заведений. К выполнению основной задачи заключенные приступили в июле, начав строительство объединенной усадьбы трех совхозов под названием Чкалов, Кошевой и Молодежный.

По приказу управления №154 о строительстве совхозов и исправительно-трудовых лагерей для создания нового совхоза Шуй было размещено еще одно лагерное отделение. По плану работали 589 человек. По приказу №00122 от 29 июня 1955 года Министерство внутренних дел Каз ССР в состав лагерного отделения был включен переформированный лагерный пункт из города Атбасар. Заключенные подчинялись и оказывали услуги кирпичному заводу, зерноводческому совхозу Шуй, базе №4 и управлению №154 по строительству совхозов и исправительно-трудовых лагерей. Таким образом, количество узников достигло 300 человек [8]. Лагерь был рассчитан на 589 человек, однако насчитывало лишь 393 человек.

В первой половине 1956 года занятость труда заключенных характеризовалась нижеследующими показателями [8, 68]:

Показатели (%)	План 1955 г.	Факт 1955 г.	План 1956 г.	Факт 1956 г.
Всего узников, чел., в том числе:	313	398	100	127,8
В оплачиваемых работах	257	331	82,1	83,2
В хозяйственных работах лагеря	27	39	8,6	9,8
Неработающие по причине болезни	20	7	6,4	1,7

По сравнению с прежними советскими исправительно-трудовыми лагерями, управление №154, лагерное отделение №19, относящиеся к Министерству Каз ССР по городскому и сельскому строительству, начали выплачивать заключенным зарплату.

До первой половины 1956 года заключенные лагерного отделения работали на строительствах зерноводческих совхозов имени Чкалова, Кошевого, Молодежного. С 1 июня эта работа была передана Костанайскому управлению строительства при Министерстве Каз ССР по городскому и сельскому строительству, тресту «Октябрьское строительство», Чкаловскому управлению строительства [9]. Начиная с этого времени лагерное отделение обеспечивало Чкаловское управление строительства рабочей силой. В 1955 году была поставлена задача по доведению количества заключенных до 1070 человек для выполнения программы строительно-монтажных работ. На самом деле, количество заключенных удалось довести только до 607 человек.

Заметим, что исправительно-трудовой лагерь в Атбасаре продолжал работать и в 1956 году. В этом можно убедиться по заключенному договору управления «Атбасар строительство» от 14 июня

того года, который хранится в Акмолинском областном государственном архиве. Судя по документам, подписанным начальником управления исправительно-трудовой лагерей и колоний при МВД Каз ССР появляются льготы для заключенных. Например, заключенные исправительно-трудовых лагерей были наделены равными правами с добровольно привлекаемыми работниками и работали в режиме восьми часового рабочего дня [9, 10].

Заключенные лагеря занимались строительством открытых совхозов для освоения целинных и залежных земель. По фактическим данным, их намеревались привлечь помимо строительства совхозов к работам по возделыванию земель.

После 1956 года Главное управление лагерей было закрыто официально. Однако, по документам выявлено, что некоторые отделения лагеря продолжали функционировать и дальше. Основная причина тому – огромный вклад данного заведения в экономику Советского Союза. Привлечение дешевой рабочей силы из мест принудительного невольного труда для ведения крупных строите-льств и мероприятий было очень прибыльно и эффективно.

Исследователь истории русского севера И.В. Бердинских приводит следующие факты по этому поводу: «Вгоды "хрущевской оттепели" к концу 1950-х гг. численность обитателей Вятлага хотя значительно и сократилась в связи с массовой амнистией этой категории заключенных, но лагерная структура здесь продолжала существовать все советские годы в виде Учреждения К-231 и с некоторыми изменениями сохранилась до наших дней. В силу специфики своего производства лагерные комплексы УЛЛП ГУЛАГа оказались едва ли не самыми устойчивыми. В 1960-е гг. кроме Вятлага продолжили свою работу Ивдельлаг (с 1937 г.), Каргопольлаг (с 1937 г.), Севураллаг (с 1938 г.), Унжлаг (с 1938 г.), Усольлаг (с 1938 г.)» [10]. Именно в исправительно-трудовых лагерях лесной промышленности в силу непрерывности их существования отложились и сохранились наиболее объемные и разнообразные архивы. При закрытии лагерей документы чаще всего уничтожались. К сожалению, сегодня лишь кое-где на Русском Севере (Карелия, Архангельская область, Республика Коми) частично сохранились архивы таких лагерных комплексов.

Однако, в отличие от русского севера последняя часть казахстанской системы лагерей были вскоре

закрыты. Материалы по приемственности данного заведения или превращения его в другое заведение отсутствуют.

Итак, исследованные региональные материалы позволяют заключить о привлечении и использовании дешевой рабочей силы из числа заключенных советских исправительно-трудовых лагерей для освоения целинных залежных земель в Казахстане. Атбасарское лагерное отделение Акмолинской области является одним из таких лагерей. Несмотря на уничтожение многих бухгалтерских документов в советский период, мы смогли найти материалы по использованию труда узников при строительстве целинных совхозов.

ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКИ

1. Эпплбаум Э. ГУЛАГ. Паутина большого террора. - М.: Московская школа политических исследований, 2006. - 608 с.
2. ГУЛАГ: экономика принудительного труда. - М.: «Российская политическая энциклопедия», 2005. - С. 205.
3. Морозов Н.А. ГУЛАГ в Коми крае 1929-1956 гг. - Сыктывкар: Изд-во Сыктывкарского университета, 1997; Еланцева О.П. Строительство Байкало-Амурской железнодорожной магистрали (1930 - начало 1950-х гг.): Исторический опыт: Автореф. дис. докт. ист. наук. - Владивосток: Дальневосточный гос. тех. ун-т, 1996; Плющенко С.К. Использование труда заключенных на строительстве железной дороги Тайшет-Лена в 1945-1958 гг. // Иностранцы в России.-Иркутск, 1994; Хлевнюк О.В. Принудительный труд в экономике СССР // Свободная мысль. 1992. - № 13. - С. 75-78; Азаров О.И. Железнодорожные лагеря НКВД (МВД) на территории Коми АССР (1938-1959 гг.): Автореф. дис. канд. ист. наук. - Сыктывкар, 2005. - 22 с.; Токмянина С.В. Лагерная экономика Урала в позднесталинский период (1945-1953 гг.): Автореф. дис. канд. ист. наук. - Екатеринбург, 2006. - 21 с.
4. Маргиналы в советском обществе. Институциональные и структурные характеристики в 1930-1950 гг.: сб. научных трудов. - Новосибирск: Новосиб. гос. ун-т, 2007. - 196 с.
5. Разница во времени. Малоизвестная целина: полувековой юбилей <http://archive.svoboda.org/programs/TD/2004/TD.022904.asp>
6. Государственный архив Акмолинской области, ф.892, оп.4, д. 2, л.148-156.
7. Государственный архив Акмолинской области, ф.892, оп.4, д.3.
8. Государственный архив Акмолинской области, ф.892, оп.4, д.1, л.39.
9. Государственный архив Акмолинской области, ф.892, оп.4, д.3, л.16.
10. Бердинских И.В. Архив Вятлага НКВД-МВД СССР и его история // Отечественные архивы. 2007. №3.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ БҰРЫН БАСТАЛҒАН ДАБЫЛ

Болат САЙЛАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының докторы,
Ауған соғысының ардагері

1979 жылы 25 желтоқсанда Кеңес әскері Ауғанстан территориясына кірді. Сөйтіп ол елде 10 жыл тұрақтады. Бұл «Ауған соғысы» деген атпен тарихқа енді. Ауған соғысының басталғанына биыл 40 жыл толып отыр.

1978 жылы 27 сәуірде Ауғанстан Халықтық Демократиялық Партиясына (АХДП) мүше-офицерлер өз бөлімшелерімен президент сарайына шабуыл бастап, М.Дауд режимін құлатты. Бұл оқиға тарихта «Сәуір төңкерісі» деген атпен қалды. А.Қадыр басқаратын Әскери-революциялық кеңес 29 сәуірде елдегі билікті Н.М.Тараки басқаратын Революциялық кеңеске берді. 30 сәуірде АХДП өздерінің бірінші мәжілісінде ОК Бас хатшысы қызметіне Н.М.Таракиді, оның орынбасары етіп Бабрак Кармальды сайлады. Осы күні елді Ауғанстан Демократиялық Республикасы (АДР) деп жариялады [1].

Бірақ Сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке жеткен АХДП ел тізгінін ойдағыдай алып жүре алмады. Ел ішінде жүргізілген реформалар халық тарапынан қолдау таппады. АХДП арасында алауыздық пайда болып Б.Кармаль мен оның жақтастары эмиграцияланды. Н.Тараки мен Х.Амин арасында теке-тірес басталып, ақырында Н.Таракидің көзі жойылды [2].

АДР үкіметіне қарсы құрылған оппозициялық партиялардың күшімен Пәкістан аумағында қарулы отрядтарды даярлау лагерлері мен базалары құрылды. Ол отрядтар Кабулға қарсы әскери іс-қимылдар жасау үшін Ауғанстан аумағына жөнелтіліп отырды. 1979 жылдың аяғына таман Пәкістан аумағында орналасқан қарулы отрядтарды даярлауға арналған 23 лагерде 35 мың адам даярлықтан өтті. Оған қоса Ауғанстанмен көршілес елдерде 100-ден астам оқу орталықтары жұмыс істей бастады, ал олардағы бүлікшіл күштер 100 мың бандиттер мен жалдамалыларға дейін өсті [1].

Мемлекеттік билік пен армиядағы ішкі алауыздықты, сондай-ақ жерді пайдалануға шаруалардың барған сайын көңілі толмауын пайдалана отырып, моджахедтер 1979 жылғы наурыз айының ортасына қарай, қаруды белсенді пайдалануға көшті. Хост, Гардез, Герат, Желалабад гарнизондарында ірі бүліктер ұйымдастырылды. Мамыр айының аяғында моджахедтердің осындай қарулы іс-әрекеттерінің арқасында Ауғанстанның 22 провинциясы соғыс жағдайына көшті. Соғыс қимылдары Пактия, Газни, Бамиан провинцияларында белсенді түрде етек алды. 1979 жылы қарашаның аяғы мен желтоқсанның басында жаңа өкіметтің бас орталығынан ақтық ауіп төне бастады.

Осылайша, билік басындағылардың теке-тіресі мен олардың елдегі реформаларды ретті жүргізе алмауы, армиядағы жазалаулар мен тартыстардың тоқтамауы, жер-су реформаларының нәтижесіздігі, ресми билікке қарсы түрлі исламдық бағыттағы партиялардың жиһад жариялауы Ауғанстанды қатты

құлдырауға ұшыратты. Ауғанстандағы мұндай ауыр ахуал елдегі әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси және т.б. салаларды әбден әлсіретті. Сөйтіп, АХДП коммунистері басқарған бір жарым жыл ішінде, Ауғанстан тал қармауға шамасы келмейтін, бұлқынып өзі бұзып шыға алмайтын тығырыққа тірелді.

1979 жылғы наурызда өткен Гераттағы бүліктен кейін Н.Тараки КСРО-ға әскер кіргізу жөнінде алғашқы өтінішін айтты. Мәскеу оған қарсы жауап бергенмен 1979 жылы мамыр айының басында Орта Азиялық республикалардың түкпілдікті ұлтынан жасақталған арнайы мақсаттағы батальон құру жөнінде шешім қабылдады. Арнайы мақсаттағы батальон үшін әскери құрама Түркістан және Орта Азия әскери округінің «мұсылман» ұлты өкілдерінен, әсіресе, барлаушылар, атқыштар және танкішілер бөлімшелерінен таңдалынып алынды. Шығыс тілін білу және қайратты болу – басты талап болды. Ол арнайы екі топқа бөлінген бес ротадан тұрды. Саны – 500 адамнан сәл артық болды [3, 82-б.].

Ауғанстанға әскер кіргізу жөніндегі соңғы саяси шешім желтоқсанның 12 күні түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен қабылданды. Бұл топта Брежнев, Суслов, Андропов, Устинов және Громыко болды. Ауғанстанның заңды үкіметінің өтінішін ескеріп және 1978 жылғы 5 желтоқсандағы Шартты, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының мемлекеттердің өзін-өзі қорғау құқығы туралы 51-бабын алға тартып, КСРО Ауғанстанға қарулы күштерін кіргізуге келісті [4, 110-б.].

Барлығы 100-ге жуық бірлестіктер ұрысқа бағытталды. Оның ішінде 40-армияның басқармасы және аралас авиациялық корпус, төрт атқыштар дивизиясы, артиллериялық бригадалары, жеке атқыштар және десантшылар бригадалары, жеке атқыштар және реактивті полктер, байланысшылар мен барлаушылардың, жөндеушілердің мен тылдағылардың бөлімі кірді. Әуе-десантшылар дивизиясы, дербес парашютші-десантшылар полкы, авиациялық-техникалық және әуежайды қамтамасыз етушілердің бөлігі толық штатқа сай жасақталынды. Әскерлерді жасақтау үшін резервтен 50 мыңнан аса офицерлер, сержанттар мен солдаттар шақырылды, ауыл шаруашылығынан 8 мыңға жуық автомобильдер мен басқа техникалар бөлінді [3, 130-б.].

Осындай көп көлемде әскерді мобилизациялау шаралары Түркістан әскери округі (ТүрӘО) мен Орта Азия әскери округінде (ОАӘО) бұрын болмаған еді. Мұндай іске биліктің жергілікті органдары, өнеркәсіп пен шаруашылық жетекшілері, әскери комиссариаттар мен әскери бөлімдер оған дайын да емес

еді. Алғашқы күндері әскери бөлімшелерді мамандармен жасақтау сапасына ешкім де дұрыс мән бермеді, өйткені барлығы бөлімшелердің жеке құрамалары толық жасақталды деген баяндамадан кейін бәрі аяқталады, бұл әдеттегідей тексеру жұмысы деп ойлады. Бірақта әскери комиссариаттар мен командирлер әскерге шақырылғандарды әскери міндеттерін атқару бөліміне жіберу басталғаннан-ақ ұзақ уақытқа созылатын қандай да бір әрекеттің туғаны туралы шамалады.

Мұндай жағдайда қажетті мамандардың жетіспеушілігі қатты абыржытты (танкілердің және құрлықтағы соғыс машиналарының жүргізуші-механиктері, атқыштар техникасының операторлары, зеңбіректердің нысанашылары және т.б.). Әскери міндетшілердің көпшілігі әскери комиссариат есебінде дұрыс тұрмауынан, төлқұжаттарын тіркеу тәртібінің бұзылуынан, көше атауларының дұрыс көрсетілмеуінен және т.б. кемшілік салдарынан ізделмеді. Әскери міндетшілердің әскерге шақыру қағазы келгенде орнында жоқ болып, тұрғылықты жерінен кетіп қалып, ауыратын анықтамалар алып әр түрлі себептер аясында бұғып қалғандар да кездесті. Көптеген запастағы офицерлер армияда ешқашан арнайы әскери мамандықтар бойынша қызметтен өткен жоқ, жоғары оқу орындарындағы кафедралардағы дайындықтан ғана өтті. Мұның бәрі Ауғанстанға келген алғашқы айларда көптеген қиындыққа душар етті. Қиыншылықтарға қарамастан 24 желтоқсанда 40-армияның негізгі күші дегенмен қозғалуға дайын тұрды.

24 желтоқсан күні бірінші жазбаша құжат пайда болды. Бұл құжатқа КСРО қорғаныс министрі Д.Ф.Устинов пен Бас штаб бастығы Н.В.Огарковтың қолы қойылып әскерге жіберілді. Құжатта: *«Орталық Шығыстағы әскери-саяси жағдайға байланысты Ауғанстан үкіметінің соңғы өтініші дұрыс деп танылды. Достық ниеттегі ауған халқына интернационалдық көмек көрсету мақсатында Ауғанстан демократиялық республикасына елдің оңтүстігінде орналасқан әскердің кейбір бөлімдері кіргізіледі»*, – деп, қабылданған шешімнің қысқаша түсініктемесі берілді [5, 162-163-бб.].

Құжат бойынша АДР-ға кіретін әскери топ құрамы былай көрсетілді: 40-армия (108-ші және 5-мотоатқыштар дивизиясы, 860-дербес мотоатқыштар полкы, ОАӨО-дан 56-шы дербес десантшылар бригадасы, 353-ші артиллериялық және 2-зенитші-ракеталық бригадалар, ТүрӨО-дан 103-ші әскери-десантшылар дивизиясы және 345-ші дербес парашютшы-десантшылар полкы, 34-ші аралас авиациялық корпус) бағыты белгіленді. Оған қоса резерв ретінде Кабул бағытына қарай ОАӨО-дан 201-мотоатқыштар дивизиясы, ал Кушка бағытына қарай ТүрӨО-дан 68-мотоатқыштар дивизиясы кіретін болды [3, 130-131-бб.].

25 желтоқсан күні Мәскеу уақыты бойынша сағат 15.00-де КСРО Қорғаныс министрінің берген бұйрығымен әуеде де, жерде де мемлекеттік шекараны кесіп өту мен Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу басталды. Әскери қызметшілер мен техникаларды тасу үшін ұшақпен 343 рейс жасалса, оның 66 рейсі АН-22, 76 рейсі ИЛ-76, 200 рейсі АН-12 ұшақтары арқылы тасылды. Барлық әскери қызметшілер мен Әуе-десантшылар дивизиясының жауынгерлерін тасу үшін 47 сағат кетті. Бірінші ұшақ 25 желтоқсан күні 16.15-те қонса, соңғы ұшақ 27 желтоқсан күні 14.30-да қонды. Осы уақыт аралығында Кабул мен Баграмға 7700 әскери қызметші, 894 соғыс

техникасы және 1062 тонна әр түрлі жүктер әкелінді. Екіншіке орай бұл шаралар құрбандықсыз жүзеге аспады. 25 желтоқсан күні 19.33-те Кабулға қонар алдында ИЛ-76 ұшағы тауға соғылып жарылды. Оның командирі – капитан В.В.Головчин, ал бортында 37 десантшылар болды. Бұл азаматтар ауған соғысының алғашқы құрбандары еді [5, 162-163-бб.].

Осылайша белгіленген уақытта 108-мотоатқыштар дивизиясының алдыңғы қатары мен 103-Әуе-десантшылар дивизиясының алдыңғы эшалоны Ауғанстанмен арадағы мемлекеттік шекараны әуеде де, жерде де кесіп өтті.

Осы күннен бастап, кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстанның таулы-тасты, құмды-шөлейт жерлері күтіп тұрды. Олардың ең қиын сәттері мемлекеттік шекарадан өтпей жатып-ақ басталды. 40-армияның бірінші қолбасшысы генерал-полковник Ю.В.Тухаринов мемлекеттік шекараны кесіп өту барысында Амудария өзенінен өтудегі қиыншылықтар туралы: *«Амудария құбылмалы өзен болып келеді. Оның құм басқан жағалауы жеңіл шайылып, өзен тоқтаусыз өзінің арналарын өзгертіп отырды. Оның үстіне қалқымалы көпір орнату күрделі тірлік болды. Сондықтан әскери техникадағы дайын өткел болатын көпір қойылды. Бірақ біраз уақыттан кейін көпір өзен жағасынан жылжып кетті ме, шөге бастады ма, әйтеуір жарамсыз болып табылды. Мұндай азаптан шығудың жолын жергілікті тұрғындар айтып, қамыстың көмегімен жағалауды қатайтуды көрсетті. Көпір сөйтіп көтеріле бастады. Мұндай азапқа алғашқы сағаттарда тап болғанымызды бәрі көрді»*, – деген сөздері растай түседі [6].

Ауғанстан территориясының бестен төрт бөлігін Гиндукуш, Парапомиз, Хазараджат, Сулайман және Шығыс ирандық тау жүйелері құрайды. Солтүстікке қарай Орта Азия мемлекеттерімен шекарада Гиндукуш жотасы орналасқан. Шығыста Пәкістанмен арадағы шекараны бойлай Сулайман таулары созылып жатыр. Мұнда сусыз, тасы көп шөлейт таулар мен таулы-бос алқаптар көп. Ауғанстан территориясының таулы-шөлейт және құмды келуі, оған қоса климатының ыстық болуы Ауғанстан аудандарындағы асуларда, соғыс қимылы және т.б. әр түрлі әрекетке көшу кезінде ауыр соқты. Мысалы: *«27 желтоқсан күні әйгілі 100 шақырымдық Саланг таулы асуынан өту кезінде әскери колонна өте қатты қиындыққа тап болды. Түнде жол мұз болып қатты. Доңғалақты техникалар қияда тығылды, ал ылдида шынжыр табан техникалар жарға түсті. Жер асты жолы (туннель) бірлі-жарым машиналарға ғана арналып жасалған еді. Жер асты жолымен бір мезгілде бүкіл соғыс техникасы мен дизельмоторлы техниканың колоннасы өтті. Жер асты жолында ауа ластанды. Жүргізушілер противогаз киюге мәжбүр болды. Жолдағы осындай қиыншылықтарға қарамай дивизия белгіленген уақытта Кабулға кіріп келді»* [7, 34-б.].

1980 жылы қаңтар айында генерал-лейтенант Ю.В.Тухаринов қолбасшылығымен кеңестік әскерлер елдің маңызды аудандарына орналас-ты. Ауғандық армиямен бірлесіп әкімшілік орталықтарды, қажетті объектілерді, әуежайларды және Хайратон-Кабул, Кушка-Герат-Кандагар, Кабул-Джелалабад, Пули-Хумри-Кундуз-Файзабад автомагистралдарын қарауылдауға алды. Оған қоса кеңестік мамандар мен кеңесшілер орналасқан және кеңес-ауған бірлескен объектілеріне мықты қарауыл күзетін орнатты (Жарқұдық және Шибарған газонер-

кәсібінде, Сурибу, Наглу, Пули-Хумру, Кабул электростанциясында, Мазари-Шарифтегі зауытта, Саланг жер асты жолында). Кеңестік әскерлер барлығы 21 провинцияны, тоғыз әуежайды (Кабул, Баграм, Шинданд, Кандагар, Кундуз, Джелалабад, Гардез, Герат, Файзабад) қамтамасыз етті.

Бұларға қосатын ең қажетті жайт, Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізу қыстағы ауыр климат жағдайында жүзеге асты. Ауғанстанға алғашқы құрама сапында енген солдаттар ауыр азаптарды бастан өткізді. Мысалы, әскери дәрігерлерге күрделі де ұзақ операцияны қатты аяз кезінде немесе қырық градус ыстық кезде палаткада жасауға тура келді. Кеңестік солдаттар көбінесе палаткаларын жалаң тастардың немесе қардың үстіне құрды, күзетшілер тұратын орындар мен бекіністер салды. Оңтүстікке жылжи отырып, тақыр далада немесе өзен аңғарларында, шатқалдарда тұрды. Өздерімен бірге тамақ, жанар-жағар май, оқ дәрі, су алып жүрді. Айта кетерлік жайт, дайындық асығыс-үсігіс жүрді, әскер тек соғысқа ғана емес, ауғандық қысқа да дайын емес еді. Әскердің құрылымы мен тұрмысы ең болмашы таппарға да жауап бере алмады. Жаттығу алаңы, жаттықтырушылар мен жауынгерлерді ұрыс қимылына дайындайтын оқу құралдары да болмады. Офицерлердің әскери-жауынгерлік білімдері жоғары болғанымен, ол негізінен күнделікті (академиялық) сипаттағы ұрыстың формасына шамаланған еді. Жергілікті жердің жер-жағдайы мен партизандық соғыс әдістерін меңгеру жеткіліксіз болды.

Әскерлер: *«Бұл қысқа уақытқа арналған дабыл, тапсырманы орындаған соң тез кері қайтамыз»* – деп ойлады. Ал бірақ бұл тапсырманы орындау аттай он жылға созылып кетті.

Сөйтіп, он жыл ішінде Ауған соғысынан қайтып оралмаған жалпы адам шығыны – 14 мың 453-ке жетті [8, 401-б.]. Кейбір деректер бойынша Ауған соғысында 15 мың 51 адам қайтыс болған. Ол соғысқа қатысқан әскери қызметшілердің – 2,4%-ын құрайды. Жарақатына байланысты армиядан

босатылғандардың – 5,5 %-ы қайтыс болды. 50 мыңнан аса солдат жараланып, әр түрлі соғыс синдромын алғандарды қоспағанда, 9 мыңнан аса адам мүгедек атанды.

Ауғанстанда КСРО мемлекетінің барлық ұлт өкілдері соғысты. Олардың арасында шығын жағынан алдында орыс ұлты тұр. Олардың шығыны – 7418, ал одан кейін украиндар – 2572, үшінші орында өзбектер – 1146 адам. Салыстырмалы түрде есептегенде Ауғанстанда Орталық Азиялық ұлт өкілдері көп қырылды.

Сайып келгенде біздің жерлестеріміздің арасынан 22 мың адам Ауған соғысында болып қайтты. Олардың 1000-ға жуығы осы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді, 20 адам із-түзсіз жоғалды. Ал жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды [9, 147-б.]. Майданда шейіт болған қазақ азаматтарының саны өсуі де мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сайлан Б.С.** Ауғанстан: Сәуір төңкерісі бастаған соғыс // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 қаңтар.
2. Убийство Нур Мохаммада Тараки // chrontime.com
3. **Ляховский А.** Трагедия и доблесть Афгана. – Москва. – 1995. – 650 с.
4. **Корниенко Г.М.** Как принимались решения о вводе советских войск в Афганистан и их выводе // Новая и новейшая история. – 1993. – №3. – 107-118 с.
5. **Сайлан Б.** Біз болған соғыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 508-б.
6. Ввод войск в Афганистан: Как это было // Фрунзевец. – 1989. – 29 декабрь.
7. **Меримский В.А.** Война по заказу // Военно-исторический журнал. – 1993. – №11. – 30-36 с.
8. Гриф секретности снят / Под. ред. Кривошеева Г. – М.: Воениздат, 1993. – 415 с.
9. **Сайлан Б.С.** Ауған соғысының ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 258-б.

БАСПАСӨЗ ТАРИХЫНАН

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ – КӘСІПОДАҚ ЖАРШЫСЫ

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Қазақстандық салалық білім және ғылым
қызметкерлері кәсіптік одағының
Атырау облыстық ұйымының төрағасы,
тарих ғылымдарының кандидаты
Гүлдана ЕРТҮГЕЛ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің тарих мамандығының 1-курс магистрі

Атырау облысындағы білім мен ғылым беру мекемелерінің тыныс-тіршілігінің жаршысы атанған бұқаралық ақпарат құралдары сан алуан. Олардың қатарында жоғарғы буынды басылымдармен қатар облыстық, аудандық деңгейдегі газеттер және олардың сайттары да бар. Аймақтың айнасы дерлік БАҚ-тар білім беру ісінің жағдайы мен оң өзгерістерді, ұстаздардың қажырлы еңбектерін, сондай-

ақ күрмеуі шешілмеген мәселелерді көрсетуде толыққанды жұмыс істеп отыр. Бүгінде 36 мыңға жуық білім беру мен ғылым қызметкерлері кәсіподақ мүшелерінің басын қосқан облыстық ұйым өңірдегі ірі саяси-қоғамдық құрылым болып табылады. Ұйымның басты міндеті – Елбасымыздың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және «Қазақстандықтардың әл-ауқа-

тының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдаулары мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру. Президентіміздің: *«Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзiмiздiң озық ойлы жүйемiздi құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негiзгi басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс»*, – деген сөзі барлық педагогтарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр [1].

Міне, осы ретте республикалық салалық кәсіподақтың *«Ұстаздық еңбек»* газетінде Президентіміздің әр жылғы Жолдаулары мен құнды мақалалары тұрақты жарияланып келеді. Облысымыздың білім беру ұжымдарындағы мемлекет басшысының саясатының жүзеге асуы, заман талабына сай сапалы білім алу үшін лайықты жағдайлар жасалынып, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының жаңғыртылуы, педагогтардың әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайларының жақсартылуы жан-жақты көрсетіледі. Басылымдағы «Елбасы Жолдауы жаңа міндеттерді жүктейді» атты мақала облыс білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының жетекшілері, ғалымдар, тәжірибелі педагогтар мен ардагер ұстаздардың 2017 жыл 17 қаңтар күнгі «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын талқылауына арналған. Жиында сөз сөйлеген тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті А.Қ.Ахмет, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Ж.Б.Шаяхметова және т.б. Жолдаудағы бес басымдықты талдай келіп, білім сапасын арттыру үшін осы бағытағы жұмыстарды қайта қарау керектігіне тоқталды. Сонымен бірге, оқу бағдарламаларын қайта жасау, мектептердегі маман тапшылығын жою, үштілділікті енгізуде қазақ тіліне басымдылық берілетіндігі атап көрсетілді. *«Бүгінгі таңда ауыл мектептеріне ерекше көңіл бөліну керектігі айқын сезіледі. Бұл арада айта кету керек, үштілді оқуға көшу мәселесі де толғақты мәселе екендігі белгілі. Себебі, жас жеткіншектер ағылшын тілін меңгермей, еліміз жалпы ұлттық үрдіске жете алмайды. Сондықтан, маман кадрларды дайындау сапалы түрде жүргізілуі қажет-ақ. Оған біздің мүмкіншіліктеріміз бар деген ойдамын. Тек жауапкершілік пен ынтық керек. Бірақ, ана тіліміздің басымдылығы, әлбетте сақталуы тиіс»*, – деп түйіндеді өз ойын А.Қ.Ахмет [2].

Мемлекет басшысының 2017 жыл 12 сәуір күнгі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аталған газеттің оқырмандары арасында кең қолдау тапты. Аталмыш бағдарлама – еліміздің идеологиялық дамуының жарқын жолының нақты қадамдарын көрсетіп, көрегенді ой, батыл шешімдерге бағыттаған бастама болды. Аталған бағдарламада сананың жаңғыруы, ұлттық болмыстан айырылып қалмай, оны әлемдік маңызды құндылықтармен үйлестіріп, еліміздің болашағына жарату жолындағы мақсат-мүдделер айтылды. Сөзіміздің куәсіндей, журналист А.Шакупованың «Білімді мыңды жығар» атты мақаласында еліміздің әр азаматы мол табысқа жетуі үшін білімді, ғылымды, соңғы технологияны жете меңгеруі тиіс екендігі айтылады. Тәуелсіздік жылдарында білім саласына айрықша көңілі бөлінгенін тілге тиек етіп, Елбасы өзінің бастамасымен көтерген «Болашақ» бағдарламасының аясында мыңдаған жас әлемнің маңдайалды университеттерінде оқығаны, елі-

мізде осы бағытта сапалы білім беретін өте жоғары деңгейдегі университеттер, зияткерлік мектептер ашылғаны туралы атқарылған игілікті істер сараланады. Мақаладағы жан-жақты дамыған, жаһандық соңғы технологияны меңгерген, халықаралық деңгейде білімі бар азаматты тәрбиелеп өсіру – мемлекетіміздің басты стратегияларының бірі де бірегейі екендігі танылды. Тілші одан әрі төмендегідей қорытынды жасайды: *«Шынында да, күн сайын қарыштап дамуға бет алған заманымызда бүгінгі жаңа атаулы кәсіптеріміздің бірқатары ертең-ақ ескіге айналып, жойылып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан білімді, соның ішінде ІТ саланы жан-жақты меңгеріп, компьютерлік сауаттылықты, озық технологияларды еркін иегерудің маңыздылығы осында. Елбасының бұл мақаласы санаға түрлі ой салып, айқын мақсаттарға меңзейді»* [3].

Газеттің осы санында Білім қызметкерлері кәсіподақтарының Құрманғазы аудандық комитетінің төрағасы Ә.С.Ізжановтың «Белсенділік – бірлік көпірі» атты мақаласы жарық көрген. Аудандық кәсіподақ комитеті 62 бастауыш ұйымға 3766 мүшелердің басын біріктіріп білім беру саласы қызметкерлерінің құқықтарын қорғау ісінде, бұл жұмысты жүйелі және міндеттілікпен жүргізуде әкімшілік пен кәсіподақ ұйымы арасында жасақталған Ұжымдық шарттың алатын орнына тоқталады. Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына тұрмыстық-әлеуметтік жағдайларының жақсы болуы шешуші рөл атқарады. Сондықтан ауданның кәсіподақ ұйымы педагогтардың жағдайын басты назарда ұстайды. Жыл сайын айтулы мерекелерде, еңбек демалыстарына шыққан кезде марапаттан құр қалдырған емес. Жылма-жыл шипажайларға жолдамалар беріліп, педагогтар балалары емдеу-сауықтыру лагерлерінде жеңілдікпен демалады. Халықаралық еңбекті қорғау күні, «Еңбегіне қарай – құрмет» атты салтанатты кештерде ұстаздармен бірге білім беру мекемелеріндегі шаруашылық қызметкерлеріне де лайықты құрмет көрсетілетіндігі атап өтіледі екен. Демек, аудандық кәсіподақтар комитеті «Еңбек адамына – лайықты өмір» ұранын ту қып ұстап, өз мүшелерін жарқын болашаққа жетелей береді деген сеніміміз бар.

Соңғы екі жылдан бергі білім саласына өнген жаңартылған мазмұнды білім беру бағдарламасы да тәжірибелі ұстаздарды бейжай қалдырмапты. Мұғалімдер үшін жаңа оқу үрдісіне көшу кезінде қосымша курстарда білім жетілдіру, оқу бағдарламалары мен кешендерін қайта жасау міндеті тұр. Осы тақырыпқа қалам тартқан кәсіподақ қозғалысының ардагері, Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің оқытушысы Роза Дәулетиярова облыстық қоғамдық-саяси «Атырау» газетіндегі «Ұлт үшін күрес – күрестердің ұлысы» атты мақаласында былай деп жазады: *«Жаңартылған оқу бағдарламасындағы тағы бір артықшылық – мұғалім шығармашылығына еркіндік беріліп, оқушылардың өз бетінше көп ізденуіне жол ашылды. Сол жолда мұғалім де, шәкірт те басты рөлге ие болып отыр. Бұл үлкен – жаңалық. Оқушылардың еңбегін бағалаудағы өзгерістердің енгізілуі де жаңа талапқа сай келеді. Мұғалімнің қағазбастылықтан, сансыз есеп-мәліметтер жинаудан арылып, тікелей электронды жүйеге көшкені – жаңа әлемге бет түзгені»* [4].

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі жоғары ұйымдардың

Жарғысын басшылыққа алып, аймақтың қоғамдық-саяси өмірінде салалық кәсіподақтың рөлін, беделін арттыра отырып, әлеуметтік әріптестікті, ақпараттық насихатты күшейтіп білімді жастардың бастамаларын қолдауға, кәсіподақ белсенділерін оқытуды басты назарда ұстайды. Жұмыс кезінде еңбек қауіпсіздігін сақтау әрі қорғау – өте маңызды міндет. Қоғамдық бірлестік Еңбек Кодексіне сәйкес қауіпті, зиянды жұмыстар атқаратын қызметкерлер мәселесін шешу үшін білім беру мекемелерінде еңбекті қорғау мәселесін бақылайтын өндірістік кеңестер құрды. Қазақстан Республикалық Кәсіподақтар Федерациясы 2018 жылды «Еңбек қауіпсіздігі жылы» деп жариялауына байланысты облыстық ұйымның өткізілген шаралары баспасөз беттерінде және сайттарда жарқын көрініс тапты. Салалық кәсіподақ ұйымының бұл бағыттағы жұмысынан жазылған қызылқоғалық журналист Бауыржан Сисенов «Қазақстан кәсіподағы» газетінде «Еңбек қауіпсіздігі – басты назарда» және «Прикаспийская коммуна» газетінің тілшісі Тимур Казиевтың «Добровольное принуждение» атты мақалалары осының айғағы [5].

Профессор Т.Амандосов айтқандай, журналистиканың жалпы мазмұны – біздің қоғамдық өмірдің шындығы. Ал оның көрінісі – факті. *«Шығарманың тартымды да сенімді болуына, түсінікті де лепті болуындағы фактінің атқаратын қызметінде ешбір шек жоқ. Фактісіз публицистикалық шығарманың болуы мүмкін емес»,* – дейді ғалым-ұстаз [6]. Дәл осындай идеялық жүйеге құрылған кәсіподақ ұйымының нәтижелі жұмысы туралы хабарларды «Қазақстан кәсіподағы» газетінен табасыз. Басылымның 2018 жыл 17 тамыз күнгі санында Атырау облысынан екі мақала жарияланыпты. Алғашқысы «Жастар кәсіподақ назарында» деген атаумен беріліп Атырау облыстық кәсіподақтар орталығы жанынан құрылған «Келешек» жастар ұйымының жұмысын талдаса, ал екіншісі «Қайырымдылық – жүрекке тірек» деген тақырыппен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Мектепке – жол» атты республикалық қайырымдылық шарасын ұйымдастырғаны сөз болады. Мақалада адамға жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету атабамыздан қалған дәстүр екендігі айтылады. Ал акцияның мақсаты – көпбалалы отбасынан шыққан балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған, жетім балалар мен күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға да әлеуметтік көмек көрсету және оларды қолдау еді. Кәсіподақ үйінде өткен шарада ұйым атынан 15 жеткіншекке жаңа үлгідегі мектеп кастыюндері кигізілді. Сондай-ақ, осы шараға қатысқан аталмыш кәсіподақтың Құрманғазы аудандық филиалы – 50, Атырау қаласы – 30, Жылой – 10, Индер, Қызылқоға, Исатай, Мақат аудандары да тиісінше жомарттық танытқан. **Шараға қатысқан Атырау аймақтық кәсіподақ бірлестігінің төрағасы І.Ұ.Баймұқанов былай деді:** *«Біз бүгінгі Кәсіподақтар үйіндегі осындай шараны өткізіп өзімізді-өзіміз жарнамалап, арзан атақ-абырой жинаудан аулақпыз. Атадан қалған жақсы сөз бар «Бар жақсылық – балаларға!» дегендей, қолымыздан келгенше әркімнің қарекетіне қарай әлеуметтік жағынан қорғалмаған жасөспірімдерге қол ұшын бергеніміз дұрыс. Міне, сіздер залдан байқап отырған боларсыздар, осы акцияны өткізуге Атырау облысының барлық салалық кәсіподақ ұйымдарының басшылары, Атырау қаласындағы*

оқу орындарының өкілдерімен бірге ата-аналарда қатысып отыр. Сондықтан аталған шараға қолдау білдірген баршаңызға ұйым атынан рахметімді айтқым келеді» [7]. Аталмыш шараның жалғасқандығы туралы республикалық «Айқын», Атырау облыстық «Прикаспийская коммуна» газеттері мен кәсіподақтар сайтында да хабарлар басылды [8].

Жалпы, ҚРКФ-ның үні «Қазақстан кәсіподағы» атты газет Атырау облысы кәсіподақ ұйымдарының тыныс-тіршілігі, атқарылып жатқан шаралар туралы материалдарды кеңінен беріп келеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде биылғы жылы осы басылым беттерінде 17 мақала жарияланыпты. Олардың арасында газеттің 2018 жыл 24 тамыз күнгі санында «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің жұмысы туралы 3 мақала жарық көрді. «Міндет айқын – жол ортақ» атты мақалаға Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының төрайымы М.Т.Амантаеваның Атырауға жасаған іссапары арқау болған. Бұл басқосуда осы саланың республикадағы жетекшісі Астана қаласында өткен «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің қорытындыларына тоқталады. Мақала авторы жаңа оқу жылынан бастап өзі толтыруға тиіс 5 құжаттан басқа ешқандай қағаздары сұрамауы керектігін баса көрсеткен. *«Атап айтқанда, журнал, күнделік, балаларды сумативті-формативті бағалау, күнтізбелік және пәндік жоспар. Екіншіден, мектеп директоры мұғалімге жүктемеден артық тапсырмалар беретін болса, онда тек бүкілхалықтық сенбіліктен басқа орынсыз тапсырма үшін арыздануына болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында ұстаздардың құқын қорғап қоғамда қызу пікір тудырған олардың үй жағалап балалардың есебін алу жұмысы тоқтатылған болса, келер жылдан бастап мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға қатыстыру міндетінен де босатып отыр. Демек, ұстаздардың толыққанды еңбек етулеріне министрлік тарапынан үлкен жағдайлар жасалып отырғандығын атап өтуге тиіспіз»* [9].

«Ұстаз – ұлы тұлға» демекші, алты алаш пен барша халық қастерлейтін мамандық иелері әрқашан да құрметке ие. Елбасымыздың ағымдағы жылдың 5 қазан күнгі «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты барша қазақстандықтарға арнаған Жолдауында бұған аса мән берілгені ұстаздар қауымын бір көтеріп тастады. Жасыратыны жоқ, Тәуелсіздігіміздің 27 жылында білім беру саласы құтты бір сынақ полигонына айналғандай болды. Әр министр таққа отырған сайын бір реформа дүниеге келіп, бірінбірі жоққа шығаратын бұйрықтардан ұстаздар қауымы шаршап табынды. Осы тұста келер жылы қабылданатын «Педагогтар мәртебесі» атты Заңнан күтеріміз мол. Бүгінде БАҚ-да қызу талқыға түскен заңнамаға кәсіподақ ұйымының белсенділері де ұсыныс-пікірлерімен шығып отыр. Республикалық салалық кәсіподақ ұйымының жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Майра Тұрғанқызы Амантаева бірнеше рет «Хабар», «24 KZ» және «Астана» телехабарларының тікелей эфиріне сұхбат бергені баршаның есінде.

Республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінің 2018 жыл 23 қазан күнгі санында журналист Жадыра Аққайыр «Білмейтін дым да нәрсені, дүйім жұртқа не берер?» атты журна-

листiк зерттеу мақаласы жарық көрді. Жоғарыда айтқан мәселелерге қолдау көрсеткен тiлшi мұғалiмдер еңбегiн бағалауда жоғары айлық, жоғары ын-таландыруды қалпына келтiрудi қуаттай келiп Атыраулық салалық кәсiподақ ұйым жетекшiсiмен болған сұхбатты жариялаған. Ендi осы мақаладан үзiндi келтiрелiк:

«Өмiрде қателеспей өз мамандығыңды табуға да жол сiлтейтiн – Ұстаз! Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Орта мектептердiң өзiнде балаларды мейлiнше сұранысқа ие мамандықтарға бейiмдеп, кәсiби диагонастика жүргiзу маңызды» дегенi көптiң ойын дөп басқандығы. Жасыратыны жоқ, кеңестiк кезеңде мұғалiмнiң беделi жоғары тұрды, олар ауылдағы ең жоғары жалақы алатын зиялы қауымның алды болды, себебi олардан артық сауатты, көзi қарақты, көңiлi ояу адамдар болмады. Шәкiрттерi үшiн жанын салып, iзденiспен, жоғары талаппен еңбек ететiн. Балалардың бос күнi болмаушы едi, себебi ертеден кешке дейiн мектепте болмаса спорт залдарда, түрлi үйiрмелерде жаттығатын. Ол кезде ата-ана қазiргiдей баланың сөзiн сөйлеген жоқ, қайта «сүйегi менiкi, егi сенiкi» деген ұстамда болды. Мұғалiмнiң шәкiрттерiнiң жүрегiне терең бойлағаны соншалық кiмнiң қай мамандыққа дөп келетiнiн, кiмнiң институтқа, кiмнiң «СПТУ»-ға, кiмнiң мал бағуға кететiне жол сiлтейтiн. Қазiр ше? Мектептi бiтiрген баланы қаласын-қаламасын универсiтетке сүйрейдi, қатарынан қалмасын деп қарызданып оқытады, тiптi келесi ұл-қызын да ЖОО-на түсiредi. Сөйтiп оқуының ақшасын төлей алмай деканаттың, ректордың, әкiмдiктiң алдынан шықпайды. Бiтiргендерi қоғамнан бой тасалап «жеңiлдiң астымен, ауырдың үстiмен» жүргiсi келедi. Олардың арасында да мұғалiм жiгiттердiң мұнайлы өндiрiс аумағын төңiректеуi, жергiлiктi базарларда күзетшiлiкте немесе әртүрлi сауда орындарында менеджерлiкте отырғандары бар. Сондықтан ұстаз боламын деген жастың жүрегiнде ерлiктiң ұшқыны болуы тиiс. Мектепке еңбес бұрын «Мен осы мамандықты не үшiн қаладым? Шәкiрт алдына баруға дайынмын ба? Сыныптағы шәкiрттерiмдi соңымнан ерте алам ба?» деген ойлар мазалауы тиiс. Осылайша жүректен шыққан сауалдарына жауап алғаннан соң ғана өз-өзiңе сенiмдi боласыз. Сонда ғана кешегi өткен ғасырдың кезiнде бiлiм беру мекемелерiнiң 70-80 пайызын ер адамдар құраған

заманға жетер едiк, шiркiн!!!» [10].

Ел болашағы үшiн адал еңбек ету – баршаның абыройлы мiндетi. Ал бiлiм мен ғылым ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған мiрас мұра. Сол салада еңбек етiп жүрген аймақ кәсiподақ ұйымдары педагог кадрлардың мәртебесiн көтеруде, құқығы мен мiндеттерiн қорғауда мерзiмдi баспасөздiң рөлiн пайдаланып отыр. Республикалық алалық кәсiподақтың «Ұстаздық еңбек» газетiнде «Сауал сiзден, жауап бiзден» атты тұрақты айдардың жұмысына жоғары баға беруге болады. Бұл орайда салалық кәсiподақ ұйымының заңгерi Ю.А.Айбосынованың бiлiмпаздығы, сауаттылығы, iзденгiштiгi оқырмандар ойынан дөп шығып келедi. Биылғы жылы осы бетшеде 65 адамның сауалына нақты жауап берiлдi. Бұл да үлкен жетiстiк!

Қорыта келгенде, сан салалы кәсiподақ ұйымдарының жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көруiне атсалысып жүрген журналистер еңбегi әрқашанда зерттелiп, орынды бағаланып отыруы тиiс деген тұжырымға келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Төртiншi өнеркәсiптiк революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкiндiктерi. // «Егемен Қазақстан». – № 6. 10 қаңтар, 2018 жыл.
2. Құлжанов Қ. Елбасы Жолдауы жаңа мiндеттердi жүктейдi. // «Ұстаздық еңбек». – № 1. 23 ақпан, 2017 жыл.
3. Шакупова А. Бiлiмдi мыңды жығар. // «Ұстаздық еңбек». – № 5. 27 сәуiр, 2017 жыл.
4. Дәулетиярова Р. Ұлт үшiн күрес – күрестердiң ұлысы. // «Атырау». – № 96. 5 желтоқсан, 2017 жыл.
5. Сисенов Б. Еңбек қауiпсiздiгi – басты назарда. // «Қазақстан кәсiподағы». – № 26. 13 шiлде, 2018 жыл.; Казиев Т. Добровольное принуждение. // «Прикаспийская коммуна». – № 89 (20214). 2 ноября 2018 года.
6. Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. // «Мектеп», 1978. – 138 б.
7. Қалимова Т., Алтыбаев Е. Жастар кәсiподақ назарында.; Қайырымдылық – жүрекке тiрек. // «Қазақстан кәсiподағы». – № 31. 17 тамыз, 2018 жыл.
8. Қалимова Т. Қайырымдылық – жүрекке тiрек. // «Айқын». – 13 тамыз, 2018 жыл.; Куанышева М. Твой портфель. // «Прикаспийская коммуна». – № 72 (20197) 7 сентября 2018 года.
9. Мiндет айқын – жол ортақ. // «Қазақстан кәсiподағы». – № 32. 24 тамыз, 2018 жыл.
10. Аққайыр Ж. Бiлмейтiн дым да нәрсенi, дүйiм жұртқа не берер? // «Айқын». – № 160. 23 қазан, 2018 жыл.

ТАРИХ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Бибiнұр ШЕРБАЕВА,

Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетi

Балалар поэзиясы – бiрнеше дәуiр аясында қалыптасқан дүние. Қазақ балалар поэзиясы – баланың пәк сенiмiне, оның ой-өресiне ыңғайлана отырып, тiлге жеңiл, бұрынғы және бүгiнгi қоғамдағы орын алып жатқан оқиғаларға сүйенiп жазылатын дүние. Балалар әдебиетi балалардың жастайынан даму ерекшелiгiне, мiнездiң қалыптасуына, оның

дүниетанымын кеңейту ғана емес, жақсы-жаман әрекеттердi сараптауға үйретедi. Ендi ғана дүние есiгiн ашқан сәбиде басты қалыптасатын құбылыс – мiнез. Мiнездiң қалыпты дамуына ұлттық балалар поэзиясы көркемдiк және педагогикалық негiзде сипатталады. Бастапқы кезең фольклор жанрындағы ата-бабадан берi мұра болып, кейiнгi уақытта өз

Қазақ тарихы

№10 (177), желтоқсан, 2019

құндылығын жоғалтпаған «Бесік жырынан» бастау алады.

Балалар поэзиясы – тәрбие құралы. Бала тәрбиесінде ерінбей еңбек етіп, бірқатар жырларды арнаған ақындарымыздың бірі – Тұманбай Молдағалиев. Оқырман жүрегіне жол табу нағыз талантты, бірегей ақындардың ғана қолынан келеді. Т.Молдағалиев сондай жұлдызы биік ақындардың қатарына жатады. Ақынның шығармаларының көп бөлігі балаларға арналған. Оның өлеңдері адам сезімін, өмір көріністерін, табиғат, махаббат, Отанға деген сүйіспеншілік сынды жүрек қылын шертер сезімдерге құрылады. Шексіз қиял, мазасыз толғаныс, түпсіз ой қанаты, сезім сиқыры, көңіл қатпары ақын санасында ерекше орын алып, өлеңдерінде шуақты сәулеге айналды. Балалық шақтың бал дәуренін, өмірге деген құштарлықты ерекше серпінмен жырлайтын ақын жүрегі оттан да ыстық ана махаббатына толы болды:

Түн ұйқысын төрт бөледі,

Көкірегін өрге сүйреп.

Мехнат, азап көп көреді,

Балам азап көрмесін деп.

Анаң сенің, анам менің, – деген өлең жолдарында Ананың баласына деген шексіз махаббатын суреттеп, баласы үшін жанын қиюға дайын екендігін айқындап тұр. Ал:

Анам күннің өткенін ұнатпайды шамасы,

Жақындаған көктемін қызықтап жүр баласы.

Ұнатпайды анашым бұрқыраған боранды,

Желді, қарды, аязды жек көретін боп алды.

Немересін құшақтап күрсініп бір қояды, – деген өлең шумағында «ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» дегендей, суықтың, боранның не әкелетінін іштей сезіп, боранның соққанына қуанып жүрген баласын құшағына қыса, өзінің өткенін елестетеді. Ертеңінде не боларын ойламаған, тәжірибесі жоқ баланы өмірден көргені көп қарт ана берекетсіз қимылдардан бойын аулақ ұстатқызуға тырысады. Ақын осы көріністі қыс бейнесімен ұқтыра білген. Т.Молдағалиевтің «Жаным, ана» өлеңінде қаламгер өз өміріндегі анасының рөлін асқақтата отырып, барлық жеткен жетістіктерін соның арқасы екендігін көрсеткен. Оны мына жолдардан байқауға болады:

Барсың, анам, күлімде, көз жасымда,

Өмір бойы жүресің өз қасымда.

Сенің арқаң ардақтап азбасым да,

Сенің арқаң атақтан тозбасым да.

«Өмір бойы жүресің өз қасымда» деген тармақта анаға деген мәңгілік өлмес махаббатын, өмір бойы жадында мәңгі сақталатындығын айта кете, мына жолдарда сол мағынаны жіктеп ашқан:

Жадымда да сен жүрсің, қанымда да,

Сенімімде сен жүрсің, нанымда да.

Мәңгі соға береді от жүрегім,

Жоғымда да, дүниеде барымда да.

Фольклортанушы К.Матыжанов қазақ балалар фольклорын мына шарттар бойынша бірнеше топқа жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі:

Әлпештеу поэзиясы (бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары).

Жеткіншектер поэзиясы (маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама).

Ойындық фольклор (ойын өлеңдері: тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы, ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар [5, 56-6.].

Т.Молдағалиев шығармашылығында тақпақ, қы-

зықтама өлеңдері өте көп. Оны «Әйбат бала боламын» өлеңінен көруге болады:

Қыз болдым мен атама,

Мен жатамын қасына,

Апам жалғыз жата ма?!

Апам жалғыз жата ма?!

Ерболды да ойнатам,

Дәулетті де ойнатам,

«Біздің Алма әйбат», – деп

Мені мақтап қойды атам,

Мені мақтап қойды апам.

Бұл өлең жолында балалық кездегі пәк көңіл мен балғын өмірмен үндесіп жатыр. Осы орайда, жалпы балалар әдебиеті туралы пікірлерге назар аударсақ, мына белгілерді байқауға болады. Ең алдымен, жасөспірімдерге арналған шығармалардың идеялық тақырыбы мен сюжеттік арқауы тілге жеңіл келсе, оның есесіне өлеңдері өрнек бояуы ойнақы, сонымен қатар өзгерімпаз болып келеді. Басқаша айтқанда, құбылыс декорациялық көріністері тез ауысымды, шұғыл қимылды болып келуі жас оқырмандардың талаптарына сай болуы міндетті. Балалар поэзиясы балғын оқырмандардың дүниетаным түсініктеріне лайық болуға, сонымен бірге жаңа құбылыстарды ендіруге тиісті [6, 11-б.]. Тұманбай Молдағалиев өлеңдерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, негізінен, мектеп жасына дейінгі балаларға және мектеп жасындағы балаларға арналған өлеңдері деп бөлуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сезгіштік қабілеті, ойлау мен қабылдау жүйесі адамға тән формалардың қалыптасу кезеңі болып саналады. Олардың осы кезеңде дамуы мен ойын үстіндегі әртүрлі әрекеттері қоршаған ортамен танысып, ақыл-ойының дамуына үлес қосады. Жас балдырғандарға арналған шығармалар тілге жеңіл, ұйқасы жаттауға икемді болуы маңызды [9, 11-б.]. Себебі сана-сезімі енді ғана қалыптасып келе жатқан бүлдіршін барлық жағдайды, оқиғаны дәл сол күйінде қабылдайды. Сондықтан оларға арналған шығармалар сипаттау мәнінде құралғаны жөн. Т.Молдағалиевтің мектеп жасына дейінгі балаларға арналған өлеңдері осы принциптерді сақтаған.

Аспаннан күн күлімдеп,

Төбеден төгеді нұр.

Ағаштар түгел гүлдеп,

Алқапты қуанып тұр, – жолдарында табиғатты бала танымына сәйкес астарлы ойсыз суреттеген. Баланың қиялына қанат бітіріп, келешектегі ойлары тәтті армандар құшағына ендіретін өлеңдерінің бірі – «Ұшқыш бала»:

Көкке ұшам,

Ұшқыш бала боламын.

Соңына ерем,

Гагариндей ағаның.

Батыр болам –

Көк аспанды сүйемін.

Жұлдыздарға,

Барып келіп жүремін, – дейді. Бұл жолдарда байқағаныңыздай, баланың жас ерекшелігі ескеріліп, шебер педагогикалық әрі психологиялық көзқарастармен жазылған. Өлең өте қарапайым, тілге жеңіл, оның бөбектерге берер патриоттық, тәрбиелік мәні зор. Баланың өзіне тікелей насихаттай бастап оқыса, ол құрғақ өсиеттің бірі болар еді. Ақынның шеберлігі – аз сөзге көп мағына сыйдырып, балаларға түсінікті жалпы тілмен жеткізуі.

Қаламгер өлеңдерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бірте-бірте күрделендіріп оты-

рады. Мектеп жасындағы балалар шығармаларына жаңадан мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндерге тәрбиелік мәні өлеңдерін айтсақ болады. Оның ішіндегі атап өтетін өлеңдерінің бірі – «Алма сыйла».

*Бақ жайнаса даусың бәсең,
Қонағың мәз аулаңды әсемдесең.
Алма сыйла апаңа да, атаңа да,
Кәрілерім қуанып қалсын десең.*

Автордың шебер педагог ретінде көрсететін өлеңдерінің бірі – «Мен мектепке барамын».

*Өзің боп алғаш рет,
Жейдемді үтіктедім.
Ішінде ағаштың көп,
Мектеп тұр күтіп мені.
Талай жыл сол мектепке,
Келуші ем әпкеме еріп.
Жүрді ғой жасым жетпей,
Жүрсем де жақсы көріп, –*

деген жолдарда баланың бойына сіңіру керек бірнеше қасиеттерді тілге тиек еткен. «Өзің боп алғаш рет, жейдемді үтіктедім» жолдарында баланы ұқыптылыққа баулиды. Бұл өлеңде жас бүлдіршінді оқуға деген қызығушылығының пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, «Мектебім» өлеңінде де осы ойды өрбіте бейнелегенін байқаймыз:

*Қоңырау сылдырлап
Шақырасың «кел, кел» деп.
Қолымда гүл бір бума,
Қасымдағы Әнуарбек.
Ұшсам қайсы қияға,
Сен де бірге барасың.
Жақсы бала сірә да
Ұмыта ма анасын.
Ұйықтамайсың сен мәңгі,
Көзіңді бір ілмейсің.
Үйрен дейсің самғауды,
«Оқы!» – дейсің, «Біл!» – дейсің.*

Бұл өлең жолдары Абай, Ыбырай салған дара жолды жалғап, педагогикалық сарында баланың оқу-білімге деген ынта-жігерін арттыру мақсатында жарыққа шыққан.

Ұлттың қалыптасуына балалар поэзиясының әсері көп. Себебі «Тәрбие – тал бесіктен» дегендей, ата-бабамыз жас ұрпақты тәрбиелеуді басты мақсат ретінде санаған. Үлкен әлемге қадам басқан жас бүлдіршінге бойына адамгершілікті, ізгілікті жастайынан сусындатуға, қазақ балалар поэзиясының алар орны ерекше.

*Құмырсқаны өлтірме, құсты да атпа,
Жақында ұшып кетер ыстық жаққа.
Оны оятпа, байқашы бақ ішінде,
Көлеңкелер ұйқтайды түскі уақта.*

Адамгершіліктің қайнар бұлағы – отбасында, халықта. Ол ешқашан ескірмейтін дүние. «Адамгершілік – бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» демекші, адами құндылықтар қайырымдылықпен, қоғамдық тәжірибе алумен, өмірде өзге жандарға барынша қол ұшын берумен өлшенеді. Рухани бай адам – кішіпейіл, шыншыл, әділ, еңбекқорлық секілді ізгі қасиеттерге толы болады. «Еңбектің наны тәтті» демекші, баланы адал еңбекке баулып, оның бойына ізгі қасиеттерді жастайынан сіңіру керек.

*Жылайды аспан кемсеңдеп,
Күн жып-жылы сонда да.
Балын алып қалсам деп,
Соңғы гүлді сорды ара.*

*Гүлден шырын аларда,
Шаршамайды аралар, –*

деген өлеңі бар. Бұл өлең еңбек тақырыбына арналып, сары күз келсе де бал жинаудан талмайтын аралардың еңбекқорлығын көрсетуде. Өлеңді оқыған бүлдіршін ерінбей еңбек етудің мәнін түсініп, оның қыр-сырына қанық болып өседі. Осыған ұқсас «Дихан аға» өлеңі де балаларды өзгенің еңбегін бағалауға деріптейді:

*Бала кеуде, өр еңселі,
Жазың өтті кең далада.
Ұйқың қанбай жүр-ау сенің,
Биыл тағы, дихан аға.
Жеңіп шығып мына сынды,
Алғысын ал кең даланың.
Мен әкелген бал сусынды,*

Сен ішкенде мәз боламын, – деген жолдар еңбексүйгіш бөбектің атынан жазылып тұр. Сол себепті өлең жолдары қарапайым, жас балалардың ойына қонымды болып жазылған. Жаманнан жирендіру мақсатында, қарама-қарсы бағытпен жазылған өлеңі ақын шығармашылығында мөлінен кездеседі:

*Терлеп, шаршап қалады,
Отын жиса он құшақ.
Қолғабы бар баланың,
Қолы бірақ тоңғыш-ақ.
Ұстай алмай буынын,
Секілді бір қарт кісі.
Су әкелсе суының
Төгіледі жартысы.*

Бұл өлеңде ақын жалқау баланы суреттеп тұр. Еш тірлікке ебі жоқ, өмір қызықтарынан оқшау қалған, ғұмыры бос өтетін жалқау баланы бейнелеген. Осы арқылы өскелең ұрпаққа еріншек пен жалқаулық жаман қасиеттер қатарына жататындығын баса түсіндірген.

Қай шығарма болмасын, бала өмірінде ең басты құндылық өзіндік түсінігін, сана-сезімін қалыптастыруға, яғни баланың жетістіктер мен кемшіліктерді айыра білуге, соған сәйкес қоғамдық-әлеуметтік ортада орнын айқындауға жол ашады. Балалар әдебиеті жас оқырмандардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңалықтар мен жаңа түсініктерді қабылдауына, дүниетанымын арттыруына, айналасындағы сан құбылыстарды сыр-сипатын танып-білуге, жаман мен жақсыны саралауға ықпал етеді.

Т.Молдағалиев – тәуелсіздік ақыны. Оның шығармаларында туған жер, тәуелсіздік сынды патриоттық өлеңдер жиі кездеседі. Тәуелсіздік алған жылдары жас бүлдіршіндерге халқымыздың, мемлекетіміздің негізін құрайтын заңымыз, рәміздеріміз, жер аумағымызды ұғындыру мақсатында өлеңдер арнаған. Оған «Қазақтар», «Елтаңба», «Біздің ту», «Әнұран», «Намыс», «Тұңғыш президент», «Тәуелсіздік туы астында», «Республика күні», «Елбасы ағамыз» өлеңдері дәлел. «Біздің заң» өлеңінде:

*«Оқыңдар», – дейді біздерге,
«Оқыңдар, – дейді, – ұланым»,
Еркіндік алған ізгі елге,
Қамқоршы болып ұрады.
Сол заңмен өсіп санамыз,
Қуаты берер бар қандай?!
Біз оның тілін аламыз,
Ананың тілін алғандай, –*

десе, «Қазақстан картасы» өлеңінде:

*Анау – Жайық өзені,
Анау жатқан – Атырау.
Бәрі сенің өз жерің,
Өз суларың, батыр-ау, –*

деген жолдарында жас бүлдіршіндердің танымын арттыру мақсатында жер жауһарларын өзіндік стильмен суреттеген. Т.Молдағалиевтің бастауыш сыныптарда оқитын балғындарға қазақ халқының тарихы мен салтын құрметтеуге, патриоттық сезімді артыруға, туған жерін, тілін сүйе шақырады.

Т.Молдағалиев көркемдік-шығармашылық шеберліктің негізінде педагогикалық-психологиялық білім негіздерін жинастырумен қатар, шығармаға ерекше реңк беріп, жас оқырманды өзіне баурап алады. Қазақ әдебиетінде ойып алар орны бар, шынайы классик үлгідегі поэзиясы халқымен әрдайым жасай бермек.

РЕЗЮМЕ

Бибинур Шербаяева. Юношеская поэзия в творчестве Т. Молдағалиева

В статье рассмотрены особенности стихотворения Туманбая Молдағалиева для детей, его произведения, раскрывающие основные ценности в жизни ребенка, формирование самосознания, то есть умение различать достижения и недостатки, в соответствии с которыми ребенок должен найти место в общественно-социальной среде. Произведения писателя способствуют восприятию новых понятий и новостей в соответствии с возрастными особенностями молодых читателей, повышению их мировоззрения, познанию характера окружающего мира, анализу плохих и скромных явлений.

Bybynur Serbayeva, Youth poetry in the works of T. Moldagaliev

The article considers the features of Tumanbay Moldagaliev's poem for children, his works revealing

the main values in the life of a child, the formation of self-consciousness, that is, the ability to distinguish between achievements and shortcomings, according to which the child must find a place in the social environment. Works of the writer contribute to the perception of new concepts and news in accordance with the age characteristics of young readers, increase their Outlook, knowledge of the nature of the world, the analysis of bad and modest phenomena.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Молдағалиев Т.** Бөбегімін Ильичтің. – Алматы: Жалын, 1977. – 244-б.
2. Қош, көктем: таңдамалы өлеңдер / Тұманбай Молдағалиев. – Алматы: Жазушы, 1971. – 240-б.
3. Хаттар, хаттар!: поэмалар / Тұманбай Молдағалиев. – Алматы: Жазушы, 1974. – 170-б.
4. Балаларға базарлық: өлеңдер / Т.Молдағалиев. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2011. – 128-б.
5. **Ш.Ахметов.** Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. А. 1965.
6. XX ғасыр басындағы балалар поэзиясы / А. Әлтай // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 25 қыркүйек – 1 қазан (№41).
7. Өлеңге айтам, өзгеге айтпас нәрсемді: Т.Молдағалиев творчествосы жайында. / С.Дәуітов // Қазақ әдебиеті. – 1990. 31 тамыз.
8. Балалар поэзиясындағы кейіпкер тілі / А.Әлтай // Ақиқат. – 2009. – № 6. – 103-104-б.
9. Балалар поэзиясының табиғаты / А.Әлтай // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер. Гуманитарлы ғылымдар сериясы. – 2009. №4.
10. **Қабдолов З.** Сөз өнері: оқулық. – Алматы, 2002. – 360-б.
11. Ақын әлемі: [Ақын Тұманбай Молдағалиевтің лирикасы туралы зерттеу мақала]. / Ж.Дәдебаев // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998. – № 9-10. – 108 -113-б.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

СЪЕЗДЫ СУДЕЙ КАЗАХСТАНА: проблемы и перспективы судебной реформы

Жапсарбай КУАНЫШЕВ,
главный научный сотрудник Института
истории государства, доктор политических наук

Проведенные на заре независимости судами и органами юстиции мероприятия не оказывали должного влияния на укрепление правопорядка и сокращение количества судебных ошибок. Увеличилось количество жалоб на деятельность судов, низкое качество рассмотрения уголовных дел в народных судах некоторых областей. Упущения в работе управлений юстиции не позволили обеспечить на должном уровне правовую деятельность местных Советов, что нередко приводило к принятию актов, противоречащих действующему законодательству. Многие из этих законодательных актов несли в себе отпечаток прошлого. Поэтому необходимо было переосмыслить старые подходы в контексте новых требований.

Следует отметить, что правовая система значительно отставала от хода преобразований в других

сферах жизнедеятельности общества и находилась в дисгармонии с демократическими началами построения нового общества. Судебная власть была разрознена. Хромала работа по обеспечению защиты прав и законных интересов граждан, возросли факты волокиты при рассмотрении уголовных дел. Наблюдались недостатки в кадровом обеспечении судов и органов юстиции [1].

Поэтому роль органов юстиции и судов в условиях государственной независимости Республики Казахстан была в центре внимания и в ходе обсуждения проекта Конституции Республики Казахстан в 1992 году. Этот вопрос стоял в повестке дня сессий областных Советов, заседаний коллективов областного и народных судов, на которых высказывались предложения касательно проблем судостроительства. На собраниях, конференциях об-

ластных и городских судей принимались обращения на имя Президента и Верховного Совета страны о положении дел в системе судебных органов в Казахстане [2, л.8-10]. Наряду с вопросами, касающимися материальной обеспеченности и социальной защищенности, судьи требовали скорейшего обсуждения концепции, вынесения на обсуждения уголовного, гражданского, уголовно-процессуального, гражданско-процессуального кодексов, принятия Закона о статусе судей, незамедлительного проведения съезда судей до проведения очередной сессии Верховного Совета [2, л.12-13].

Сложившаяся ситуация продиктовала необходимость обсуждения жизненно важных и актуальных вопросов правовой политики государства с юридической общественностью. В начале это были республиканские совещания юристов, а также руководителей правоохранительных и судебных органов, которые проходили с участием Президента Н.Назарбаева. На указанных мероприятиях обсуждались вопросы укрепления законности, борьбы с преступностью, повышение качества работы судебных и правоохранительных органов. Затрагивался также вопрос о независимости судей. Рост преступности оценивался как прямое посягательство на устои государственности [3, л. 1, 3].

Кроме того, на этих совещаниях отмечались узковедомственные подходы в вопросах правовой реформы, а также проблемы пассивного привлечения в этот процесс потенциала юридической общественности. Для создания прочного фундамента молодого государства необходимо было консолидировать силы и средства всех структур правовой системы и общественности. Здесь речь, конечно, шла прежде всего о создании общественной организации, объединяющей юристов, а не разъединяющая их по ведомственной принадлежности. Все это задумывалось для того, чтобы активно привлечь их к участию в практическом воплощении идей реформирования правовой системы [3, л. 4-6]. Поскольку Независимому Казахстану, находящемуся в переходном периоде своего развития надо было перестроить свою судебную систему, ориентируя ее на происходящие социально-экономические и общественно-политические перемены в стране. Структура и функция судебных органов, сохранившие в себе некоторые рудименты советского прошлого, нуждались в пересмотре и прогрессивных изменениях посредством организации серьезного и качественного законодательного процесса.

Следует отметить, что и после принятия Конституции 1995 года все еще не было целостной концепции правовой реформы. Как отмечал Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев, отдельные вопросы решались без видения проблем в целом. Рассматриваемый проект Государственной программы правовой реформы отчасти мог устранить этот пробел. Поскольку в ней были изложены не столько концептуальные подходы, сколько практические принципы и направления реформы правоохранительной деятельности конкретных органов. К тому же в проекте этого документа оставались не отраженными очень многие важнейшие аспекты реформы. Видимо причиной этого явилась позиция Верховного Совета. Дело в том, что разработанная двумя годами ранее «Концепция судебно-правовой реформы в Республике Казахстан» так и не была рассмотрена им. Она была отозвана и преобразована в Государственную программу, утверждаемую Президентом [3, л. 4, 9, 23].

12 февраля 1994 года Президент Республики Казахстан утвердил Государственную программу правовой реформы в республике. Один из разделов программы полностью был посвящен вопросам реформы судостроительства. В ней проекте нашли свое отражение предложения о единстве судебной системы в Казахстане, о создании эффективного механизма, позволяющего более квалифицированно формировать судейский корпус, осуществлять контроль за соблюдением законов в процессе отправления правосудия, обеспечивать и укреплять материально-техническую базу судов.

На совещаниях руководителей правоохранительных и судебных органов Президент Н.Назарбаев критически оценил работу судебных органов. Он постоянно обращал внимание на пороки судебно-карательной практики. Были приведены такие факты, когда по протестам прокуроров за мягкостью назначенной меры наказания были отменены свыше тысячи приговоров. Судьи нередко злоупотребляли своими процессуальными правами в вопросе изменения меры пресечения в стадии расследования преступлений, в результате чего из-под стражи освобождались лица, обвиняемые во взяточничестве, рэжете, незаконном хранении огнестрельного оружия, рецидивисты. С другой стороны, по вине судей в следственных изоляторах с нарушением сроков содержания находились свыше 2 тысяч человек. В 1993 году было привлечено к дисциплинарной ответственности за различные нарушения 77 судей, но ни один судья не был освобожден от должности, хотя допускались грубейшие нарушения законности [4].

С принятием Конституции 1995 года процесс получил дополнительный импульс. Были приняты все конституционные законы о государственных символах, о Президенте, о парламенте и о статусе депутатов, о правительстве, об организации и деятельности Конституционного Совета, о судьях и статусе судей. Этот процесс активно шел в период осуществления Президентом дополнительных полномочий, предоставленных ему Верховным Советом. В ходе реорганизации судопроизводства, в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан, имеющим силу конституционного Закона «О судах Республики Казахстан» от 20 октября 1995 года было отменено деление судов на общие и арбитражные и сформирована единая судебная система, возглавляемая Верховным Судом республики [5, л. 6]. Указом Президента РК, имеющим силу конституционного Закона «О судах и статусе судей в Республике Казахстан» от 20 декабря 1995 года были закреплены основополагающие конституционные принципы организации и деятельности единой судебной власти в Казахстане, а также несменяемости и назначаемости судей Президентом по рекомендации Судебного Совета либо Квалификационной коллегии юстиции.

Судебная система в стране начала приобретать реальную независимость, повышаться престиж и авторитет суда. Было создано устойчивое положение, ответственность за неуважение к суду, достаточно высокий уровень материально-технического и социального обеспечения судей. По результатам проведенной аттестации суды состояли только из постоянных судей. Это мероприятие имело целью выявить судей, не соответствующих занимаемым должностям и решительное избавление от них. Так, среди областных и приравненного к ним судов были

аттестованы с замечаниями 16, с серьезными замечаниями 18 судей, не аттестовано двое судей. А в районных и приравненного к ним судах комиссией не было аттестовано 49 судей, это помимо тех 108 судей, аттестованных с замечаниями и серьезными замечаниями [5, л.7].

Тем не менее деятельность судов еще далека была от совершенства. В 1995 году были отменены и изменены свыше 6,5 тысяч приговоров. Например, в 1996 году почти в два раза больше, чем в целом по республике, изменялись и отменялись приговоры и решения районных судов Актюбинской, Атырауской, Северо-Казахстанской, Павлодарской и Тургайской областей. А в г.Алматы – каждое десятое решение районных судов, что в три раза превышал среднестатистические республиканские показатели [6, л. 22]. Каждое десятое уголовное дело было рассмотрено с нарушением установленного срока, незаконно осужденных под стражей находилось 149 человек. Так, в 1996 году в Тургайской, Карагандинской и Кокшетауской областях удельный вес с нарушениями установленного срока в два раза превышал общереспубликанский показатель, а в следственном изоляторе г. Алматы свыше 900 человек ожидали судебного процесса сверх установленных законом сроков [6, л.21].

Все это происходило не только из-за низкого профессионального уровня судей, но и нередко являлось следствием их корыстной заинтересованности. Очень много жалоб поступало на качество работы судей, волокиту и произвол с их стороны. Фальсификация уголовных дел, назначение мер наказания неадекватных содеянному, зачастую с обвинительным уклоном, как раньше это было, стали носить распространенный характер. Получается, что вместо независимого суда, общество получило независимость судьи самих от суда [7]. О «справедливости» судебной власти, «находчивости» и «справедливости» судей свидетельствовали такие факты, когда судебной коллегией Костанайского областного суда необоснованно был оправдан бывший начальник поселкового ОВД Трифонов, обвиняемый органами следствия в злоупотреблении и получении взятки, а судья Жамбылского района Алматинской области Нурманов вообще вынес заочный приговор по уголовному делу в отсутствии подсудимого [6, л. 25]. Много возмущений у людей вызывал исполнение судебных актов, которое и поныне является самым слабым местом в системе правосудия. По данным органов прокуратуры, в каждом шестом уголовном деле отсутствовали сведения об исполнении приговоров, почти половина которых, в части конфискации имущества, не была исполнена. Хуже всего ситуация была по хозяйственным делам, где почти 90 % решений оставались невыполненными [6, л.31]. Анализ жалоб и обращений граждан, а также организаций, поступивших в Комиссию по правам человека при Президенте Республики Казахстан, показывает, что основная масса их заявлений, наряду с экономическими, в целом были связаны с несогласием населения с решением суда и неисполнением судебных решений отдельными лицами, руководителями организаций. Последнее стало носить массовый характер, что свидетельствовало о слабом контроле, осуществляемом самими судами за исполнением своих собственных решений, соответственно иницирующий у граждан и обязанных сторон неуважительное и пренебрежительное отношение к ним [8, л.71].

В 1996 году произошло фундаментальное обновление судебного корпуса Казахстана. Судьи прошли аттестацию и обрели статус постоянных и, впервые в истории были назначены на должность Президентом Республики Казахстан. В ходе аттестации судьи основательно изучали действующее и новое законодательство, пополняли свои теоретические и профессиональные знания по основным отраслям права. Судейский корпус пополнился компетентными специалистами. Некоторые не выдержали жестких профессиональных испытаний. Таким образом, основной этап судебно-правовой реформы – формирование судейского корпуса, завершился.

В декабре 1996 года прошел первый в истории страны Съезд судей. В его работе принял участие Президент Н.Назарбаев. Был создан Союз судей Республики Казахстан, избран его руководящий состав и разработан План мероприятий по реализации предложений и замечаний, высказанных Главой государства. Администрацией Президента были организованы выезды в Северо-Казахстанскую и Павлодарскую области, по материалам которых была подготовлена служебная записка Руководителю Администрации Президента. Для устранения выявленных недостатков в Министерстве юстиции было проведено заседание коллегии и приняты соответствующие меры [8, л.30].

Ровно через год, в декабре 1997 года, прошел II Съезд судей. В своем выступлении на съезде Глава государства Н.Назарбаев назвал назначение судей Президентом гарантией независимости судей, и особо подчеркнул: *«... всех вас назначил бессрочно и тем самым обеспечил вашу независимость. До этого вы, может быть, от нас зависели, теперь вы действительно подчиняетесь только закону»* [9]. В центре внимания III Съезда судей Республики Казахстан, который состоялся в июне 2001 года, было создание независимой и эффективной судебной системы. Суды были выведены из ведения министерства юстиции, создан Комитет по судебному администрированию Верховного суда. Произошли изменения в подборе и расстановке кадров в сторону демократизации этого процесса. В порядке эксперимента в Алматы и Караганде были созданы специализированные межрайонные экономические суды, уполномоченные рассматривать экономические споры, с последующим масштабированием его положительного опыта на всю страну. Поэтому деятельность судов стала представлять не только юридическое, но и большое политическое значение.

Президент Н.Назарбаев в своем выступлении «Правосудие – это справедливость» очередной раз напомнил делегатам съезда о том, что основное назначение судебной власти состоит в защите прав, свобод и законных интересов граждан и организаций, обеспечении исполнения Конституции и законов страны. Он охарактеризовал первое десятилетие независимости Казахстана, как время становления справедливости, в самом широком смысле этого слова. Поскольку государство делало все возможное для создания независимой, эффективной и справедливой судебной системы. Для этого были приняты необходимые законы и соответствующие организационные меры в контексте повышения авторитета судов, закрепления несменяемости и неприкосновенности судей, коренным образом изменена процедура отбора кадров для судейского корпуса. Пожалуй, главным итогом судебно-правовой реформы стало то, что люди, наконец, поверили в суд и

стали все чаще обращаться к ним.

Однако, судебная статистика свидетельствовала об обратном. Объективно качество отправления правосудия в целом по стране находилось не на должном уровне. Росло количество незаконных судебных постановлений, устойчивой была тенденция увеличения судебных ошибок. Волокита с рассмотрением уголовных дел, «увод» преступников от уголовной ответственности, «банкротство» вполне рентабельных предприятий и, наоборот, реабилитация предприятия, не способного существовать в конкурентной среде, неисполнение судебных решений, низкая квалификация судей, зависимость судей от должностных лиц самой судебной системы, распространение случаев нарушения судьями этических норм поведения (к дисциплинарной ответственности было привлечено 407 судей) и другие серьезные недостатки явились дискредитирующим фактором не только судов, но и государства в целом. Причина этого заключалась в отсутствии благодатной почвы, необходимой для развития ростков «справедливости» [10].

В этой связи, Президент Н.Назарбаев обозначил восемь приоритетных задач, направленных на повышение эффективности судебной системы. Это – завершение процесса разграничения подсудности между судебными инстанциями; кардинальное улучшение работы по исполнению судебных постановлений; реализовать на практике конституционный принцип отправления правосудия с участием присяжных заседателей, начав с тяжких преступлений, связанных с применением смертной казни; продолжить работу по поэтапному созданию системы специализированных судов, в первую очередь экономических и административных; изучить практику внедрения альтернативных методов разрешения споров (третейские суды); изучить зарубежный опыт использования института судебного контроля над следственными действиями; принять меры к созданию эффективной системы подготовки и повышения квалификации судейских кадров и сделать работу судов максимально открытой и понятной для населения [10]. Как видим, развитие судебной системы оставалось одним из главных приоритетов государства. И на очередном IV съезде судей был сделан еще один шаг в плане всестороннего анализа работы судов, обсуждения насущных проблем правосудия. Таким образом была выражена надежда на то, что съезд поднимет на новый уровень дискуссии по вопросам перспектив развития судебной власти, степени доверия граждан к судам и судьям. Государством было сделано очень многое в создании надлежащих условий деятельности судов. Наблюдался поэтапный рост бюджетных ассигнований на эти цели. Так, если в 2002 году было выделено 4,8 миллиарда тенге, то на 2005 год в бюджете государства было предусмотрено 7,9 миллиарда [11]. Президент Н.Назарбаев отметил, что с 2001 года в новые здания переехали Верховный Суд, восемь областных и 21 районный суд. В 48 строениях был проведен капитальный ремонт. Оснащенность судов основными материально-техническими средствами по сравнению с 2001 годом возросла вдвое. Каждый судья был обеспечен необходимой компьютерной техникой. Если в 2002 году в стране действовало 185 местных судов, в которых работало 1823 судьи, то в 2005 году было 336 со штатом 2423 судьи. Только за последующие три года штатная численность судей дополнительно была увеличена

на 600 единиц, что позволило снизить нагрузку и создать во всех регионах специализированные экономические и административные суды. На приобретение бюджетного жилья для судей в 2003 году было выделено средств на 81 квартиру, а в 2004 году — на 133 [11].

Располагая таким потенциалом судебные органы могли выполнить общественную миссию и стать одним из рычагов демократического развития страны на пути социально-политической модернизации. Сутью всех предпринимаемых государством мер по отношению судебных органов власти было вызвано тем, что без справедливой судебной системы тормозилось дальнейшее реформирование в политической и экономической областях. Для этого необходимо было сохранить доверие к себе со стороны общества. Однако факты взяточничества, судебного бюрократизма или грубых судебных ошибок, а также сохранения надзорной инстанции в судебной системе, которая создавала питательную среду для многократного пересмотра и отмены приговоров судов, вступивших в законную силу, причем по надуманным мотивам, подрывали не только доверие к суду, но и государству в целом. Кроме того, эти недостатки усугублялись хронической проблемой – в республике не выполнялся почти каждый третий судебный акт. Из-за подобных явлений у людей создавалось общее негативное впечатление о деятельности судов и судей. Поэтому для максимального сокращения надзорной инстанции важно было передать большую часть уголовных дел на районный уровень с учетом некоторого улучшения качества отправления ими правосудия, и четко расписать, где и какие дела должны быть рассмотрены.

Президент Н.Назарбаев внес предложение рассмотреть вопрос о возможности внедрения института частных судебных исполнителей, указав при этом, на основные причины неисполнения судебных постановлений: это – недостаточно высокий уровень работы по организации своевременного и полного исполнения судебных актов [11]. Вместе с тем, он обратил внимание на необходимость принятия необходимых мер по подбору кандидатов на должность судьи, демократизации процесса их конкурсного отбора, а также на повышение эффективности и слаженности работы Высшего Судебного совета по отбору судейских кадров.

Следует подчеркнуть, что государство делало все возможное для улучшения материального положения судей. Соответственно этому абсолютное большинство судей честно выполняли свои обязанности. Но, к сожалению, нарушения продолжали допускаться, несмотря на то, что предъявлялись большие требования к качеству работы судей и их моральному облику. Любое нарушение законности, норм судебной этики сопровождалось лишением всего пакета социальных льгот. Более того, основания неприкосновенности и пожизненной назначения судей были подвергнуты сомнению. Даже не исключалась возможность отмены пожизненного назначения на должности судей. Наряду с этими поднимался вопрос о повышении ответственности председателей областных и районных судов за состояние отправления правосудия, организацию деятельности судов, обеспечения оптимальной нагрузки на судей.

Своего дальнейшего развития нашли вопросы специализации судов. Эта проблема обсуждалась в контексте улучшения отправления правосудия.

Президент предложил создать специализированную коллегия в структуре Алматинского городского суда по разрешению инвестиционных споров с участием иностранных компаний. Это предложение пока касалось только Алматы. Также было предложено создание судов по делам несовершеннолетних.

В Казахстане постепенно создавались все необходимые условия для успешного функционирования судебной ветви власти. На V съезде судей Президент Н.Назарбаев отметил, что обретение судами и судьями не только формально-юридической, но и фактической независимости одним из главных достижений независимого Казахстана. Со стороны граждан стало проявляться доверие к судам, они начали обращаться к ним за защитой при нарушении их прав. Продолжалась работа по поэтапной специализации судов республики. В этом процессе значительную роль сыграла конституционная реформа 2007 года. Был введен механизм исключительно судебного санкционирования ареста, приняты новые законы, необходимые для повышения эффективности деятельности судебных органов. Возросли их материально-технические возможности.

Президент обозначил шесть проблем, которые пока еще не красили казахстанскую судебную систему: наличие среди судей нечестных людей; недостаточный профессиональный уровень и морально-этический облик отдельных судей; нарекания к качеству отправления правосудия; несовершенство процесса судопроизводства; степень и качество отправления судопроизводства; степень и качество судебных решений, вопросы состояния законодательства.

На V съезде были обозначены перспективные, системные задачи в контексте реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Главное заключалось в том, чтобы эффективно использовать ее концепты для реализации правозащитного потенциала казахстанских судов. Приоритеты развития судебной системы предполагали претворение в жизнь мер по повышению уровня доверия граждан к судам, совершенствование и упрощение судопроизводства, дальнейшая специализация судов и судей, исключить обременение судов и судей несвойственными для них функциями, сопровождение процесса совершенствования судебной системы адекватным обновлением законов. Реализация этих задач были тесно связаны с повышением профессионального уровня судей, разработкой и внедрением высоких критериев и стандартов для них, включая квалификационные требования и морально-этические нормы. Кроме того, предусматривалась ответственность должностных лиц за представляемые ими кандидатуры на должность судьи, ротация председателей судов из числа судей этих же судов, ведение принципа тайного голосования при определении кандидатур. Для сокращения числа споров необходимо было введение альтернативных способов их разрешения. Широкое применение инновационных технологий должна была обеспечить доступность и прозрачность судебной системы. Появилась необходимость в разработке и принятии законов, направленных на профилактику рейдерства, пресекающие посягательство на институты частной собственности [12].

Актуальность реализуемых государством комплексных и системных мер по дальнейшему реформированию судебной и правоохранительной систем

республики были связаны с тем, что Казахстане за годы независимости коренным образом изменилась экономика и система государственного управления, создана новая социальная структура общества, произошли разительные перемены в психологии казахстанцев. Построена эффективная внешняя политика, Казахстан стал также членом мирового экономического сообщества. Однако, судебная и правоохранительная система серьезно отставала от развития общества в целом и эта проблема начала сказываться на таких системных процессах, как защита конституционных интересов граждан, развитие экономики, в том числе малого и среднего бизнеса и авторитете власти [13, л.1].

Причины пробуксовки реформ в судебно-правовой системе заключались в том, что каждый раз она ограничивалась проведением каких-то структурных изменений. В этой связи Президент Н.Назарбаев поставил вопрос об изменении подходов. По его мнению, речь должна была идти не только и не столько о новых структурах, сколько о функциях, содержании работы этих структур [13, л.2]. В целом, смысл реформирования этих сфер заключался в декриминализации и либерализации уголовного законодательства. Для реализации этих задач разрабатывался целый пакет законов по изменению уголовного, административного и гражданского права.

Задачи национальной судебной системы в контексте Стратегии «Казахстан-2050» были предметом обсуждения на VI съезде судей Казахстана в ноябре 2013 года. Разговор шел о создании в стране безупречной и эффективной национальной судебной системы. В своем выступлении Президент Н.Назарбаев оценивая деятельность судебных органов республики, отметил, что «...Судебная реформа, проведенная в Казахстане, приблизила нашу систему правосудия к запросам и интересам граждан, существенно повысила качество судебных разбирательств. Возрос уровень доверия казахстанцев к судам. Об этом говорит, во-первых, рост числа дел, рассматриваемых в судебном порядке. Этот показатель с 2000 года составлял более 1 миллиона ежегодно. Во-вторых, качественные изменения в судебной системе подтверждались социологическими исследованиями, проведенными под эгидой ООН» [14]. Поэтому неслучайно, что Союз судей Казахстана стал полноправным членом Международной ассоциации судей.

По сравнению с 2009 годом судебная система страны улучшила, сразу на 23 позиции, свой показатель по критерию «Независимость судов» в Глобальном рейтинге конкурентоспособности. Вместе с тем, для вхождения в число 30, с учетом того, что Казахстан пока занимал 88 позицию, необходимо было подняться еще на 60 позиций. В этой связи ставились более высокие задачи по реформированию правовой системы и особенно ее ядра – системы правосудия [14]. Главная задача заключалась в определении приоритетных направлений и конкретных механизмов работы по повышению авторитета, независимости и эффективности судебной ветви власти, снижение любого давления на нее. Приводились данные о том, что за последние четыре года число судей, привлеченных к дисциплинарной ответственности и освобожденных от должности по отрицательным мотивам, снизилось почти в 4 раза. Стабилизировались ежегодные показатели отмененных и измененных судебных решений. Приме-

нение новых технологий позволили сделать деятельность судов более прозрачной. С 2006 года их бюджет вырос в два раза, а оклады – на 60% [14].

Казахстанская судебная система постепенно стала превращаться в самостоятельную, ответственную и динамичную ветвь единой государственной власти. Следовательно, появилась возможность взвесить и потенциал развития судебной системы, выявлять и своевременно снимать сохранившиеся проблемные вопросы. К имеющимся проблемам, требующим последовательной модернизации, можно было отнести все еще необоснованно затянутое и формализованное судопроизводство, повышение судебной специализации до необходимого уровня и совершенствование кадровой политики, опыта работы судов присяжных, снижение нагрузки в судах первой инстанции и недопущение все еще встречающиеся факты судебных ошибок, нарушений законности и судейской этики, а также проникновения в суды нечистоплотных на руку лиц [14]. Настойчивость и методичность в решении этих проблем могли повысить роль и ответственность судебной ветви власти в обеспечении законности и укреплении стабильности в обществе, динамики социально-экономического развития страны, а также устойчивости правового базиса реализации Стратегии «Казахстан – 2050» в целом.

На съезде были определены 5 главных приоритетов казахстанского правосудия: последовательное совершенствование законодательных и процессуальных норм деятельности судов с дальнейшей модернизацией судопроизводства; совершенствование судостроительства; внедрение альтернативных способов разрешения споров и конфликтов, особенно в социальной сфере; обеспечение доступности правосудия широким слоям населения и повышение профессионализма судейского корпуса Казахстана.

VII съезд судей акцентировал свое внимание на повышение авторитета судебной власти. Была отмечена важная роль Плана нации в реформировании судебных инстанций. Обсуждались как достижения судостроительства и судопроизводства, так и новые вызовы, перед которыми стояла судебная власть. Действительно, в судебной системе Казахстана произошли глубокие системные изменения. Высоко оценивая деятельность всего судейского сообщества, Президент Н.Назарбаев подчеркнул, что решающая оценка работы судей остается за народом Казахстана, который ждет от правосудия в первую очередь справедливости и неподкупности [15]. Как известно, стратегические задачи по обновлению и развитию правоохранительной системы и судов были изложены в президентском Плате нации и в «100 конкретных шагах» по его реализации.

Важным событием стало принятие на съезде нового Этического кодекса судьи, где предусмотрены высокие стандарты поведения судей и судей, пребывающих в отставке. Вместе с тем, на съезде были озвучены ряд стратегических задач, стоящих перед судебной системой страны. Это и обеспечение верховенства закона, борьба с коррупцией, защита прав предпринимателей и частной собственности, повышение качества правосудия, недопущение судебных ошибок и неправосудных решений, связанная с присутствия недовольства работой правоохранительных органов в обществе, формирование достойного судейского корпуса, путем создания условий для притока в судебную систему ква-

лифицированных и перспективных юристов извне судебной системы, повышение правовой грамотности населения и расширение практики примирительных процедур, для решения проблем высокой нагрузки судей, достижение единообразия судебной практики, способствующего укреплению режима правовой определенности и введения института судебного прецедента. Последнее было определено как одна из приоритетных задач Верховного суда. Президент Н.Назарбаев подчеркнул, что в условиях правового унитарного государства на всей территории должны быть единый режим законности и единая судебная практика [15]. Приоритетные задачи, определенные съездом, главным образом, были направлены на повышение уровня доверия общества к судебной системе и качества правосудия в целом.

Таким образом, анализ архивных документов и материалов съездов судей Казахстана показывает, что, несмотря на бесспорные достижения в деятельности судов, в их работе имеются и серьезные недостатки. До сих пор нет кардинальных изменений, которые бы удовлетворяли имеющиеся высокие общественные ожидания. Речь идет о создании безупречной и эффективной судебной системы. Суды пока не оправдывают эти ожидания, уровень доверия общества к судебной системе и качество правосудия в целом оставляет желать лучшего. К сожалению, не полностью обеспечено верховенство закона, судопроизводство пока еще необоснованно затянуто и формализовано, в результате до сих пор допускаются бюрократизм и судебная волокита. Исполнение судебных актов все еще остается самым слабым местом в системе правосудия. Не решаются проблемы по снижению нагрузки в судах первой инстанции. Не создана совершенная кадровая политика. Затягивается процесс судебной специализации. В судопроизводстве не сформированы единый режим и единая судебная практика, ограничена доступность правосудия широким слоям граждан.

Поэтому не случайно, что Глава государства К-Ж.Токаев в своем первом Послании народу Казахстана определил одним из приоритетов своей работы обеспечение прав и безопасность граждан страны. Здесь предполагается осуществление ряда серьезных мер по улучшению качества судебных решений. Главная задача состоит в том, чтобы посредством проведения тщательного анализа судебных решений обеспечить единообразие судебной практики. Президент предложил внедрить административную юстицию, как особого механизма разрешения споров. Он высказался в пользу расширения прав судей инициировать сбор дополнительных доказательств, тем самым освободив граждан или бизнес от ответственности за их сбор. Важным в позиции К-Ж.Токаева является то, что он является убежденным сторонником трактовки в пользу граждан все возникающие противоречия и неясности законодательства в ходе судебного разбирательства. Основной сутью всех предложений Главы государства являются основополагающие права граждан [16].

ИСТОЧНИКИ

1. Государственный Архив Павлодарской области ф. 908, оп. 1, д. 180, л. 5-6.
2. Архив Президента РК ф.5-Н, оп.1.2, д. 2874.
3. Архив Библиотеки Первого Президента РК – Елбасы ф.1, оп.1, д. 170.

4. Архив Президента РК ф.5-Н, оп. 1.3, д.3348, л. 6-7.
5. Архив Президента РК ф.5-Н, оп. 1.5, д. 6132.
6. Архив Библиотеки Первого Президента РК-Елбасы ф.1, оп.1, д. 534.
7. Архив Президента РК ф.5-Н, оп.1.5, д. 6364, л. 2-4.
8. Архив Президента РК ф.7, оп. 1.6, д. 7171.
9. <https://articlekz.com/article/4700>
10. <http://dk.all-docs.ru/index.php?page=23&tit=%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%83%D0%B4%D0%B8%D0%B5%20-%20%D1%8D%D1%82%D0%BE%20%D1%81%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B5%D0%B4%D0%BB%D0%B8%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C&vi1=16326.000>
11. <http://nomad.su/?a=3-200506060038>

12. <https://www.zakon.kz/154224-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>
13. Архив Библиотеки Первого Президента РК-Елбасы ф.1, оп.8, д. 708.
14. http://www.akorda.kz/ru/special/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazhstana-nursultana-nazarbaeva-na-vi-sezde-sudei-respubliki-kazhstan
15. http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazhstana-nazarbaeva-na-vii-sezde-sudei-kazhstana
16. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazhstana

ХАЛЫҚ АҒАРТУ ТАРИХЫНАН

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫ

Нұргүл ДЕМЕУОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың Қазақстан
тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Кеңес өкіметі орнатылған соң 1920 жылы РКФСР ХКК-нің шешіміне орай Өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. Олар сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептерді ашумен, оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданды. 1919 жылы Орынборда ашылған Қазақ халық ағарту институты өлкеде сауатсыздықты жоюға айтарлықтай үлес қосты. Институт алғашқыда Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Ағарту институты қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлады. Атап-айтқанда 1921 жылдың өзінде институтта 140 оқушы оқыған. Оқу жоспары бойынша институтта сабақ тек қазақ тілінде жүргізілді. Институт оқушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты [1, 433-б.]. Қазақ АКСР-нің астанасы Қызылорда қаласына 1925 жылы Орынбордан Қазақ халық ағарту институты көшірілді. Бұл институттың тәртібі төмендегідей:

I Жалпы бөлім:

1. Қазақ халық ағарту институты марксистік-лениндік педагогикалық дәрежедегі талапқа сай жеті жылдықтар мен совхоз, колхоз мектептерінің жастарынан халықтық педагогтық кадрлар дайындайды.

2. Осы негізгі мәселені шешу барысында халық ағарту институты төмендегідей шараларды ұйымдастырып, өткізеді:

- Ағарту институтына, педагогикалық жоғарғы оқу орнына түсу мақсатында малшыларды, колхозшыларды, кедей және орташа топтағы шаруаларды қысқа мерзімді үш жылдық жұмысшы факультеттерінде оқытады.

- Сырттай оқу бөлімінде оқитын педагогикалық кадрларды және басқа да педагогтық-мәдени құрылыстардағы кадрлардың квалификациясын жоғарылату.

- Малшылар, колхозшы және кедей-орташа топтардың ортасында қоғамдық-саяси, агрономдық, техникалық білімді тарату және насихаттау.

- Мәдени құрылысқа, еліміздің қорғаныс қауіпсіздік

жұмыстарына баулу.

II Ағарту институтының құрылымы:

1. Ағарту институты негізі ортақ бағдарламасы бола тұра, екі типке бөлінеді:

- Индустриалды-педагогикалық;
- Агро-педагогикалық және оған кіретін мамандықтар;
- Физика-техникалық;
- Химия-биологиялық;
- Қоғамдық ғылымдар;
- Тіл-әдебиет.

Негізгі курстарда білім алушылар үшін дайындық бөлімдері және кешкі жұмыс факультеттері ұйымдастырылады.

2. Бұл мамандық бойынша көрсетілген бөлімдерден басқа, әр ағарту институтының құрамына енетін бөлімдер бар:

- Сырттай оқу, мұғалімдердің квалификациясын көтеру бөлімі.
- Қысқа курстар ұйымдастыру, т.б.

III Ағарту институтының студенттері туралы:

1. 18 жасқа толған, әр жыныстағы, оқу үдерісіне кедергі келтіретін аурумен ауырмайтын, қазақ және басқа да шығыс ұлттары Ағарту институтына түсе алады.

2. Жұмыс тәжірибесі бар 16 жастағы адамдар дайындық бөліміне қабылданады.

3. Жақсы нәтиже беру үшін студенттерге тек оқуда белсенді әдістерді ғана қолданып қоймай, еңбектің социалистік түріне баулып оқытады (жарыс, бригадалық түрдегі оқу мен жұмыстар, т.б.) [2, 54-61-б.].

Қызылордаға көшкен Қазақ халық ағарту институтында А.Байтұрсынұлы, С.Мұқанов, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, Бернштейн, Т.Шонанов, Жұбанов сияқты азаматтар әр пән бойынша дәрістер оқыды. Қазақ әдебиетінен Темірбек Жүргенов берсе, химия пәнінен Бернштейн, елтану (страновед), еңбек мектебінің теориясы мен іс-тәжірибесі, география пәндерінен Телжан Шонанов берген. Есімдері аталмаған Қасымов, Бурабаев, Ахмедов,

Чумбалов, Қаржаубаев, Әлжанов, Қадырбаев, Шустов, Мурзин, Сейдалинов, Кенжин, Петропавл атты мұғалімдер де жұмыс атқарған. Олар математика, қоғамтану, география, жаратылыстану, қазақ халқының тарихы, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, әскери білім, т.б. пәндерден сабақ берген [3, 15-п].

Мысалы, КСРО халықтарының тарихы пәнінің Қазақ педагогикалық институтының 1, 2-курсарға арналған бағдарламасында: Ежелгі Русьтегі феодализм, XVIII-XVIII ғасырлардағы Украина, өндірістің, капиталдың дамуы, XIX ғасырдың 1 жартысындағы қоғамдық қозғалыстар, 1861 жылғы реформа, 1905 жылғы революцияның экономикалық қажеттіліктері, 1905 жылғы революция, XIX-XX ғғ. Кавказ және Закавказье елдері, XIX-XX ғғ. Орта Азия, Столыпиндық реформа, екі төңкеріс арасындағы таптық күрес, Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс, ақпаннан қазанға, қазан төңкерісі және азаматтық соғыс, қазан төңкерісі және Алашорда, орыс тарихнамасының қалыптасуы туралы студенттерге ауқымды білім берілген [4, 12-п].

Кеңес өкіметінің сауатсыздыққа қарсы күресті алдыңғы қатарға қоюының негізінен гөрі саяси астарлары басым болатын. Басты себеп ауылдағы Кеңес органдарында басшылыққа кедейлер өкілдерін әкелуден туындады. Шала сауатты кедейден шыққан жергілікті Кеңестердің басшылығына ұсынылғандар көп жағдайда өкімет саясатын іске асыруда қауқарсыздық танытты. Осы себепті Ағарту институты ашылған болатын. А.Байтұрсынұлы, С.Мендешев, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаев сынды тәжірибелі педагогтар, республика жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер институтта дәріс берді.

Солардың бірі де бірегейі – әйгілі ғалым-теоретик, эстетик сыншы Ахмет Байтұрсынұлы. Оның жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған [5, 30-б.].

А.Байтұрсынұлы Кеңестік жүйе тұсында 1920-1929 жылдары ағартушылық және ғылыми жұмыстармен айналысады. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариаты 1920 жылдың қазан айында Қазақ әскери-төңкерістік комитеті халық ағарту бөлімінің негізінде құрылып, оның тұңғыш комиссары етіп А.Байтұрсынұлы тағайындалған. Қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру үшін жаңа мұғалімдерді дайындаумен қатар байырғы мұғалімдердің өздерін қайта дайындаумен өткізіп, білімдерін жетілдірген. Мамандардың тапшылығына байланысты А.Байтұрсынұлы Халық ағарту институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашты [6, 19-21-б.]. Ол Қызылорда қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында 1927-1928 жылдар аралығында қазақ тілі, сызу және бейнелеу, КСРО географиясы, орыс тілі пәндерінен дәрістер оқыған.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында ағарту саласына зор үлес қосқан қазақ зиялыларының бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол 1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықтың төрағасы, 12 шілдеде қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы болып тағайындалады. Сәкен Сейфуллин 1926 жылы БК(б)П Өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директоры

болып жұмыс істеді және 1925-1928 жылдар аралығында дәрістер оқып, сабақ берген. Сәкен – Қазақ Кеңес ағарту жұмысының қарыштап дамуында үлкен рөл атқарған жаңашыл азамат. Оның поэзиясы Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұт шығармашылығының заңды жалғасы бола тұрса да, идеялық-шығармашылық принципі жағынан айрықша ерекшелігі бар үлкен дүние. Сәкен шығармаларының идеялық нысанасы жаңа дәуірдің, кеңестік заманның көкейкесті мәселелерімен тығыз ұштасып жатты. Сәкен шығармашылығын сөз еткенде, ерекше назар аударатын мәселе – оның замана бейнесін жасауы және де өз білімімен жас ұрпақтың сауатын ашуы болды. С.Сейфуллин Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Төрағасы қызметіне кіріскен алғашқы күннен-ақ өзінің ағартушылық ойлары арқылы жастарға білімнің маңыздылығын ұғындыра отырып, үкімет қаржысының қомақты бөлігін оқу-білімге бөлді. Осы мерзімде қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар басылып шықты. Алаш зиялылары құрастырған бұл оқулықтар ұлттық нақышты айшықтаған мазмұндылығымен құнды еді. Сәкен Қазақстандағы ағарту ісін ұйымдастырып, дамытуға ерекше күш салған қайраткерлердің бірі және қазақ елінің болашағын ана тілінің өрісінің кеңеюімен байланыста қарап, қазақ тілінің өмірге енгізілуі үшін жасаған еңбегі үлкен [7, 19-23-б.]. 1930 жылдары республикада педагогтар мен мұғалімдер даярлайтын институттар көбейді. Соған байланысты 1933 жылы 15 қазанда Қазақ халық ағарту институты қызметін тоқтатты.

Жалпы қорыта алғанда, автономиялық дәрежеде болса да Қазақстан үшін Қазақ Ағарту институтының орны ерекше болды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінде институт маңызды орын алды. Әсіресе, институттың халық шаруашылығын қалпына келтіруде және оған мамандар дайындауда атқарған қызметі орасан зор еді. Сонымен қатар осы институттың негізін қалауда А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин бастаған қазақ зиялылары да өз үлестерін қосып, өлкедегі білім мен ғылымды дамытуда маңызды рөл атқарды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены структуры и функций Казахского народно-просветительного института и роль работы учителей. Приведены краткие сведения о наиболее ярких представителях сферы просвещения.

In article are considered structure and functions Kazakh it is national - educational institute and a role of work of teachers. Short data on the brightest representatives of sphere of education are resulted.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы/Қазақ халық ағарту институты. Алматы., 2003.
2. Қызылорда обл. мемлекеттік мұрағаты. 4-қор, 1-тіз., 5-іс.
3. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. 4-қор Қызылорда Қазақ Ағарту институты (1922-1935 жж.). - 1-тізбе., 2-іс. Протоколы заседания Совета Казахского Института и президиума Совета института народного образования.
4. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. 4-қор Қызылорда Қазақ Ағарту институты (1922-1935 жж.). - 1-тізбе, 1-іс. Протоколы заседания. Положение об институтах народного просвещения Казахстана.
5. Омарбеков Т. Сауатсыздықты жою: науқаншылық және оның салдарлары. //Ақиқат, 1996. №2.
6. Тұрғараева. Г.М. Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.). Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2009. -26-бет.
7. С.С.Қасымова. Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1894-1938 жж.). Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Қарағанды, 2010. – 24-бет.

АЛАШ ИДЕЯСЫ – БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ

Динара ҚАРАТАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың
аға оқытушысы, тарих магистрі,
Айнұр ТҮКТІБАЕВА,
№28 ІТ мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл үкіметі қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. **Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде:** *«Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау – Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді»,* – деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген. Міне, осы аралықта қазақ елінің намысын ту еткен тұлғалар тарих сахнасына шықты. Сол «ұлы шоғырдың» дуалы ауыз шешені де, қолбасшы көсемі де Әлихан Бөкейхан болатын. Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны іске асырған Ә.Бөкейхан бүлікпен, күшпен орнаған үкіметке қызмет етуден бас тартып, таптық мүдде емес, тұтас ұлт мүддесін қорғағаны белгілі.

Ә.Бөкейханұлы «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Қазақ» газеті, тағы басқа басылымдарға саяси терең ойлы, астарлы мақалаларын жариялап отырған. Алаш көсемі көбіне «Қыр баласы» деген атпен, сондай-ақ «Гүлбат», «Барон кадо», «Степной», «Туземец» деген лақап аттар қолданып отырған. Бөкейхановтанушы Сұлтанхан Аққұлұлы «Иртыш» газетінің №36 санында Әлихан Бөкейхановтың екі мақала шығарып, соның біреуін «V» деген тағы бір бүркеншік есімімен жариялағанын айтады. Жеңісті білдіретін «V» деген латын әрпінен Әлихан Бөкейхан өміріндегі ең ауыр деген 1906-1910 жылдардағы столыпиндік реакция кезінде және 1922-1927 жылдардағы жаппай сталиндік қуғын-сүргіннің бастапқы кезеңінде жазған көптеген мақалалары мен жазбаларына қолданылты.

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымыздың бекігінде тербетіп, сөйлеп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулат-

ұлы, Халел Ғаббасұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да солар болды.

Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот санлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі.

Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Тарихтан білетініміздей, 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпы-қазақ съезі өтті. **Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды. Ал оның негізгі ұстанымдары:** Біріншіден – Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құра-

мындағы **әрбір мемлекет тәуелсіз** әрекет етеді. Екіншіден – Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады.

Үшіншіден – дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. Төртіншіден – билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт, т.б. Алаш қозғалысының, **Алашорда жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбегі – қазақ жерін сақтап қалуы. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар.** Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының осы бағыттағы қажырлы еңбегі кейін Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған. **Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!»,** – деген еді. Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған.

Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов «Оян, қазақ» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Халел Досмұхамедов: **«Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт»,** – депті. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал. «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Олардың қазақ ұлтын ұйыстырудағы, оятудағы бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерінде жоғарыда аталған қажеттіліктер көрініп жатты. Мемлекеттің іргесін қалау мәселелері жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғарылып жатты. Алаш қайраткерлерінің облыстық, уездік съездер мен комитеттерді, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруы, сол тұстағы Уақытша үкіметпен келіссөздері, бағдарлама дайындауы, қаулы-қарарлар қабылдауы – олардың қаншалықты дәрежеде саяси өте сауатты қайраткерлер болғандықтарын көрсетеді.

Алаштықтар Қазақстанның сол тұстағы шаруашылық жайын саралай отырып, соған орай экономикалық дамудың бірқатар жолдарын да мейзеді. Бір қызығы, сол кезеңде олар Қазақстанның астанасы жөнінде де орынды мәселе көтерді. Айталық, **1905 жылғы Мұхаметжан Тынышбаев пен Халел Досмұхамедовтер «Ақмоланы астана жасаймыз» деген идея көтерді.** Сонымен қатар олар 1917 жылы Семейді «Алаш астанасы» деп жариялап, оған «Алаш» деген атау берді. «Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр. **Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек.** Алаш идеясы – ұрпақтың бойына отаншылдық пен мемлекетшілдік идеясын сіңірудің басты құралы бо-

луы керек.

Алаш партиясының бағдарламасы бойынша **«Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады»** делінген. Алаш зиялылары Құрылтай жиналысы немесе бүкіл халық сайлап қойған өкілдер жиналысы мемлекет басында тұрады деп есептеді. Бұл идеяның **«негізі, халық мемлекеттегі ең жоғары күш, биліктің нағыз қайнар көзі»** деген мәні бар. Сондықтан да Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде жұмыс жасайды. Себебі оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің құзырында болады. XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағанына көзіміз жетеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды. Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алды. 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқы Тұңғыш Президентін сайлады. Осыдан келіп қарасақ, Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді. Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Алаш қайраткерлерінің Қазақ автономиясын құрып, тәуелсіз мемлекет идеясын туғызған өршіл рухын еліміздің көк туын желбіретуші Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев одан әрі жүзеге асырып отыр деуімізге толық негіз бар.

Алаш арыстарының В.Ленинге қол қойдырып, бекіттірген құжаты болғанын білесіздер. Ол: **«Биыл Қазақстанның мемлекеттік шекарасы бекітілді. Автономиялы мемлекет болып жарияланады. Одақтас республикалардың кез келгені қалаған уақытында мемлекет ретінде бөлініп кетуге құқылы»,** – деп Ленинге қол қойғызған. Осы идеяны орыс, украин, беларусь секілді мемлекеттер қолдаған. Сол құжатты пайдалана отырып, біз 1991 жылы тәуелсіздік алдық. Бұл аталғандар қазақ елінің азаттығын аңсаған Алаш ардақтыларының қызметінен бірер мысалдары ғана.

Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде **Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі матабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал»,** – дейді. Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты.

Бүгінде халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасында әлеуметтік әл-ауқатымыз артып, инновациялық даму жолына түстік. Ұлт болып ұйысып алдымызға қойған мақсаттарға жетуде қастерлі

тәуелсіздіктің құны жолындағы құрбандарын ұмытпай, оларды үлгі ету арқылы күш-қайратқа және рухани бірлікке ие бола аламыз. Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Алаш идеясы ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

Азуын айға білеген қуатты Ел болу үшін тарихта сенің мемлекеттілігің болу керектігін саясат мойындатты. Алаш үкіметі өздері құрған мемлекеттің атын «Алаш Орда» атады. Оның бұлай аталуы жөнінде тарихшы ғалым М.Қойгелді өз зерттеуінде: *«Ұлы Қытай қорғанынан бастап орыс ормандарына дейінгі ұлан-байтақ далада негізінен қазақ халқының этногенезін құрайтын тайпалардан тұратын аса қуатты мемлекет Алтын Орда дәуірін аңсаудан туындағанын аңғару қиын емес. Қазақ хандығы сол қуатты мемлекеттің үзігі еді»,* – дейді. *«Мыңдаған жылдық тарихы бар Қытай империясына шабынып, азуын айға білеген жолбарыс – Жоңғар мемлекетіне лайықты тойтарыс беріп, ата қоныстан түре қуған Қазақ хандығы сол тұстағы Орталық Азиядағы бірден-бір қуатты мемлекет болды»,* – дейді академик М.Қойгелді. Сол қуатты мемлекет Ресей отарына айналып, пұшайман халге түскенде Алаш Орда үкіметі Қазақ хандығының аңсар-арманын серпілтіп, керегесін кеңейтіп, шаңырағын биіктетуді мақсат етті. Алаш зиялылары ұстанған ұлттық идея мен елдік мұрат ұстанымы сонау сақ, үйсін, түркі кезеңдерінен бастау алған, қазақ хандары мен батырларының, билерінің, ақын-жазушыларының елдік ұстанымынан анық көрініс тапқан жер тұтастығы, ұлттық мемлекеттілік, қауіпсіздік идеясымен сабақтастықта өрбіді.

XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да Қазақ хандығымен байланыста өрбіген. Мемлекет басшысы: *«Ұлттық идеяны қалыптастыру біздің өз тарихымызды жаңадан оқу негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан ұлттық идеяның формуласы ұлттық тарихта жатыр»,* – деген еді. Ендеше Ұлт тарихы, Қазақ хандығының тарихы, Алаш Орда үкіметінің тарихы бүгінгі жаңа тұрпатты Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына маңызды рөл атқарды. Жоғарыда айтқанымыздай мықты мемлекет болу үшін әскері қуатты, қилы заманды бастан кешкен тарихы қатпарлы, саяси элита да ұлттық партиясы мен ұлттық идеясы ұштасқан, ұлтын бір шаңырақтың астында ұлттық бірігуге ұйыстырған болуы қажет.

Алаш үкіметі ұлттық идеясын бекітіп, жеке ел болуға қадам басты. Алаштың негізгі идеясы бес тұжырымға негізделген.

Ең бірінші – Алаш ұлттық-демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы тиіс. Жерсіз – отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі тиіс. Жер – отан. Жерді сатқан отанды сатқанмен бірдей. Осы жердің

бір қадамын басса, ең бірінші сол ұлттың өкілі басуы тиіс. Ал өзінен асып жатса – ғылым мен техниканы игерген соң қазақ өз еркімен береді.

Екінші ұстанымы – Алаштың жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Яғни, Бөкейхановтың сөзімен айтсақ: *«Қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс»,* – дейді Т.Жұртбаев мырза. Расы керек, қазақ жерінің байлығының көп бөлігінің қызығын шетелдіктер көріп отырғаны белгілі. Байлығымыздың 70-80 пайызы өзгелердің қолында.

Үшінші ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған.

Алаш арыстарының «Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттардан қарағанда үстем болуы керек» дегенге сайды. Яғни бұл идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесінші – ең негізгі ұстанымы бойынша, ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан, ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпеуі керек.

Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: *«XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр»,* – деп, әділ бағасын берді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: **XX ғ. басында туған алаш идеясы тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне қызмет істеуін жалғастыруда.** Уақыт өтеді, жаңа ұрпақтар келеді, бірақ келесі он жылдық және жүз жылдықта алаш зиялылардың қоғамдық ойы мен рухани тәжірибесі қазақстандық халықты тарих толқынында қолдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында Алматы, Атамұра 1994 ж.
2. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). – А.: Жеті жарғы, 1997. – 265-б.
3. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші. – А.: Заң әдебиеті, 2006. – 150-б.
4. Төле би тарихы / Құрастырған С. Дәуітов. – А.: Жалын, 1991. – 44-б.
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – А.: Атамұра, 1998. – 2 том. – 374-б.
6. Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы // ҚСЭ. – А.: 1975. – 6 том. – 541-542-бб.
7. Ғизатов Ж. Қасым хан // Қазақ тарихы. – 2005. – № 4. – 26-б.
8. Кәрібаев Б.Б. Аты аңызға айналған хан // Қазақ тарихы. – 1996. – № 1. – 39-40-бб.
9. Әбусейітова М. XVI-XVII ғасырдағы қарым-қатынастар және Тәуекел ханның тұсындағы кезеңдер // Егемен Қазақстан. – 1998. 25 қараша.
10. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап. – Алматы, 2005. – 165-б.

Талдықорған қаласы.

Қазақ тарихы

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

Гүлназ АСАН,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің магистранты,
Рахия ДӘРМЕНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
ҚазҰлтҚызПУ профессорының міндетін атқарушы

«Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», – деп толғанған Н.Назарбаев болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын былайша таратып айтты: *«Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы»*.

Қазіргі жастар келешектің дамуына технологиялық, инновациялық жобаларымен үлестерін қосуы керек. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» маңызы да осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс.

Бүгінгі күні педагогика ғылымы алдында білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне жаңа көзқарас қабыптасуда. Мақсатымыз – өзін-өзі дамыта алатын, бағыт-бағдарын айқындай білетін, өзін үнемі жетілдіре алатын қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Осындай келелі мақсатты орындау үшін мектеп оқушыларына шығармашылық қабілет пен терең философиялық дүниетаным қажет. Олай деуге себеп, студенттер тарапынан жобалардың философиялық мазмұнын, тұтастығы мен жүйелілігін меңгермей жатып таза еліктеушілік пен әр нәрсенің сыртқы формасын ғана қолданатындығы байқалып жүр. Бұл үшін оқыту үдерісін жетілдіру жеткіліксіз, қайта оған қосымша білім алуда кеткен олқылықтардың оң шешілуіне ықпал ете алатын, өз бойындағы өзгерістерді ұйымдастыра алатын жеке тұлғаға әсер етуге тиіспіз. Ал шын мәніндегі жаңашылдық әлеуеттілік жоғары оқу орнындағы әдістемелік-ізденістік жұмыстың деңгейіне тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта сәндік қолданбалы қолөнерді жан-

жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Өйткені қазақтың сәндік қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салаларының бірі. Олай болса қазақтың ұлттық мәдениетін, оның қолданбалы сәндік қолөнерін, шеберлердің істеген еңбегін, ісін, жан-жақты зерттеу қажетті мұра болып табылады.

Көркем еңбек оқушы бойына еңбекке деген бейімділікті, белгілі бір әдеттерді қалыптастырады. Еңбек сабақтарында оқыту материалдарын ғылыми негізде жеткізе білу керек. Әрбір сынып оқушыларының жас мөлшеріне қарай оқыту, материалдарының көлемі мағынасы және әдістері дәл келуі керек. Оқытушы өзінің сабақ жоспарында оқыту материалдарын оқушыларға қандай кезекте, қалай жеткізу керектігін дұрыс жоспарлауы қажет. Жаңа материалды оқушылардың толық қабылдауы сабақтың өткізілу әдісіне де байланысты. Теориялық сабақты практикамен және өмірмен байланыстыра откізу оқушылардың біліміне әсерін тигізеді. Оны өмірде дұрыс қолдана білуін қамтамасыз етеді. Практикалық сабаққа дайындау, оқушылардың теориялық білімі негізінде, оның тереңдігіне байланысты өткізіледі. Кез келген теориялық сабақты түсіндірген кезде оқытушы оқушылардың білім деңгейіне, практикалық еңбектен мысалдар келтіреді.

Көркем еңбек сабағында білім алушылар тек қызығушылық, құмарлық, еліктеушілік қасиеттері арқылы көргендерін қайталай отырып ғана еңбек ете алады. Бұндай білім, әрине, тұрақты емес. Бір кездері ол бәрін ұмытуы мүмкін. Практикалық тұрғыда жұмыстарды таңдау барысында теориялық және практикалық білімдерін жетілдіретіндей жағдайды ойластыру керек. Тапсырма оқушылардың шығармашылық ізденістерін арттыратындай болып құрылуы тиіс. Оқушылар тапсырманы орындау барысында кестелерге қарап, өздігімен іздену арқылы білімдерін жетілдіреді. Өткен сабақтарды қайталау және тақырыпты бекіту материалдардың құрылымы оқушылардың білімдерін жетілдіруге тоғыстыратындай, білімдерін басқалармен салыстыра отырып еңбекте және өмірде қолдануға қаншалықты мүмкіндіктері бар екендігін анықтап алатындай болу керек.

Оқушылардың оқуға деген ынтасы теориялық сабақ практикалық сабақпен жалғасқанда ғана өзінің жемісін береді. Кейбір оқушылардың қабылдау ерекшеліктерінің жоғары болуынан оларға қосымша тапсырмалар беріп, сабаққа деген ынталарын жоғалтып алмайтындай жолдар іздестіру керек және ондай балаларға үнемі бақылау жасап отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Сондықтан мұғалім тек оқу бағдарламасымен шектеліп қоймай, өзінің де білімін жан-жақты жетілдіргені дұрыс.

Әрбір жаңа сабаққа байланысты дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар қажетті жағдайда жеткі-

лікті болу керек. Оларды қайталау үшін де пайдаланады. Әрбір жеке сабақтан алған білім келесі сабақта өтілетін жаңа информацияны қабылдаудың негізі болып табылады. Өткен тақырыпты қайталау мен бекіту сабақтарын әңгіме түрінде және әр түрлі практикалық тапсырмалар беру жолдарымен өткізген дұрыс.

Жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесі оқытудың жалпы әдіс-тәсілдерін әрі қарай жетілдіруді қажет етуде. Оқушылардың жан-жақты дамуы мен іскерліктің жетілуі, олардың мектепте және үйінде істейтін тіршілігінен туындайды. Жоғары нәтижеге жету үшін оқыту әдістерін қолдану керек. Әдістер жан-жақты болған сайын мұғалім жұмысы жеңілдеп, оқушылардың оқу материалын түсінуі және оны дұрыс қолдануы арта түседі. Бұл әдісті қолдану тиімділігі әңгіменің әсерлілігіне байланысты болмақ. Өйткені әсерлі сөз оқушылардың жаңа материалды зерттеп, түсіну ықыласын тудырады.

Жаңа материалды әңгімелеп, түсіндіру белгілі бір шарттарды сақтауды талап етеді. Ол: үйлесімді, нақты, жүйелі, баяндаудың айқындығы мен әсерлігі, мұғалім сөзінің кәсіби мәдениеті. Оқытудың тағы бір әдісі – лабораториялық тәжірибелер. Бұл тәжірибелер лабораториялық-сарамадық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Осы жұмыстарды ұйымдастыру кезінде оқушылар қызметін жандандыру аясында бірден олардың оқу мақсатын, ақырғы нәтижелерін дайындау керек.

Көркем еңбек сабақтарында өздігінен және топ болып, ұжым болып жұмыс істеу үлкен рөл атқарады. Сондықтан еңбекке баулу келесі негізгі басты бағыттарда жүргізіледі:

- 1.Тәрбиелеу функцияларын күшейту әдістері.
- 2.Оқытудың жетілдіру әдістері.
- 3.Оқушылардың білімін өздігінен және топ болып, ұжым болып оқыту әдістері арқылы толықтыру.

Қыз балаларға арналған еңбекке баулу бағдарламасында көркемдік қолданбалы қолөнер немесе сәндік қолданбалы қолөнер технологиясы бөлімдеріне баса назар аударған жөн. Осыған орай мұғалім өзінің шығармашылық қырын көрсетуіне, сабақта қызықты, тартымды құруына мүмкіндігі мол. Қолөнерге үйрену сабақтарында оқушылар жинақтылыққа, сәндікке, әсемдікке, іскерлікке үйренеді.

Көркем еңбек сабағын ұйымдастыру үлгісінің негізіне сабақтар, сарамадық-тәжірибелік жұмыстар, өндіріске саяхат жатады. Білімдерін, іскерліктерін тексеру және есепке алу үшін бақылау жұмыстары пайдаланылады. Оқытудың кейбір үлгілері оқыту мен сабақтан тыс жұмыстармен қатар жүргізіледі және оған қосымша сабақтар, үйірмелер, олимпиадалар, көрмелер және мамандыққа байланысты байқаулар, конференциялық кештер және басқа да іс-шаралар жатады. Оқыту жұмысын ұйымдастыру үлгісінің негізі – сабақ. Сабақ – мағыналы, ұйымдастырылған қатынастағы оқыту үдерістеріне жататын кезең және элемент. Сапалы өткізілген сабақтар ең соңында жалпы мектептің оқу сапасына әсер етеді. Сондықтан да бүкіл әлем оқымыстылары оқытудың жаңа технологиясын ойлап табу үшін жанын сала еңбектенуде. Ол көбіне педагогтардың сабаққа қойылған талаптарды орындауына байланысты. Әрине, сабақ сапасы үнемі ауытқуда болады, оның негізгі басты себебі оқушының сабақта не істеп отырғанына, ішкі дүниесіне, көңіл-күйіне байланысты. Жақсы сабақ әрқашан өзінің жан-жақтылығымен ерекше болады және мұндай сабақ оқушыны ойландырады, таңдандырады, оларда әр түрлі сұрақтар пайда болады.

Оқушылардың білім сапасы үлкен проблема және ол бірнеше факторларға байланысты. Оқушылардың білім сапасын көтеру олардың білім қорына байланысты:

сабақты дұрыс ұйымдастыру, дұрыс жоспарлау және жүйелі түрде өткізуден тұрады.

Оқыту барысындағы білімді қабылдаудың негізгі компоненттері:

- 1.Информацияны дұрыс қабылдау;
- 2.Қабылданған жаңалықтарды зерттеу;
- 3.Ойда сақтау;
- 4.Іс жүзінде қолдана білу, бағалай білу, тереңдету.

Сабақты бүгінгі талапқа сай өткізу үшін қойылатын нақты талаптар: сабақтың тәрбиелілігі, дидактикалылығы, психологиялық ерекшелігі

Оқушыны жоғары моральда тәрбиелеу, эстетикалық танымын арттыру, оқуды өмірмен байланыстыру, өмірге деген көзқарастарын дұрыстау, азаматтыққа тәрбиелеу – тәрбиелеудің басты талабы.

Сабақтың психологиялық талабына келсек, әр баланың психологиялық ерекшеліктері бар. Сондықтан әр оқушының ойлау қабілетіне, есте сақтау қабілетіне, сабаққа деген ынтасына, шығармашылығына, сезімталдығына, еркіне көңіл бөлу керек.

Оқытушы өзінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру үшін өткізілген сабаққа жүйелі түрде талдау жасап, мынандай сұрақтарға жауап табуға тырысу керек:

- сабақтың мақсатына жетуі;
- білімді қабылдауға оқушылардың дайындық деңгейі, іскерлігі, білімділігі;
- сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы;
- көрнекіліктерді дұрыс пайдалана білу;
- сабаққа бөлінген уақытты тиімді пайдалана білу.

Оқу үдерісінде сабақты өткізудің қосымша ұйымдастыру түрлері болмаса мүмкін емес. Оған семинарлар, конференциялар, лекциялар, диспуттар және әр түрлі көрмелер ұйымдастыру жатады. Ұлттық қолөнерді меңгерту сабақтарын ұйымдастыру әдістерінің барлығы жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге, ғылыми біліммен, шеберлікпен, дағдымен жаратқандыруға, олардың танымдылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқушыларды еңбекке нәтижелі оқыту, тәрбиелеу және мамандық таңдаулары өндірістік еңбекке баулудан толып жетіледі. Өндірістік, қоғамға пайдалы еңбек оқушылардың білімдарлығын, іскерлігін, дағдысын қалыптастырады, қоғамдағы әдістерінің жаңа түрлерін қолданып, өз бетінше және ұжым болып жұмыс істеуге үйрету, оқыту болып келеді.

Тәрбиелеу мен оқыту әдістері – бір-бірінен ешқашан да ажырамайтын функция. Ол оқыту әдістерінің бәріне де қажет. Мұғалімнің міндеті – оны қандай мәселелермен пайдалану керектігін анықтау. Мұнда ең басты тәсіл оқушылардың көңілін тәрбиенің негізіне аудара білу, адамгершілікке, эстетикаға, ерекшеліктерге баса назар аудару. Осыған қоса оқыту әдістері оқушылар мен оқытушының және оқушылардың өз ара қарым-қатынастарын қалыптастырады.

Мұғалімнің оқушыларға деген дұрыс көзқарасы, қамқорлығы, оқыту әдістерін дұрыс қолдануы оқушылардың тәлім-тәрбиесіне, мінез-құлқына және еркіне жағымды әсерін тигізеді. Жұмысты жеке немесе топ болып істеуге ұйымдастыру, үнемі бақылап және бағалап отыру оқушылардың берілген тапсырманы дұрыс орындауын, жауапкершіліктерін арттырады, жұмыстарының нәтижелігін көрсетеді.

Оқыту әдістері оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыратындай және әрбір сабақ сайын қабылдаған жаңа білімдерін жүйелі түрде бекітетіндей, үнемі есте сақтайтындай болып құрылуы керек. Бұған жету үшін оқыту әдістерінің әр түрлі құрылымдарын және түрлерін пайдаланған дұрыс.

Мұғалім көркем еңбектен сабақ беру әдістемесінің сындарлы элементтерін мақсатты түрде үйлестіргені жөн. Әрбір элементтің дидактикалық мәні мен технологиялық негізділігін ойластырып отырғаны жөн. Сабақ барысында мұғалім мен оқушылардың қызметі алуан түрлі. Бұның мәнісі мынада: әрбір нақты жағдайда оқытудың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарына жету үшін әр түрлі жұмыс әдістері қолданылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значение художественного труда в повышении интереса обучающихся к знаниям. Все, что делается на занятиях художественного труда, поможет сформировать необходимые формы обучения национальному воспитанию. В связи с этим в статье предусматривается, что на основе обновленной программы по реализации всестороннего образования художественный труд имеет большое влияние на формирование, воспитание и образование молодого поколения.

Ключевые слова: национальное воспитание, этнопедагогика, этнос, художественный труд, инновационные технологии, изобразительное искусство, эстетика.

The article deals with the importance of artistic work in increasing the interest of students to General knowledge. Everything that is done in the classroom of artistic work, will help to form the necessary forms of training in national education. In this regard, the article provides that on the basis of the updated program for the implementation of comprehensive education, artistic work has a great impact on the formation, upbringing and education of the younger generation.

Keywords: national education, ethnopedagogy, ethnos, art work, innovative technologies, fine arts, aesthetics.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, 26.04.2017, Егемен Қазақстан.
2. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».
3. **Ибраева К.Т.** Казахский орнамент. - Л., 1994.
4. **Маргулан А., Акишев К., Кадырбаев И., Оразбаев А.** Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата.
5. **Дәрменова Р.А., Өтегенова Б.Н.** «Сәндік қолданбалы өнер» 2017 ж.

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ және оның 1985-2010 жылдардағы даму мәселелері

Ж.СМАНҚҰЛОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
Р.СЕЙІТҚАЗИЕВ,
PhD докторант, Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан мектептерінде тарихи білім берудің қазіргі даму тәжірибесі мен міндеттерін тарихты оқытудың әлемдік үрдістері контекстінде зерделеу бүгінгі таңда отандық тарихнамадағы аз зерттелген мәселе. Тақырыпты таңдау бірқатар маңызды жағдайларды анықтайды.

Біріншіден, білім берудің дамуымен кез келген елдің болашағы байланыстырылады және оның деңгейі өркениетті әлемдегі тұлға мен ұлттардың әлеуметтік мәртебесін анықтайды. **Екіншіден**, білім беру ұлттың зияткерлік және рухани әлеуетін жинақтау мен дамытудың негізгі факторы, маңызды ішкі ресурс және қоғамды жаңғырту субъектісі болып табылады. **Үшіншіден**, білім беру саясатына, оның жүйелілігіне, әдістемелік және нәтижелілігіне қоғамдағы барлық басқа реформалардың табысты болуы көп жағдайға байланысты екені сөзсіз. **Төртіншіден**, мектептің маңызды міндеттерінің бірі білім беру ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің жоғары деңгейіне ие, өз бетінше шешім қабылдай алатын және нарықтық жағдайда қазіргі заманғы өмірге барынша дайын болатын әлеуметтік белсенді тұлғаны дайындау. [1; 270-б.].

1960-1980 жылдары орта мектептерде «Қазақстан тарихын» оқыту курсы КСРО тарихы пәнінің құрамында жүргізіліп келді. Осы аралықта Қазақстан тарихы пәнінің жүйелі мазмұнының пайда болуы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тәжірибеден өтуі, әдістемесін жазудың қалыптаса бастауы сол кездердегі әдіскер ұстаздардың еңбектерінде баяндалған. Қазіргі таңда біз тарих пәнін орта мектептерде ежелгі, ортағасыр, жаңа заман, қазіргі заман деп кезең-кезеңімен бөліп

оқытудамыз. Бұл ретімен қалыптасқан жүйенің негізінде құнды еңбектерін ұсынған тарих ғылымын зерттеген ғалымдардың еңбектері көп көмегін тигізген болатын. 1990 жылдардың басында Ежелгі Қазақстан тарихы деген атауға лайықты болу үшін археолог ғалымдардың еңбектері (К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Ә.Марғұлан, М.К.Қадырбаев, Ж.К.Таймағанбетов), көне заман мен ерте ортағасырлардағы сенімдерді зерттеген ғалым (Ә.Т.Төлеубаев), Еуразия даласындағы көшпелілердің өркениеті (Л.Н.Гумилев), Дамыған ортағасырлар мен кейінгі ортағасырлар кезеңін терең зерттеген (С.М.Ақынжанов, Б.Көмеков), Қазақ топырағынан шыққан ұлы ойшыл, ғұламалардың тарихын жазған (Ә.Дербісәлі, А.Көбесов, М.Мырзахметов), Түркі халықтарының тарихын жазған (К.Аманжолов, К.Рахметов), XVII ғасыр мен XX ғасыр аралығындағы тарихи уақытты жан-жақты зерттеген тарихшылар (Р.Б.Сүлейменов, М.Мұқанов, Т.Шонанов, М.Асылбеков, Ә.Ғалиев, М.Төгімов, Е.Бекмаханов), Қазақ хандары, қазақ билері, қазақ батырлары, қайраткер тұлғалардың тарихын (Ж.Қасымбаев, М.Қозыбаев, Ә.Тәкенов), XIX – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық демократиялық қозғалысы (М.Қ.Қойгелдиев) сынды ғалымдар тарихтың мазмұнын кеңейтіп берді.

XX ғ. аяғында шетелдік білім беру жүйелерін реформалаудың алғышарттары ретінде келесі факторларды атап өте аламыз:

- 1) ғылыми-техникалық жетістіктердің қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсері;
- 2) еңбекшілердің біліктілік құрамындағы өзгерістер;
- 3) ғылымды өндірістік күшке айналдыру;

4) оқу сапасын ынталандыратын елдердің экономикалық жарысы;

5) АҚШ-тың еуропалық мемлекеттердің мәдениеті мен білім алуына әсерін күшейту.

Дәл осы алғышарттар 1980 жылдан бастап әлемдік мектеп тәжірибесінде жаңа үдерістер пайда болуына ықпал етті. Мысалы, **реформалаудың әлемдік тәжірибесі білім беру жүйесінде мынадай өзгерістер қажет екендігін анықтап берді:**

1. Мектепке түсетін оқушылардың жасын 7-8 жастан емес, 5-6 жастан бастап төмендету;

2. 12 жылдық оқу мерзіміне көшу;

3. Оқу орындарының әртүрлі типтері: академиялық, халықтық, нақты, мемлекеттік және жеке мектептер, гимназиялар, колледждер мен лицейлер;

4. Мектеп түлектері мен мамандардың біліміне қойылатын маңызды талаптар жоғары сапа, бәсекеге қабілеттілік;

5. Мектептегі білім алу туралы құжаттарды біріздендіру олардың өзара танылуын қамтамасыз етілуі тиіс.

Әлемнің көптеген елдері қазір бірінші орынға ерекше сауаттылықты емес, білім сапасын – функционалдық білімділік, құзыреттілікті ұсынады. Ал, бұл оқушыларды ерте оқыту, мектептердің әртүрлі типтерінің және оқытудың саралануын ескеретін бағдарламалардың нұсқаларының болуы жағдайында ғана мүмкін болады. Оқытудың инновациялық технологияларын қолданумен, материалдық базаны және т.б. құрумен қатар білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ету міндетін шешудің маңызды аспектісі білім берудің мазмұны мен сапасының стандарттарын, оларды игерудің табыстылығын бақылау тәсілдерін әзірлеу, яғни барлық оқушылар үшін міндетті білім берудің базалық мазмұнына қойылатын Мемлекеттік талаптарды әзірлеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес *«тарихи білім беруді дамытудың болашағы Отандық тарих бойынша зерттеулер көлемінің айтарлықтай кеңеюіне байланысты. Мектеп тарихи білім беруде, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша одан әрі зерттеуді талап ететін бірқатар ғылыми мәселелер бар: Қазақстан тарихы мен әлем тарихын кезеңдеу; еуроцентризм Үстемдігі салдарынан Орта Азия мен Қазақстан тарихының тарихи фактілерін ғылымда және шығыстанушылардың кейбір ғылыми еңбектерінде бұрмалануы; Қазақстанның Ресейге қосылу фактілерін объективті емес түсіндіру және т.б.»* [1; 147-б.].

1980 жылдары әлемдік білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары, біріншіден, білім деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі, екіншіден, тарихи дамудың баламалылығы мәселесіне, адамның қоғамға әсер ету тетігі ретіндегі демократияның рөліне назар аудару болып табылады.

Бұл бағыттар 2000 жылы айтарлықтай өзгерді, себебі реформалау бағыттары төмендегідей бағыттар екені мәлім:

1) білім беру құрылымы;

2) тұлғаны тәрбиелеу және дамыту;

3) педагог кадрларды даярлау жүйесі;

4) тарихи білім беру сапасы.

Қазақстан мектептеріндегі тарихи білім беру құрылымының көшірілуі біздің пікіріміз бойынша жүзеге асырылды: мектеп реформаларының үш кезеңінде, 1985 жылдан 2000 жылға дейін:

-1985-1990 жж. – Жалпы білім беру және кәсіби мектеп реформасының негізгі бағыттарына сәйкес

Қазақстан Республикасында мектеп жүйесін қайта құруды бастау кезеңі;

-1991-1994 жж. – Қазақстан Республикасында тарихи сананы гуманизациялау мен ізгілендірудің тұжырымдамалық негіздемесін дайындау уақыты;

-1995-2000 жж. – Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасын, концентрлік қағида бойынша құрылған мемлекеттік стандарттарды, бағдарламаларды құру және 2000 ж. мың жылдық – әлемдік ауқымда жалпыға бірдей бастауыш білім беру мақсаттарын аяқтау;

-XXI ғасырдың бірінші онжылдығының екі кезеңінде: 2001-2004 жж. – білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі жаңа мемлекеттік стандарты мен тұжырымдамасы; 2005-2010 жж. – тарих жөніндегі жаңа бағдарламаларға көшу (2006 ж.) және білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

-Осылайша, мектеп реформасы мектеп тарих курстарын (Ежелгі әлем, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман) жүйелі түрде зерделеудің желілік қағидатынан концентрлік (әрбір шоғырланудағы тарихты зерттеу бұрыңғыдан тереңірек), кеңестік 11 жылдық мектептің моделінен жаңа ұлттық үлгіге (кеңестік орта мектептің негізінде) біртіндеп 12 жылдық оқытуға көшумен жүзеге асырылады [2; 76-б.].

Қазақстан Республикасының мектептерінде оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында реформалардың барлық кезеңдерінде тарихи білім берудегі кіріктірушілік үдерістер дамыды, білім беру технологиялары мен отандық тарихты оқытудың қазіргі заманғы тәсілдері белсенді және жеке тұлғаға бағытталған оқытуды есепке ала отырып бейімделді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мектептерінде тарихи білім беруді реформалау үдерісі қазіргі уақытта жалпы әлемдік үрдістерден артта қалумен, бағдарламаларды, оқулықтарды және оқытудың басқа да құралдарын әзірлеу саласындағы мақсаттар мен практикалық қадамдардың бірізділігі мен қарама-қайшылығымен сипатталады. Мұндай артта қалудың мысалы, міндетті білім беру деңгейі, ақпараттандыру, оқытудың концентрлік моделіне көшу уақыты, оқыту сапасын тесттік бақылау және зияткерлік ресурстар туралы мәліметтер болып табылады.

Білім берудің негізгі үш деңгейіне назар аударылады: бастауыш, толық орта және он екі жылдық. Мектепте реформалауға белсенді қатысқан елдер көрсетілген: Әлем (Еуропа елдері және Батыс деп аталатын АҚШ), Жапония – неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан Шығыс мемлекеті және Ресей – білім беру жүйесіне ұзақ уақыт бойы Қазақстан енгізілген болатын.

Жалпыға бірдей бастауыш білім беруді жүзеге асыру әлемдік контексте мыңжылдықтың мақсаттары ретінде XX ғ.соңында аяқталды, бірақ әр түрлі елдер өз реформаларын әртүрлі қарқынмен жүзеге асырды. Білім берудегі реформалар қоғам өмірінің басқа салаларына қарағанда әлдеқайда баяу жүзеге асырылады, өйткені олар адамдардың санасындағы елеулі өзгерістерге байланысты. Бір-екі онжылдықта адамдардың санасын өзгерту – нақты міндет. Сондықтан 1 жылға немесе бірнеше жылға артта қалу уақыт бірлігіне ақпараттың ұлғаю санын есепке алуды талап етеді. Қалай болғанда да, білім беру саласындағы артта қалушылық сияқты реформаларды жүргізудегі кешігу біздің ойымызша, қоғам өмірінің барлық салаларына: экономикаға, саясатқа, ғылым мен мәдениетке кері әсерін тигізеді. Жаңа реформалар мен оларды жүзеге асыруға арналған құралдардың теориялық негіздемесі жоқ, ал бейтарапта қалу мемлекеттің, педагогтар мен

оқушылардың алдыңғы қатарлы елдерге қуып жетуіне талпынуда қосымша күш-жігерін талап еткенде, іс-әрекеттердің ойланбайтындығы, түбегейлі өзгерістерге дайын еместігі ретінде қабылданады. Білім берудегі түбегейлі реформалардың басқа саласы ақпараттандыру болып, онда артта қалу 2007 жылғы қазаннан бастап Қазақстан ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасына қатысатындығына алып келеді.

Білім берудегі ақпараттандыруды жүзеге асыру: Әлем – 1975; Ресей – 1986/87 оқу ж. (11-12 жыл артта қалуы); Қазақстан – 1997 (22 жыл артта қалуы).

Жаңа буын оқулықтарының сапасын және оқытудың концентрлік моделіне көшуді мұқият талдауды талап етеді: Әлем – 1980 жылдар; Ресей – 1993-1995 жылдар (артта қалу – 13-15 жыл), Қазақстан – 2000 жыл (артта қалу – 20 жыл) [3; 39-6].

Тарихи пәндерді оқытудың тиімділігі мен ҰБТ нәтижелері жақсы болады деп сенеміз және тарихқа деген қызығушылықтың дамуына ықпал етпейді. Тестілеу оң факторлармен қатар, оқу-тәрбие іс-әрекетінде ескерілуі тиіс теріс те болады. Тестілеу өткізудің басталуы: әлем (АҚШ) – 1947 ж., Ресей – 1989 ж., Қазақстан – 1996 ж.

Гуманитарлық пәндерге деген қызығушылықтың күрт төмендеуі білім берудегі сәйкессіздіктерге әкеледі. Қазір Қарағанды облысында зейнеталды және зейнеткерлік жастағы тарих мұғалімдерінің 45%-ы бар. Ауысымға кім келетіні туралы мәселені шешу қажет. Қалған оқытушыларды қайта оқыту керек, себебі концентрациялық модель сызықтық үлгіден айтарлықтай айырмашылығы бар, ал 12 жылдық оқытуға көшу 2015 жылдан бастап жоспарланып, қазіргі таңда кезең кезеңмен көшуде.

АҚШ-та таланттар ресурстарымен 1954 жылдан, Қазақстанда 1994 жылдан бастап айналысады. Дарынды балалармен жұмыс бойынша Мемлекеттік бағдарламалар дарынды жастарды дайындаудың ресурстық орталығы ретінде маңызды және перспективалы.

Осылайша, Қазақстандағы мектептік тарихи білім берудің даму үрдісінің серпіні білім беру жүйесіндегі дағдарыстық құбылыстар шегінің тұрақсыз оң сәттерімен қатар, әсіресе, әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның адами даму индексін (АДИ) салыстыру кезінде байқалады: 1991 ж. – 61 орын АДИ, 1995 ж. – 93 орын АДИ (32 төмендеу), 2005 ж. – 61 орын АДИ (32 төмендеу), 2007 ж. – 73 орын АДИ (13 төмендеу); 170 орын АДИ (32 төмендеу), 2007 ж. – 73 орын АДИ (13 төмендеу) [4].

Қорыта келе, ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстан Республикасының мектептік тарихи білімін жаңарту жөніндегі жұмыс Отандық тарих мазмұнын талдау мен фактілерді іріктеуде жаңа үдерістердің пайда болуына ықпал етеді. Тәуелсіз Қазақстандағы мектептік тарихи білім берудің даму заңдылықтарын анықтау ҚР Білім беру жүйесіне кеңестік және шетелдік мектептер тәжірибесінің әсерін мұқият зерделеу үшін, сондай-ақ тарихи пәндерді оқытудың негізгі тенденциялары мен перспективаларын ғылыми болжау үшін қажетті негізді құрайды. Сондықтан білім берудегі теория мен практиканың арақатынасы тарих пәнін оқытуда маңызды жақсартуға қол жеткізгіміз келсе, бірінші кезекте негізгі мәселені түсіну қажет.

РЕЗЮМЕ

Ж.Сманкулова, Р.Сейтказиев. Проблемы развития преподавания курса истории в школах Казахстана за период 1985-2010 гг.

Жазақ тарихы

№10 (177), желтоқсан, 2019

В статье рассматриваются актуальные проблемы практики развития преподавания курса истории в школах Казахстана за период 1985-2010 гг. Кроме того говорится о том, какие внес изменения в систему образования Казахстана мировой опыт реформ, а также направления реформирования (структура образования, воспитания и развитие личности, система подготовки педагогических кадров, качество истории образования) и о том, как структура образования Казахских школ проходила пять этапов реформирования школ (1985-1990 гг., 1991-1994 гг., 1995-2000 гг., 2001-2004 гг., 2005-2010 гг.) в период с 1985-2010 гг.

В школах Республики Казахстан с целью повышения эффективности учебно-воспитательного процесса на всех этапах реформирования были развиты нововведения истории образования, активно адаптированы технологии обучения, современные методы преподавания отечественной истории с учетом особенности отдельной личности. Работа по обновлению содержания школьного образования истории даст возможность возникновению новых процессов по анализу содержания отечественной истории и отбору фактов.

Ключевые слова: Республика Казахстан, школа, ученики, предмет истории, реформа, государственные документы, развития образования.

G.Smankulova, R.Seitkazyev. Problems of development of the teaching of history in schools in kazakhstan for the period 1985-2010.

The article deals with the actual problems of the practice of teaching history in schools of Kazakhstan for the period 1985-2010. In Addition, it is said that the world experience of reforms has made changes in the education system of Kazakhstan, as well as the directions of reform (the structure of education, education and personal development, the system of training of teachers, the quality of the history of education) and how the structure of education of Kazakhstan schools passed five stages of school reform (1985-1990, 1991-1994, 1995-2000, 2001-2004, 2005-2010) in the period from 1985-2010.

In schools of the Republic of Kazakhstan in order to improve the efficiency of the educational process at all stages of reform were developed innovations in the history of education, actively adapted learning technologies, modern methods of teaching national history, taking into account the characteristics of the individual. The work on updating the content of school history education will enable the emergence of new processes for the analysis of the content of national history and the selection of facts.

Key words: Republic of Kazakhstan, school, students, subject of history, reform, state documents, development of education.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Государственный общеобразовательный стандарт среднего общего образования Республики Казахстан, утв. Приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан № 693 от 24 сентября 2002 года. – Алматы, 2002. – 274 с.

2. Государственный общеобразовательный стандарт образования Республики Казахстан. Общее среднее образование. Основные положения. – Астана, 2006. – 76 с.

3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. – Астана, 2004. – 39 с.

4. Национальный доклад о состоянии и развитии образования в Республике Казахстан. Краткая версия. – Алматы, 2008. – 170 с.

ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ

**Нұрланат ДӨҢБАЕВ (Донбаев),
Ғани Мұратбаев атындағы шағын жинақты
жалпы орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

Сабақ тақырыбы:	Қарахан мемлекеті.	
Оқу мақсаты:	6.2.1.2 -ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау. 6.3.1.4 -тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты:	Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдау себебін, діннің қоғамдық өмірге ықпалын анықтайды.	
Бағалау критерийлері	Қарахан мемлекеті дамуының өзіндік ерекшеліктерін анықтайды, мемлекеттің құлау себептерін түсіндіреді.	
Тілдік мақсат:	Оқушылар: Өз бетінше оқулықпен жұмыс жасай алады, тақырыппен жаңа сабақты байланыстырып, жұмыс жасай алады, пәнге деген қызығушылығы артады. Негізгі сөздер мен тіркестер: іқта, іқтадар, вақф, мүлік термин сөздерінің мағынасын жазады, оқиды, айтады. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері: Сынып оқушылары қарым-қатынасқа түсе отырып, ойын еркін жеткізе білуге ұмтылады, алған білімдерін тұжырымдайды, бір-біріне сұрақтар қояды.	
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.	
Пәнаралық байланыс	Дүние жүзі тарихы, география.	
АКТ қолдану дағдылары	Қосымша материалдар, стикер, бағалау парақшалары, слайд.	
Бастапқы білім	Қарахан мемлекеті.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңі.	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы. 0- 3 минут. 3-7 минут.	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Жағымды ахуал қалыптастыру. Топтың ережесін бекіту: Стикерлер арқылы оқушыларды топтарды біріктіру. I Әл-Фараби тобы, II Ахмет Яссауи тобы, III Абай тобы. «Серпілген сауал» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрап, пысықтаймын. *Қарахан мемлекетінің аталу себептері? *Қай жылы қарахандықтар Орталық Азиядағы Самани мемлекетін жаулап алды? *Қарахан мемлекетінің жер аумағы қай жерлер? *Қарахан мемлекетінің орталығы болған қала? *Қарахандарда жер иеленудің қандай түрлері болды? *XI ғасырдың 30 жылдарында мемлекет екі бөлікке бөлінді, ата! Оқушылар үй тапсырмасының сұрақтарына жауап береді. Дескриптор: -Қарахан мемлекетін сипаттайды. -Жер көлемін, территориясын анықтайды. -Мемлекеттің даму ерекшеліктерін сипаттайды. Тест тапсырмалары: 1. 942-1212 жж. өмір сүрген мемлекет? A) Қарахан B) Қарақытай C) Қарлұқ 2. Қарахан мемлекетінің негізін салушы? A) Сатұқ Боғра хан B) Үшлік хан C) Бумын қаған 3. Әлемнің екінші ұстазы атанған ғалым? A) Әл-Фараби B) А.Яссауи C) М.Қашқари 4. Дінбасыларының меншігіндегі жер қалай аталды? A) вақф B) сойырғал C) іқта 5. Қарахан мемлекетінің орталығы? A) Баласағұн B) Суяб C) Сығанақ.	Қосымша материалдар. Стикер.

Сабақтың ортасы. Негізгі бөлім. 7-10 минут.	Жаңа сабаққа шолу жасап, түсініктеме беріп, оқушыларға ұсынамын. Мәтінмен жұмыс: Тақырыпшаны топтар алып танысады, анықтап алып тақырыпшаларды оқып шығады. «Постер жасау» әдісі арқылы топтағы оқушылар берілген тақырыпшаларды алып оқып танысады, талқылап, талдап, берілген тақырыпшалар бойынша оқушылар шеңбер болып, бір-біріне түсіндіреді, ойларын ортаға салады. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тақырыптарды меңгеріп, алған білімін көрсете білуі тиіс. Картамен жұмыс. Дескриптор: -Ислам дінінің қабылдануы туралы ақпараттар алады. -Жер иеленудің түрлерін ажыратады. -Қарахан мемлекетінің құлау себептерін анықтайды. «Өрмекші торы» әдісі арқылы жаңа сабақты қорытындылап, пысықтаймын. Қарахан мемлекеті қай жылдары өмір сүрді? Мемлекет билігіндегі екі тайпалық топты атаңыз? Ислам діні қай жылы қабылданды? Қарахан мемлекетінің құлау себебі неде?	Қосымша материалдар. Оқулық. Сұрақтар.
10-25 минут.		
25-35 минут.		
Сабақ соңы. 35-40 мин.	Кері байланыс: Парақшаларға сабақтан алған стикерге жазады.	Стикер
Саралау.	Бағалау. Оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Бағалау парақшасы арқылы бағаланады.	Қайыпсіздікті сақтау.
	Үйге тапсырма: Қарахан мемлекеті.	
Жалпы баға. Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз) 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз) 1: 2:		

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қостерек ауылы.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Қайыржан АРЫСТАНОВ,
Аралтөбе орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы	Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?
Сабақ мақсаты	А.Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау.
Бағалау критерийі	Барлығы: А.Байтұрсыновтың ұстаздық жолындағы шығармаларын талдайды. Басым бөлігі: Әдеби мұрасы, саяси қызметі «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдейді. Кейбірі: А.Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын және қоғам қайраткері ретіндегі рөліне баға береді;

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі	Сабақта орындалуы тиіс іс-әрекеттер
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту кезеңі.	Амандасу, назарларын жаңа сабаққа аударту. Үй тапсырмасын сұрау: «Серпілген доп» 10 сұрақ беріледі. Оқушыларға төмендегідей цитатаны ұсыну. Цитатаның төңірегінде сыныптық талқылау ұйымдастыру. «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тікті». (С.Сейфуллин). -цитатада кім туралы айтылады? -цитата қандай ақпарат береді? -цитатаның құндылығы неде? Бейнеролик. «Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны». Сабақтың тақырыбы мен мақсаттары, бағалау критерийлері хабарланады.
Сабақтың ортасы	Шатасқан әріптер: ЗСАТҰ, БАСШЫКӨШ, ЫАЛМҒ топқа бөлінеді. «ОЙЛАН, ЖҰПТАС, БӨЛІС» әдісі. 1-топ (Ұстаз) – А.Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы. 2-топ (Көшбасшы) – Әдеби мұрасы, саяси қызметі. 3-топ (Ғалым) – Ғылыми-ағартушылық қызметі. 1-тапсырма. 1-топ (Ұстаз) – А.Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы. «Ашық микрофон» әдісі арқылы А.Байтұрсынұлының ұстаздық жолында рөлі қандай? тақырыбында сұхбат жүргізу. Қ/Б «Екі жұлдыз, бір ұсыныс». 2-тапсырма. 2-топ (Көшбасшы) – Әдеби мұрасы, саяси қызметі. «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдендіздер. Бағалау: топта ең үздік жұмыс таңдап алынады, сынып алдына шығып оқиды. Оқушылар «екі жұлдыз, бір тілек» арқылы кері байланыс береді. Мұғалімнің кері байланысы. 3-тасырма. 3-топ (Ғалым) – Ғылыми-ағартушылық қызметі, ғылыми мұрасы қандай? Постермен жұмыс. Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми ағартушылық қызметіне баға береді. Дескрипторы. Постермен тақырыпты толық аша алады; Жұптық жұмыс жүргізе алады; Қазіргі таңда әліпбидің маңыздылығына баға береді.
Сабақтың соңы	«Еркін микрофон» әдісі жаңа тақырыпқа кері байланыс жасау. Рефлексия парағы. Үйге тапсырма: «А.Байтұрсынұлына хат» жазып келу.

Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Аралтөбе ауылы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Айнұр НҰРТАЕВА,
Бозой жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мер.жоспар	Мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1997 жылдар)		
Оқу мақсаттары	9.3.1.10 – Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру.		
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: ҚР Тұңғыш Президентінің өмір жолы туралы ақпаратты біліп, есте сақтайды.		
	Оқушылардың басым бөлігі: Н.Ә.Назарбаевтің әлемдік деңгейдегі саясаткер болып қалыптасуына әсер еткен тұлғалық және адами қасиеттерін жіктейді.		
	Кейбірі: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдердегі рөліне баға береді.		
Дағды деңгейі	Білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау.		
Тарихи концепт	Маңыздылық: Н.Ә.Назарбаевтің әлемдік деңгейдегі саясаткер болып қалыптасуына әсер еткен тұлғалық және адами қасиеттердің маңыздылығын анықтайды.		
Бағалау критерийлері	-ҚР Тұңғыш Президентінің өмір жолы туралы ақпаратты есте сақтау; Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөліне баға беру.		
Тілдік мақсат	Пәндік лексика мен терминология: Республика, референдум, Президент, жалпыұлттық келісім, жаңа Қазақстанды құру, бейбітшілік миссиясы, инициатива, интеграция. Диалогқа, жазылымға қажетті сөз тіркестері: -Қазақстанның маңызды іс-әрекеті; Егемендік туралы Декларация: әлемдік деңгейдегі саясаткер; тұлғалық және адами қасиеттерін; саяси көшбасшы; бетбұрысты кезеңдер.		
Құндылықтарға баулу	-Толеранттылық сананы дамыту; -сыни ойлауды дамыту; ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы – мемлекетіміздің белсенді, сындарлы және жауапты ішкі саясатының басты мәні екендігін ұғындыру.		
Пән/ар. байланыс	Дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, география.		
АНТ	Интербелсенді тақтамен жұмыс (презентация), бейнеролик.		
Алдыңғы білім	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы «Ой қозғау».		
Жоспар			
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер		Ресурстар
Басы (5 мин) 2 мин.	Тренинг «Мен патриотпын, себебі.....». (Оқушылар бойына патриоттық сезім ұялап, тақырыпқа байланысты сыныпта психологиялық ахуал орнайды). 1-тапсырма «Ой қозғау» бейнеролик көрсету.		https://45minut.biz >... www.45minut.kz/sabaktar.kz/wp-content/uploads/2013/02/Ylri-duniетаны.dos https://45minut.biz >... www.45minut.kz
2 мин.	Топқа сұрақтар арқылы бөлу: 1. Сұрақтарға жауап беру арқылы топ аттары анықталады. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанның маңызды іс-әрекетін ата! Егемендік туралы Декларацияның қабылдануы неге жол ашты? Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне не кепіл бола алады? Осы іс-әрекеттерді жүзеге асыратын тұлға кім?		
1 мин.	1-топ: «Декларация». 2-топ: «Тәуелсіздік». 3-топ: «Конституция», 4-топ: «Президент». Қалыптастырушы бағалау: жалауша арқылы.		
Ортасы (30 мин.) 7 мин. 20 мин. (5 мин.) 3 минут	2-тапсырма «Ротация» әдісі. -Оқушыларға А4 қағазы мен маркерлер беріледі; -мәтінмен жұмыс, термин сөздердің анықтамасы жазылған ресурс таратылады. «Ротация» әдісін қолдану. (Өр топ ақ параққа белгілі бір түспен, тақырыпқа байланысты мәліметті термин сөздерді қолдана отырып, кезектесе жазады). Критерий: Н.Ә.Назарбаевтің өмірі мен қызметі туралы ақпаратты білу. Дескриптор: Президент лауазымына анықтама береді; Елбасының өмірі мен қызметіне шолу жасайды; Саяси көшбасшының өмірі мен қызметіне баға береді. Критерий: Елбасы бастамаларының мақсаты мен тарихи маңызын түсіндіру. Дескриптор: Н.Ә.Назарбаевтің бастамаларын атайды; Бастамаларының мақсатын түсіндіреді; Елбасы бастамаларының мақсаты мен тарихи маңызына қорытынды жасайды. Критерий: Мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі саяси көшбасшының рөліне баға беру. Дескриптор: Елбасының көшбасшылық қабілеттерін атайды; Саяси көшбасшының мемлекет тарихының. Бетбұрысты кезеңдеріндегі рөліне 2-3 дәйек келтіреді; -Н.Ә.Назарбаевтің мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөліне баға береді. Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы.		Bilimdiler.kz.>Kazakh_tili>6658-sozder... https://ppt-online.org en.ppt-online.org>314089
Соңы (5 минут) Кері байланыс: 3 мин. Рефлексия 2 мин.	3-тапсырма. «Теннис добы» әдісі. (Оқушылар, бір-біріне теннис добын лақтырып, сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылайды, әрі елбасының спорттық қабілеті туралы хабардар болады). «Мен ризамын» әдісі арқылы.		Фигуралар тізбегі https://ust.kz Ust.kz https://infourok.ru > Дрыгое www.myshared.ru >slide

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.